С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми-көпшілік журналы

Научно-популярный журнал Павлодарского
государственного университета им. С. Торайгырова

2001 жылы құрылған
Основан в 2001 г.

ӨЛКЕТАНУ

КРАЕВЕДЕНИЕ

2 2013

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№ 2276-Ж
выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
1 сентября 2001 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Кадысова Р.Ж., д.и.н., профессор (главный редактор)
Батталов К.К., к.и.н., доцент ПГУ (заместитель главного редактора)
Молдакимова А.С., к.и.н., доцент ПГУ (ответственный секретарь)

Члены редакционной коллегии:
Абжанов Х.М., д.и.н., профессор;
Абусеитова М.Х., д.и.н., профессор;
Артыкбаев Ж.О., д.и.н., профессор;
Алдабергенов К.М., д.и.н., профессор;
Богуслав Р. Загорски, профессор исламских арабских исследований института Халдуи (г. Варшава, Польша);
Власов А.В., д.и.н., МГУ им. М.В. Ломоносова (г. Москва, РФ);
Исмагулов О.И., д.и.н., академик НАН РК;
Кабульдинов З.Е., д.и.н., профессор;
Октябрьская И.В., д.и.н., профессор НГУ (г. Новосибирск, РФ);
Токо Фудзимото, доктор PhD, научный сотрудник Национального музея этнологии (г. Токио, Япония);
Уильям Фиерман, профессор университета Индиана (США);
Цыряпкина Ю.Н., к.и.н., доцент Алтайской ГПА (г. Барнаул, РФ);
Нургожина Б.В. (технический редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Өлкетану - Краеведение» обязательна.

© ПГУ им.С.Торайгырова

МАЗМҰНЫ

АБДУЛХАК МАЛКОЖ
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы тәуелсіздік идеялары 5
А.С. АҚТАНОВА, Ш.С. АҚТАНОВА
Мәшһүр - Жүсіптің сюжетті өлеңдерінінің көркемдік құрылымы 9
Қ. АЛЛАБЕРГЕН
Мейрам Сопы руының халықшыл тұлғалары 12
М.Н. БАРАТОВА
Түрік әлем әдебиеті және Мәшһүр Жүсіп 17
С. БАЯЗИТОВ
Мәшһүр Жүсіптің Алланы тануы 23
С.БАЯЗИТОВ
Мәшһүр Жүсіптің Қамаралдин хазіретті жоқтауы 25
Р.А. ВАФЕЕВ
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы окказионал фразеологизмдер 30
Қ.П. ЖҮСІП
Суреткер ақын 33
Е.Қ. ЖҮСІПОВ
Мәшһүр Жүсіптің деректанушылық көзқарасы 49
Г.Қ. ЖҮСІПОВА
Қазақтың қисса–дастандары және Мәшһүр Жүсіп 57
Н.К. ЖУСУПОВ
Мәшһүр Жүсіптің фольклорды шығарудағы тәжірибесі 69
К. КАНАПЬЯНОВ
«Мен тас, жер бетіндегі құдай ұмытқан...» 78
А. КӘРІПЖАНОВА
Фразеологиялық коннотацияның стилистикалық сипаты 82
С. НЕГИМОВ
Мәшһүр Жүсіп Әлемі 91
М. РАХМЕТОВ
Мәшһүр Жүсіп ұрпақтары 118
Ж.Т. САРБАЛАЕВ, Е.Ж. САРБАЛАЕВ
Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі азаматтық әуен көрінісі 120
М.Т. ТЕЗЕКБАЕВ
Лексико-семантикалық интерференция 125
М.Т. ТЕЗЕКБАЕВ
М.Ж. Көпеевтің шығармашылық өмірбаяны 129
А.Қ. ТҰРЫШЕВ
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы Шоң мен Шорман 133
А.Қ. ТҰРЫШЕВ
Мәшһүр-Жүсіп және рухани мәдени лексика 145
Ә.А. ТҰРЫШЕВ
Мәшһүр-Жүсіп руханиятының ғылыми негізі 153
Ә.А. ТҰРЫШЕВ
Мәшһүр-Жүсіптің орыс-еуропаны тануы 161
Х. ТЮФЕКЧИОГЛУ
Maşhur Jusip Kopaev''in sosyal ve felsefi görüşleri 171

СОДЕРЖАНИЕ

АБДУЛХАК МАЛКОЖ
Идеи независимости в произведениях Машхур Жусип Копеева 5
А.С. АКТАНОВА, Ш.С. АКТАНОВА
Художественное строение сюжетных стихотворений Машхур-Жусипа 9
К. АЛЛАБЕРГЕН
Народнические личности рода Мейрам Сопы 12
М.Н. БАРАТОВА
Мир турецкой литературы и Машхур Жусип 17
С. БАЯЗИТОВ
Познание Аллаха Машхур Жусипом 23
С. БАЯЗИТОВ
Поиски Машхур Жусипом хазрета Камаралдин 25
Р.А. ВАФЕЕВ
Окказиональные фразеологизмы в произведениях Машхур Жусипа 30
К.П. ЖУСИП
Поэт художник 33
Е.К. ЖУСИПОВ
Достоверный взгляд Машхур Жусипа 49
Г.К. ЖУСИПОВА
Казахские саги – дастаны и Машхур Жусип 57
Н.К. ЖУСУПОВ
Опыт Машхур Жусипа в издании фольклора 69
К. КАНАПЬЯНОВ
«Я камень, забытый богом на земле...» 78
А. КАРИПЖАНОВА
Стилистическое описание фразиологической коннотации 82
С. НЕГИМОВ
Мир Машхур Жусипа 91
М. РАХМЕТОВ
Поколения Машхур Жусипа 118
Ж.Т. САРБАЛАЕВ, Е.Ж. САРБАЛАЕВ
Гражданские мотивы в стихотворениях Машхур Жусипа 120
М.Т. ТЕЗЕКБАЕВ
Лексико-семантическая интерференция 125
М.Т. ТЕЗЕКБАЕВ
О творческой биографии М. Ж. Копеева 129
А.К. ТУРЫШЕВ
Шон и Шорман в произведениях Машхур Жусипа 133
А.К. ТУРЫШЕВ
Машхур Жусип и духовно-культурная лексика 145
А.А. ТУРЫШЕВ
Научная основа духовности Машхур Жусипа 153
А.А. ТУРЫШЕВ
Познание русских-европейцев Машхур Жусипом 161
Х. ТЮФЕКЧИОГЛУ
Maşhur Jusip Kopaev’’in sosyal ve felsefi görüşleri 171

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯЛАРЫ

АБДУЛХАК МАЛКОЖ (ABDULHAK MALKOÇ)
доктор, Анкара университеті, Анкара қ., Түркия

1990 жылдардан бастап еңбектері жан-жақты қолға алына бастаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы әлі де терең түрде, ғылыми негізде зерттелуі қажет деп білемін. Ақынның еңбектерін толық жүйелеп, жарыққа шығаратын болса, қазақ халқы ғана емес, күллі түркі және ислам әлеміне ортақ рухани мұра болады. Менің бір ғана анық түсінгенім – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туған халқының жүрегінен ойып тұрып, елеуіл орын алған данышпан.

«Дін –апиын», «Салт-дәстүрді, рухани мұраны – ескішілдік, қанаушылық жүйенің қалдығы» деп білген кеңестік жүйе де ақынның өміршең еңбектеріне тосқауыл қойғанымен қаймана қазақтың ұлы тұлғасына деген жүрек түбіндегі құрметін, махаббатын жоя алмады. Мұндай құрмет пен сенімге ұлты үшін еңбектенген тұлғалар ғана ие болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – солардың бірі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген дәуір қазақ халқы, қала берді орта азияның түркі тектес мұсылман мемлекеттері үшін ауыртпалығы мол, сыртқы күштердің қысымы молайған қысыл таяң кезең болды. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты, осының кесірінен шұрайлы жерінен айрылған халқының ашы дауысы, басқыншылыққа қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтерілістер ойшыл ақынды әрине толғандырды. Қаламынан ашы шындықты әшкерелеген өлеңдер туғызды. Елдің жарқын болашағын, жерінің тұтастығын көздеген еңбектер жаздырды.

Заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, шежіреші, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинауға қомақты үлес қосқан қазақтың біртуар тұлғаларының бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында тәуелсіздік идеяларын екі бағыт бойынша зерттеп қарауға болады.

Біріншісі, ақын шығармашылығындағы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі жолындағы күрескерлік кезеңдерінің жырлануы. Бұған ақынның «Абылай хан», «Кенесары», «Кенесары – Наурызбай» және тағы басқа жырларын енгізуге болады. Сондай-ақ ақынның шежіре тақырыбы аясында жазылған құнды еңбектерін де тәуелсіздік идеясында жазылған еңбектерге жатқызуға болады. Себебі, мұнда ақын жүздер мен хандар шежіресін, рулар шежіресін зерттеу арқылы өткен тарихты насихаттайды. Сол арқылы тамыры тереңге бойлаған халық, іргелі ұлт, еңселі ел, ұлт пен халық мүддесін қорғаған биік тұлғалары, билері мен шешендері, қол бастаған батырлары болғанын анықтайды. «Кенесары-Наурызбай» жырының өн бойынан қазақтың азаттық пен бостандыққа ұмтылған жаужүрек батыр ұлдарының ерліктерін көруге болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Кенесары-Наурызбай» жырын жазуын – үлкен ерлікке балауға болады. Абылай ханның немересі, жауына жай оғындай атылған көкжал Қасымның баласы, қазақ хандарының ең соңғы асыл тұяқтарының бірі, өмірі аттың жалы мен түйенің қомында өткен ақберен Кененің қазақ тарихы, ел тәуелсіздігі жолындағы алар орны биікте. Дәлірек айтсақ, елінің жолына өмірлік мұратын арнаған асыл тектілердің тұқымы. «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Мәшһүр Мүсіп Көпейұлының сөзімен айтсақ:

Көп тілеуін тілеген,
Мұсылманың баласы.
Ата бір тегін сұраса,
Абылайдың баласын.
Тұра алмай оның кеткені –
Бұл жақтағы қазақтың
Ауызының аласы.
Абылай ұғлы Қасым-ды,
Жасық емес, асыл-ды.

Жырда айтылғандай, ақын Кенесарыны «Көп тілеуін тілеген, Мұсылманың баласы» деп сипаттайды. Яғни, елінің, халқының, ұлтының жолына бар ғұмырын арнаған данқты қолбасшы. Мәшһүр Жүсіп ешуақытта қазақты мұсылмандықтан алыс қоймаған. Мұсылмандық

жолы – қазақтың жолы, бабалар жолы. Сондықтан жырдағы «Мұсылманның баласы» деген сөзді «қазақтың баласы», «алаштың азаматы» деп түсінген абзал. Және ұлы ақынның солай ойлағанына кәміл сенемін. Ақын өмір сүрген заман, сол кездегі қоғамдық түсінік үшін «мұсылман» - «қазақ», -«қазақ» - «мұсылман» деген ұғыммен бірдей. Өкінішке орай заманынан озып туған дара ақынның еңбектеріне Кеңес Одағы жылдарында қатаң тыйым салынды. Оның үстіне ақындық пен исламның ақ жолын қатар ұстанып, өмірінің соңына дейін алған бетінен бұрылмаған біртуар тұлғаны «дін апиын» деген таяз ұстанымды бетке ұстаған атеистік қоғам одан бетер халқынан аластатуға тырысты. Бірақ та халқының жүрегінен орын алған ақынды, көріпкел әулиені біржолата ұмыттыра алмады. Еліміз тәуелсіздік алып, ардақты тұлғаларымыздың есімі атала бастағанда, солардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да туған халқымен қайта қауышты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Кенесарытану» ғылымына өлшеусіз үлес қосқан тұлға және көшбасшысы деп айтсақ та болады. Кенесараның қазақ халқының ұлт азаттығы жолындағы жорықты жолын баяндай отырып, аңсаған мұратын дәл көрсетті. Оны жырдың өзегіне айналдырды. Кенесараның аңсаған арманы – қазақ халқының бостандығы. Міне, осыны ақын жырда анық айтты, әрі именбей тура жырлады. Әсіресе, Патшалық Ресейдің отарлау саясатын дәл дөп басып айтты. Оған ақынның мына жыры дәлел бола алады:

Біздің бұл Сарыарқадағы қазаққа: «Қазақ, бізге бағын, қара! - деп, - Ақ патшадан жарлық алып шықтым! - деп, Иван Семеныш (Семенович) [полковник Карпачеев -Е.Қ.] деген полковой (бөлкебай) келді.Сонда онымен таласа Қытайдан да елші келді: «Қазақ саған қарамайды, маған қарайды!» - деп. Ол екеуінен басқа қазақтың өзі ішінен Кенесары, Наурызбай деген шықты: «Бұл екеуіне бағынбаңдар! Өзімнің соңыма еріңдер!» - деп.

Онда олар айтты:
Бағынба, қазақ, орысқа!
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас
Сарыарқа деген қонысқа!
Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан!
Негеннен неген күйерсің,
Күйдіруші табылып.
Көршілес жақын қасыңнан.
Қызығып тұрсың байқамай,
Күйгеннен зарлап айтам-ай!
Көрінісі орыстың
Текеметтің түріндей.
Ойлаганы жамандық
Жарадан аққан іріндей!
Абақты деген үйі бар,
Қазулы даяр көріндей!
Қызыл қарын жас бала
Обалына қаларсың!
Кейінгі үрім – бұтақтан
Қаргыс, бір нәлет аларсың!
Ап кетейін бір жаққа
Соңымнан ерші, ерінбей!:
дейді.

Сол замандағы қазақ жақсылары кеңесті де, Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады. «Жерімізге тимесең, солдат алмасаң, саған қараймыз! - деп, - гадалатшілігі бар!» - деп, ақ патшага өз ықтиярларымен қарап бағынды. Ит терісіне жаздырып уагда хат алды: «Қазақтың жер-суына залал қылмаймыз, солдат алмаймыз!» - дегенін жаздырып. Баянаула тауына Шоң биден сұрап, қала салды. Көкшетауга Уәли ханның тоқалы Айганымханымнан сұрап, қала салды. Сөйтіп Сарыарқаның пайдалы жақсы жерлеріне қала сала бастады. ***/Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Сарыарқа тарихы» 2-ші нұсқа/.***

Озық ойлы, қоғамда жүріп жатқан толқулар мен көтерілісті, осының салдарынан орын алған туған халқының жан даусын Мәшһүр Жүсіп тереңінен түсінді. Бостандыққа деген ұмтылыс деп бағалады. Әсіресе, терең, сұңғыла ойлы ақынды арпалыс өткен Кенесарының өмірі, жорықты жолы ерекше толғандырды. Қазақ үшін Кенесары Қасымұлының орны әркезде де биікті болатынын түсінді. Осы мақсатпен «Кенесары» жырын жазды.

Қазақ халқының болашағын ойлаған ақын Патшалық Ресейдің, одан кейінгі кеңестік жүйенің көздеген түпкі мақсатын тани білді. Саяси жүйенің астарында қазақ жерін отарлау мақсаты, арам пиғылы жатқанын анық білді. Соған жүрегі ауырып, түн ұйқысы төрт бөлінді. «Қайтсем, не істесем ұлтыма пайдам тиеді» деп ойланды. Толғанды. Әсіресе, қазан төңкерісі қарсаңындағы алмағайып кезең, тартысқа толы өмір, сол бір тұстағы алаш қайраткерлерінің жан пида еңбегі үлкен жүректі

ақын Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығына тың серпін берді. Сондықтан осы бір алмағайып кезеңде жазылған ақын шығармаларын тәуелсіздік идеясы тұрғысынан жеке зерттеп білген дұрыс.

«Мәшһүр» аты шығып, халыққа кең танымал болуына ең алдымен тұңғыш қазақ газеті - «Дала уәлаяты» беттерінде XIX ғасырдың соңғы он жылдығында жарияланған өлең, мақалаларымен қатар, 1905 жылғы халық наразылығы өсуінен сескенген Ресей патшасының сөз бостандығына жол ашқан Қазан манифесі әсерімен Қазан қаласында басылған: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптарының әсері мол болды. Баспа бетіндегі уақытша берілген кеңшілікті пайдаланып, патшалық Ресейдің отарлау саясатының астарын, жер тартып алуын, сөз, пікір айтуға шектеу қоюын қазақ зиялылары ішінде ең алғашқылардың бірі болып әшкерелей бастаған Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. Сол еңбегі үшін 1912 жылдан бастап ақынды қудалау басталғаны, біраз уақыт оның үйінен кетіп, қайда екенін айтпай, ел ішінде жасырын жүргені де мәлім. **/Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны/**

Ақынның патшалық ресей саясатына қарсы пікірде шығармалар жазуы күрескер ақын екенін анық білдіреді. Яғни, ұлтының көкірек көзін ашу, қоғамды, саяси жүйені терең тани білуі үшін идеологиялық жолды таңдады. Идеологиялық жағынан өзіне қарсы пікір айтқан адамды кеңестік жүйенің ит қосып қуалағаны, итжеккенге айдағаны, абақтыға жауып, атқаны белгілі. Сондықтан Мәшһүр Жүсіптің басына да қауіп пен қатер төнді.

Тәуелсіздік идеясы, тәуелсіздік ұғымы жері бар, шекарасы белгіленген ел болумен қатар, сол жерде мекендеген байырғы ұлттың тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрінің дамуына тікелей байланысты деп айтсам болады. Тәуелсіз ел, тәуелсіз халық, мемлекет құрушы негізгі ұлтты басқа халықтардан бір ғана ұғым жеке-дара көрсетіп тұрады. Ол сол халықтың тамыры тереңге бойлаған тарихы мен мәдениеті. Бұған ешкім де қарсы пікір айта алмайды. Және бүгінгідей әлемдік қарым-қатынас қоғамдық өмірдің барлық саласында, экономика мен мәдениетте, ғылым мен өнерде және тағы басқа салаларда мидай араласып, соның ішінде алпауыт елдердің ара тұра білініп қалатын оғаш саяси көзқарасына қарсы тұру үшін ұлттық идея бәрінен биік. Ұлттық идея дегеніміз – тәуелсіздік идеясы. Ал осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Тарихи жырлары» мен «Шежіре мәтіндері», «Аңыз хикаяттары», «Дастандары» ұлт мүддесін көздеген шығармалар қатарына жатады.

«Жеті атасын білген ұл – жету рудың қамын жейді» деген, қазақтың ұлы сөзі бар. Ататекті тану тек қазақ үшін ғана емес күллі түркі әлемі үшін ең басты ұстанымдардың бірі. Асыл текті ұлт өсіру, ұлт пен қан тазалығын сақтау үшін жеті атасын, өткенін білу міндет. Сондықтан мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шежіре жазуда осы негізге алды деп нық сеніммен айта аламын.

Қазақ халқының ұлы жазушылары мен ғалымдары ақын шығармашылығына жоғары баға берді.

«Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» / Мұхтар Әуезов/.

Міне, мұнда ұлы классик Әуезов мәшһүр шығармасын қазақтың ауызша және жазба әдебиетінің бір саласы ретінде қарастырып отыр.

«Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб. парсы халқының тарихын, фәлсапасын жақсы білген. Химия, физика, астрономия ғылымдарынан жақсы хабардар болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылыммен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары мен араб, парсы, түрік кітаптарын көп оқыған. Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы» /Әлкей Марғұлан/.

Бұл қазақ мұрасын зерттеумен шұғылданған ақынның Мәшһүр еңбегіне берген бағасы.

1906-1907 жылдар – М.Ж.Көпейұлы шығармашылығының идеялық жағынан тереңдей түскен дәуірі. Бұл жылдары жазған шығармалары тегісінен қазақ халқының бостандық, саяси-экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді. / «Даланың дархан ұлы» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған әдістемелік-библиографиялық құрал, Павлодар ЭКО -2008/.

Әсіресе осы бір аумалы-төкпелі заманда шыққан кітаптарының ішінде «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының маңызы айрықша жоғары. Мұнда ақын қазақ халқына бостандық беру, жерге жеке меншік және сөз бостандығы туралы толғайды. Елдің бетке ұстар азаматтарын халқының болашағы үшін жұмыс істеуге шақырды. Ақын жан даусымен:

Жолыңнан сыбағалы құр (құры) қалма,
Жақсыны аты естілген естен салма.
Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,
Айдалып, атылсаң да арман бар ма?!, - деп толғады /Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, көп томдық шығармалар жинағы 4 том «Алматы-Алаш – 2005» «Сарыарқаның кімдікі екендігі»/.

Тарих сахнасына бірге келіп, бір дәуірде өмір сүрген қазақтың қос алыбы Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында бір-бірімен үндес тұстар өте көп. Заман мен қоғам, қазақ еліне іштегі шешемін таппаған жүйе мен сырттан төнген қатер мен қауіп қос жүректі бірдей толғандырды. Екеуі де құбылмалы заманның ағымынан сескенді. Ойшыл Абай Құнанбайұлын толғандырған ұлтының болашағы Мәшһүрді де толғандырды. Қазақты сынады. Ұлтын жек көргендіктен емес, ел қатарына қосамын деп сын тезіне алды. Жақсылығын асырып, кемшілігін түзетпек болды.

Қазаққа ғана емес, күллі түркі әлеміне ортақ, әлемдік деңгейдегі ұлы ақын, данышпан Абай:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың,- деп жырлады. Бірақ ұлтынан түңілмеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да халқын сын тезіне алды:

Өмірді қымбатқа алған - арзан саттық,
Жастықтың қадірін білмей босқа жаттық,
Күнәні – арзан, сауапты қымбатсынып,
Обалға белшемізден күнде баттық,- деп толғады.

Бір ерекшелігі Абай да, Мәшһүр Жүсіп те халыққа ең бірінші керегі өнер білім деп білді. Көшпенді дәуірден отырықшылыққа айналатын уақыт жақындағанын білді. Бұл сонау Асан қайғы толғаған, Мөңке Тілеуұлы ащына жырлаған, Абылай хан армандаған ұлы мұраттар еді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы – халқымен бірдей жасай береді. Себебі ақын еңбектерінде барша адамзатқа ортақ адами құндылық, ұлттық идея, рухани мұра, тарих пен мәдениет бар. Мұның барлығы тәуелсіздік пен бостандықтың түпкі тамыры.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. – «Алматы: Алаш, 2005. «Сарыарқаның кімдікі екендігі».

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Сарыарқа тарихы», 2-ші нұсқа.

3 Мәшһүр Жүсіп «Ит дүние» таңдамалылары. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008.

4 «Дархан даланың данышпан ұлы» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына – 150 жылдығына арналған әдістемелік-библиографиялық құрал. – Павлодар, 2008.

5 «Мәшһүр Жүпіс Көпейұлы» көп томдық шығармалар жинағы. 4-ші том. – Алматы: «Алаш», - 2005.

6 «Мәшһүр Жүпіс Көпейұлы» көп томдық шығармалар жинағы. 10-ші том. – Алматы: «Ел шежіре», 2010.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР - ЖҮСІПТІҢ СЮЖЕТТІ ӨЛЕҢДЕРІНІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

А.С. АҚТАНОВА
ф.ғ.к., доцент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.
Ш.С. АҚТАНОВА
магистрант, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Қазақ әдебиеті тарихында ерекше орыны бар, ақын, фольклортанушы, дінтанушы, ғалым Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығы сан қырлы. Әдебиет қашанда адамзат проблемасын ашуға, адам деген кім, не үшін жаратылған деген мәселелерді шешуге ұмтылады. Дінді терең білген ғұлама ақын құран хикаяларындағы әр түрлі оқиғаларға құрылған әңгімелер арқылы осы мәселеніə ашуға тырысқан. Олай дейтініміз әрі ақын, әрі ғалым адам ретінде Мәшһүр-Жүсіп өз шығармашылығында қазақ әдебиетіне жаңа түр, жаңа бағыт әкелген ақын. Ғұлама ақынның бүкіл шығармашылығының бір қырын ғана алып қарастырсақ, бұған көзіміз әбден жетеді. Мәселен ақынның сюжетке құрылған өлеңдері қазақ әдебиеті балладаларының қалыптасуының басы деуге болады. Ақын өлеңдеріндегі шағын ғана сюжеттің өткір динамикасы мен терең мағыналы тартысқа құрылуы да осыны айғақтайды.

Баллада сөзі қазақ әдебиеті теориясына кейіннен кіргенімен қазақ әдебиетінде өткір сюжетке, оқиғаның динамикалы өтетін оқиғалы өлеңдер ертереке де болған.

Мәшһүр-Жүсіп дінтанушы ретінде қазақ даласында құран хикаяларын халыққа түснікті тілде түсіндіруді мақсат еткен сияқты. Ақынның сюжетті өлеңдерінің көбі діни тақырыпта. «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Адам ата мен шайтан», «Сүлеймен мен Ібіліс», «Абыраһа мен Мұтылаб», «Мұхамедке пайғамбарлық келгені», «Ғалының ниеті», «Жаппардың әңгімесі» тағы да басқа көптеген өлеңдеріндегі сюжеттік желі құран хикаяларымен сабақтас. Ақын адамгершілік, тазалық, адалдық, ішкі жан дүниенің ізгілігі сияқты мәселелерді қарапайым тілмен түсіндіреді. Мәселен, «Жаппардың әңгімесі» деген өлеңде Жаппар деген адам Расулымызды қой сойып қонақ еткен екен. Сол кезде далада ойнап жүрген екі ұлының үлкені кішісін «қойша соямын»деп ойнап отырып өлтіріп алады. Артыныан іздеп барған шешесінен қашамын деп ұлкен ұл да құлап өледі. Пайғамбар ренжиді деген оймен екі баланың қазасын ешкімге айтпай беттерін жауып тығып қояды. Пайғамбардың алдына ас келгенде оның қасына келген Жебірейіл періште екі бала келмей тамақ жеме дейді. Жаппар амалсыздан екі баланың өлгенін хабарлайды. Сол кезде пайғамбар қолын жайып дұға етеді:

Иа Рабха, ниетімді қабыл қылсаң,
Жаппардың екі ұғлына жан бер! –дейді.
Дұғасын Хақ тағала қылды ажайт,
Сол сағатта екі бала тірілді енді.

Балалар тірілген соң жанындағылар қайда болғанын сұрайды. Сол кезде екі бала жұмаққа кіргендерін, жәннат тағамынан жегенін айтады. Мұны естіген көп жөһит иман етіп дінге кірді деп өлең оқиғасы аяқталады. Өлеңнің шағын ғана оқиғасының мақсаты ислам дінінің шын адал дін екенін насихаттаудан шыққан. Адам баласы ғажайп нәрсені көзімен көрмей сенбейтіні үшін осындай оқиғалар арқылы дәлелді түрде айту Аллаға деген сенімді нығайтатына анық. Сол себепті де ақын өз шығармаларында шағын болса да динамикалы тартысқа толы сюжеттерді пайдаланған. Сондай-ақ, ақын өз өлеңдерінде тыңдаушыға барынша түсінікті болуы үшін арап сөздерін азырық қолдануға тырысқан, қазақи дүниетанымға сай сөздерді пайдаланған. Қазақ даласында ислам дінінің дұрыс түсіндіріліп, таралуына зор үлес қосқан ақын шағын сюжетке құрылған өлеңдерінде діни хикаяларды қолданады. Сондай-ақ, ақынның логикалық жұмбақ өлеңдерге де шебер екені белгілі. Осындай жұмбақ өлеңдерінде ақын діни аңыздардың оқиғасын арқау етеді. Мәселен «Қанағат туралы жұмбақ өлең»атты шығармасында адамның бойындағы асыл сезімдердің бірі қанағатты

жұмбақтайды. Мұнда да шебер ақын адамның ішкі жан дүниесіндегі асқақ сезімді жандандырып, тірі бейнеге айналдыра отырып суреттейді. Мәшһүр –Жүсіптің суреткерліәк шеберлігі туралы Қуандық Жүсіп : «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының әлем жаратылысы, жер мен көк сыры, ислам діні тарихы, ізгілік, хақ жолын іздеген адамдар өнегесіне арналған аңыздарға негіздеп біраз дастандар жазғаны белгілі. Біздің қоса айтарымыз: ақын тек хикаялар емес, өлеңдердің біразын да сол тақырыпқа арнаған. Соның бірі- «Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңдері. Мұнда да ақынмен сұхбаттасушы болып адам емес, шартты бейнелер: тырна, қарға алынған. Шартты дейтініміз: сөзбе-сөз ұғынсақ, тырнаның да, қарғаның да тіл қатуы, көне тарихты баяндауы мүмкін емес. Әйтсе де сол шарттылық арқасында адамдар арасындағы келіссіздік сыры, жер бетіндегі тіршілік тарихы соншалық әсерлі де, шынайы жеткізілген. Түйіп айтқанда, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексіз ұғымды заттандыру, т.т. шебер пайдалану арқасында шағын жанр лирикаға эпос мүмкіндігіндегі жүк артып, шындықты кең қамту шеберлігін көрсетті.» -деген сөздерін назарда ұстай отырып, діни тақырыпты арқау ете отырып, адамды, биік идеал тұлға мәселесін ақынның алдыңғы кезекке шығарғанын байқауға болады. «Қанағат туралы жұмбақ өлең» шығамасының шағын сюжеті соғықа шыққан мол шерудің далада сусыз қалып, шөл қысқаны туралы. Сол шөл далада кездескен судан шыдап ішпей өту керек болады. Ал шыламай су ішіп қойғандары кеседге шалдығып, қырыла бастайды. Жұмбақтың шешуінде ақын :

Ұлығы патшалардың - патша Құдай,
Дүниені бір дария ғып қойған солай!
Бұ жалғанның жүзіне келіп, кеткен –

Өтпекші бұл дариядан шулай-шулай! - деп өмірдің өзін жұмбақтағанын білдіреді. Өмір дарияның қызығына тоймай жүріп жетер мақсатыңнан, бағытыңнан айрылып қалма, қанағатшыл бол деген ойды білдіреді. Өлең соңындағы оқиғаны қорытындылай келе ақын:

Есті адам - қанағатты,
Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам көнтерілі,
Көнтерілі адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты.
Ендеше есті адам бақтыты болады.

Жақсылар қорғасындай ауыр келер,
Көзі –соқыр, құлағы сәуәр келер.
Жарлының жаздай мінген шолағындай,

Аяғы –ақсақ, арқасы жауыр келер. – деп аяқтайды. Мұндағы негізгі ой қанағаттылық адам баласының барлық жақсылықтарының бастауы екенінде. Адам баласының бар бақыты шыдамды болу қазақ тіліндегі қазақ ұғымына сай «көнтері» деген сөзбен берілген. Көнтері деген әбден иі қанып иленген, жұмсақ тері деген алғашқы мағынасынан төзімді, сабырлы адам деген метафоралық мағынаға ауысқан. Жақсы адамның көп нәрсеге көзін жұма қарап, естіген дүниелерге де сабырмен қарап тарзылап отыратынын қиындық көре жүріп өзін бақытты санайтынын айтады. Бұл Абайдың толық адамы болса, Шәкәрімдегі арлы, таза адам. Олай болса, қазақтың ұлы, данышпан, ғұлама ақындардың адам қандай болу керек деген сөздеріне берген жауабы осылар. Мәшһүр-Жүсіп қазақ танымына сай сөздер арқылы шынайы таза жүректі адам бейнесін жасайды.

Ақынның тағы бір назар аудартып отырған өлеңіндегі сюжет те құран әңгімелерінен алынған. Ол «Сүлеймен мен Ібіліс» атты шығармасы. Сүлеймен пайғамбар Аллаға тілек айтып адамдарды дұрыс жолдан азғыратын шайтанды байлап қоюға рұқсат алады.

Жараттың оны неге әуел бастан,
Атамыз адамзатқа қылып қастан?!
Сенен бір сұрағым бар - билігін бер,

Қояйын байлап соны, өлсем де аштан! – деп Алладан ризлығын алған Сүлеймен пайғамбар шайтанды байлап тастайды. Өзі де патшалықтан тамақтанбай, өз еңбегімен талдан зәнбіл тоқып сатып қоектенеді екен. Ағаштан тоқыған заттарын базарға апарып сатып тамақ алмақшы болып базарға барса, тірі жан жоқ екен. Бұл қалай десе, жұрттың бәрі мешітке барып Хаққа жалып тілек тілеп отыр екен дейді. Ешкімнің дүние тірлігімен ісі жоқ оларға Сүлеймен қайран қалады. Сонда Алла :

Отырған бір орыннан бұлар тұрмас,
Бас қосып бір бірімен кеңес құрмас.
Себепсіз ешбір нәрсе жаратпадым,

Шайтансыз үшбу дүние дүние болмас! –деп өзінің шайтанды жаратқандағы мақсатын айтады.

Бұл өлеңнің оқиғасындағы негізгі тартыс адамның өзінде екенін білдіреді. Себебі адам қашанда өзінің ішкі шайтанын жеңіп жүруі керек. Ал шайтаннның адамның ішінде қалай қалып қойғаны туралы «Адам ата мен шайтан» өлеңінде баяндалады. Бұл өлеңнің сюжеті бойынша Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылып жерге түскенінде шайтанның да бірге түсіп адам баласына қастық жасауға көшкенімен оқиға басталады. Адам ата біржақтан куелсе үйде хайуан кейпінде шайтанның баласы Ханнас жүеді. Шайтан Хауа ананы алдап балам осында тұра тұрсын деп тастап кеткен екен. Адам ата ашуланып оны қылышпен турап тастайды. Адам ата кеткен соң шайтан келіп баласын сұайды , жоқ екенін көріп, атын атап шақырғанда қайта тіріліп кетеді. Адам ата осылайша шайтанның баласын бірнеше рет өлтіреді, бірақ ол қайта –қайта тіріліп келе береді. Соңында Адам ата мен Хауа ана амалдары таусылып оны қылышпен турап қазанға қайнатып жеп қояды. Шайтан келіп баласының атын атап шақырғанда ол Хауа ананың ішінде жатқанын айтады.

Шайтан сонда:

Жайғастың балам! - дейді,

Сен іштен мен тыстан шалам!-дейді.

Адамды жан –жағынан біз азғырсақ,

Жанбай ма жаһаннамға олар?! – дейді. Осылайша адамның жауы өз ішінде, өз пиғылында екенін ақын бейнелі түрде жеткізеді.

Әдебиет адам болмысын танытып қана қоймайды оның дұрыс жолын да көрсетеді. Дінді жақсы білетін философ ақын өзінің бар білгенін қазақ халқына қазақи таным-түсінікке сай беру арқылы адамзаттың дұрыс жолын көрсеткен. Себебі барлық халықтардың оқымысты , білгірлері кезінде адам деген кім, не үшін тіршілік етеді, оның өмір жолындағы идеал не деген сияқты сұрақтарға жауап іздеген, Мәшһүр –Жүсіп осы сұрақтарға жауап ретінде құран хикаяларындағы оқиғаларды пайдалана отырып, сюжетті өлеңдер тудырды. Белгі философ Ғарифолла Есім өзінің «Адам-зат» атты эсселер жинағында: «Адам болмысы туралы мәдениет тарихында қандай ілім, концепциялар болмады десеңізші. Ежелгі Үнді, Қытай, Грек фалсафасында кешегі әлемнің жартысына үстемдік етіп, жаңа «дінге» айналған маркстік-лениндік ілім ауқымында замынына орай адам туралы көптеген ойлар айтылды» -деп, адам болмысы тарихына тоқталады.

Олай болса, Мәшһүр –Жүсіп шығармаларындағы діни философиялық ұғым-түсініктерді оқырманға түсіндіру де бүгінгі күн талабы. Өкінішке орай ақынның мұраларының ішіндегі діни философиялық сарындағы шығармалары әлі де жеріне жете насихатталмай отыр. Бұл алдымен дінді де әдебиетті де жеріне жетіп түсіндіре алатын әмбебап мамандардың аздығы болса керек. Ақын шығармалаындағы адамгершілік тұжырымдамасымен түйінделетін ойларды тек әдеби, тек діни тұрғыдан қарамай оларды тұтастықта талдау жағы жеткіліксіз болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005 ж., №10.

2 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010. - 308б.

3 Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008. - 381б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МЕЙРАМ СОПЫ РУЫНЫҢ ХАЛЫҚШЫЛ ТҰЛҒАЛАРЫ

Қ. АЛЛАБЕРГЕН
т.ғ.д., профессор, С. Торайғыров ат. ПМУ, Павлодар қ.

(Әулие әз Тәйтеке Байбекұлы, Бұқар жырау Қалқаманұлы мен Мәшхүр Жүсіп Көпейұлының қазақ халқының болашағы туралы көрегендік өсиет-тілектері және болжау өлеңдері)

Әулие әз Тәйтеке би 1666-1722 жылдары өмір сүріп, 56 жасында дүниеден өткен. Өзі өлген соң 1723 жылы ақтабан шұбырындының алдын-ала болжап, кейінгі ұрпақтарына төмендегідей өсиет-тілектерін жазып кеткен.

Жалғанда әз Тәйтеке дүниеден өтті,
Бар жоғы елу алты жасқа жетті.
Бағыну бір көсемге дұрыс қой деп,
Боларын ақ табанның біліп кетті.

Төреден тілімді алсақ безін деді,
Келді енді көсем сайлар кезің деді,
Қазақты өз батыры басқармаса,
Құл қылып қалмақ алар сезін деді.

Хан, сұлтан, төре күні кеткен деді,
Оларда ақыл, айла біткен деді.
Қазағым одақтасып, тұтас ел боп,
Қорғайтын өзіңді уақыт жетті дейді.

Ақылды болсын көсем батыр деді,
Біріксе қазақ болар есен деді.
Көрші елмен татуласып, тіл табысар,
Болсын өзі тағы да шешен деді.

Ішінен көптің көсем ізде деді,
Хандардан құтылуды көзде деді.
Қазақты төре орыс жеткізет деп,
Малтаңды би мен бектер езбе деді.

Үш жүзден үш ақылшы болсын деді,
Қазаққа бақ пен дәулет қонсын деді.
Сайлаған көсемдерің кеменгер боп,
Халықына қызметші болсын деді.

Соңынан төре орыс жұрт ермесін,
Хандарға бауыр басып дос көрмесін.
Хан, сұлтан, төре, орыс бәрі құзғын,
Тізгінін басқаруды ел бермесін.

Басқарса тозған елді көсемдерің,
Ақылды болсын сөзге шешендерің.
Хан, сұлтан, төре, орысты дос санама,
Тізе қос, күшті жинап аңғал елім.

Қыздарым босқа жатпай топ құрыңдар,
Жауыңа мойын сұнбай сақ болыңдар.
Ұрыста әйелмін деп берілмеңдер,
Қалмақты селебемен басқа ұрыңдар.

Қиыншылық көп ұзамай өтер-кетер,
Ерлерің жауды ұзатпай тентіретер.
Бөгенбай, Сары, Асқат, Жабай, Көшек,
Қалмақты шапқа түртіп мезі етер.

Ақылды би мен бектер еске алмады,
Өздері дұрыс кеңес қоса алмады.
Үш жүздің шонжарлары төре жоқ боп,
Ішінен батыр-көсем шыға алмады.

Өткен іс өтіп кеткен қайта келмес,
Бақыт құс ұшып кеткен енді оралмас.
Өсиетін әз Тәйтеке еске алып,
Төле, Қазбек, Ақсуат би шайқады бас.

Торғауыт, жоңғар, ойрат бәрі қалмақ,
Орыстар мен қытайлар алған жалдап,
Қолтығына су бүркіп дем берген соң,
Қазақтарды құртпақшы отша жалмап.

Күнгей жақты қаптаған қалмақ алды,
Жетісудің өңірі елсіз қалды.
Бостырып үйсін, найман, қоныратты,
Мал баққан қазақтарға ойран салды.

Қор болды бірлігі жоқ сорлы қазақ,
Басынып ата жауы етті мазақ.
Орыс пен қытайлардан қару алып,
Көрсетті жауыз қалмақ елге азап.

Қазақтың тарихына болып қанық,
Әлсіздігін олардың пайдаланып.
Иесіз қалған жерге шатыр тігіп,
Орыстар жанталасты қорған салып.

Зерепшанға ел кетті,
Естілерден ес кетті.
Дүние, малды тартып ап,
Қазақты орыс еңіретті.

Аяғы ауыр әйелдердің ішін жарып,
Найзасына шапалақты іліп алып.
Кемпір, шалды азықсыз шырылдатып,
Кетеді бала-шаға басын шауып.

Бұл туралы 346 хадисте Пайғамбарымыздың айтқан сөзі бар. «Патша Алланың көлеңкесі. Кім оны құрметтемесе Тәңірді құрметтеген болып табылады. Егер кім оны қорласа, тәңірді қорлағаны болады. Әулие Алланың жердегі еркесі. Алла оның тілегін қабылдайды. Әулиенің тілін алмаған мәңгі оңбайды. Сондықтан, су ішкен құдығыңа түкірме, сусының құриды. Алланың жердегі көлеңкесі мен еркесіне тіл тигізбе, тұқымың құриды. Патшаны ғайбаттау тәңірді ғайбаттау. Әулиенің тілін алмау оңбаудың белгісі».

Осындай қазақты орысқа бағындырсаң бодандықтан басың арылмайды деген сөзді болжап айтқан көмекей әулие Бұқар жырау болатын. Ол 1730 жылы Абылай ханға халқыңды орысқа бағындырмай «Екі жыл малды ту сақтап, шалдары жүзге келмей өлмеген, қойлары бір жылда екі қоздаған, қатын-бала қамы үшін Жиделібайсынға көшір»,- деп төмендегідей болжау өлең айтқан.

Егер бағындырсаң қазақты орысқа,
Екі бастан амандас Сарыарқа деген қонысқа.
Билігі кетер басынан,
Берекесі кетер асынан.
Тектен-текке күйдірер,
Күйдіруші көрші қасыңнан.
Қызығып тұрсың байқамай,
Қорыққаннан айта алмай.
Көрінісі орыстың,
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны арамдық,
Ісіктен аққан іріңдей.
Абақты деген үйі бар,
Сонда қазақ қамалар.
Қазулы даяр көріндей,
Жемтігіне шыбын үймелер.

Бір емес соры мың қайнар,
Құбыладан келер бір кәпір.
Аузы-басы жүн кәпір,
Құдайды білер діні жоқ.
Жамандықтан басқа ісі жоқ,
Күн шығысқа қарайды.

Шашын алмай тарайды,
Жаяулап келер жұртыңа.
Бал мен май жағар ұртыңа,
Ел қамын айтқан жақсының,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Қара шекпен кигізіп,
Түрегеп тұрып сигізіп.
Құлдар менен құтаның,
Қолына билік тигізіп,
Есеп алар малыңнан.

Әскерге алар ұлыңнан,
Күндердің күні Абылай.
Еститінің көп болар,
Есіктегі құлыңнан.
Осы айтқаным Абылай,
Болмай қалмас артыңнан
Естідің міне қартыңнан.

Ағаш үйде кәпір бар,
Мұсылманның баласы.
Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Біраузыды болыңыз.
Қалған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Іргеңізді қоспаңыз.
Кәпір алмас демеңіз,
Наны қатты жемеңіз.
Зәбірі қатты бұл кәпір,
Алмай қоймас демеңіз.

Осындай тағы бір көрегендік өсиет-тілектер мен 1916-2016 жылдарға арналған болжау өлеңнің

иесі әулие данышпан Мәшһүр Жүсіп Көпеев болып табылады. Оның бұл шығармасын көз жұмарының аз-ақ алдында белгілі Мәшһүр танушы Төлепберген Алдабергенов ақсақал «жиенге аманат» деген тілекпен менің қолыма тигізіп еді. Енді соны аз-маз түзетумен сіздердің назарларыңызға отырмын оқырман.

«Тәубә» сүресінің 4-8-27 аяттарында: «Оқымайсыңдар, құдайдан қорықпайсыңдар. Оқып білсеңдер де Алланың бұйрығын орындамайсыңдар. Алла қайтып ондырады. Ақыры кесірлерің халыққа тиетін болыда»,- деп жазған хикімет бар. Осыған орай менің айтарым.

1. Ақыр заман деген сөз азу. Хайуан молдай дінінен, тілінен, әдет-ғұрып, салтынан безу, әлсіз халық әлді халықтың ықпалына еніп, тіл, дін, салтынан айырылып азуы. Бұл азу әрбір ғасырда болуы мүмкін. Бірақ жан иелері құрымайды.

2. Ал қиямет-қайым елу мың жылда бір рет болады. Ол кезде жер бетінде ешқандай тіршілік қалмайды. Қалай болатыны құранда жазулы.

3. Сондықтан бұл заман құритын заман емес. Озатын заман. XX ғасыр ғылым мен білімнің заманы.

4. Тағы бір болжау. Қытай, шүршіт улап құртады деген. Бірақ 2021 жылы өздері де құриды.

Шүршіт шығып Ташкентті алады,
Қоқан менен Қожазанды да алады.
Ұлыһ ғайбат приод болса керекті.
Шүршіт шығып жүріс қылып,
Самарқандта ұрыс қылып,
Шаһизанда шатақ шығып,
Шүршіттердің бәрін қырып,
Апат қылса керекті.
Иман Мұхамед әл Мағди келіп,
Бүкіл дүнижүзіне ислам дінін таратып,
Мұсылмандар дәуірлеп өссе керекті.

5. Орыс арамза, ойшыл халық кендір арқан. Қазақ күншіл, тойшыл, есер халық. Осы арамзалар кендір арқандарымен буып-матап дінінен, тілінен бездіріп, аздырып мәңгүрт қылады.

6. Бірақ осы кендір арқан 70 жылда бір шіриді екен. толып жатқан ұйымы боп, пайдасыз жиыны боп, ақыры бұ да құриды деген. Осындай азудан қалған қазақ түбі бір күні оңалып, өз алдында ел болады дегенді менен де бұрын әулие өз Тәйтеке би мен көнекей әулие Бұқар жырау да біліп, болжап айтып кеткен екен.

7. Осы оңалу 2015-2016 жылдан басталмақ. Қай күні өзіңнен ұл туады, сол күні басыңа күн туады. Қазағым, қашан басыңа осы күнің туғанша көретін қиыншылығың да жеткілікті болар. Алайда, түбі бір қайыр болатындығына сеніп, үміттен күдер үзбеңдер.

8. Уақыт хабарым бойынша сол алда болатын 1916-2016 жылдар аралығын баяндап берейін.

Әуелгі атым еді Адам Жүсіп,
Сүйгеннен халқым кетті Мәшһүр десіп.
Петрбур, Лондонға атым мәлім,
Мен сендерге айтайын көңіл түсіп.

Шешендер шыға алмайды тұнығынан,
Баса алмаймын батпақтап ұйығымнан.
Баяғыңды ойлама енді қазақ,
Бақытыңды тайдырған шығыңнан.

Жақсы болсаң жау болар өз ауылың,
Жаман болсаң жат болар өз бауырың.
Әртүрлі сөзге еріп, жала жауып,
Шірітер түрмесінде мұжық бауырың.

Тұрарда таң намазына кер боларсың,
Шығарда шыбын жаның тер боларсың.
Кеудеңе ала ботан жусан шығып,
Бір кезде аяқ басар жер боларсың.

Қалған жоқ Сарыарқа сенде қызық,
Сандалатын Сарыарқаны алды мұжық.
Қолыңнан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы сорлы қазақ қалдың мыып.

Таптайды Сарыарқаны қаншама жыл,
Байың жоқ, батырың жоқ, қалғаның тұл.
Ерініп, еңбек етіп, егін салмай,
Мұжыққа қала салып, боларсың құл.

Байлар-ау, бердің зекет атаң басы,
Жинаған сол байлығың жанның қасы.
Ішпей-жемей жинаған бар малдарың,
Жоқ-жітік кедейлердің сыбағасы.

Отыз екінші жыл болар сондай ауыр,
Адамдар аш-жалаңаш болып жауыр.
Кетеді айдалаға есі шығып,
Ағайын, туған-туыс суып бауыр.

Адыра тұл қалады, құлап шаңырақ,
Кетеді айдалаға иесі аңырап.

Тірі кісі табысар бір заманда,
Қойдай маңырап, қозыдай жамырасып.

Дүниеге жарасады күн менен ай,
Бұл заман да тұра бермес бұрынғыдай.
Мысалы бұл дүниені мен айтайын,
Теңеледі сол заманда кедей мен бай.

Өзгеріп онан кейін заман болар,
Жолына шариғаттың күмән болар.
Қызығы кәрі-жастан ұят кетіп,
Тәртіпсіз, ар жойылып, тәмам болар.

Кедейлік болар ма екен мұндай қиын,
Ойын-күлкі, айт пен той, қалар жиын.
Еститінің жаман сөз, суық хабар,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миың.

Күншілдер көрінгенге қуғын салып,
Ақыры күнәсізге жала болар.
Үлгілі-өнегелі салты құрып,
Қаптаған айналасы қала болар.

Шайтан мен ел, құдайдан жат болды ғой,
Адамдар нәпсілерін ұмытты ғой.
Жер мен көктің кеңдігінен пайда болмай,
Жақсылық пен тыныштық ұмтылды ғой.

Жұрт көреді құдай ісі оңайлығын,
Қысы-жазы тыным жоқ, ыңғы шығын.
Пенде асығып жеткенше тарығады,

Мың да тоғыз жүз қырық бесінші жыл,
Жылқы шығып, қой кірер оны да біл.
Қойдан қоңыр заманды бір көресің,
Қой анасы бестен деп бусайшы бел.

Сарыарқа, Сарыжайлау жер тарылып,
Өрісі жоқ, жырық-жырық дала болар.
Сапырулы сар қымыз қолдан кетіп,
Сарғайтып ішетұғын шайы болар.

Үлгісіз ата менен ана болар,
Еркекті әйел билеп дана болар.
Ұлы арсыз, қызы ұятсыз есірік болып,
Бала емес пәле баққан жайы болар.

Биік тау төбе болар тас кеткен соң,
Жақсы ауыл ұры болар бас кеткен соң.

Қадірі бәйбішенің юола бермес,
Қолынан қара саба, ас кеткен соң.

Ақсақал төрде отырып кім болады,
Келіннен тыныштал деп сөз жеткен соң.
Ер жігіт мырза болып не қылады,
Қолдан дәулет, басынан бақ кеткен соң.

Ханның да қара тілін ала бермес,
Бастан тәж, астынан тақ кеткен соң.
Әкеден бала безер күн болады,
Қуат кеміп, сексенге жас жеткен соң.

Түн қараңғы, күндізді бұлт демеңіз,
Мынау жарлы, мынау бай күндемеңіз.
Ата-анасын қаңғытқан ұл мен қызды,
Аузы түкті көпірден кем демеңіз.

Бір жылы мешін деген жыл болар,
Нәсілсіз біреу ел басқарар.
Ақыры елді аздырып,
Бір-біріне қас қылар.

Өзіңнен туған бел балаң,
Саудагердей сарт болар.
Бірге туған туысың,
Алаштан бетер жат болар.

Бір жыл болмаса бір жыл қой жылы болар,
Баршылық, молшылық болса да таршылық болар.
Қилы-қилы заман болар,
Ақша құнсыз қағаз болар.

Қоян жылы заманың тар болар,
Ел тапшылық пен жоқтыққа тап болар.
Қоғамның жиған малы топалаң келіп,
Қысы жұт, азық қымбат, нарық болар.

Бұл сөзім өтірік емес, шын расы,
Мұнан соң ұрлық қылар кәрі-жасы.
Кедейліктің иісі қазақта тұр,
Ондырар ма сәулесіз өңкей масы.

Сол заманның бірталай ұлықтары,
Ұры-қары сұмдардың жан жолдасы.
Қазақ талай ел болмақ тарағын-ау,
Ойлайтыны әркімнің өз пайдасы.

Басшылардың кәсібі ұрлық болар,
Қолдайтын періштесі пірі болар.
Зекетсіз кедейлердің жиған малы,
Жең ішінде парамен құрып болар.

Ол заман қай заман, ыққан заман,
Жақсына жаман келіп жыққан заман.
Әділеттің атасы арам өліп,
Ұры-қары көбейген тақыр заман.

Молдасы көп білем деп дана болар,
Сорақылығы халыққа мәлім болар.
Шариғат пен хадисте жұмысы жоқ,
Құранды қате оқып, күнә болар.

Оқыған ғұламалар таусылған соң,
Ұры-ұары шоқындысы солда болар.

Қара тауық, қара тауық,
Жүрген жерің сондай қауіп.
Жеті дүшпан болғанында,
Әлде кімге болар қауіп.

Сәуірік туып айғыр болар,
Талай жас қыздарың
Ұяттан безіп, буаз болар.
Сиынған пірің молда «мүкірік».

Бір құдайға шет болар,
Мұсылмандыққа жеткенше.
Адамдар бір-біріне,
Қайырымсыз жат болар.

Мұсылмандыққа жеткен соң,
Сонда ғана барып-барып ел болар.
Екі мың да он алтыншы жыл болар,
Қой үстіне торғай жұмыртқалаған заман туар.

2015-2016 жылдары дін басына имам Мұхамед әл Мағди келіп, бүкіл дүние жүзіне ислам дінін күшейтеді. Елдің бейбітшілікке қолы жетеді.

Сонда боларсың қазақ боларсың,
Дін, тіліңмен табысып.
Толарсың, қазақ толарсың,
Егін мен малға жарасып.
Жасарсың қазақ, сонда жасарсың,
Туғаныңмен табысып.
Туар әлі сондай күн,
Гүлденіп, өсіп, тауысып.
Өткен азап ұмыт боп,
Жүректе қалар мұң болып.

Барға – жоққа бұл дүние кезек тимек,
Жеткенше пенде асығып пісіп-күймек.
Құдай ұрған пендесін қан қақсатып,
Құшырланып, құшақтап, аяп сүймек.

Мәңгі бақи бір заман тұрмақ емес,
Қалжыратып, қажытып бәрін тегіс.
Өлмеген құл көреді асықпаңдар,
Көптен күткен ағашың беріп жеміс.

Аман бол, ағайын,
Тату бол, қимасым.
Араздықты қояйық,
Арамзалық мінезді.
Бәрін де жояйық,
Дін мен тілді қуаттап.
Күншілдік тамырын жояйық,
Өлген соң белгілі,
Қайтып кеп тұрмасың.
Ел анау, мен мынау,
Қайтейсін бір басым.
Аман бол, ағайын,
Тату бол, қимасым.

Асқынды боп, арқа-жауыр жараларым,
Күүнен-күнге асқынған ауруларың.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды біл,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым.

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан, болса да қымбат даңқым.
Дүниенің тірішілігінде қадірім жоқ,
Өлгеннен соң әттеген-ай, дерсің халқым.

Көшірдім ақ қағазға рауан сөзін,
Бұлдырап көрмей барады екі көзім.
Дұғаға қолыңды жай жамағаттар,
Мәшһүрдің көрмессің енді, басқан ізін.

Шежіреші Төлепберген Алдабергенұлының аузынан жазып алынып, хатқа түсірген т.ғ.д., профессор Қырықбай Аллаберген

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ТҮРІК ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ МӘШҺҮР ЖҮСІП

М.Н. БАРАТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдебиеттанудың басқа да салалары тәрізді жанрлық сипатын сөз еткенде, оның бар кезеңде, бар ақында үнемі біркелкі болып келе бермейтінін, қайта дәуір, стиль т.с.с. әсерімен түрлі өзгеріске түсіп отыру мүмкіндігін алдымен діттегіміз келеді. Осы орайда белгілі орыс зерттеушісі В.Г.Белинскийдің: «Жанрлардың шекарасы нағыз дәлдіктен гөрі шамамен айырылады. Қайткенмен де оны картада мемлекеттің шекарасын көрсеткендей саусағыңмен нұқып көрсете алмайсың. Көркемөнер қай жақтағы болсын, бір шекарасына таяна беріп, өзінің әуелгі мағынасын біртіндеп жоғалтады да, шекаралас екінші жанрмен мағыналас болады. Сөйтіп, шекаралас екі сипаттар ортақтасып екеуін жинастырады»-деп, жазғанын қазақ ғалымы С.Қирабаевтың С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» туындысының жанрлық сипатын анықтау үшін қолданғанын [1] осы орайда еске салғымыз келеді.

Лириканың жанрлық сипаты сөз болғанда да, оның тап-таза бір түрін бөліп көрсету мүмкін бола бермейтінін де жоғарыда аталған (В.Г.Белинский пікіріне) сүйеніп айта аламыз. Әйтсе де тап-тазасы қалған жоқ екен деп, оның шартты түрде бөлінген түрлері бар екенін де жоққа шығаруға болмайтыны анық.

Кез келген ғылым саласы тәрізді бұл мәселеге де соңғы нүкте қойылмайтының, қойылуы мүмкін де еместігін ескерсек, мұнда да бұрыннан қалыптасқан басы ашық жанр түрлері бар да, әлі толық анықталып бітпегені, әйтсе де сол толықтыққа жету үшін де алдын-ала сараптауды тосып тұрған, өзірше шартты түрде ғана бөлініп жүрген жанр түрлері бар екендігін де ескерген жөн. Мәселен, мысал (басня), мұң өлеңі (элегия), мадақ өлең (ода), төрттаған (рубаи), нәзира т.с.с. бұрыннан шаңырақ көтерген даусыз лирика түрлері саналады. Ал, жоқтау, арнау, айтысты т.с.с. А.Байтұрсыновтың 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабынан бастап ұлттық өлең түрі, ұлттық үлгі деп қарастырып келгеніміз белгілі. Сонымен бірге ойлану (медитативті), жұмбақ, хат өлең түрлерін жанр түрі, немесе тақырып т.с.с. бойынша жіктелім үлгісі деп, қабағат саралауда еш ағаттық жоқ. Осы орайда шығыс поэзиясында кең орын алған рауаят, хикаят ұғымдарын да ескермей кете алмаймыз. Соңғысының жоғарыда аталған А.Байтұрсынов кітабына енуі де тегін емес.

Сондай-ақ шығармаларды: үгіт (дидактикалық), шолу, деректі, аңыз, тұспал өлеңдері немесе махаббат, табиғат тақырыбындағы туындылар деп бөлуде, жанрлық межелеумен бірге, тақырыптық ерекшелік қоса ескерілетінін де діттей отырып, қазақ өлеңдерінің жанрлық табиғатын кең саралау үшін бұлай бөлудің де ұтымды тұстары мол екендігін ескермей болмайды.

Қысқасы, лирикалық қаһарманның ашылу деңгейі, белгілі бір тақырыптың қамтылу көкжиегі тұрғысынан болсын, бұл аталған өлең түрлерінің т.с.с.поэмаға мүлде келмейтінін, қалай түрленсе де, лириканың жанрлық шеңбері ішінде қалатынын басшылыққа аламыз.

Патшылық Ресейдің отарлау саясатының XIX ғасырда күшейе түсуі, алдымен хандық билік (1822ж.) кейін аға сұлтандықтан да айрылу (1868 ж.) және қазақтың неғұрлым шұрайлы жерлерінің Ресейден келушілерге зорлықпен тартып әперілуі, сөйтіп жер-судан айрылған халықтың жүдеп-жадауы, тозуы және ұлттық баспа, медресе, мешіт, мектеп ісіне қойылған ашық, жасырын шектеу, кемсітулер- бәрі адамдардың материалдық мұқтаждықпен бірге рухани азып-тозуына ықпал еткені белгілі. Бұл қысым ақындар шығармашылығына да елеулі әсер етті, ел билеушілердің отарлау саясатын сынау т.с.с. өсті.

Сол дәуірдегі: Абай Құнанбаев (1845-1904), Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931), Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) т.с.с. тәрізді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) өлеңдерінің идеялық-тақырыптық негізіне

дәуір шындығы шешуші ықпал жасаумен бірге оның туындыларының жанрлық сипатын да негіздеді. Осы орайда халықтың өз мүддесі үшін күреске ұмтылуын тудыру үшін, тікелей үгіт айту, дидактикалық сарын етек алуы да заңды еді. Сөз жоқ, бұл кезеңде жалаң үгіт айту, дидактикалық ықпал қанат жаюынан өлең көркемдігінің біршама солғындау мүмкіндігі де туғаны анық. Әйтсе де көркем шығарманы тек әсемдікті әспеттеу құралы деп қараумен шектелмей, қайта сонымен бірге пәрменді насихат көзі ретінде пайдалану басқа да өз әріптестері тәрізді Мәшһүр Жүсіптің де XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде тікелей үгіт өлеңдерін көбірек жазуын негіздеді. Осы орайда тікелей үгіт айтуға бағытталған өлеңдерінің бәрінің көркемдігі төмендеді деуге келе бермейтінін, қайта көп ретте сол насихатты неғұрлым әсерлі беру үшін де, көркемдік ізденістің өзіндік сан түрлері отау тіккенін де ескермей кете алмаймыз. Демек бұл өлең түрі туралы А.Байтұрсыновтың: «Ақыл айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдер- үгіт өлең деп аталады» [2, 240 б.]- деуі тегін емес дегіміз келеді.

Міне, бұл тұста орыс лирикасының сыр-сипатын ашуда көп тер төккен В.Д.Сквозниковтың ақын Баратынский поэзиясындағы дидактизмді атап көрсетуін [3] және И.Ю.Подгаецкаяның «Маяковский өлеңдерінің лирикалық пен шешендік бастаулар түйісуінің көп түрлі нұсқаларын» беретінін [4] атап көрсеткеніне назар аударғымыз келеді.

Дидактикалық өлең жазудың көне шығыс поэзиясында кең орын алғанын діттеу үшін Жүсіп Баласұғынның «Құтты білік» (1069-1070) кітабынан үзінді келтіреміз.

Білім-өнер қонады үйренгенге,
Қадірлесең, сені олар сүйрейді өрге.
Оқу оқы, білім ал, жүрме бекер,
Қажетіңе сол жарар күн келгенде.

Білім шешер бар сырдың тас түйінін,
Білім ал, оқы өмірді жақсы ұғынғын.
Біліміңді іске қос, тағы оқып,
Тағы үйренсең ғанибет, шат бұл күнің [5].

XV-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясын алсақ та, дидактикалық өлеңдердің аз еместігіне көз жеткіземіз:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа!
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа!
Асан қайғы. XV ғ. [6, 66 б.].

Балаларыма өсиет:
Болмаңыздар кепиет.
Бірлігіннен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Ақтамберді Сарыұлы. XVIII ғ. [6, 102 б.].

Қазаққа пайда мынау, малын бақсын,
Отқа жайып, суарып, бағып қақсын.
Шал Құлекеұлы. XVIII ғ. [6, 157 б.].

Еменнің түбі сары бал,
Еріскен көңіл бәрі бал.
Жоғарыдан төмен төгейін,
Керегінді теріп ал.
Қасыма ерген жолдастар,
Антыңды бұзып айрылма,
Зейініңді бермен сал.
Махамбет. XIX ғ. [7, 64-65 б.].

Міне, көркем әдебиетті алдымен халыққа қызмет ету құралы деп түсінген ақындар тікелей үгіт өлеңдерін жазса, ондай туындыларды төменгі, екінші сортты деуге келе бермейтінін дәлелдеу үшін данышпан суреткер ақын Абайдың өзінің ара-тұра болсын, тікелей насихат өлеңдерін ұсынғаны тегін емес деп санаймыз:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап-босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ-
Бес дұшпаның, білсеңіз. 1886 ж. [8, 65 б.].

Мәшһүр Жүсіптің тікелей үгітке арналған дидактикалық өлеңдерін сараласақ, онда оқу, кәсіп меңгеру, ізгілікке ұмтылудың бастау көзі ретінде Алланы мадақтаудың өріс алғанына көз жеткіземіз:

Исламның бес парызы: біреуі- иман,
Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.

Ықтиқат, шын ниетпен жұмыс қылып,
Ерлерді айт - Құдай үшін жанын қиған!

Аузыңда болсын дайым Құдай сөзі,
Таймасын қаралықтан көңіл көзі.
«Бір!»-деп, «бар!» -деп, илану- бізге парыз,
Ғаламға он сегіз мың патша- өзі!

Екінші, намаз екен- бізге парыз,
Айтпасақ білмегенге, бізге қарыз.
Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ ,
Құдайға жетеді екен сонда ғарыз. [9, 138 б.].

Бұл өлеңдерінде қазақ тілін, рухын, мәдениетін сақтау үшін де Мәшһүр Жүсіп қалыптасқан Ислам дінін сақтау, имандылыққа ұмтылуды дәріптеумен ерекшеленеді.

Ақын үгіт үшін көбінесе салыстыру әдісін, жақсы мен жаманды қатар алып, кімге еліктеу, неден безіну керектігін жіліктеп ашуға ден қояды:

Қайырсыз болсаң (бықыл) бәхил, болдың терек,
Басқаға бір отыннан қылмас керек.
Жақсыдан- жақсының да парқы бөлек,
Даналар біледі ойлап, ақыл зерек (зирек).

Зарарлы болсаң жұртқа, болдың тікен,
Қыларсың жазды жапан, шөлді мекен.
«Жерінде- әр не өзінің»- деген рас,
Еккенмен сусыз жерде, шықпас жекен.

Құдайым пендесіне берген малды,
Жаратқан әр түрлі ғып жүрген жанды.
Ғибадат, қанша қылған құлшылықтан
Қайыр қып берген артық жалғыз нанды [9, 148-149 б.].

Осы орайда көбінесе ақыл айтуға құралған өлеңдерінің өзінде ақын үнемі жалаң үгітпен шектелмей, ұтымды бейне, ұтықты сөз үлгілерін де кірістіре білген:

Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.
Наданның өз басына қылған ісін,
Қылмайды ақылды адам дұшпанына.

Қарайла, шамаң келсе, жолдасыңа,
Жолдасың еріп жүрсе өз қасыңа.
Абыройым төгілмесін деп ойласаң,
Ұяттан қол шатыр қып ал басыңа .

Бір сөзді шығарады бір сөз түртіп,
Ағыздым алтын қылып мен мысты ерітіп.
Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,
Әрқайда сөз сөйлеме перде жыртып.

Шайтанның шамаң келсе сындыр белін,
Ол иттің керек қылма жауын, елін.
Бір іске өкінбейін деп ойласаң,
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.

Өнерге өзіңді-өзің ерте баулы,
Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы.
Қауіп, қатерсіз, қайғысыз болам десең,
Араз боп еш адаммен болма даулы.

Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,
Өзіңнің өз бойыңда болсын көзің.
Сөзіммен халқым амал қылсын десең,
Амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің.[10, 116-119 б.].

Зерделесек «Наданның өз басына қылған ісін, // Қылмайды ақылды адам дұшпанына»- жолдарының әсерлі естілу себебі: ақыл айтудың өмірде көп көргенді сараптап, безбендеп барып, аз сөзге көп мән ұялатуға негізделуінде жатқаны анық. Екінші мысалдағы дерексіз ұғым ұятты белгілі бір затқа «қол шатырға» айналдыру да өзінше әсерлі. Ұяттың қол шатыры ұғымын дәйектегенде, сол бір әсерлі, бейнелі сөз ұтымдылығы назар аудартады. Үшіншідегі перде жыртып сөз сөйлемеу де дерексіз ұғым сөзге пердені тіркеп және оны кәдеге жаратуды бейнелеп барып, белгілі бір идея өрістеуіне негіз қаланған. Төртіншіде, басқа адамның айнасынан (өз айнасынан емес) қарағанда ғана білімді, зерек адам болуы мүмкіндігі де мүлде тосын метафоралық тіркес көмегімен айтылған ой ерекше әсерлі естіледі. Бесіншідегі «жастықтың ауылы» метафоралық тіркесін алу және оның көшіп кетуін ескерту де идеяны неғұрлым пәрменді жеткізу міндетіне бағындырылған. Мұндай тосын метафоралық үлгі көмегімен әсерлілікті еселеп арттыру үлгісі алтыншы мысалда да бар. Әркімнің өз бойында өз көзі болуын діттеу, яғни соны метафоралық тіркес көмегімен бейнелеу нәтижесінде ақын өз ойын әсерлі жеткізген.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 4-томына енген: «Кедейліктің арқаны», «Өлім алдындағы хал», «Бақ құсы» өлеңдері де үгіт өлеңдері үлгісі. Мұның алғашқысы балаларды, сол арқылы

жастарды сабақ оқуға, еңбек етуге, еріншектікке салынбауға үгіттеуге арналса, екіншісі пенде ниеті бұзық болса, о дүниеде жаза тарту күтіп тұрғанын ескерту, т.с.с. арқылы адамдарды ізгілікке үндеу отау тіккен. Соңғыда:

Өз нәпсің бойыңдағы- жанның жауы,
Жалғанда екеуінің бітпес дауы.
Нәпсіңнің айдауына ере берсең,
Білінбес өз басыңның ауру-сауы [10, 335 б.]

- деп көзге көрінбес ұғым дерексіз нәпсіні, яғни адам тілегін жеке бір жан иесіне айналдырғаны соншалық, оның адамды мал тәрізді айдауы мүмкіндігі әсерлі бейнеленген.

Мәшһүр Жүсіптің дидактикалық, яғни үгіт-насихат өлеңдері дегенде, оның үгітке ғана емес, тілекке арналған өлеңдеріне арнайы көңіл бөлу керек. Тілек тілеудің Мәшһүр Жүсіпке дейінгі қазақ ақындарында ерекше орын алғанын діттеу үшін XVIII ғасырдағы Бұқар жырау термесіне назар аударайық:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа! [6, 111 б.].

Енді Мәшһүр Жүсіптің тілек, яғни тілек-насихат өлеңдерін жинақтасақ, мына үлгілер көңіл бөлгізеді:

1. Шығады: «асыл-тастан, өнер-жастан»,
Тәрбие тәуір болса, әуел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сол секілді,
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.
(«Бұлақ көзі»)

Самалы әрекеттің сол сықылды,
Алмассың егінді орып, тұқым сеппей!
Пайданды жақсы болсаң көпке тигіз,
Жатырқап еш адамды сыртқа теппей!
(«Дауасыз дерт») [11, 86-87 б.].

Бұл күнде мал табыңыз алас ұрып,
Күш-қуат кетіп қалмай арқа бостан.
(«Тіршілік қамы»)

Өлімнің, өлмей бұрын, қамын ойла,
Абайсыз жүргенінде ажал жетер!
(«Жалған туралы») [10, 268-269 б.].

Мәшһүр Жүсіп бұл өлеңдерінде: білім, ғылымды игеруді (1- мысалда), көпке пайда тигізуді (екіншіде), еңбек етуді (үшіншіде), өлімге әзірлене білуді (төртіншіде) – тілеу, насихаттауды өзінше әсерлі жеткізген.

Осы орайда ел мұқтажын неғұрлым кең қамту үшін Мәшһүр Жүсіптің шолу өлеңдерін де өндіре жазғанын саралаған жөн. Шолу өлеңдері қамтылған ойлар молдығымен көп ретте лирика мен эпос аралығындағы Құранды, аралық жанр түрі тәрізді әсер қалырады. Бір туындының өзінде көп мәселе қабағат көтеріледі. Тікелей үгіт, баяндау, оқиғалар алма-кезектесіп, сапырылысуы оны эпосқа жақындатса, соның бәрінің бірі ғана лирикалық қаһарманның тек бірер сәттегі толғанысы шарпуына бөленуі оны лирикаға алып келеді. Демек шығармада қанша мәселе көтеріліп, ара-тұра оқиға т.с.с. еніп кетсе де, соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарман сезіміне бағындырылып өрілуі – оны «шолу өлеңдер» - деп атап, лирикаға түріне жатқызуға себеп болып отыр.

Орыс әдебиеттану ғылымында мұндай шығармаларды «Баяндау лирикасы» (повествовательная лирика) – деп атау [12] орын алып келгенін, ал арнайы анықтамаларда «Публицистикалық поэзия» түсінігі [13] қолданылуын ескерсек, бұлай бөлудің негізсіз еместігіне көз жеткізе түсеміз. Мәшһүр Жүсіптің «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» туындысы – осы шолу өлеңі үлгісі. Онда лирикалық қаһарманның «Меннің», «ат-бәйгеге құлын-тайдан» қосылғаны, жігіттіктің қызығын көріп өткені, 5 жаста және 20, 35-те не бітіргені айтылып келіп, мына ойды бөліп көрсету жүзеге асқан: «Отыз қырықтан асқан соң ойланамыз //Он бес пен жиырма бесте қылар істі.» Ақын одан әрі өзінің де кәрілікке бой ұрғанын мәлімдеп, сол кезеңдегі келеңсіздіктерді, атап айтқанда, қожа мен молданың ғайбат сөйлейтінін, сонысымен де елді бұзып жүргенін баяндай келеді де, мына жайттерге арнайы көңіл бөлгізеді:

Болмағың жақсы, жаман әуел бастан.
Белгілі ат боларың құлын жастан.
Өң беріп жылтыратып ысқанменен,
Болғанын көрдің бе айна қара тастан?!

Қара тас ең болғанда қайрақ болар,
Балта, шот, пышақтарды қайрап болар.
Дөңгелек диірменіне шарық болып,
Көзіне көрінгенді шайнап болар.

Ай орынын аспандағы бұлт алып,
Орнында дүр гауһардың су тас қалып.
Құр тікен қызыл гүлсіз, қолға түсіп,

Ауызға қант орнына зәһәр салып.

Келмейді өткен ғұмыр жоқтағанмен,
Түк өнбес ұрып, соғып боқтағанмен.
Жолаушы жол үстінде көрмес қызыр,
Далада отсыз, сусыз тоқтағанмен.

Дүниеде шапқан аттай өткен ғұмыр,
Қарақшы – көрдің басы, бәйгелі жер.
Кім озып, кім қалуы мағлұм емес,
Бәйге алсаң, сол жерде озып, болдың ғой ер!
[10, 199-200 б.]

Міне, мұнда қанша ысқыласа да, қара тастың айна болмайтыны; аспандағы Ай орнын бұлт алып жүргені; отсыз, сусыз жерге кідірген жолаушының бәрі бірдей қызыр көрмейтіні; көрдің басы бәйгелі жер екендігі және онда кім озып, кім қалатыны белгісіздігі қамтылған. Бұл әсерлі жолдар кейінгі айтпақ насихатты негіздеп, оған өз сәулесін түсірген. Атап айтқанда: «Ит мойнына гауһарды таққанменен», оны басқа затқа айналдыра алмайтыны, қожа-молданың өсекке бейімділігі орын тепкен.

Бұл тәрізді шолып айту, жетістік, кемшілікті түгендеп тізіп, қамтуға ұмтылу ақынның: «Ұқыпты әйел», «Салақтық- дерт», «Күліктің атқамінерлеріне», «Дүниеге жарасады күн менен ай» - өлеңдеріне де негіз болған.

Жалпы шығыс поэзиясында, оның ішінде қазақ ақындары шығармашылығында хикаят өлеңдердің ерекше орын алып келгені белгілі. А.Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабында мынадай анықтама жазған: «Хикаят. Діндар дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған сөздер емес. Діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады [2, 265-266 б.]». Осы орайда орыс тіліндегі сөздіктің бірінде мысал тәрізді ақыл үйрету өлеңін «аполог» - деп [13, 45 б.] атағанын, оның біз келтіріп отырғанын «Хикаят» ұғымына біршама жақын екенін ескеру керек деп санаймыз. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» (1880 ж.) өлеңінде алдымен бір адамның «Жолаушы боп келе жатып» бір сандықта тауып алғаны, ішін ашқанда, ондағы бір асыл тасты көргені, «Көп олжа болды ғой!» - деп шаттанып, қолына ұстағанда, оның әп-сәтте алдымен жыланға, ізінше айдаһарға айналып, өзін жұтпаққа төнгені баяндалады. Білмей істелген жаңсақ қадам осындай қауіпке ұшыратқанда барып, оған алдымен отыз адам, кейін бес адам, ең соңында жарты адам кез болғаны бейнеленеді. Назар аударарлық жайт: қиын жағдайда қалғанда, отыз кісі боп көрінген отыз күндік оразасының да жәрдемі тие қоймайды. Сырт көзге солардың бәрінен аз (алғашқыдағы - отыз, екіншідегі бес адаммен салыстырсақ), әрі күш-қуаты да кем болуы әбден ықтимал өйткені толық емес, жарты ғана адамның ғана қол ұшын бере алғаны, яғни тапқырлықпен қиналған жолаушыны құтқаруы назар аудартады. Сөз жоқ, осы арқылы үнемі дінді насихаттап келген автор ораза мен намазды жамандап отырған жоқ, тек ораза, намаздың өмірдегі нақты әрекетке, қайырымдылыққа ұштасқанда ғана қиналған адамға көмек бере алатынына әспеттелген. Сөйтіп бір кезде біреуге жарты нан беріп көмектесуі жарты адам кейпінде көрініп, оның қысылған адамды құтқара алуын бейнелеу арқылы ақын құлшылықтың жалаң жүрмеуін оның кем, кедейге нақты қайыр жасаумен ұштасқанда ғана пәрменді болатынын көрсеткен.

Сөйтіп, бірнеше лирикалық бейне әрекеті, тіпті шағын тартысы бейнеленуі арқылы бұл туынды лирика көкжиегін біршама кеңейткен. Лирика көбінесе бір қаһарманның бірер сәттегі бірер толғанысын бейнелеумен шектелсе, мұнда алдымен бірнеше кейіпкер алынып, олардың қарым-қатынасы біршама көрсетілген. Әйтсе де бұл туындының эпос емес, лирикаға жату себебіне келсек, сол әрекет, құбылыстың бәрі бір лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезім айнасы ретінде берілгендігі дер едік. Міне, сырт қарағанда осындай бірнеше адам қарым-қатынасы алынса да, соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезім айнасы ретінде келтірілуі үлгісі ақынның «Аңқау адам туралы», «Шайтанның саудасы» өлеңдерінде де жүзеге асқан. Хикаят өлеңнің мұндай сипаты ақынның: «Алтын табақ», «Шайхы Ысқақ», «Надан би», «Ғалының тағылымы» өлеңдерінен де көрінген. Осы орайда «хикаят» ұғымына да сыя бермейтін, поэма деуге де келе қоймайтын, көлемі де ұзақтау, қатысушы адамдары біреу емес, бірнешеу болатын, белгілі бір оқиғаға негізделген, әйтсе де соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарман толғанысы ретінде берілгендіктен де, лирика шеңберінде қалатын мұндай туындыларды «Оқиғалы өлеңдер»

- деп атағанды жөн көрдік. Оларға: «Ибраһим», «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Пайғамбардың өсиеті», «Ханымбике», «Күйеу Мағзұм мен Хұршым» және «Момынның әйеліне шығарғаны» өлеңдері жатады.

Бұл тұста «хикаят», не «сюжетті өлең» ұғымынан сәл бөлектеу тұрған, өмірдегі бар деректерге, көбінесе өмірбаяндық шежіреге негізделген шығармаларды бір бөлек топтап, оларды: «деректі өлең» - деп ұсынғанды жөн көрдік. Мәселен: «Бөгелген хат» (1909), «Айқап» туралы (1915), «Малсыз дала» (1925). Бұл туындылар ақынның өз көзі көрген жекелеген келеңсіз деректерді келтіріп, соған нақты сын айтуға арналған. Ал, енді бір өлеңдерді өмірдегі деректі фактілерге негізделсе де, бір оқиғаны айта отырып, сол іспетті басқа да құбылыстарды қамту ерекшелігімен де көркем жинақтауға иек артқан деректі өлеңдер деп қарастыруға болады. Мәселен: «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста», «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы», «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені», «Мәшһүр Жүсіптің өлер алдындағы сөзі» өлеңдеріндегі көп деректер шындық көшірмесі. Бұл туындыларда Мәшһүр Жүсіп өміріне қатысты дерек көздері алынса да, соны тірек ете отырып, ақынның жалпы қоғамдағы қайшылықтарды т.б. кең қамтуға ұмтылуы - бәрі жеке дерекпен шектелмей, жинақтауды да қоса қамту үлгісін танытады. Нақты бір оқиғаны, не жеке бір адамды сөз ете отырып, уақыт, кезең ерекшелігін біршама кең ашуға ұмтылу ақынның: «Мұса Шорманұлының асы», «Қажыларға», «Байдалының Исасына», «Бердібек Қазанғапұлына» өлеңдерінде орын алған.

Мәшһүр Жүсіптің хикаят өлеңдерін сараласақ, оның аңызға негізделгендері де өз алдына бір төбе: «Кәф пен Нон», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Абыраһа мен Мұтылаб», «Мұхаммед пен Әбужаһил», «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені», «Ғалының ниеті», «Ықылас сүресі», «Сүлеймен мен Ібіліс» және «Адам ата мен Шайтан», «Пайғамбардың нұры», «Ораза туралы», «Расулдың өлімі» т.с.с. Бұл аңыз өлеңдері, яғни хикаят өлеңдері арқылы Мәшһүр Жүсіп қазақ лирикасының жанр ретінде толысу, жетілуіне көп ықпал етті. Бұл туындыларда түрлі лирикалық бейнелер арасындағы шағын тартысты енгізу көмегімен ақын лириканың жанрлық толысуына ықпал етті, ішінара эпос, драма әсерін қабылдай отырып, өзекті ерекшелікті, лирикаға тән өзіндік сипатты сақтап қалудың соны түрлерін тудырды. Өлеңнің өмірді қамту мүмкіндігі кеңейе түсті, сол арқылы шығарма көркемдігін, әсерін арттырудың соны үлгілері қанат жайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин.- Алматы: ҚМКӘБ, 1962.-Б.291.

2 Байтұрсынов А. Шығ.- Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.

3 Сквозников В.Д. Реализм лирической поэзии.- Москва: Наука, 1975.- 231 с.

4 Подгаецкая И.Ю. Стилевые формы общения с массовой аудиторией// Теория литературных стилей: Многообразие стилей советской литературы. Вопросы типологии.-Москва: Наука,1978.-С. 173-174.

5 Жүсіп Баласағұн. Құтадғу білік. // Қазақ әдебиеті, №29, 18 июль.-1986. Б. 4. (Ауд. Ислам Бейсебаев).

6 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы . – Алматы: Ғылым, 1982.- 240 б.

7 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы.- Алматы: Ғылым, 1985.-320 б.

8 Абай. Шығ., 1-том. – Алматы, Ғылым, 1977.-454 б.

9 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 б.

10 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.

11 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 2-том.-Павлодар: ЭКО, 2003.- 384 б.

12 Поспелов Г.Н. Лирика.-Москва: Моск. университета, 1976.- С.159-160 .

13 Квятковский А. Поэтический словарь. Москва: Сов. Энциклопедия.- 1966.- С.228-229.

ӘОЖ 2

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ АЛЛАНЫ ТАНУЫ

С. БАЯЗИТОВ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Мәшһүр Жүсіптің Алланы танып білуі, оған құлшылық етуі өз замандастарына, әсіресе діни білім алған тұрғыластарына қарағанда өзіндік бет әлпетімен ерекшеленеді. Ол алған білімін халықты рухани жағынан байытып, Алланың ақ жолынан адаспау, адамдардың бір Аллаға сөзсіз сенуі, өздерін Алланың құлы, Мұхаммедтің үмбетімін деп тануы саналарын сәулелендіріп, мейір-пейілдерін арттыратын, сөйтіп, хақ мұсылманға айналдыратынына сенеді.

Ағуз бисмилла бар сөз басында,
Жатпайды қисық ағаш тез қасында
Ла илаһа Илла Алла білдім хақты,
Таныдым бір Алланы бір жасымда.
Екеу деп ойламадым екі жаста,
Көңіліме төгілген нұр әуел баста
Хабибім хақ Мұхаммед, дінім Ислам,
Иманның жөнін білдім басқа-басқа
Үшеу деп ойламадым үш жасымда
Атамның отырушы ем жамбасында.
«Жан Алла, иа пірім ... алла һу – һу хақ!»- деп
Жүгірдім жақсылардың ортасында.

Осы келтірілген өлең жолдарында Мәшһүр бір Алланы бір жасында танығаны, екіге келгенде оны екеу, үшке шыққанда оны үшеу деп ойламағанын баяндайды. Өлеңнің алғашқы ауызының үшінші жолында «Ла илаһа илла Алла» білдім хақты деу арқылы бір Алладан басқа тәңір жоқтығын паш етеді. Бұл оның өмірлік ұстанымына айналады.

Көңілде тұт жаратқан құдайыңды,
Сыйлап күт ата-анаң мен жұбайыңды.
Адамға жала жаппа қастық қылма,
Махшарда тартпайм десең уайымды.
Руза мен намазыңды қылма қаза,
Сақтағын өз бойыңды судай таза.
Мойныңа пенде хақын жүктеп кетпе,
Сабыр қыл келсе пәле, болма наза.

Хақ жолын күнделікті күйбең тірлікпен байланыстыра жырланған ақын сыйластыққа, адалдыққа, пәктікке үндей отырып, руза мен намазды қаза қылмауды өз бойыңды судай таза ұста деп ескертеді. Мәшһүр Жүсіптің діни тақырыпқа жазған өлеңдері Мұхаммед Ғалайссала туралы қисалары бүгінге өскелең ұрпаққа хақ жолын танып, ислам дінін пір тұтып жүректерінің хақ тағаланың шұғылалы нұрына бөленіп өсуіне игілікті ықпал ететіні сөзсіз. Ислам дінінің асылдығын ерекше шабытпен, білімдарлықпен жырлаған ақын өзі өмір сүрген заманда өзге қалам ұстап діни тақырыпта азды-көпті шығарма жазған ақындардың қай-қайсынан болсын мойны озық тұрғаны талас тудырмаса керек. Бұған көрнекті жазушы ғалым Мұхтар Мағауиннің Бұхара, Ташкентте оқып мұсылманша жақсы білім алған деуі айғақ.Өзінің діни тақырыптағы кез келген шығармасында Алланың ұлылығын адамзатты «үмбетім» деп таныған Алла тағаланың ұлы достысы Мұхамметтің шапағатшы жан екенін талмай жырлаған Мәшһүр Жүсіп құдірет алдында басын иеді. Ерекше күш иесі тылысым дүниені билеп тұрған сияқты түсінеді (А. Қ.Тұрышев). Тек түсініп қана қоймайды, оқырмандарына, тыңдармандарына солай баяндайды. Мәселен «Мұхаммед пен Шариялар» атты шығармасында:

Құдайға жағар ма екен ғамалымыз,
Өлімді ойламаймыз наданымыз.
Кәпірді мұсылман мен айырғанда,
Болады әлдеқандай заманымыз.

Ғұлама ақынның соңғы сөйлемінің астарында айтылып тұрған ой бұл кәпірмен мұсылманды, жұмақ пен дозақтың алдында айыру ма, жоқ әлде ...

Бұны бір Алланың өзі білер, әйтеуір бір тылсымның сөз болып тұрғаны хақ.

Жаныңа оқи берсең, намаз пайда,
Бұ иман, намаз білмей, саған қайда?!
Барғандар бізден бұрын орын алды,
Көшерміз біз де бір күн, жүгің сайла.

Жаныңа оқи берсең намаз пайда,
Таппайсың өтіріктен жанға хайла.

Бүгінде надан өскен қазақ түгіл,
Пайғамбар- Құдай досы, төрт жар қайда?

Жаныңа оқи берсең, намаз пайда,
Тәубе қылып баға гөр осындайда!
Намазға салақ болсаң, жоғалдың ғой?
Болмаса Мұхамедден, тимес пайда!

Намазсыз Иман жоғын айта келіп, ақын замандастарына: «Көшерміз біз дебір күн, жүгің сайла»,– деп ескертеді. Ол жүк мүлік емес, Құдайға құлшылықораза, намаз, тәуба, сондықтанда ақын «жаныңа оқи берсең намаз пайда» деуден танбайды, өтіріктен пайда жоғын айта келіп:

Бүгінде надан өскен қазақ түгіл
Пайғамбар – құдай досы төрт жар қайда?

Орынды сауал, жұмыр басты пендеге өлім барын әуелі ескерту, тәуба қылуға үндейді. «Намазға салақ болсаң, жоғалдың ғой? болмаса Мұхаммедтен тимес пайда!»– дей келіп:

Жігітттер, бұл сөзге сал құлағыңды,
Жарық қыл, тәуба қылып жырағыңды.
Қараңғы көр ішіне бір кірерсің,
Әзірле онда жағар шырағыңды,-деп ескертеді.

Ал сол шырақ парыз, уәшіп, сүндет екен, алқұн – жұлқын тіршілікте мұны кез келген мұсылман орындай алып жүрме? Бұл енді сауалдың үлкені екені таласыз. Сонымен қатар ол құдай, құран атын жамылып, қожа, молда атанып, қараңғы халықты жеті құртша жеп, теспей сорып, сорын қайнатушы шала молда, дін бұзарларды да назардан тыс қалдырмайды, сынап мінейді. Мәселен мешіт зары өлеңінде:

Деуші еді мені бұрын «Құдай үйі»,
Бас қосып шұлғушы еді мырза (биі).
Нанына қайыршының қапшық болып,
Мінекей, бұл шағында тұрған күйі.
Салмасаң әуел баста, кім бар зорлар,
Қол жайып қожа-молда жайды торлар.
Бірі имам, бірі азаншы болу үшін,
Тиынға жанын сатқан дүниеқорлар.
Ешкім жоқ шын көңілмен Аллаға ғашық,
Жалғана жан қиюға бәрі машық.

«Мешіттің зары» деп аталатын өлеңіндегі осы жолдар өткен ғасырдың еншісінде қалып қоймай, қазіргі кезеңде де орын алып отырған жоқ па.

Тәуелсіздік жырлары қалаларды былай қойып, екі ауылдың бірінде Құдай үйі, мешіт ашылғаны белгілі. Жұрт мешітке тарту-таралғы жасап, кілем, палас сыйға тартты. Көп ұзамай кейір мешіттерде әлгі сыйға келген кілем, паластар қолды бола бастады. Бір жапырақ кілем үшін алыстан қай ұры ат сабылтып келе қалсын. Ұры мешіт молдаларының өзі болып шықты. Садақа жәшігіне салынған азды-көпті тиынды бөлісе алмай, жаға жыртысып, заң орнына жүгінушілер де болмай қалған жоқ.

Міне, осыдан-ақ дін діңгегі аталып, Алланың ақ жолына бастайды деп сенген кейбір молда, пірадарлардың Мәшекеңнің жоғарыда аталған өлеңіндегі қожа, молда, имам, азаншылардан көп қара үзіп кете алмағанын көруге болады.

Діни ғұлама ел аузында «молда» деген атты қалған, тарихта тасқа басқан хаты қалған Мәшекең жайлы аз сөзімізді тобықтай түйін ретінде күйбеңді тірліктің бір күні таусыларын еске салып, «әзірле сонда жағар шырағыңды» деген ескертпесімен аяқтауды жөн көрдік.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ҚАМАРАЛДИН ХАЗІРЕТТІ ЖОҚТАУЫ

С. БАЯЗИТОВ
ҚР Жазушылар одағының мүшесі

Кіші жүз Бөкей елінің ұланы Қамаралдин хазірет Мәшһүр Жүсіптің:

Мерғараб сабақ оқып Көкалдаштан,
Ғылыммен біте қайнап бала жастан.
Бұхарай шәріфте мәшһүр болып,
Замандас, бастасына болған дастан,

– деп жазысына қарағанда, әу бастан-ақ аты аңызға айналып, сөзінің мол білімі, биік парасаты арқасында қайда барса да сол ортада ойып орын алғаны байқалады. Оны Мәшһүр Жүсіптің:

Әуелі келіп тоқтаған Қоңырқұлжа,
Әр жұртқа ғылым шашып, салған жолға (олжа)...
Онан соң тұрған жері- Қыпшақ: Ыбырай,
Ғылымнан артық нәсіп берген құдай.
Советник Тұрлыбектің тірісінде
Неше жыл тұрған мұнда бірнеше ай.
Жиылып сабақ алған Керей біткен,
Атығай, Қарауыл боп құрмет еткен.
Қанжығалы, Қыпшақ пен Қуандыққа,
Он екі пән ғылымнан дін үйреткен,

- деген өлең жолдарынан айқын аңғаруға болады. «Ишан бар:өзі қажы Бесмұхаммед, демесең қара қазақ ел-Алтайда» десе сөз болып отырған жоқтауда:

Исі қазақ, үш жүздің баласында
Заманында молда жоқ мұнан асқан, - деп.

«Қара қазақ исі қазақ» –дегенде ақын әдетте ислам дінін қазақ қырында насихаттаушылардың бастау кезінде қожалардың тұрғанын меңзейді де сөйте тұра қазақ топырағында кіндік кесіп, кір жуып, терең білім алып, ислам дінінің насихатшысы айналған ел таныған, төл білімі даралымы, мақтан тұтатыны айқын аңғарылатындай. Сол сынды ғұламаның Баян жеріне келіп орналасуына, ислам дінінің ұрығын шашуы сабақ болған Мұса мырзаға қанша дұға қылсақ аз сондай ерге - деуінің өзіндік себебі де жоқ емес. Оны Мәшһүрдің:

Ғалым жоқ мұнан асқан Қараөткелде,
Атбасар, Көкшетау мен қалың елде...
Бір дуан оңтүстікте Қарқаралы,
Бар ма, айтшы, мұндай ғалым онда, кәні?!
Павлодар, күн шығыста Кереку бар,
Бес қадам әр жерінде молдалар бар.
Семей бар, илиада Ертіс басы,
Өскемен таяу тұрған оның қасы.
Болмаған оларда да мұндай ғалым,
Дария еді түпсіз терең жоқ шамасы,

- деген сынды өлең жолдары айғақтай түседі. Ал сонымен қатар діннің таралу тарихын зерттеушілерге тапсырмас мағлұмат беретін осы өлең жолдарын да Қамаралдин хазіреттің білімдарлығы діни тұлға ретіндегі өлеңдерінде азаматтың кескін-келбетін даралайды.

Омбыда екі бастан молда жоқ- ты,
Айтпайды ғалым бар деп онда тіпті.
Ахон бар, Ғабдал,-бәрі Қызылжарда
О дағы бұл кісіні: «Артық!» -депті.

Міне осындай жанның сегіз болыс Сүйіндік баласын дін кәусарынан сусындатуы Мәшһүр Жүсіпті ерекше шаттыққа бөлегені байқалады. Қызылжарда жатқан Ғабдал бәрі Ахонның хазіретті «Артық» -деуі, мойындауы біріне бірі ит айтақтап, құс салып жүрген біздің замандастарымыз үшін асқан ерлік, үлгі болар жан ғой.

Мәшһүр Жүсіптің бұл шығармаларынан жалғыз діндарлар емес, жалпы жұрт қолына қалам ұстау, ой толғаушы қаламгерлер үлгі алса, құбақұп, олай дейтінім шамамызды білмей шалқып, аз ғана дін деп сауатын көпке балап өздерін шариғат шегесі, тұтқасы санап жүрген молдалар да, менен асқан ақын жоқ деп керемсоқтыққа салынған жазушылар да арамызда баршылық қой. Солар Мәшһүрдің:

Құдайдың бар жаратқан қазынасында,
Ғылымнан ешбір нәрсе емес артық .
Немесе өзі туралы:
Сықылды шикі тері жетпей иім,

Көңілім бар секілденген жыртық киім- деген өлең жолдарына көз салып, ой жүгіртсе, ғылымның, білімдарлықтың, қарапайымдылықтың шынайы бағасын ұғынар ма еді.

Кезінде ұлы Абайдың:
Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мерзімінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалғанымa кім жазалы
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?!

Мәшhүрдің:

Кетіппін кейін қайтіп, келіп таяп
Шайнап дәмін ала алмай қалдым жалап.
«Болатұғын бала еді, болмай қалды»
Деп, тақсыр ренжіген сол мені аяп

- дегендегі қос ақынның жан күйзелісін айқын түсінер ме еді?!

Абай жасында білім ала алмай қалғанына өкінсе, Мәшhүр Жүсіп табылғанның бәрінен қапы қалғандығын айта келіп,

«Менің жоқ, ойлап тұрсам оңар жерім», - деп өкінішін ақтарады. Сөйтіп Мәшhүр Жүсіп ел ардағының орны толмас қазасына арнаған жоқтауларында марқұмдардың елден ерек асыл қасиеттерін сөз ете отырып, адамгершілік, құдайға құлшылық қағидаларымен қатар ғылым, білім, адалдық мәселелеріне ерекше тоқталып, тәрбиелік өмірлік мәні зор туындыларды қалдырған. Қазақ үшін аса құдіретті өлең сөздің көкжиегін кеңейтіп, марқұмдарға өлмес, өшпес ескерткіш орнатқан.

Өлең айтқан бәрі де надан болса ...

Өзі дінге сенетін Мәшhүр құдайдың бірлігіне, пайғамбардың хақтығына күмән келтірмейді . Әйтсе де бір пара өлеңдерін де қазақ ауылындағы қараңғылықты ғана емес, сол қараңғылыққа тиек болып отырған дүмше дінбасыларды да әжуалайды.

Көрнекті ғалым Мұхтар Мағауиннің осы пікірі Мәшhүр Жүсіптің Ғалы Күзембайұлы мен Шабдар атпен айтысы, күйеу Мағзұм мен аруақтар атты өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Осы арада Мәшhүр мен Ғалы айтысы өзге айтыстардан ерекшелігі екі молданың өзара айтыстары хат арқылы, сұрақ жауап ретінде өтуінде дер едік. Сауал қоюшы Ғалы, жауап беруші Мәшhүр Жүсіп. Ә дегеннен Ғалы Мәшhүрге айбат шеге, соқтыға сөйлейді.

Бісмілләсіз басталмас (башланбас) әмір- зибал!
Өнерің болса, жастықта (жаслықта) қимылдап, қал!
«Жығылсаң, нардан жығыл !»- деген сөз бар,
Лүпайттай (лүбайда) шағырлықпен атын шыққан,
Мың сан ақын сіздерден (сізлерден)қойдай ыққан.
Бұхара, Ташкент, Самарқанд – бәрін кезіп,
Су жұқпас, сұм жігітсің жұртты құрткан!

- деп сес көрсете, кінә арта сөйлейді. Сөйте отырып, мың сан ақын сіздерден қойдай ыққан жүрексінетінінде айқын аңғартады. Ғалының қорқынышы да негізсіз емес. Әйтсе де Мәшhүрге бір- екі ауыз бәйт жазып, даңқын шығарудан да дәмелі. Соған орай :

Жасыннан сен түрлендің әрбір түрге,
Бұхар барып, қол бердің қандай пірге ?! –деп сауал тастайды. Тіпті бұл аз десеңіз:
Ақымақ адам мақтанар: «батыр»- десе,
Ақылды адам «ұнатар»: «пақыр» -десе ,
Өзіңізді «Мәшhүр»,- деп тақырыплайсыз (тағырыплайсыз),
Ғалымдар (ғалымдар) тағырыпланбас: «батыл» - дей келіп: «Сіздің уәзипаңыз дін шашпақтық»,- дейді ол. Сөйтіп қараңғы пенделердің көкірегіне шам жағып, сәуле түсіру керектігін, ал оның алтындай уақытының зая кететіндігін, газеттерге сөз жазуың айып деп танып, мұнымен қатар хат танитын әншілер Ағузы мен бисмилланы айтпай, домбырамен құран сөзін атйтатындығын тілге тиек етеді.

Надандар кәпірліктен қылмас қауіп,
«Обалы Мәшhүрге !» -деп, сізге жауып.
Себепші сіз болғандай көрінерсіз,
Ұрыларға бергендей сойыл тауып, - деп кінә артады.
Өз кезегінде Мәшhүр Жүсіп:
Біреудің айыбын жыртып, бастадың сөз,
Демейміз «Әмір - Зибал» - ондайды біз.
Бет тырнап, перде жыртқан Әмір – Зибал,
Болғаның қалғанын қай кітаптан көрдіңіз сіз?!

- деп Ғалыны әп дегеннен-ақ Әмір- Зибал сөзінің мағынасын толық түсінбейтіндігін, білімсіздігін бетіне басады.

Көзі жоқ көбелектей ер екенсің,
Жолықпай сен кісіне жүр екенсің!

- деп Ғалының ұшқалақтығын, көзі жоқ көбелекке теңесе, «жолықпай сен кісіне жүр екенсің» деу арқылы «Өзіңнен зор шықса, екі көзін сонда шығар» деген халық даналығын еске салады. Ал :

Шеңгел салсаң өзіме хылап болғаныңды,
Жыртқышы хайуандардың бір екенсің!

– деп шеңгел салу тек хайуандарға ғана тән екенін айта отырып, қазақ тілінде әр сөздің мағыналы орны бар екенін еске салады. Бұл енді қалам ұстаған кез келген жас талаптың жаттап алар қағидасына айналса және сонымен қатар Ғалының «Ақылды адам ұнатар ма кәпір десе» деген пікірінің қисынсыз екенін Мәшекең :

Жан жек көрер ... «пақыр»- десе,
«Кадалфуыр әлі әлкіфір», - мұны білсе,
«Қырып алшы кәләмі алшы !» -деген сөз бар,
Несіне оның мәз боласың «кәпір» - десе?!
Кімнің кәпір болғаның көрді көзін,
Дұрыс қой: «Аят жазба !» -деген сөзің
Өлең айтқан бәрі де, надан болса
Сен де - өлеңші, байқасан , надан өзін !
Өлең сойыл, өлеңші ұры болса,
Өзін де санды ұрының болдың бірі,

«Өлеңмен аят жазба деген сөзің дұрыс қой»,- дей отырып, өзінің де өлең жазатынын, сөйтіп, санды надандардың қатарына өзі де қосылатынын ашып айтады, ал одан әрі «Өлең-сойыл, өлеңші-ұры» болса, сен де санды ұрының бірісің дегенді алға тартады.

Осы айтыста Мәшһүр Жүсіп Ғалыны бір рет болсын ақын деп атамайды. Өлеңші дегенді қатарынан екі рет айту арқылы оның сөз асылын парықтай алмайтын, ел кезген өлеңші екенін есіне салады. Сол сияқты молдалығы да күмән тудырады. Шала молда дінбұзар екенін :

Япырым-ау, шыға қалдың қайдан, Ғалы?

Бізбенен үміт қылдың ойланғалы, – деу арқылы астарлы жеткізгені байқалады.

Төлеуге Айдаболға келіп тұрмын ...

Кезінде қазақтың аса көрнекті ақыны, филология ғылымының докторы, профессор Әбділда Тәжібаев: «Қазақ зиялыларының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы даналықты ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстады, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті...»

Турашыл болып тұра айтқаны ақты қара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілерге жақпаған. Бұл ретте тартқан азабы да аз емес деп пікір түйіндеген екен. Оның бұл сөзіне Мәшһүр Жүсіптің Шабдар атпен айтысы толық дәлел болатындай.Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің өзі жинақтаған қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері арасында жануарлар мен өлі мен тірінің айтысы аз кездеспейді. Бір сөзбен адамдар халықпен бірге жасасып келе жатқаны көпке үлгі. Солардың бізге белгілілерінің біріне тоқтала кетейік .

Мал иесі:
Шолақ сиыр, көзінді ояйын ба ?
Биылғы жыл соғымға сояйын ба?
Биылғы жыл соғымға сойып алып,
Танабайға жаяңды қояйын ба?
Сонда сиыры :
Шиыршықтап қыл арқан ескеніңде,
Қу шолақты соялық дескеніңде .
Қу шолақты соғымға сойып алып,
Бүржекейлеп көрермін көшкеніңді,

- дейді. Өзара айтысушы мал иесі де,оның сиыры да бірін-бір қыжыртумен, қорқытып үркітумен болады. Езуге күлкі үйіргенімен ойлантып толғантпайды. Оқиғаның негізгі тіні белгісіз болып қалады. Әзілге құрылғаны байқалады. Ал Мәшһүр Жүсіптің Шабдар атпен айтысы бірден-ақ Мәшһүрдің :

Сен, шабдар, қай жағымнан келдің маған,
Кім ығыр ғып осынша мінген саған?
Арқа- басын ошақтай жауыр болған,
Мал сықылды түрін жоқ, сиқын жаман.
деген сауал тастап.
Шабдар аттың атынан
«Келдің,- деп , айыптама мені қайдан ?»
Шыққан жоқ жергілікті малды байдан .
Төлеуге Айдаболға келіп тұрмын,
Көк тақым қандыбалақ ұлы Алтайдан,

деген жауап береді. Сол жауап арқылы көп нәрсенің беті ашылып, мәні аңғарылады. Енді оған ақын аяушылықпен қай көзі ашылмағыр оңбаған ит сені соншама жерден сүйретіп алып келген деген сауал қояды.

Шабдар аттың айтысынан бір қолдан бір қолға өтіп, ақыры кісісі өлген күйінішті үйге тап болғанын сол жерден әйтеуір өлген кісі мінбейді деп расходына байлап жібергенін айтады. Осы орайда оқырманға түсінікті болу үшін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының 1-томында түсініктер бөлімінде берілген Жолмұрат Жүсіпұлының деректеріне аз- кем тоқталайық.

Жолмұраттың жазысына қарағанда, Айдаболдың мал қозы руынан - Исламбек қажы, өзі ертерек қайтыс болған. Қолындағы кіші ұлы Исламбектің татар дәмі таусылған тұста Мәшһүр Жүсіп қажының бәйбішесі Айбибіге көңіл айту үшін қаралы үйге ат басын тірейді. Қайтарында Мәшһүрдің арбасының жетегіне өзі арық, арқасы жауыр бір шабдар дөнен байлайды. Айтыс сол шабдар дөнен мен Мәшһүрдің арасында өрбиді. Мәшһүр шабдар атпен айтысу арқылы оның қайдан шыққаны, бұл халге қалай тап болғанын жоғарыда баяндап өттік. Онан әрі Мәшһүр Жүсіп :

Мінген сені желіп шапқан екен,

Арқанды ошақтай ғып баққан екен,- деу арқылы малға қыры, ең бастысы аяушылығы жоқ жаның ақыры.

Мінбейтін, түспейтұғын молдадағы,

Өлікке байлап орын тапқан екен,- кекесінді әжуа да осында. «Молдадағы өлікке байладық» дегенді желеу етіп, қаралы үйдің дәулетін талан- таражға салып, арсыздыққа салынған дүниеқоңыздар да осында.Олардың аты-жөндері, істеген қиянаттарын салу арқылы ұтқырлық танытқан. Расходына 15 қара шығарылған солардың кімге қалай бөлінгенін шабдар ат былай баяндайды:

... Өлік өлсе белгілі Біләл – басы,

Талап атты ағайын кәрі-жасы .

«Басым көп, менен артық кәріп (ғарып) жоқ деп,

Бір атын алған Байбек, өз ағасы.

Ал расходқа шығарылған малды үлестіруші Қожахмет пен Асқар олардың кім екенін:

Аттан тайлық, тайыншадан қойлық алып,

Жоқ орнынан болмашы нәсіп терген жандар – деген сөз айқындап тұр.

Оған жырдың келесі тармақтары әбден куәлік ететіндей :

Қожахмет Кейкіге айтқан оңаша алып,

Саған бір тай байлаттым бедел салып,

Өзіме арзан сатып кетіңіз деп қиылады,

Алаяқты алаяқ, сұмды сұм

Сүлікше сорған заман келбеті бұл ішкі есеп, арамзалықтан біріне -бірі көш ілгері екенін:

Тай қолына тиген соң мойын бұрмай ,

Түк бермей кеткен Кейкі жер соқтырып.

Тіпті «уәде құдай аты» - делінетін қанатты қағида . Оны да қойшы, өлген кісінің мал- мүлкін талап алып, мұны жұртқа құдай жолы, шариғат талабы ретінде түсіндіру нағыз имансыздық емес пе?

Ұлы Абай өзінің «Отыз алтыншы сөзінде»: «Пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәсәләмнің хадис шарифінде айтыпты. «Мен лә хаяһун уәлә иманһун ләһу » - деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса,оның иманы да жоқ»,- деген.

Мұнан әрі Абай сол ұяттың екі түрлі болатынын айтады. «Біреуі – ондай қылық өзінен шықпай-ақ бір бөтен адамнан шыққанын көргенде сен ұялып кетесің. Мәшһүр де шабдар аттың зары мен мұңына қаныққаннан кейін, Абайша айтқанда, шариғатқа теріс, ақылға теріс, бойға теріс өзгелердің ісінен ұялып, Шабдар аттың жалына қағазға жазған өлеңін мықтап байлап жөніне жібереді.

Досым Омаров өзінің «Абайтану» атты кітабында: озық ойлы, турашыл Абай енді елдің тыныс-тіршілігіне сын көзбен қарай бастайды. Тұрмысы жүдеу қалың елдің көрген тауқыметі, қара ниетті адамдардың оларға көрсетіп отырған тауқыметі, қара ниетті адамдардың оларға көрсетіп отырған зорлық-зомбылығы Абайды терең ойға қалдырады... Кедей-кепшік , әлсіздерге қамқор болу қамын ойлайды.

Осы пікір ұлы Абайдың ізін ала шыққан қазақтың ірі ойшылы, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевке де қатысты айтылғандай көрінеді. Өйткені Абайдың да, Мәшһүрдің де қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «илегендері бір терінің пұшпағы» - демекші көксеген арман-мұраттары қазақты надандықтың темір құрсауынан алып шығып, қараңғылықтың қою бұлтын сейілту, атар таның жақындату ғой.

Ақсақалы айтысатын қызбенен немесе Мәшһүр Жүсіп жинаған айтыс үлгілері

Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, онын келер ұрпақ үшін баға жетпес қазынаға айналуына ақын ғалым, тарихшы, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қыруар еңбек сіңіргені белгілі. Соның ең бастыларының бірі – айтыс үлгілері. Сол үлгілерінін біразы Мәшһүр Жүсіп шығармасының VI томында топтастырылған екен. Ұзын саны 25 айтыс, қысқа қақтығыс үлгілері, қағытпа, сөз қағысу тәжікелесу, сайыс, қызбен айтыс, келінмен қағысу, қалыпты айтыс үлгілері деген бөлімдерге жіктеліп берілген. Қағытпа, тәжекелесу, сайыс көлемі шағын, көбіне әзіл- әжуаға құралады. Мәселен, Көтеш пен Күнекей қағытпасы. Қуандықта: Алтай –Қарпық байдын қызы Күнекей ақын мен Көтеш алып айтысқанда, Күнекей:

Ұранымды сұрасаң Алтай –Қарпық,

Келген аттың бәйгеден бауыр еті артық.

Шашым менен шашбауым жамбы көтім,

Екі емшегім жігіттен әлі де артық.

Көтеш: Киімде жаға менен жең бар деймін ,

Айтысып менімен нең бар деймін.

Шашың мен шашбауыңа сақал мұртым,

Ол тесікке бір тығын тең бар деймін.

Емшегіне екі иінім тура келсе,

Осыменен үйіне жол бар деймін, – деп аяқталады.

Мұндағы, «көт, ол тесікке бір тығын» сөздері біздерге анайы көрінгенмен, Көтеш пен Күнекейдің ұлы сөзде ұяттық жоқ деп білген замандастары бұған анау айтқандай мән бермеген. Акын Қадыр Мырза -Әли :

Ақсақалы айтысатын қызбенен

Ақын халық екенбіз біз деген, –дегенде міне осыны айтса керек.

Қарауыл Орынбай ақын жаңа түскен жас келінге:

Ақ емес, қара емес торы келін,
Адамнын өзі тендес зоры келін.
Адамға ұят, абырой мұнан болмақ,
Арасын екі аяқтың қоры келін.

Сонда өзінен жасы да, жолы да кіші баласындай келін:

Ақ емес қара емес мен бір торы,
Адамңын өзім теңді болдым зоры.
Мен сақтап осы жерге аман келдім,
Ендігісін қайнаға өзің қоры, – деген екен.

«Ақ бала мен боздақ» Шортанбай мен Орынбай, Жанай мен Түбек, т.б.айтыстары қалыпты айтыс үлгілеріне жатады. Осылардын арасында біз Шөже мен Кемпірбай, Ұлбике мен Жантас айтыстарына аздап аялдап сөз қылмақпыз. Сөзді Мәшһүр Жүсіптің «Өлең болса, айтыс болса, осы екеуіндей болсын» деген бағасынан бастайық. Сақау мен Тоқжан айтысы расында да «жібектін қиығы, алтынын сынығы» дерлік құнды дүние екен.

Білетініміз біреу, білмейтініміз қаншама десеңізші небір көздің жауын алып, сары алтындай ой ұялататын осындай дүниелерді жиып-теріп, ұрпағына олжа салған Мәшһүр Жүсіп бабамызға рахмет айтасың дей отырып, енді бетті айтыстын өзіне бұрайық. Оқырманға түсінікті болу үшін аз ғана мағлұмат бере кетейік. Сақау Мәшекеңнің жазысына қарағанда, Баянауылда жатақ жатып, саржан сатып күн көреді. Анда-санда аңсары ауғанда ұрлық та қылады екен. Ал Тоқжан – қаракесек қызы, әкесі Самай үштің біріне қосылған бай адам.

Сақау:

Қыз Тоқжан жақсы болсаң қарындасым,
Жаман болса азабын арылмасын.
Қос атпен Қызылтаудан Сақау келді,
Ақмарту айтысайық қатар басып.

Осы арада Сақаудың қос атпен Қызылтаудан Сақау келді деп отырғаны – бұдан бұрын да Сақау Тоқжанмен айтысып, жеңіліп қалған екен. Жеңілгенде Торайғыр бидің Тоқжан женді деген билігінен аса алмаса керек. Сөйтіп жүргенде Тоқжанды жаз шыға ұзатады деп естиді. Содан бір елге қатын болып түскен соң: «Жеңген, жеңілгенімнің не сәні бар, өз елімде оң жақта қыз күнімде айтысып қалайын», – деп бір атты мініп, бір атты жетегіне алып, қос атпен Қызылтаудан жеткен беті екен бұл. «Тоқжанның әдейі іздеп келген, мен болсам кедей құлым, берейін сыбағанды», –деді. Тұтқиылдан ұзатылу тойының үстіне тап болған Сақау өліспей беріспейтінін айғақтайтындай, солай болады да.

Тоқжан:

Ай, Сақау, жақсы болып, жай білмейсің,
Бойына ине-жіптей бір ілмейсің.
Жағаңда екі қолым қияметте,
Қойныма бойдақ болып бір келмейсің, – деп Сақауға кінә арта әзілдейді.

Сақау:

Биыл қыс біздің жақта жаман болды,
Жылқы –отарда қолдағы ат шабан болды.
Жақсы болсаң қойныңа келмес пе едім,
Мұрның кейкі, сипатың жаман болды.

Сонда Тоқжан: «Жарық әкеліндер, мұның өзі қандай екен?» – десе керек. Қай айтыста болмасын ақындардың түр сипатына (портретіне) тоқталатыны әуелден бар. Тек соларға нақтылықтан гөрі өсіре сөйлеу басым.

Ақиық мұз балақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.
Мойным сұңғағындай жүзген құдың,
Лебізім шырындай шәрбәт судың. (Біржан мен Сара айтысы)

Сақау:

Шықшытты, алқымым тоқ, орайлымын,
Болғанда қарыным жуан,шойдалымын, – деп нақтылы өз бейнесін жырға қосады.

Тоқжанның:

Мен Тоқжан,сен Сақаудың заманында – деуінен түр-сипаты аса келісті болмаса да, өз бағасын білетінін анық аңғартады. Осы айтыста бірталай игі жақсылардың, тарихи тұлғалардың аттары аталады. Соларға байланысты кейбір тарихи жайлар сөз болады. Айтыстын түйінді тұсы тақалған шақта:

Айтады Сақау өлең екіталай,
Жүреді сері бойдақ көшті жанай.
Қиқулап Хиуадан өте шықты,
Алшеке-ау, мына сөздін мәнісі қалай? – деп тойға, арнайы балаға батасын берсін деп шақырылған Алшынбай биге жүгінеді.

Сонда Сақау:

Адамның бермесіне түңілмеймін,
Ешкімге көзім сүзіп үңілмеймін.
Жүгінсең бұл тазына өзін жүгін,
Мен емес даулы кісі жүгінбеймін, – деген екен.

«Мен емес даулы кісі» деуі арқылы өзінің жеңісіне күмәні жоқ екендігін, бидің алдына бұл үшін жүгінбейтіндігін және бидің бекерден-бекер билік айтпайтынын елдің есіне салады.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОККАЗИОНАЛ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Р.А. ВАФЕЕВ
Югор мемлекеттік университетінің профессоры, Ресей Федерациясы

Бейнелі тілдік бірліктер ретіндегі фразеологизмдердің мағына тұтастығы, құрылымының тұрақтылығы және қолданылу тиянақтылығы болатыны белгілі. Алайда сөйлеу тілінде тұрақты тіркестердің мағынасы мен сыртқы түріне жаңарулар енгізіліп жатады. Бұл өзгеріс фразеологизмдердің функционалды-семантикалық қасиеттеріне ерекше экспрессивті сипат береді. Фразеологизмдердің эспрессивтілігін күшейту мақсатында қолданылатын стилистикалық тәсілдер олардың ұғымдық мазмұнын өзгерте отырып, тұрақты тіркестердің семантикалық құрылымының окказионалды тұрғыда қайта жаңаруына әкеледі [3. 36]. Авторлық өзгеріске түскен фразеологизмдер кейде қалыптасқан тұрақты мағынасынан басқа ауыспалы мағынада да келіп тұрады. Фразеологизмдердің осындай өзгерістерге түсіп, мағына жағынан дамуы, лексика-грамматикалық жағынан өзгерістерге түсуі жазушының стиліне, сөз құбылту шеберлігіне де байланысты. С.Исаев: «Көркем шығармада белгілі дәрежеде жазушы интеллектісіне қарай кейбір еркіндік, формальды түрде жалпы нормадан ауытқу, аграмматикалық (жүйе, заңдылықтың бұзылуы), аномалиялық (әдеттегіден тыс, қалыптасқаннан өзгеше), метабазистік (сөз таптарының басқа қызметте жұмсалуы) құбылыстар болып отырады», - деп көрсетеді [4. 304.]. Әрине, фразеологизмдердің ақын-жазушылар тарапынан құрылымдық-мағыналық өзгерістерге ұшырап, өңделіп берілуі белгілі бір мақсатқа негізделеді.

«Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ.... Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабамыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті» - деп, қазақ тіліне өте жоғары баға берген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да қазақ әдеби тіліне мол мұра қалдырды.

Өркениетті қоғамда тіл - адамзаттың ең жоғарғы құндылығы болса, көркем әдебиет - тілдің байлығын танытатын құрал.

Көркем шығарманың тілі, ақын-жазушының өзіндік жеке сөз қолдану стилі, шеберлігі қазақ әдеби тілінің дамуына тигізер ықпалы зор. Суреткер стилінің даралығы оның тілдік-стилдік құралдарды сұрыптап, түрлендіріп қолдану шеберлігіне байланысты.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы фразеологизмдер өзінің семантикасы, стилистикалық, тарихилық сипаты жағынан сан алуан. Автордың фразеологиялық бірліктерді сұрыптауы шығарманың тақырыптық-идеялық бағытына байланысты. Кейбір тұрақты тіркестерді ақын бірнеше рет қайталайды. Бірақ бұл қайталау әр жерде әр түрлі стильдік мақсатты көздейді және басқаша сипат алатыны байқалады. Себебі автор фразеологизмдерге үлкен шеберлікпен жаңартулар жасап, өңдеп, құбылтып көрсетеді.

1. **Жалпы халықтық формадағы тұрақты сөз тіркесін өзгертіп қолдану** арқылы жаңа мағына беріледі. Мысалы, «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген мақалдың желісі былайша пайдаланылған:

Беріп қойды аямай ***денсаулықты,***
Отырғызып қасына ***ақ жаулықты.***
Саусаң бие, артуға түйе беріп,
Қотаныңнан өргізіп ***жүз саулықты*** [1. 10].

Сол сияқты «Тесік моншақ жерде қалмас» мәтелін төмендегідей қолданады:

Деймісің ***тесілген тас жерде қалар,***
Шамшырақ Хақ жандырған саулап жанар.
Асыл, жасық екенін білмесе де,
Шелекке тағуға біреу алар [2. 20]. Ал «Жетім көрсең жебей жүр» мақалын келесідей өңдеп қолданады:

Жетім көрсең, жексұрын көрме!*-дейді.*
Тіленшіні телміртіп жүрме!-дейді.

Шайтан тұрар: «Берме!» - деп жағаласып,
Оның айтқан тіліне ерме! – дейді [1. 11]. Осы жолдардан ақынның халық қазынасындағы мақал-мәтелдердің құрылымына, мазмұнына ешбір нұқсан келтірмей өзгертіп, шеберлікпен түрлендіре ажарландырғанын, мағыналылығын арттырғанын байқаймыз. Тұрақты тіркестердің құрылысы өзгертіліп қолданылады:

«Бұл күнде алтын азып, жез болыпты,
Дуниеде жақсы-жаман сөз болыпты» [1. 45]. Осы жерде «Бұл күнде алтын азып жез болыпты» деген тіркес «сөздің қадірі кетті» дегенді білдіреді. Өйткені жұртқа белгілі нұсқасында *«Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» деп айтылады. Мәшһүр Жүсіп оны қайталап жатпай, бірден метонимиялық тәсілді қолданған.*

«Түлкінің қызылдығы өзіне сор» (Түлкінің қызылы өзіне сор); «Алтынды пұлын білмей жерге шашқан» (Қолда барда алтынның қадірі жоқ); «Жақсыны өзі болған көре алмаған, Біреуді күндемесе жүре алмаған» (Өз жұртың жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді); «Түзу ағаш болады үйге тіреу» (Түзу ағаш үйге тіреу, түзу жігіт елге тіреу); «Адамға пәле – тілден, бейнет – көзден» (Басқа пәле - тілден) және т.б. Мұнда тұрақты тіркестердің эмоционалдығы артып, олардың бұрынғы мағыналары толықтырылып дамытылады және ақынның өзіндік қолтаңбасы байқалады. Осы мысалдардағы «Адамға пәле – тілден, бейнет –көзден» тіркесіндегі «бейнет – көзден» қазір қолданылмайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңінде: «Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ, Көз соңынан көңілді тізгіндеп бақ»,-деп, «бейнет-көзден» деген тіркестің мағынасын аша түседі. Демек, адамның көзінен көп күнәнің шығатынын, адамның байқамай шариғатқа қайшы іс істеп қоюы мүмкіндігін ескертеді. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде Құран мен хадистерді көп қолданатынын ескерсек, «Көз зинасы» ұғымына байланысты хадистың мазмұнын алғанын аңғаруға болады. Ал лингвистикалық тұрғыдан алғанда, екі бөлек айтуға болатын сөз тіркесін ақын біріктіріп, **контаминация** тәсілін қолданған.

2. ***«Көңіл кірі» фразеологизмінің*** (қайғы-мұң мағынасында) қолданысына назар аударайық:

Көңілде *жатқан* ***кіріңді***
Оттай ыстық сөз жояр (Мақал).
Аспанда ай болмаса, адасады
Көңілді көтермесе, кір басады (Халық әні).

Дуние кірін *жуынып*
Көрініп ойға көз салар (Абай).
-Кәпір-антқа, мұсылман тілге нансын,
Көңіл кірі *айтумен кетсін, барсын!* [2. 22].
Жүргенмен не бітірдім тірі болып,
Көңілдің *тазармаған* ***кірі*** *болып* [2. 149].
-Жүйріктің алу үшін ашы терін,
Тер шыққан соң тарқатар іштің шерін.
Гүл жүзді, шырын сөзді наз ниннан,
Сөз қозғап, кетірейік ***көңіл кірді.*** [2.23]. «Көңіл кірі» тұрақты тіркесі Абайдың өлеңінде *«Дуние кірі»* болып, жаңа өмірді аңсау мағынасында қолданылса, Мәшһүр Жүсіпте халықтық қолдану үлгісімен үндес келеді. Осы жерде де Мәшһүр Жүсіптің халықтан алшақ кетпейтінін, сөйтсе де өзіндік ерекшелігі бар екенін байқаймыз. «Көңіл кірі» тіркесі арқылы ақын бірде іштегі мұңды, назды қалай шығару керектігін айтса, бірде өз ісіне көңілі толмайтынын білдіріп, бір тіркесті түрлі стильдік мақсатта пайдаланады. Мұнда ақын өзін көңілдің кіріне балап, метафоралық тіркес жасаған, яғни перифраздар жасаған.

3. **Фразеологизм сыңарларының арасынан сыналап сөз ендіру.** Фразеологизмдер құрылымы тұрақты болғандықтан да сырттан сыналап сөз қосуға көне бермейді. Ал поэзиялық шығармаларда мұндай құбылыс өте жиі ұшырасады және өлең тілінің әр түрлі қажеттілігін өтеу үшін осылайша ұшырасуы заңды да. І.Кеңесбаев: «Көркем әдебиетте, оның ауызша, жазбаша түрлерінде, халық тіліндегі белгілі бір фразеологизмді сәл ұлғайтып, немесе ықшамдап, өлең өлшеміне не көркем текске ұштастыра өріп қолдану сәттері болып тұрады... бұл секілді саналы әрекет жолымен болған өзгерістер арасына бөгде сөздер енсе, дистант құбылыс деп аталады»,-дейді [5.593]. «Сыналап енгізілген сөздер тұрақты сөз орамының мағына тұтастығына нұқсан келтірмей жымдасып, үндестік тапса, нормадан жөнсіз ауытқу емес» [6 . 54].

Фразеологизмдерді қолдану барысында кездесетін дистант құбылысын барлық сөз табы жасай алады және олар фразеологиялық варианттарды жасайтын тәсіл болып табылады.

Осындай дистант құбылысы Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы фразеологизмдерде де кездеседі.

Тісіңді *алыс жауға көп* ***қадайсың,***
Артыңнан найза, қылыш бек таяйсың [1. 55].
Немесе

Қас пен көздің, *кірпіктің* ***арасында***

Талайсызға тікен боп тіл қадалар[2. 80]. Сол сияқты

Ол молда бұрынғыдай бола алмады,

Көңіліне *күндегі сөз* ***қона алмады***. [2.123].

Әр жерде жұрт аузында әңгіме боп,

Құлақтың, *естігенде,* ***құрышы қансын*** [2.33]. Мысалдардан байқағанымыздай, автор өлеңнің үйлесімді ұйқасын бұзбау мақсатында фразеологизмдердің арасына сыналап сөз ендіреді. Дистант құбылысы тұрақты тіркестердің мағынасына ешбір нұқсан келтірмейді, керісінше өзара жымдасып, үндестік табады.

Болмаса жақсылықтан еш нәрсеміз, ***Сорымыз*** *сонда біздің* ***қайнайды*** *екен; Шаһар жаққа* ***түзейді*** *енді* ***бетті;*** *Қай жеріңнен* ***келмей тұр,*** *айтшы,* ***күйің; Тұзағына*** *бір жұрттың* ***түсіп*** *торлы;* ***Делебем*** *айқай шықса, кетер* ***қозып; Ілінсем*** *жақсылықпен* ***ел аузына;*** *Ақынның шек келтірме тіл жағына,* ***Ілінсең*** *сау қалмайсың* ***тырнағына.*** Мәшһүр Жүсіп – сөз шебері, фразеологизмдерді тиісті орында тиімді қолдана біледі. Берілген мәнмәтіндерде ақын компоненттері дистант орналасқан фразеологизмдерді инверсияға ұшыратып та пайдаланады. Олар мазмұн тұтастығын бұзбайды. Фразеологизм құрамында кездескен сөздер ешбір стильдік мақсатты көздемесе де, экспрессивтілік үстеп, мағынаны кеңейтуге қатысады. Сондай-ақ, дистант құбылысы фразеологиялық варианттарды жасайтынын айта кетуге болады.

4. **Фразеологизмдердің орнын алмастырып қолдану.**

Мәшһүр Жүсіп тілінде ең бір өнімді жұмсалған құбылыс – фразеологизм сыңарларының дағдылы орнын алмастырып, **инверсия** жасау тәсілі екені көзге түседі. Көбіне еркін тіркестерге тән болып келетін мұндай тәсілді фразеологиялық оралымдарда қолданудың өзіндік мәні бары байқалады. Синтаксистік инверсия тәсілі М-Ж. Көпеев қолданысында экспрессивтілікті күшейту және компоненттерді мағыналық жағынан ерекшелеп көрсету құралы ретінде жұмсалғаны анықталды.

Дүниеден қалған жан жоқ аяп күшін,

Қайраумен *шықыр-шықыр* ***отыз тісін.***

Айт, тауып жастанайын босағасын,

Молданы бала оқытқан құдай үшін. [2.19]. «Отыз тісін қайрау» тіркесінің түпнұсқасы – тісін қайрау. Мәшһүр Жүсіп өлеңнің идеясына байланысты дүниеқұмарлардың бейнесін аша түсу үшін «отыз» сөзін қосқан және «шықыр-шықыр» еліктеуіші арқылы семантикалық реңкті арттыра түскен. Тіпті молданың өзі баланы ақша үшін оқытатын болып кетті деген ойды қынжыла отырып айтады.

Отырмын бұ жалғаннан ***үзіп күдер,***

Жеткен соң жер таянған мезгіліме. [2.36]. Немесе

Тілі жоқ көп мылқаулар тыйыш жатыр гой,

Қызыл тіл, сен ***басымды салдың дауға*** *[2.90].*

Фразеологизмдердің құрылымдық жүйесі біршама өңделгенімен, оның дәстүрлі мән-мағынасында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Бұл жерде фразеологизмдер трансформацияға түсіп тұрмаса да, өлеңнің ұйқасына байланысты орын тәртібі алмастырылған. Сөздердің бұлайша орын алмастырып келуі стильдік те, мағыналық та өзгерістер бермейді. Ақын өлеңнің ырғағын, әуезділігін бұзбау мақсатында қолданғанын байқаймыз. Десек те, инверсия тәсілі шығарманың идеялық-көркемдігіне қызмет ететініне көз жеткіздік.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы фразеологизмдердің окказионалды қолданыстары жасалу тәсілі жағынан сан алуан екеніне көз жеткіздік. Мәшһүр Жүсіп әр өлеңнің идеясына сай осы түрлі тәсілдерді үйлестіріп қолдана білген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. Т.1.// «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2005. -540 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. Т.2.// «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2005. -456 б.

3 Кунин А.В. О стилитическом контексте во фразеологическом ракурсе. Сборник научных трудов. – Москва, 1976.-С.36.

4 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – А.: Ана тілі, 1996. – 304 б.

5 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А.: Ғылым, 1977. – 712 б.

6 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – А.: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

СУРЕТКЕР АҚЫН

Қ.П. ЖҮСІП
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақтың белгілі ақыны, фольклорист, тарихшысы, этнограф, педагог ғалымы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының 20 томдығын шығару 2001-2016 жылдарға жоспарланған болатын. Бұл үлкен істің бастаушысы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э,ғ.д., профессор Е.М.Арын екені мәлім. Осы орайда сол 20 томдықтың редакторлар алқасымен таныстыру орынды деп білеміз. Олар: Е.М.Арын, С.Қирабаев, А.Қ.Құсайынов, Қ.П.Мәшһүр-Жүсіп (жауапты редактор), С.А.Қасқабасов, Р.Нұрғалиев, С.Негимов, М.Қ. Әбусейітова, С.Дәуітов, Д.Қамзабекұлы, Н.Қ.Жүсіпов, Е.Қ. Жүсіпов. Бұл ғалымдар тегін топтастырылған жоқ. Олардың әрқайсысы- бұрын да, қазір де Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жариялауға ат салысып, ақын томдарын әзірлеу жиындарына қатысып, пікір білдіріп келген білікті мамандар.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын бастырудың неге кешеңдеп қолға алынғаны да белгілі. Алдымен ақынның 1907 жылы Қазан қаласында басылған үш кітабы: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі»- кітаптары 1912-1913 жылдары Ресей патшасы цензурасы назарына іліккені, сол кезде ақын шығармаларын жариялауға тыйым салынып, өзі қуғынға ұшырағаны мәлім. Патша заманында теперіш көрген ақын кейінгі Кеңес билігі кезінде де қысымнан босаған жоқ. Рас, 1940-1950 жылдар аралығында ақын шығармалары мектепте оқытыла бастады. Әйтсе де елуінші жылдар басындағы «Ұлтшылдықпен күрес» науқаны Мәшһүр-Жүсіпке де салқынын тигізді. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының мектеп оқулығынан шығуымен бірге, оның өзі көзі тірісінде салдыртқан кесенесінің үкімет нұсқауы бойынша адамдар қолымен талқандалуын адамзат тарихында болып көрмеген зұлымдықтың ең биік шыңы деп бағалаған жөн. Әйтсе де И.В.Сталиннің жеке басына табынудың КПСС XX съезінде 1956 жылы сыналуы, 1957 жылы С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің т.с.с. ақталуы- бәрі ақын шығармаларының алдымен жоғарғы оқу орны хрестоматиясында (1959 ж.), кейін газет-журнал беттерінде жариялана бастауына жол ашты. Осы орайда ақын таңдамалысының 1,2 томдары 1990, 1992 жылдары Алматыдағы «Ғылым» баспасынан шыққанын еске алу үстінде, оның шығармаларын толық шығару ісінің ұзаққа созылу себебін де түсіндіру керек болар. Біріншіден, ақын шығармаларының ескі араб (хадим) әрпімен жазылуы, көп үлгілердің араб және көне парсы тілінде жазылуы, ол саладағы мамандар жетіспеуі- бәрі бұл істі шешуге басты бөгет тудырды. Екіншіден, ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорына тапсырылған үлгілердің біразы кітапхана қызметкерлері жетіспеуінен күтімсіз, бақылаусыз күй кешуі салдарынан дұрыс сақталмауды, қолды болуды, т.с.с. бастан кешірді. Үшіншіден, ақын шығармаларының ел арасынан жиналып бітпеуі, әр жерде әр адамның жеке кітапханасында жасырын сақталып келуі де ақын туындыларын шығаруды бөгеп келді. Міне, осының бәрін ескере отырып, көп жылдық жұмысқа кіріскен біздер қазір ақынның төл поэзиялық туындыларының алғашқы үш томдығын шығарып, төртіншісін баспаға ұсындық. Келесі бесінші томға ақын жинаған фольклор үлгілерін, ал алтыншы, жетіншіге- қазақ ауыз әдебиеті туындыларын, сегізінші- он бірінші аралығына тарихқа қатысты еңбектерін т.с.с енгізу жоспарланып, бұл бағытта қажет істер жүріп жатыр.

Қазіргі әдебиеттану ғылымының жеткен биіктерін саралау үшін, кітап, баспасөз бетінде шығып жатқан зерттеулер мен мақалалар тасқынына алдымен көңіл бөлу керектігі айқын. Осы орайда тың, сүбелі ізденістер арасында өзінен бұрын жазылған әріптесі пікірін не «байқамай», не әдейі қайталау, тікелей сөзбе-сөз көшіре қоймаса да, бұрын айтылған пікірлерді «өзі тапқан жаңалық»

ретінде ұсыну кездесіп жүр. Соның нәтижесінде ғылыми еңбектерді жүйелі оқи қоймаған балаң оқырманның уақытша сүйсінуін туғызғанға мәз болып, ертеңгі зерделі ұрпақтың кең сараптау мүмкіндігін елемеу- бәрі қынжылыс тудырмай қоймайды. Қазақ әдебиетінің даму заңдылығын, оның ішінде қазақ лирикасының жеткен биігін саралау үшін, бұрынғы бір жазғанымызды жинақтап, қазақ жазба әдебиетін жаңа биікке көтерген Абай мен оған ілесе шыққан Мәшһүр-Жүсіп арасындағы көркемдік үндестікті сөз етуді жөн көрдік.

Көркемдік үндестігі, жалғастығы дегенде, біздіңше, сонау көне замандағы Жүсіп Баласағұннан (XI ғ.), Қожа Ахмет Иассауиден (XII ғ.) бастау алған дәстүр сабақтастығына алдымен назар аударған жөн. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауиде «нәпсі» туралы айтылғанда, оған үнемі дерлік «ит» сөзін қосарлау орын алатыны бұған дейінгі зерттеулерде орынды көрсетіліп келді. Біз осы орайда «ит» деген сөздің де, ұғымның да мағынасы кең екенін, Қожа Ахмет Иассауидің көбінесе бұл баламаны ит қомағайлығы, «ашкөздігі» тұрғысынан қолданғанына көңіл бөлгіміз келеді:

Бұл ит нәпсі қор қылды-ау мені талай,
Халайықтың қалмасын көңілі қалай?!.
Нәпсім үшін итке ұқсап шарладым қыр,
Заты ұлық Ием, сыйынып келдім саған .
Құл Қожа Ахмет, нәпсі иттің аузын жаптың,
Содан кейін арманыңды іздеп таптың .

Міне, осы келтірілген үш мысалдың өзінде, әсіресе, соңғысында автор «итке», сол арқылы «нәпсіге» жай әншейін көңіл бөліп қоймай, алдымен оның аузын бекітуге назар аудартады. Демек «нәпсі иттің аузын» жапқаннан кейін барып, арманды іздеп табу- бәрі адамның алдымен өз ашкөздігін, тойымсыздығын тежеуі қажеттігін аңдатады. Енді XIX ғасырдағы қазақ ойшылы, сөз зергері Абай өлеңіне көңіл бөлейік:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!.

Сырт қарағанда, Абайда «нәпсі» ұғымы сәл басқашалау алынып, ашкөздік, тойымсыздық емес, көрсеқызарлық, еліктегіштік тұрғысынан ғана енгізілген тәрізді көрінуі мүмкін. Біздіңше, Иассауиде де «нәпсі» сөзіне «ит» сөзі қосарланғанда, тойымсыздық ұғымын біршама тура қабылдап, иттің асқа тоймауы деп қана қарау орынды болмас еді. Иассауиде де тек иттің асқа т.б. тоймауы емес, сол тектес қанағатсыздық шарпуы бар десек, Абайда да бұл - асқа тоймау емес, сезімге қанағат етпеу, асқан құштарлық түрінде өріс теуіп, соның өзіне абай болу жағына етпеттеу орын алған. Ал, Мәшһүр-Жүсіптің «нәпсі» ұғымын қолдануына үңілсек, онда алдыңғылардан келе жатқан игі дәстүрді бұзбай, соны өзінше өрістету үлгісі бар:

Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [5].

Зерделесек, біріншіден, Мәшһүр-Жүсіп ұлттық өрнекті шебер пайдаланған. Қазақ халқында ежелден мінер атсыз жаяу қалу нағыз кедейліктің, жоқтықтың дәлелі саналғаны мәлім. Бұрынғы заманда, Мәшһүр-Жүсіптің осы өлеңі жазылған XIX ғасырдың соңғы ширегінде, итсіз тіпті көрші ауылға, не қалаға жету мүмкін еместігі баршаға мәлім жәйт. Ендеше «жаяу қыл»- қолданымы кез келген кезеңде, әсіресе сол замандағы адамдарға неғұрлым түсінікті, жақын ұғым. Ақын осы ұлттық нақышты игеру нәтижесінде нәпсі тыюды көзбен көріп, қолмен ұстарлықтай етіп, әсерлі бейнелеу үлгісін көрсеткен. Тіпті, атқа мінгізбеу айтылғаннан кейін, міне қалған жағдайда да оны желгізбеу керектігін, неғұрлым баяу аяңнан аспауды шегелеу үстінде ақын дамыту әдісін үстегенін көреміз. Бұл - оның шеберлігінің тап осы шумақтан көрінетін екінші қыры. Шумақтың үшінші жолында дамыту әдісі орын алуымен қатар мал бағудан гөрі адамның өзін-өзі ұстауы, тежеуі қиындығын алға тарту жүзеге асқан. Бұл шағын, шартты делінген лирика жанры аясында да адам сезімі тереңіне сәуле түсіру нәтижесін, яғни ақын шеберлігінің үшінші қырын танытады. Шумақтың соңғы тармағы алғашқы үш жолдағыны қорытып біріктіруге арналған. Мұны өлең, шумақ композициясын құру шеберлігі ретінде бағалаймыз. Сонда көз соңынан көңілді жүргізбеу де ең алдымен Иассауиден бастау алған «ит-нәпсіні» ауыздықтау идеясына бағытталғанын діттейміз. Демек, Абайда нәпсі алдамшылдығын ашу үшін, белгілі бір қызу, ыстықтық сипатын ашарлық белгі «лапылдақ» көріктеуіші (эпитет) шебер пайдаланылған. Ал, Мәшһүр-Жүсіп дерексіз ұғым нәпсіні жан иесіне айналдырып, оны жаяу қылуды шарт етеді. Жаяу

жүру мен атқа мінудің қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгісі екені мал баққан қазаққа етене таныс көрініс десек, Мәшһүр-Жүсіптің ұлттық өрнекті кәдеге жарату шеберлігіне қайталап назар аударткымыз келеді. «Көңіл» сөзінің дерексіз ұғым екенін ескерсек те, оны жан иесіне айналдырып, көз соңынан жүргізбеуді айту да шарттылық пен жандандыру арқылы жүзеге асады. Себебі көз де, көңіл де бір адамға тән болғандықтан, сөзбе-сөз түсіндіріп, алдымен көз, соңынан көңіл жүреді дей алмаймыз ғой. Мұның бәрі екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек.

Мұның бәрі шығыс поэзиясын кең түсіну үшін, біріншіден, ондағы сабақтастыққа ден қою керектігін, екіншіден, шарттылық мәнін, дерексіз ұғымды яғни «нәпсіні» заттандыру, жандандыру нәтижесінде барып, адам сезіміне лирика жанры аясында да түкпірлеу іске асқанын дәлелдейді.

Міне, бір ғана «нәпсі» сөзі ғана емес, басқа да баламаларды сараптасақ та, екі ақында тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндестікпен қатар бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты т.б. көреміз. Абайдың да, Мәшһүр-Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны мәлім. Осы орайда ең алдымен екі суреткердің сол кезде етек алған кеселдің бірі өтірікті шенеуін алайық:

Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап (Абай, 91).

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу (Абай, 194).

Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.
Бірін- торғай, біреуін бөдене ғып,
Өзі мен өзін жаулап алып жатыр.
(Мәшһүр-Жүсіп, 76).

Зерделесек, Абайда көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым «өтірік» заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Сонымен бірге мұнда күн көрісі негізінен алғанда, мал өнімдерін кәдеге жарату, жүн сабау, киіз басумен байланысты болған қазақ тіршілігіне, танымына неғұрлым жақын баламаны, демек ұлттық өрнекті пайдалану жүзеге асқан. Сөйтіп әрі дерексіз ұғымды заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді. Мұндай ізденіс биігін Мәшһүр-Жүсіптен де көреміз. Мәселен, келтірілген үшінші мысалда дерексіз ұғым «өтірік» деректі өртке баланады. Ақын өтірікті көзге неғұрлым айқын шалынатын өртке теңеумен шектелмей, оның өршіген нақты бір сипатымен, лаулап жануымен салыстырады. Өрттің лаулап жануын, демек өтіріктің қаншалық өріс алғанын көрсеткесін барып, ақын соған алданушылардың мүшкіл халін ашарлық баламалар енгізеді. Ессіз жұрттың «көбелектей» өртке баруы (2-тармақта) әрі адамдардың аңқаулығын, қаншалық алдануын (көбелек, әсіресе түнгі отқа өзі барып ұрынып, күйіп жатады ғой) әйгілесе, әрі өрттің де сонша жандарды тұмшалайтындай кесапаттығы дәлелденеді. Шумақтың соңғы тармақтарындағы «Бірін- торғай, біреуін бөдене ғып, // Өзі мен өзін жаулап» алып жатқаны да өтіріктің қаншалық зорайғанын, сол арқылы билік иесі Патшалық Россияның отарлау, елді бөлшектеу, тоздыру саясатының өрістеуін аша түседі.

Екі ақын арасындағы үндестік, жалғастықты сөз еткенде, тақырып орайластығын, идея ұқсастығын айқындаумен шектелмей, суреткерлік шеберлік деңгейлестігін әйгілейтін белгілерді де арнайы ізерлеп талдау қажет. Суреткерлік шеберлікті танытар арналар сан алуан. Соның бірі- сөз мағынасын кеңейту, сөзді ауыспалы мәнде қолдану арқылы тың, тосын тіркестер жасау тәсілі. Мәселен, «көз» деген сөзді ауыспалы мағынада алып, оны дерексіз ұғым «көңіл», «ой», немесе біршама деректі «көкірек», «жүрек» сөздерімен қосарлау арқылы соны метафоралық тіркестер жасау нәтижесінде Абай сөздердің бейнелілік өрісін көп ұлғайтты:

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін (122 б.).

Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз (117 б.)

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болған кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз (115 б.).

Жүректің көзі ашылса,
Хақтың түсер сәулесі (165 б.).

«Көз» сөзін қолданып, соны тіркес жасау үлгісі Мәшһүр-Жүсіпте де бар:

Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,
Өзіңнің өз бойында болсын көзің (93 б.)

Сөйтіп, екі ақында да «көз» сөзі ауыспалы мағынада қолданылумен бірге мүмкін емес дерлік екінші ұғыммен шектесу арқылы үшінші бір жаңа сипатты сөз кестесін тудырған. Мәселен, дерексіз ұғым көңілдің көзі болмайтыны белгілі. Әйтсе де осы екі ұғымның ұштасуы нәтижесінде мүлде тың бейне жасалып тұрғаны анық. Осы іспетті пікірді Мәшһүр-Жүсіп сөз қолданысы туралы да айтуға болады.

Дерексіз ұғымды заттандырудың сөз мағынасын кеңейтуде, образ әсерлілігін арттыруда үлкен роль атқаратынын біз бұрын да айтып келдік. Осы орайда сөздің, өлең сөздің, мәнін ашу үшін, екі ақынның дерексіз ұғымды заттандыру, демек шарттылықты пайдалануына назар аударғымыз келеді:

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. (Абай, 89 б.)

Сөз осал бола қалды не қылғанда,
Шақпақтай от шығады шағылғанда.
Көңілдің дариясында сөз- бір гауһар,
Кісісі танып алар табылғанда
(Мәшһүр-Жүсіп, 73).

Қарайсың жақсы сөзге көзді сүзіп,
Кейбір сөз елжіретіп кетеді езіп.
Әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөзді,
Түсірер жұрт көзіне өлең тізіп (Бұ да сонда, 74).

Абайда дерексіз ұғым «өлең» сөзінен кейін деректі – жандыға тән «патша» сөзі мен дерексіз «сөз» аталымы тіркестіріле алынып, салыстыру, балау жүзеге асқан. Сол арқылы өлеңнің жай сөз тізбегі емес, сөздердің ең мықтысы, патшасы екендігі анықталады. Ал «жеңіл» сөзі айтылуы тұсында дерексіз ұғым өлеңнің белгілі бір салмаққа ие болуы берілсе, «жылы» - сол дерексіздің заттанғаны сондай, белгілі бір температураға жетуін айғақтайды. Ал, шумақтың соңғы тармағында дерексіз «өлеңнің» заттануының белгісі оның белгілі бір пішінге көшіп, «теп-тегіс жұмыр» болуы қажеттігі айтылады. Мәшһүр-Жүсіпте сөздің заттанғандығы соншалық: шағылуы, шағылғанда, тіпті, оның шақпақтай от шығаруы бейнеленеді. Сонымен бірге дерексіз «сөздің» гауһарға балануы, гауһар болғанда да көңіл дариясындағы (тағы да шарттылық, заттандыру жемісі) гауһарға ұқсатылуы берілген. Үшіншідегі «жақсы сөзге» көз сүзіп қарау да, кейбір сөздің елжіретуі де олардың белгілі бір затқа немесе жан иесіне айналуын шегелейді. Сондай-ақ не зат, не жан иесі тәрізді әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөздерді өлеңнің «тізіп» жұрт көзіне түсіруі де – шарттылық пен заттандыру жемісі .

Абай ойшыл ақын, философ ақын деп жүрміз. Кейін Мәшһүр-Жүсіпті де солай атап, дәлелімізді қоса өрмесек, жұртты жаттанды, үстірт пайымдаулармен мезі етіп алуымыз мүмкін. Асылы, әр ойды, әр баға, айдарды аз мысалмен болса да, дәлелдеп беруге ұмтылған жөн.

Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті,
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.
Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы, қасірет жүзіне белгі салған.
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ,
Сенің де басың имек жерге таман.
(Абай, 292 б.).

Піскен егін сықылды аспан жасыл,
Қыс пен шілде, жаз бен күз,- бар төрт фәсіл.
Ай- орағы егінді оратұғын,
Әбден білсе, сөз бар ма мұнан асыл?!
Жазғытұрым емес біз, болдық қой күз,
Қыс боп қалдық дегенше күдерді үз.
Жаландатып орағын алып тұрған,
Оратұғын сондағы егіні- біз!
Жер жыртып, жазғытұрым тұқым шашпай,
Күз болса, қаптың аузын қалдық ашпай.
Кім орғанын білмейміз, аңқиямыз,
Көрмеген ойын шығып бір көз баспай.
(Мәшһүр-Жүсіп, 81 б.).

Екі ақын да өмірдің соңы болатынын көзге нақты елестету үшін, піскен егінді оруды шебер пайдаланған. Абайда лирикалық қаһарманның біраз жас жасағаны, көп бейнет шеккені «жылы мен суықтың бәрін көріп» «қайғы, қасірет жүзіне белгі салған» жолдары арқылы аңғартылса, Мәшһүр-Жүсіпте балалық шақты, жастықты – жазғытұрымға, жазға; ал егделікті- күзге, кәрілікті қысқа балау нәтижесінде өмір өткіншілігі дәлелденген. Тек Мәшһүр-Жүсіптің кейін жазғаны бар емес пе, Абай өрнегіне не қосты дегенге келсек, ол осы үзіндінің өзінде де тұр. Мәселен, Мәшһүр-

Жүсіп орақпен оруды ғана айтып қоймайды, оның тоқтамайтынын, қайтусыздығын шегелеу үшін, «жаландатып» сөзін шебер пайдаланады. Бір ғана «жаландатып» сөзі қатты сермелуі, демек қиып түсуі, өлтіруі мүмкін орақ сипатын нақты көрсете алады. Сонымен бірге жазғытұрымда, демек жас кезінде, тұқым шашпауы, яғни жастықтағы күрес нәтижесіздігі т.б.- бәрі де лирикалық қаһарман шеккен бейнетті аз сөзбен сәтті аңдатып тұр.

Шеберлік үндестігін айқындай түсу үшін, екі ақынның «соқыр» сөзін пайдалану үлгілеріне көңіл бөлеміз:

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптың дәмін татуға.
Білмеген соқыр,
Қайғысыз отыр
Тамағы тойса жатуға.
Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім-күн емес.
(Абай, 122 б.)

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі,
Малқұмар көңілі –бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?
(Абай, 166 б.)

Керек істі көрмейді өз басына,
Соқыр деп салдым соны сөз басына.
Дәнемені өз басы көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.
(Мәшһүр-Жүсіп, 51 б.)

Кедейге келсін соқыр, көзің қысық,
Жұлынып бала-шағаң тұрсын пысық.
Қалады жер астында жиған дүниең,
Бас салса бір тесіктен аңдып мысық.
(Мәшһүр-Жүсіп, 152 б.)

Көз соқыр, құлақ саңырау болғандықтан,
Біз білдік қызық дәурен соның бәрін.
(Мәшһүр-Жүсіп, 156 б.)

Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?
Танысын қарға, бұлбұл қайсысы оңды,
Жамандар білмей жүрген өз қадірін.
(Мәшһүр-Жүсіп, 160 б.)

Абайда «соқыр» сөзі белгілі бір зат, құбылысты тура көру, көрмеу емес, өмір, күрес, т.б. мәнін білмеуге байланысты әрі ауыспалы, әрі кең мағынада алынған. Әсіресе дерексіз ұғым көңілдің «соқыр» екенін ашу арқылы малқұмарлықты сынауы (екінші мысалда) тұсында ақынның сөз мағынасын толықтыру, сынды өткір етіп ұштау шеберлігін көреміз.

Мәшһүр-Жүсіп болса, белгілі бір адамның соқырлығын, керек істі көрмеуін сипаттаумен бірге, басқаға жұқтыруы мүмкіндігіне де көңіл бөледі. Сол арқылы соқырлықтың, керек істі көрмеудің, қаншалық кесапаттылығы әсерлі бейнеленген. Сонымен қатар кедей келгенде, көрмегенсу туралы айтқанда да (төртіншіде) «соқыр» сөзінің ауыспалы мағынада келтіріліп, ақын сынын өрістете түсуге қызмет етіп тұрғаны анық. Бұл іспетті ойды соңғы мысалдар (бесінші, алтыншы) хақында да айтуға болады. Мәселен, сөз қадірін білмеушілер жетесіздігін ашу үшін (соңғыда), оны көз қадірін бағымдауы қиын соқырмен салыстыру арқылы автор көп ұтқан. Мұның бәрі орнын тауып қолданылу барысында жеке сөздің белгілі бір жинақтау, мегзеу сипатына ие болуын дәлелдейді.

Екі ақынның да философ екенін, белгілі бір сөздің жинақтау, мегзеу сипатын қаншалық ширата білетінін дәлелдеу үшін, «базар» туралы айтқан бірер өлең жолдарын келтіреміз:

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу-маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар,
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма,
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар,
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар.
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар,
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.
(Абай, 64 б.)

Базарға келіп едің ат терлетіп,
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,
Жұрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп.
(Мәшһүр-Жүсіп, 89 б.)

Абайда біреудің «астық» алуы баяндалғанда, «базар» сөзі өз мағынасында жұмсалса, енді біреудің «маржан» алуы туралы мәлімделгенде, мағына кеңеюін де байқаймыз. Рас, базарға барған адам шын маржанды, асыл затты алуы да мүмкін. Әйтсе де бұл жолдардан кейінгі – сөзді біреу ұғып, біреу ұқпайтынын, тесік моншақтың жерде қалмайтынын, итке маржан керек еместігін,- бәрін салыстыра дәйектесек, «маржан» сөзі мәнін тар мағынада ұғумен шектелуге болмайтынын аңғарамыз. Мұның бәрі «базар» сөзін Абайдың әрі өз мағынасында, әрі ауыспалы мәнде жарыстыра пайдалану үлгісі, демек бір сөзге көп мән сыйғызу шеберлігі десек, бұл іспетті жетістікті Мәшһүр-Жүсіптен келтірген үзінді хақында да айтуға болады. Лирикалық қаһарманның базарға «ат терлетіп» (демек көп әрекет етіп) келуін, қазір бос жүруін жариялауы тұсында «базар» сөзінің ауыспалы кең мағынада, күрес, әрекет алаңы ретінде беріліп тұрғаны анық.

Екі ақын да шен-шекпенге сатылуды, халық қамын ойламауды батыл түйрейді:

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон бола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!
(Абай, 113 б.)

Тарту деп медаль, наград ала берді,
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.
Пайдасын үрім-бұтақ ойламады,
Күйікте кейінгілер қала берді.
(Мәшһүр-Жүсіп, 62 б.)

Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан,
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.
Ойлайтын елдің қамын ерді жібер,
Жерінен суырып алып көрде жатқан.
(Мәшһүр-Жүсіп, 67 б.)

Абайда орыс ұлығынан «шенді шекпен» алғанға мәз болған болыс сыналып, оған қоса ар-ұятын сатудың оқалы тон болмайтынына назар аударылған. Мәшһүр-Жүсіп болса, жеке бір болыстың емес, бір кездегі ел билеушілердің өз бастарына берілген тарту, наградаларға сатылып, ел қамын ойламағанын шенейді. Осы орайда бұл іспетті сын үлгісін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңінде өрбітіп бергенін еске салғымыз келеді. Мұның бәрі XIXғасырдың аяғы мен XXғасырдың басындағы қазақ ақындарының біріндегі ойды екіншілері дамытып, дәстүр сабақтастығын берік ұстағанын көрсетеді. Екі ақынның да сөз зергері екенін, балама қолданудағы үндестіктерін кеңірек дәлелдеу үшін, «ұйқы», «ұйықтау» сөздерін пайдалану ерекшеліктеріне үңілейік:

Абайда:
Өткен күнгі қызығым,
Ұйықтап көрген түстен кем. (241 б.)
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар. (254 б.)

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме,
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме! (281б.)

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек? (282 б.)

Мәшһүр-Жүсіпте:
Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,
Айырылмай жақсы менен жаман парқы.
Баласы дін мұсылман, ояныңдар,
Көрінер өз пайдасы жұрттың нарқы. (33б.)

Таң атса, жатамысың ұйықтап, бақытым?!
Менің де таянған-ды жүрер уақытым.
Қолымда аттанарда жоқ нәрсені,
Барғанда тәңірі алдына қайдан таптым?! (81б.)

Бұл мысалдардың көбінде «ұйықтау» бүкіл бір халықтың қараңғылығын, көнбістігін, әрекетсіздігін білдіруге арналса, осы орайда соған қарама-қарсы қойылып отыратын екі ақынның «ояну» сөздерін қолдану үлгілеріне назар аударайық.

Абайда:
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын. (119б.)

Сайра да, зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын. (152б.)

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ. (280 б.)

Мәшһүр-Жүсіпте:
Думада анық болды сайлау бары,
Құны асар артылғанның сонда шары.
Бәрі де біраузыздың болып жатыр,
Оянып бізден басқа халықтың бәрі. (60 б.)

Не болды, бақытым, мұнша ұйықтап қалып,
Жалғанның азабына мені салып,
Оянып бір басыңды көтерсейші,
Шырадай бір ашылсын көзім жанып. (81б.)

Тілің сөйлеп, жүрегің оянғанмен,
Қайда жеткен созғанмен қысқа қолың?! (126 б.)

Абайдан келтірілген үзінділердің алғашқысында «ұйықтап» сөзі өз мағынасында қолданылса, екіншіде ауыспалы мәнде жүректің ұйықтауы алынған. Үшіншідегі «тыныш ұйықтат» тіркесіне тек ұйықтау емес, тыныштық тілеу сезімі қоса өрілгенін байыптасақ, тағы да сөз мағынасы толысуының куәсы боламыз. Ал, төртіншіде «ұйықтаған ойды» жүректегі қайрат қана түртуі мүмкіндігі айтылады. Демек бірде жүректі, бірде ойды ұйықтаған қалыпта алу нәтижесінде суреткер ақын әрекетсіздікті, бейғамдықты жеріне жеткізе түйреген, әсерлі шенеген. Мәшһүр-Жүсіпке келсек, бірінші мысалда «ұйқы» сөзі алдына «тәтті» эпитетін келтіріп, ұйқының сырт көзге жақсы, ыңғайлы көріну мүмкіндігіне, бірақ соның салдарынан «жақсы мен жаман парқы» айырылмай жатқанына назар аударады. Екінші мысалда адамның емес, дерексіз ұғым бақыттың ұйықтап жатуы алынып, сол арқылы бақыты көз жұмған адамның бақытсыздық шегуі ашылады. Ал «ояну» сөзінің қолданылу аясына келсек, Абайда дерексіз ұғым ұят, ардың, немесе қара көңілдің ояуы айтылады. Сөйтіп, ақын дерексіз ұғым ұят, ар, көңілге жан иесіне тән әрекетті, ояуды, беріп, сөз мағынасын кеңейту, бейнелеу құралдарын кемелдендіру өнегесін көрсетті. Үшінші үзіндідегі «ерте ояндым» тіркесінде де ұйқыдан ояну емес, оң мен солды ерте айыру ұғымы кестеленіп тұрғаны анық. Сөз мағынасын бұлай дамыту Мәшһүр-Жүсіпте де баршылық. Мәселен, алғашқыда басқа халықтың бәрі оянды дегенді діттегенде, ақын олардың сана-сезімі, бірлігі т.б. жоғары екенін жинақтап берген. Оянуды тура мағынасында алып таразыласақ та, көзін ашқан адамдардың әрекеті көзі жұмулыдан қаншалық артық екені тез байқалады. Екінші үзіндіде бақыттың ұйықтауы айтылсымен, оның оянуын тілеу сезімі беріледі. Сөйтіп мұнда да ақынның күрескерлікті қалайтыны аз сөзбен әсерлі жеткізілген. Ал, үшінші үзіндідегі жүректің оянуын Абайдағы ұят, ар, көңілдің оянуының заңды жалғасы деуге болады. Мұның бәрі нені көрсетеді? Әр қаламгер шығармашылығын жеке алып зерттеу мәнін төмендету ойымызда жоқ. Әйтсе де ақындар арасындағы дәстүр жалғастығын, сабақтастықты ізерлеп зерттемейінше, қазақ әдебиеті дамуын жан-жақты көрсете алмаймыз. Зерттеу белгілі бір штампқа, жалаң қағидаларға негізделмей, әр ақынның суреткерлік шеберлігіне сүйенгенде ғана біз әдебиеттің даму заңдылығын, әр ақынның ұлы көшке не қосқанын кең дәйектей аламыз.

Жүсіп Көпейұлының артына мол мұра қалдырғаны белгілі. Осы орайда 1990 жылы ақынның таңдамалысының бірінші томын әзірлегенде, лириканың жанрлық табиғатын жете ескермеуден туған мына бір кемшілікті, ақын өлеңдерін бір кездегі жазылу ретіне қарай топырлатып тізе беріп, көп өлеңді бір шығармаға, яғни көлемді бір туындыға айналдырып жібергенімізді енді байқап отырмыз. Соның бір айғағы: қазір біз келтіргелі отырған төрт шумақты үзінді кітапта басылғандай- үлкен шығарманың бір бөлшегі емес, жеке өлең болып, өз алдына отау тігуге сұранып-ақ тұр:

Бес жаста еді «бісміллә» бастағаным,
Ақ қағазды қаралап ластағаным.
Жасым жетіп «он беске» ақыл кірді,
Сонда да өсіп бес жастан аспағаным.
Біреуі-ақ кем «он беске» жетті жасым,
Иегімнің астында өш пен қасым.
Үрейімді ұшырды, зәремді алып,
Алып айна қарасам, сақал-шашым.
Қоян қуған тазыдай шалмай жүрген,
Өмір бойы аң қуып алмай жүрген.
Он бестегі жолдастар үйір болған,
Бұл «он беске» жеткенше қалмай жүрген.

Жібермей жүр шығуға биік өрге,
Қорғалатар қайдағы тау мен жерге.
Ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып,
Күнде-күнде түсіріп қара терге (52 б.).

Міне, мұндағы «он бес» сөзі он жердегі бес, яғни елу дегені, «біреуі-ақ кем» түсіндірмесі осы жолдарды жазып отырғанда, жасының қырық тоғызда (яғни 1907 жылы) екенін ескерткендігі анық. Лирикалық қаһарманның бір түгіл он «беске», яғни 49-50-ге келіп отырып, алғашқы бес жасындағыдан көп ұзамағанына назалануын ақын әсерлі жеткізген. Алғашқы бес жастан кейін уақыттың көп өткенін айнаға қарағанда зәрені алған сақал-шаш өзгерісі бұлтартпай дәлелдесе, келер шумақтағы «өмір бойы аң қуып алмай жүрген» жағдай, яғни ақынның діттеген мақсатына жетпеуі, соған қынжылуы көңіл бөлерлік. Бұл нәтижесіздік себебі ақынның өзінде емес, заманында екені соңғы шумақта ишаратпен берілген. Яғни біреулердің лирикалық қаһарманды биік өрге, демек ақын арманын жинақтап заттандырып кескіндеген өрге (шынында табиғаттағы өрге шыға алмауды әйгілеп тұрмағаны мәлім ғой) жібермей жүргені, ол аз болса, «қайдағы тау мен жерге» қорғалатып, соған қоса, «ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып» «күнде-күнде... қара терге» түсіруі бейнеленген. Мұның бәрі- лирикалық қаһарманның мақсат, арманын да, оған қарсы тұрушылар әрекетін де жинақтап, деректі: өр, тау, жер, боранға балап, ұтымды жеткізу үлгілері.

Төрт шумақтан тұратын мұндай туынды ғана емес, не бары төрт, не сегіз тармақтан құралған дербес өлең түрлері де Мәшһүр-Жүсіпте аз емес. Шалқар ойды шағын өлеңге, оның ішінде төрт жолды шумаққа сыйғызу жалпы шығыс, оның ішінде X-XIV ғасырлардағы араб, парсы, түркі поэзиясына тән құбылыс екенін біз Әбу-Насыр Әль-Фараби (X ғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Омар һаям (XII ғ.), Қожа Хафиз (XIV ғ.) т.т. өлеңдерінен білеміз. Мәселен, Жүсіп Баласағұнидің: «Тіл-арыстан: есік баққан ашулы, // Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды»,- тәрізді екі жолдық өлеңін жеке алсақ та, біткен, аяқталған ойды да, идеяны да ұшырастырамыз. Осы дәстүрді Мәшһүр-Жүсіптің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өзінше өрбіткенін мына үлгілерден көреміз:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.
Мәз болма мұнарланып көрінгенге,
Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан (28 б.).
Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып,
Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан.
Бір өрттен қалмайтұғын қалың қаудай,
Баянсыз бақ-дәулетке болма мастан (29 б.).

Үрген қуық- бүгінгі жұрттың басы,
Бас болса, болар еді көздің жасы.
Таққа міниіп, басына тәж қойғанмен,
Иттің кетпес ойынан жерік асы (79 б.).

Қаңтар мен ақпан болды күз орнына,
Сылдырлап сырнай шықты сөз орнына.
Жылтыраған екі тас орнатылды,
Бұрынғы қайран сәуле көз орнына (79 б.).

Көріп отырғанымыздай, мұндағы әр төрт жолдық туындыда шығарманың тақырыбы да ашылып, идеясы да тамамдалып бітіп тұр. Бірінші туындыда алдымен әр істі басынан ойлау керектігі діттелсе, ондағы екінші тармақта «өнері жоқ жігіт жастан» пайда жоқтығы мәлімделіп, үшінші, төртіншіде құр мұнарланып көрінгенімен, тау мен тастың «кісі жер жемісі жоқ» екенін шегелеумен шығарма аяқталып тұр. Екіншіде «дос қой деп ішкі сырын түгел айтып» жүргендердің опық жеуі берілсімен, соның жалғасы ретінде «бір өрттен қалмайтұғын қалың қаудай» «баянсыз бақ-дәулетке» мастанбау идеясы алға тартылады. Үшіншіде сол кезеңдегі адамдар басының үрген қуыққа ұқсайтыны, себебі онда көз жасы жоқтығы, таққа отырса да, иттің жерік асын ұмытпайтыны сөз болады. Бұл «парасаты жоқтарға, тексіздерге билік беруге болмайды»,- деген идеяға жетелеп тұр. Төртіншіде алдымен болуға тиіс күз, демек сәл салқындай бастау емес, барынша суық қыс орнағаны паш етіледі. Соңынан бұрынғы сәулелі нағыз шынайы көз орнына адамдарға жылтыраған екі тас орнатылғанына, демек, көрмеушілік белең алғанына назар аударылған. Тағы бір топ мысал келтірейік:

1. Көрінгеннің бәрі жау, ел жоқ болды,
Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды.
Үңгіріндей аюдың ауыз біткен
Ауыз баста болғанмен, тіл жоқ болды (79-80 б.).

2. Түзелер қисық ағаш құрған тезбен,
Жара оңалар, тастаса орап бөзбен.
Ақымақты түзету қиын болар,
Насиқат, көркем айтқан жақсы сөзбен (91 б.).

3. Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.
Наданның өз басына қылған ісін
Қылмайды ақылды адам дұшпанына (91-92 б.).

4. Күн сайын өзіңе-өзің жас баласың,
Жаспын ғой деп әр істен жасқанасың.
Піскен астан ішпейсің мезгілінде
Мезгілі өтіп кеткен соң аш қаласың (96 б.).

5. Көңілім дария болғанда, қолым-қайық,
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.
Айдын шалқар көл қайда қылар шабыт,
Құла түзде қу ілген,- мен бидайық (99 б.).

6. Тұқым салмай алар ма егін орып?!
Кім балалы болыпты бойдақ жүріп?!
«Еккен орар,- деген сөз,- берген алар»,
Бәйге алғанды көрдің бе қарап тұрып?! (100 б.).

Алғашқыда бірінші тармақ «көрінгеннің бәрі жау» ел жоқ болуына арналса, екіншісі «айнала сор, мал қонар көл жоқ» екеніне, демек шаруаға жайсыздық өрістеуіне құрылған. Ал, сол ел, көл жоқ болуына жалғаса, үндесе берілген «тілі жоқ» ауыздар арқылы мүшкіл халді тұлғалантумен шығарма аяқталған. Екінші үлгіде алдымен қисық ағаштың «құрған тезбен» түзелетіні, ізінше бөзбен ораса, жараның оңалатыны діттелсімен, ақымақты «көркем айтқан жақсы сөзбен» икемдеу нәтижесіздігіне, яғни қисық ағаш, жарадан да ақымақты оң жолға түсіру қиындығына ден қойғызумен шығарма тамамдалған. Үшінші нұсқа да бас- аяғы жұмыр, композициялық құрылымы жөнінен мінсіз келіп, төрт-ақ жолмен белгілі бір ой сарапталуымен ерекшеленеді. Әсіресе «наданның өз басына қылған ісін» ақылды адамның дұшпанына жасамайтынымен шығарма тынуы жетекші идеяға ерекше мән бергізіп тұр. Төртінші үлгі «піскен астан» мезгілінде ішпей, өмірде көп сыбағадан қалып жүргендерді шенеуге арналған. Бесінші өлеңде лирикалық қаһарман өз көңілін біресе дария ретінде санап, біресе өзін бір кемелділік үлгісі Еділ-Жайыққа балап, ақырында соның бәріне қарама-қарсы шабыт қылар «айдын шалқар көл» таппай, «құла түзде қу ілген» бидайықтың мүшкіл халін мысқылдаумен шығарма аяқталған. Ал, соңғы туынды тұқым салмай егін ору, бойдақ жүріп балалы болу мүмкін еместігі тәрізді қарап тұрып бәйге алушы да жоқтығын, демек әрекет керектігін әспеттеуге негізделген.

Мәшһүр-Жүсіп қазақ лирикасы дамуына не үлес қосты дегенде, оның айтыс өлеңдерінің өзіндік түрін тудырғанына назар аударған жөн. Бұл туындылардың ерекшелігі- онда сөз таластырушы екі адам, екі ақын емес, бірі лирикалық қаһарман да, екіншісі не дерексіз шартты ұғым, немесе адамша сөйлеуге тиісті емес жануар, құс түрінде алынады. Демек бұл айтыстар өмірде орын аларлық сөз таластырудан гөрі шартты қақтығыс ретінде туып, ақынның лирика жанрында өмірді бейнелеу аясын кеңейтуімен көңіл бөлгізеді. Мәселен, «Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны» өлеңінде алдымен арыстан орнына қасқыр қалғаны, «қарғалар көгершіннің зікірін» салғаны, «бас-аяқ, аяқ барып бас болғаны», демек озықтық пен қалыстық, жақсылық пен жамандық араласып, соған лирикалық қаһарман торыққаны баяндалады. Ақын қоғамда орын алған әділетсіздіктің түр-түрін қадап айтып, қазбалау емес, оны жинақтап, ишаратпен бейнелеу үлгісін қолданады:

Құс біткен қонағына кетті қайтып,
Осындай қыс боларын біздерге айтып.
Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтіп?

Осы бір шалқар шындық сыйып кеткен төрт тармақтан аз сөзбен көп ойды қамтуды ту еткен шығыс поэзиясы дәстүрін ақынның шебер өрістетуін көреміз. Құс қайтуы, жылы жаздың, яғни адамдар үшін жайлы кезеңнің, өткенін бұлтартпай дәлелдесе, жаздан кейін келген қыстың табиғаттағы қыс емес, заман қысы, қыспақ белгісі екенін де аңғарамыз. Ал үшінші тармақтағы «қызыл» гүлдердің таусылып, тікен қалуы да бақыт символы гүлдің сап болуын, демек адамдар арасында бақытсыздық үстемдік етуін әйгілейді. Соңғы тармақтағы сауал:«Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтіп?»- бостандық, бақыт үшін күрескен лирикалық қаһарман әрекет етерлік жағдай өшкенін астарлауға арналған. Міне, осындай жағдайда Мәшһүр-Жүсіптің ақындығы қаша жөнелуі сөз болады да, лирикалық қаһарманның

оны қимауы, қайта оралуға шақыруы беріледі: «Тіл қаттым ақындыққа мен сөз бастап, // Шынымен кеткенің бе мені тастап?!» Сөзбе-сөз ұғынсақ, «ақындық» - жан иесі емес, оның лирикалық қаһарманнан жырақтап кетерлік аяғы, тіл қатарлық ауызы жоқ. Әйтсе де шартты ұғым «ақындықтың» лирикалық «меннен» бөлініп сын айтуы әсерлі:

Замана жылдан-жылға болды өзге,
Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.
Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады,
Менің бар не керегім,- деді- сізге?
Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?
Танысын қарға, бүлбүл қайсысы оңды,
Жамандар білмей жүрген өз қадірін.
- Сақтамас, қадіріме ешкім жетіп,-дейді.
Таусылды бастас кісім бітіп,- дейді.
Тікенге қонақтауға арланғаннан ,
Барамын мен бұл жерден кетіп –дейді (160 б.).

«Мәшһүр-Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны» өлеңіне лирикалық қаһарман мен шабдар ат деректесуі өзек болған. Шығарма фабуласымен таныстырсақ, ақын бір өлген адамның қырқына барып қайтарда, оған басқа жақтан ұрланып әкелінген бір жауыр шабдар ат байланады. Лирикалық «мен» былай шыға бере әлгі аттан қайдан келгенін сұрап біледі. Сөз жоқ, бұл арада да тілсіз жануар сөйлеуі, адамдар арасында орын алған пайдакүнемдік, ұрлық, өтірікті ат аузымен қағыту өте әсерлі. Мәселен, ақынның: «Ысқатқа сендей малды байлағаны // Малы жоқ, қара қасқа кедей ме еді?»- сауалына ат былай үн қатады:

Жоқ, жоқ, бай-ақ еді таптан озған,
Анау-мынау кісі емес, Қақсал-Қозған.
Өз өлігін осынша өзі қорлап,
Уасуасы бар жұмысты шайтан салған.

Ақынның лирикалық қаһарманы одан әрі көз жұмушының туысы жоқ шығар дегенді білдірсе, ат оның ұрпақтарының да, туысының да жетерлік екенін, тек осы іске араласушылар пайдакүнемдігінен келеңсіздіктер туып отырғанын тарата дәлелдеп береді. Шабдар берген жағымсыз мағлұматтарды естіп қаныққан соң, жауырынына өлең жазылған қағазды жапсырып, атты лирикалық қаһарман бұрынғы иесіне қайтарып, босатып қоя береді. Міне, адамдар арасындағы жосықсыздықты шартты бейне, ат дабыралауымен ашу арқылы әжуа күшейе түссе, бұл да Мәшһүр-Жүсіптің суреттеу амал-тәсілдерінің түрлішелігінен деп дәйектеген жөн.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының әлем жаратылысы, жер мен көк сыры, ислам діні тарихы, ізгілік, хақ жолын іздеген адамдар өнегесіне арналған аңыздарға негіздеп біраз дастандар жазғаны белгілі. Біздің қоса айтарымыз: ақын тек хикаялар емес, өлеңдердің біразын да сол тақырыпқа арнаған. Соның бірі- «Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңдері. Мұнда да ақынмен сұхбаттасушы болып адам емес, шартты бейнелер: тырна, қарға алынған. Шартты дейтініміз: сөзбе-сөз ұғынсақ, тырнаның да, қарғаның да тіл қатуы, көне тарихты баяндауы мүмкін емес. Әйтсе де сол шарттылық арқасында адамдар арасындағы келіссіздік сыры, жер бетіндегі тіршілік тарихы соншалық әсерлі де, шынайы жеткізілген. Мәселен, «Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы» туындысында алдымен лирикалық қаһарман күзде жылы жаққа қайтып бара жатқан тырнаға көңіл бөліп, оның не бітіргенін білгісі келіп сауал береді. Тырна өз балапандарын өсіріп қайтқанын мәлімдей келе сөз соңында Сүлеймен пайғамбар мен тоты құс әңгімесін келтіреді. Бірде көп балалар тұзақ құрса да, басқа жаққа ұшып кетпей жүрген тотыны көріп, Сүлеймен таңданса, құс бейғам жауабымен ерекшелінеді:

Балар қиналады тартып азап,
Тақсыр-ау, қаш демеңіз мені қажап.
Тор түгіл, оқ атса да ұстатам ба,
Бұларды қылып жүрмін ойын, мазақ (172 б.).

Ақырында «арада бірнеше күн өткізбей-ақ» сол «тотыны ұстап біреу алып» келгенде, «бадырайып жатқан торға неге түстің?»- сұрағына тоты жауап қайтарады:

Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,
Сізбен емес, баламен ерегестім.
Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,
Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.
Көрінген өрт боп маған сор екен сол,
Сау жер болып көрінген титтей ара,
Балалар құрып қойған тор екен сол! (173 б.).

Бұл мысалдан, өз мүмкіндігін шамаламай, алданып, торға түсіп, опық жеуден,- Мәшһүр-Жүсіп өз замандастарына, өзіне сабақ боларлық ұқсастық байқайды:

Мәз болып құр атаққа Мәшhүр-Жүсіп,
Қаңбақтай домалаған желмен ұшып.
Тотыдай торға түскен біз қаламыз,
Бармақтың көлеміндей жерге түсіп (173-174 б.).

Ал, «Мәшhүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңінде алдымен лирикалық қаhарман ала қарғаның «қарқылдап» мазаны алу себебін сұрайды. Қарға жауап беру барысында көне заманда жер бетін басқан топан суы қайта бастағанда, Нух пайғамбар тапсырмасын қалай ұмытқанын, соның сазайын қазір тартып жүргенін дат етеді. Бұл бір жағынан ғылым үшін бағасы зор көне аңызды еске салса, екіншіден, оның адамдар үшін ғибрат берерлік мәніне үңілту жүзеге асқан.

Түйіп айтқанда, Мәшhүр-Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексіз ұғымды заттандыру, т.т. шебер пайдалану арқасында шағын жанр лирикаға эпос мүмкіндігіндегі жүк артып, шындықты кең қамту шеберлігін көрсетті. Мұның бәрі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, артына 25-30 томдай мол қазына қалдырған Мәшhүр-Жүсіп Көпейұлының ақындық шеберлігін кең ізерлеп зерттеу қажеттігін, оның суреттеу амал-тәсілдерінің түрлішелігін, сөз зергері ретінде қазақ әдебиеті кемелденуіне көп үлес қосқанын дәлелдейді.

Мәшhүр-Жүсіптің 1990, 1992 жылдары таңдамалы шығармаларының екі томдығы жарық көрсе, қазір С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ғалымдары мен көрші жоғарғы оқу орындары зерттеушілерінің бірлескен зерттеуі нәтижесінде ақын шығармаларының 20 томдығын баспаға дайындау жүріп жатыр. Сол көп томдықтың 3 томдығы жарық көргенін қуанышпен атап өте отырып, бұрынғы бір жазғандарымызды жинақтап, ақынның суреткерлік шеберлігіне арнайы назар аудартуды жөн деп таптық.

Мәшhүр-Жүсіп Көпейұлы өткен ғасырдың өзінде адамдарды тек ақ, қара деп бөліп, не соған сырттай сүйсінумен, не одан мүлде безінумен шектелмейді. Адамдардың не бірыңғай қап-қара жағымсыз болып келе бермейтінін, қайта бір адамда әрі оң, әрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсу ерекшелігін ашу, әсіресе, сол кез үшін кесек жетістік, адам сезімін лирика жанры мүмкіндігіне сай ізерлеп ашуда елеулі қадам еді. Мәселен, оның 1880 жылдары жазылған «Жарты нан хикаясы» өлеңінде басты назар өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ болған айдаhар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған адамның өзінде елеулі қайшылық бар екеніне назар аударылады. Міне, мұнда оңай олжаға қызығып, біреуге жақсылық жасап, жапа шегушіні ақын не бірыңғай аппақ, не біржола ұнамсыз адам етіп көрсетпейді. Суреткер жай көзге байқалуы қиын, сырт қарағанда біршама жағымды көрінген адамның өзінің ішкі түйткілдеріне үңіле, үңілте біледі. Кезінде біреуге қамқорлық көрсетіп, жарты нан ғана беруі сол адам үшін әрі құптарлық, әрі айыптарлық іс болып алынады. Бұл да қарапайым адам санасында орын алуы мүмкін аздаған қалыстыққа да суреткердің шүйіле ден қоюынан туған. Ақын бұл шығармасында сонымен қатар зұлымдық иесі, бөтен күш, дербес айдаhар болумен бірге, әр пенденің өз «айдаhары» болу ықтималдығына да көңіл бөледі. Сөйтіп адам сезімінің көп қырлы екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсету арқылы ақын қаhарман жан дүниесіне түкпірлей тереңдеу үлгісін де жасаған.

Мәшhүр-Жүсіп қай өлеңінде болмасын, белгілі бір құбылыс, әрекетке көп көзбен қарай білуге жетектейді. Соның бір айғағы- «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі. Шығармада алдымен халықты езіп, қанаушы сәйгелді, бөгелек тәрізділерге өріс беретін аңқаулық, надандық сыналады. Сөйтіп ақын жауыздық пен адамгершілік арасындағы қайшылықты, кереғарлықты ашумен: жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенін бейнелеумен шектелмейді. Мәселен, сәйгелді, сона, бөгелекті сол кезде елді алдаған езушілер, отаршылдар деп, соларды түйреумен шектелу біржақтылық, үстірттік болар еді. Өмірде қас пен досты айырмай, жәдігөйлікке ұйып, кеш опық жеп күйзелушілер бар да, әдемі сезімнің бірі сенгіштікті пайдаланып, тайраңдаушылар бар екені белгілі. Оны ана халықта бар, мынада жоқ, ана заманда орын алған, кейін ұшыраспайды деп айтуға болмайды. Ендеше жауыздың жауыз екені онсыз да белгілі. Басты қателік, трагедия сол кесапатқа жол беруде, иланғыштықта жатыр дегенге саяды ақын.

Мәшhүр-Жүсіп Көпеевтің 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабындағы «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» да- қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын туынды. Мәшhүр-Жүсіп мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл

бөледі. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені, әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «соқыр» деп алынған ол құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Бір адамның бір затқа ересен қырағы бола тұра, екіншісін мүлде көрмеуі оқырманға көп ой салғандай. Шартты түрде «саңырау» деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бәсең үнді, сыбырды, «құлақтыдан» бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында «саңырау» дегені- «бәрін өзім білдім» деп, ұзақ ойға салынған, «өз жанының пайдасын» естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде «жаланаш» деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткінші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бәрін тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды.

Өлеңде айтылатын өзекті идея, негізгі сын тек бұл айтылғандарда емес. Ақын өзіне керек істі көрмеушілікті, естімеушілікті, азға тоқмейілсуді сынап қана қоймайды. Суреткер басты назарды көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, бардан емес, жоқтан айырыламын деп, адасушыларға аударады. Көрмеу, естімеу, ештеңесі болмау- бір кемшілік, бір жоқтық болса, одан үлкен қасірет тағы тұр. Ол көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, «жоқтан» айырыламын деушілік, өтірікке алданушылық деген ойға саяды автор. Бұл өлеңде де ақынның қайшылық сипаттарды кең қамтып, адам сырын түкпірлей ашу бағытындағы елеулі жетістігі. Бұл Мәшһүр-Жүсіптің ғана емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетінің қомақты табысы.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Шайтанның саудасы» өлеңін ақынның жиені Қасенғали Жүсіповтен белгілі жазушы Зейтін Ақышевтің 1937 жылы жазып алып, оны мектеп оқулығын құрастырушылар: Қ.Бекхожин, мен Е.Смайыловқа ұсынғаны белгілі. Содан бастап ақынның осы өлеңі алдымен мектеп оқулықтарына (1940-1946), кейін жоғарғы оқу орнына арналған хрестоматияға (1959, 1983) енді. Сонымен қатар бұл туынды орысшаға аударылып, 1978 жылы Ленинградтан шыққан «Поэты Казахстана» антологиясында (құрастырушы- М.Мағауин) жарияланды.

Әлем әдебиетінде қоғамды жайлаған келеңсіздіктерді жинақтап көрсетіп, шенеу үшін шартты сюжет үлгісі қолданылып келгені мәлім. Мәселен, XVI-XVII ғасырдағы испан жазушысы С.Сервантестің «Дон Кихот» романындағы орталық қаһарманның «батырлық» жасамақ болған оғаш істерін, жел диірменмен айқаспақ болған т.т. күлкілі әрекеттерін өмірде болған, не жүзеге асуы ықтимал шындық көрінісі дей алмайтынымыз анық. Сонымен бірге XIX ғасырдағы орыс жазушысы Н.В.Гогольдің «Өлі жандар» дастанындағы бас тұлға П.И.Чичиковтың өлі жандар тізімін арзанға сатып алып, бай болып көрінгісі келуі де өмірде іске асуы мүмкін, шындықтан көшірілген іс-әрекет емес. Біздіңше, бұл шартты сюжет қоғамды жайлаған сорақылықтарды барынша түйрєу үшін қажет болған. Атап айтқанда, Чичиков аралауы нәтижесінде бейқам, самарқаулардың өкілі болып Манилов көзге түссе, қомағайлық- Собакевич, сараңдық- Плюшкин т.т. арқылы шенелген. Демек белгілі бір адамдардың жиынтық бейнесін жасау үшін өмірде іске асуы ықтимал істерден гөрі шартты әрекеттердің мүмкіндігі кеңірек болса, суреткер оны орынды пайдаланып отырған. Соның бір көрінісі- қазақ ақыны Мәшһүр-Жүсіптің XIX ғасырдың соңғы ширегінде жазған «Шайтанның саудасы» өлеңі. Расында, шайтанның базарға барып сауда жасауы, дерексіз ұғым: зорлық, алдау, күншілдік, тәкаппарлықты белгілі бір бұйым тәрізді тез сатуы т.т.- бәрі өмірде болмайтын шартты әрекеттер жемісі.Шығарма басындағы Ғайса пайғамбардың: «Жұрт барса, тері, терсек, жүн сатады, // Сататын малғұн сенің не пұлың бар?» - деп шайтанға сауал қоюы өмірде іске асуы ықтимал, шындыққа сай алынған сөз қолданысын танытады. Ал шайтан жауабы- шарттылық айнасы:

Артқаным бір есекке ылғи жалған.
Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.
Нанбасаң еріп бірге көзіңмен көр,
Базарға қызығымды қалай салған.
Жүгім бар бір есекке мекер-хайла.
Мұнымнан келтіремін үлкен пайда.
Бір тиыннан он тиын пайда аламын,
Көптің басы қосылған жиын жайда.
Күншілдік бір есекке тиеп артқан.
Жібек, кендір арқанмен буып тартқан.
Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,
Жерім жоқ бұл саудадан залал тартқан.
Артқаным бір есекке ылғи зорлық.
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.
Мен алмай оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
Мастанып артқандықтан тәкаппарлық,
Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Көріп отырғанымыздай, «бір есекке ылғи жалған» арту, сөзбе-сөз ұғынсақ, мүмкін емес. Себебі «жалған» - көзбен байқап, қолмен көтеруге келмейтін дерексіз ұғым. Ал, сол дерексізді бір есекке жүк ретінде артудың өзі оны заттандыру, бір жануар көтеруіне лайық салмақ мөлшерін межелеу белгісі. Сондай-ақ екінші бір есектегі жүктің, күншілдіктің, белгілі бір көлемге ие болғаны сондай, ол «жібек, кендір арқанмен буып тартқан» күйінде өрнектелген. Сонымен қатар келесі бір жүктің, заттанған тәкаппарлықтың, ауырлығы соншалық, оны артқан есек «жүре алмай бара» жатады. Мұның бәрі қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық, ашкөздіктің т.т. қаншалық екенін айқын көріп, өлшерлік қалыпқа, заттандыруға, көшіру арқылы белгілі бір салмақ, көлемділік дарытатын әсерлі бейнелеу үлгілері. Қорыта айтқанда, адамдарда жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелеу ақынның суреттеу құралдарының байлығын танытады. Ақын осы оқыс оқиға, шартты әрекетті пайдалана отырып, не бір өткір сынды да шартты бейне, шайтан, атынан айтқызады:

Шаршарсың базар барсаң басың қатып,
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,
Алады зорлығымды пұлға сатып.
Неге болыс болады малын сатып?
Қашан болып шыққанша жанталасып.
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.
Қарсы келсе бетіне басын шайнар,
Құнсыз-пұлсыз кедейдің соры қайнар.
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,
Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар.

Шынында да ел билеушілердің тізгінге ие болуы біраз ретте таза жолмен емес, қайта зорлық, парақорлық арқылы іске асатыны белгілі. Оның үстіне солай қызмет ету тек Мәшһүр-Жүсіп өмір сүрген ортада емес, кейін де етек алуы мүмкіндігін сараптасақ, ақынның тек бір кезең емес, бар заманда орын алуы ықтимал, демек жиі қайталанып отыратын кеселдерді шебер жинақтап мысқылдай білгенін көреміз.

Басқа да олқылықтар тәрізді тәкаппарлықты да ақын жай сынап өтумен шектелмейді, оны да биігіне жеткізе, жіліктеп ашады:

Біреуі ұн, біреу пұттап май алады,
Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.
Тәкаппарлық «жүгімді» қалтасы мол,
«Жетілген» надандыққа бай алады.
Томпитып қалтасына жүрген сыймай ,
Беруге ешбір жанға көзі қимай.
Алған соң тәкаппарлық сатып менен,
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.
Бай біткен болғандықтан қарабауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.
Не айтып, не қойғанын білмес өзі,
Тырнадай өзін өзі көріп ауыр.

Әсіресе біреудің ұн, біреудің «пұттап май», немесе қой, тайынша, тай алғанын келтіргесін барып, тәкаппарлықты «қалтасы мол» «надандыққа» «жетілген» бай иемденуі әсерлі. Одан әрі сол бай қалтасының көлемді («томпитып») екендігі, оны ешбір жанға беруге қимай жүретіні, «өз үйіне өзі сыймай» дүрдиюі- бәрі лирика жанры аясында тәкаппар адам бейнесін біршама кең ашуға септігін тигізген.

Әдетте шайтан теріс іске итермелеуші, ал, періште оң жолға үгіттеуші символдық бейне ретінде алынатынын бағамдасақ, сөйткен арбаушымен адамдардың қатар тұруының өзі қоғамдық ортадағы азып- тозу деңгейін көзге ұрады. Сондықтан да шайтан:

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!

- десе, бұл адамдар арасындағы жалғандықтың қаншама биікке көтерілгенін бөтеннің, яғни пенделерге ежелден жаны ашымайтын әзәзілдің сөзімен дәлелдеу үлгісі. Бұл жолдардың әсерлі естілу себебі жанашыр емес, теріс көзқарастығының өзінің өтірік өрлеуінің куәсі болуы, шындықты мойындауы деп білеміз.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аз сөзге көп мағына сыйғызу үшін, белгілі бір дерексіз ұғымды заттандыруға, немесе заттандыра отырып жандандыруға жиі барады:

Ағайын егіз туған: ұрлық, зорлық,
Зорлығы- ағасында, іниде-ұрлық.
Бірі қойса, бірі де қояр еді,
Тауып тұр қоймағаннан тегіс қорлық.

Зорлығын қоймай өзі, жаппай мінін,
Іниге қойғыза алмас аға тілін.
Қасқырдай өз күшігін талаған жан
Түзетіп тыныш ұстайды қалай елін?!
(«Сарырқаның кімдікі екендігі»- 1907 ж. кітабынан. 68 б.)

«Ұрлық», «зорлық» көзбен барлап, қолмен сипауға келмейтін дерексіз ұғымдар екені белгілі. Ал, осы екі ұғымның бірін екіншісі тудыратынын әспеттеу үшін, екеуін де жан иесі, ағайынды адам ретінде алу нәтижесінде ақын қоғамды жайлаған кесапаттың өзара байланысты екенін ұтымды өрнектеген. Көрініске, суретке ұлттық өрнек (национальный колорит) тұрғысынан келсек, інісіне сөзін өткізе алмаудың өзі қазақ ұғымында соншалық ерсі, оғаш қылық. Ал, осы ағаның іниге игі үлгі көрсете алмауына, қасқырдың өз күшігін талауымен салыстыру қосылғанда (біз келтірген үзіндідегі жетінші жолда), ел билеушінің келіссіз әрекеті айқындала түскен. Бұл әсерліліктің бастау көзі дерексіз ұғымның («ұрлық», «зорлық») заттану, жандануында жатқанын дәйектесек, тағы да ақынның суреттеу құралдарының сан алуан екеніне көз жеткіземіз.

«Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» өлеңінде мынандай бір жолдар бар: «Өзіме көрінемін өзім мінді // Кісендеп бекітпедім неге тілді?» (73 б.) Сөзбе-сөз ұғынсақ, «тіл» сөзі дерексіз емес, оны көруге де, ұстауға да болады. Әйтсе де мәселе жеке тілді бекіту емес, ішке сыр сақтауда, демек адамның жалпы өзін тежеуінде екенін зерделесек, тілді жай ұстамай, темір кісенмен бұғаулаудың адам тәніне айрықша қатты бату мүмкіндігі аян. Ендеше сөз иесіне қысым жасаушы күштердің қаншалық өктем екенін бейнелеуде осы бір шартты қолданылған «кісендеп» сөзінің алар орны ерекше. Бұл шығармадағы мына тармақтар да назар аударарлық:

Былғарының орнына көн мен сірі,
Теріс қарасар ұнатпай бірін-бірі.
«Ал», «бер» деген сөз еді екі ағайын,
«Ал» өліп, «бер» деген сөз қалды тірі.
Екі сөз: бірі айтылды, бірі қалды,
Уақ ақша таусылды, ірі қалды.
«Бар» деген сөз аты өшіп, тып-типыл боп,
Бұл күнде «жоқ» деген сөз тірі қалды (76 б.).

Жалпы жылы киім, не етік т.б. әзірлеу үшін жұмсақ былғарының неғұрлым қолайлы екенін, ал, қатып қалған көн, сіріден сапалы бұйым шықпайтынын ескерсек, бұл екеуін салыстыру барысында бастапқының қажеттігін, кейінгінің жайсыздығын оңай бағамдаймыз. Осы көзге көрінер екі ұғымның бір-біріне қарама-қарсы екенін ажырату- соған сүйене өрілген «ал», «бер» ұғымдарының кереғарлығын сезінуді негіздеген. Деректі зат алшақтығына сүйеніп, дерексіз ұғым қарама-қарсылығын әзірлегеннен кейін, дерексіздің бірі «ал» өліп, «бер» тірі қалуы- ерекше әсерлі. Бұл мүшкілдікті дерексіз «бар» ұғымының заттанғаны соншалық, «аты өшіп, тып-типыл боп» өшкені, ал дерексіз «жоқ» ұғымының заттанып, жан иесіне айналғаны сондай,- тірі қалуы одан әрі жоталанта түскен.

Ақынның «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінде де осы іспеттес дерексізді заттандырудың ұтымды үлгісі көрінеді: «Абыройым төгілмесін деп ойласаң, // Ұяттан қолшатыр ғып ал басыңа» (92 б.) . Дерексіз ұғым ұятты қолмен ұстарлық қолшатырға айналдыру нәтижесінде ақын адамға қорғаныш боларлық қасиетке мойын бұрғыза білген. Қолшатырды елестетіп, оның күннен, жауыннан қорғарлық мәнін дәйектегесін барып, біз ұяттың ізгі ниетті адам үшін ерекше роль атқаратынын зерделей аламыз. Ақын дерексізді заттандыру тәсілін қолданғанда, тұрмыста жиі пайдаланылатын бұйымдарды алады: «Бұзылған замананың уақытысында // Шын сөзің өтірікке болмайды астар» (97 б.). Киімнің, не көрпенің ең қымбат, асыл жағы бергі беті, өңірі екені, ал, астарға неғұрлым арзан материал қолданылатыны мәлім. Демек адамдар үшін зиянды өтірік-өңірге, неғұрлым бағалы материалға айналса да, адамдар үшін керек шын сөздің соған астарлыққа да, яғни бағасы төмен екінші қатардағы материал болуға да жарамай қалуы ой саларлық. Сөйтіп дерексіз «шын сөз» бен «өтірік» ұғымдарының заттанып, бірінің өңір болуға жарап,ал, екіншісінің астар дәрежесіне де жетпей қалуы көмегімен ақиқаттың қаншалық қадірі кеткені жарқырап ашылған.

Ақын өз ойын шынайы нақыштау үшін, табиғаттағы көріністер мен оған шартты түрде болсын ұқсас делінген адамдар өмірін салыстыра, жарыстыра алу, яғни психологиялық егіздеу тәсілін де жиі енгізген:

Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас,
Екпіндеп өзі тасып шашылмаса.
Ерлерге жай жатумен қайрат кірмес,
Ғалыдай орда жатып ашынбаса (45 б).

Үзіндідегі «тасып шашылмаса» сөздері демеуімен отау тіккен екпін күші, мәні одан кейін күрескер ерлерге де сондай қасиет керек екенін салыстыра шегендеуге қызмет етіп тұр. Яғни табиғаттағы айқындық адамдар бойындағы көзге көрінбейтін қайратқа да белгілі бір заттылық, тегеуріндік шарпуын дарытқан. Сол іспетті жарыстыру үлгісі:

Сеңгір-сеңгір таулар бар, бұлағы жоқ,
Қопалы көл-жекен мен құрағы жоқ.
Өңшең үрген қарынға душар болдық,
Зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ (79 б.).

Алдымен қанша зәулім болса да, бұлағы жоқ тауларды, ізінше жекен мен құрағы жоқ көлді көру мұнарасымен саралап барып, «зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ» «өңшең үрген» қарын сияқты адамдардың пайдасы жоқтығы, бейшаралығы айқындала түседі.

Сондай-ақ:

Ақ марал жайылмайды қабанменен,
Бірге ұшпас бұлбұл-қарға, тағанменен.
Түлкі мен шер, мысық пен тышқан бір боп,
Барады әуре-сарсаң заманменен (84 б.)

- жолдарында да психологиялық егіздеу, табиғаттағы бұлтартпас сәйкессіздікті паш етуден кейінгі адамдар қарама-қарсылығын жайып салу іске асқан. Атап айтқанда, маралдың-қабанмен, бұлбұлдың-қарғамен, түлкінің-арыстанмен (шер-парсыша арыстан дегені), мысықтың тышқанмен бірге жүруі, бірдей күй кешуі қандай орынсыз болса, лирикалық қаһарманда да сондай мүшкіл хал бар екені, жақсы мен жаман адамдар ара жігі ажыратылмай жатқаны т.б. сыналады.

Ақын дәстүрлі символдық белгілерді жарыстыра пайдалануға сүйеніп, өз ойын өрістетіп, тұлғалантып жеткізе біледі:

Ай орынын аспандағы бұлт алып,
Орнында дүр гауһардың су тас қалып.
Құр тікен қызыл гүлсіз қолға түсіп,
Ауызға қант орнына зәһәр салып (100 б.).

Мұнда да айды- бұлтпен, дүр гауһарды- су таспен, қызыл гүлді- тікенмен, қантты зәһәрмен ауыстыру келіссіздігін, яғни көзге бадырайып көрінген, дәлелденіп біткен айқын ұғымдарды алға тарта алған ақын оң ниеттің орындалмай, не бір қымбаттың арзанмен теңестірілуі терістігін таныта білген.

Мәшһүр-Жүсіп шеберлігі, бейнелеу тәсілдері дегенде, ол мәнерлеген сөз кестелерінің алдымен ұлттық бояумен көмкерілгенін, көп детальдің ұлттық өрнекке сай сұрыпталғанын дәлелдеу қажет: «Өнерге өзінді өзің ерте баулы,// Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы») (93 б.). Бұл деталь, жастық ауылының бір күн көшіп кетуін бейнелеу өрнегі, негізгі тіршілігі малмен, көшумен байланысты қазақ ұғымына неғұрлым жақын түсінікті болумен де мәнді. Ауыл көшуімен, басқа жерге ауысуымен, яғни шұғыл алыстауымен салыстыру нәтижесінде жастық шақтың да тез өтуі мүмкіндігі ұтымды кестеленген. Сол тәрізді: «Бұл жалғанның жүзінде көңілің өспей, // Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей»,- тармақтарында басқалар аттанғанда ере алмай қалуды сипаттау да малы барлар ғана көше алатынын бағамдап өскен қазақ үшін аса аянышты халді жайып салады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылғы «Хал-ахуал» кітабында шығыс поэзиясында кең әспеттелген махаббат, бақыт символы бұлбұл мен гүл жарасымдығын қызықтап, бұлбұлдың түнімен қызыл гүлдің ашылуын тосуын, арман етуін жырлағаны белгілі. Ақын сонымен бірге орыс поэзиясы дәстүріне де иек артып отырған. Мәселен, И.А.Крыловтың «Ала қойлар» мысалында патша арыстан әмірімен қойды баққансып жүріп жоқ қылған қасқыр (бұл мысалды Абай да, А.Байтұрсынов та тәржімалаған) әрекетін Мәшһүр-Жүсіп ұтымды пайдаланған:

Оңдырмас мынау қойшы бізді бағып,
Сіңбей тұр ішкен тамақ бойға жағып.
Тұрғызып омақаны әрбір жерге,
Жер-суды ап кетті ғой қазық қағып (34 б.).

Бұл арада қазақ халқын бағушы губернатор, не патша деп есептесек, аталған тұспал белгінің өрбітілуін сәл кейінірек жырлаған ақындардан да кездестіреміз:

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:
... Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,...

(М.Дулатовтың 1916 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Алашқа» өлеңінен).

Ай ұшамын аспанға
Жер жағдайды жақпайды...
Ащы, қатты дауыстан
Қарағай, терек жығылар.
Қожайынсыған арыстан
Сескенер, тасқа тығылар.

(І.Жансүгіровтің 1923 жылғы «Ызалы қиял» өлеңінен).

Салыстыра сараптасақ, И.А.Крыловта ала қойларды алдымен арыстан қырмақ болады, бірақ тікелей жоюға үндеген аю ұсынысы кейін жаман атқа қалдыратын болғандықтан, қабылданбай, құртуды іске асырып, «жазықты» болу қасқыр үлесіне қалады. М.Дулатов осыны ескеріп: «Қой бағып қасқыр қашан опа қылған»,- десе, І.Жансүгіров қасқырды емес, арыстанды бөліп алғандай, өзі Айға ұшқанда, ақырған дауысынан қарағай, терек жығылатынын, сол сәтте «қожайынсыған» арыстанның, демек қызыл коммунист ел билеушісінің де сескенуі мүмкіндігін әйгілейді. Назар аударарлық жәйт: И.А.Крыловта арыстан мен қасқыр және оның қой бағып қарық қылмауы тікелей өзара байланыста берілген. Мәшһүр-Жүсіпте бағып жарытпайтын қойшы бөліп алынса, М.Дулатовта қасқырдың ешқашан қой қорғап опа қылмайтыны еске салынып, екі ақында да, отарлаушы ел билеушілер қастандығынан қазақ халқын сақтандыру жүзеге асқан. Ал, І.Жансүгіров қасқыр мен ала қойларды мүлде сөз қылмай, тек бәрінің төбесінен қараушы арыстанның өзін де сескендірер күш бар екенін қатаң ескерткен. Сөйтіп орыс ақыны И.А.Крылов мысалындағы символдық бейнелерді қазақ ақындары: Мәшһүр-Жүсіп, Міржақып, Ілияс - әрқайсысы өзінше өрістетіп пайдаланған. Мұның бәрі ақын шығармашылығын жеке алмай, әлемдік поэзия дәстүрімен тығыз бірлікте қарастыру керектігін дәлелдейді.

ӘОЖ 951 (574)

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ДЕРЕКТАНУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Е.Қ. ЖҮСІПОВ
т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп ел тарихын шежіре түрінде сипаттайды. Тарихи тақырыпты қамтитын шығармалары « Қазақ түбі» атауымен басталып отырады. Мәшһүрдің тарихты баяндаудағы енді бір өзгешелігі жер, жүз, ру, тайпа, жеке адам (тұлға)және халықтар тарихын біртұтас жүйеде қарастырады. Мәселен, 1907 ж. кітабындағы автордың арғы аталары туралы баяндалған мәліметтерде бір әулет өкілдерінің тарихын жер тарихымен қатар қарастырған: “Мен өзім, атым Жүсіп, 49 жаста отырмын. Әкем аты Көпей, жылы барыс еді. 73 жасында, барыс жылы өліп, Баянауылға қойылды. Оның әкесі Сермұхаммед 70-тен асып өліп, Қызылтауға қойылған. Оның әкесі Ақжігіт 49 жасында өліп, Көкшетау бауырында Шортанқарағай, Қыздыңқарасуы деген жерге қойылды. Оның әкесі Бесім қартайып өліп, Ұлытауда бес саланың өре басына қойылды. Бұрынғы заманда Ұлытаудың теріскей жағына ататұғын сайларды “Бесімнің бес саласы” деуші еді. Тірі күнінде өзінің қоныс қылған жері болғаны үшін…”/ 1/.

Мәшһүр-Жүсіптің ғалым ретінде ғылыми көзқарасының қалыптасуына оның Шығыс өркениетін жетік меңгеруі және озық ойлы Еуропа мәдениетімен таныс болуы негіз болуы әбден ықтимал. Оның ғылыми мұрасын қазіргі ғылым салалары тұрғысынан қарастырсақ, онда әрі тарих, әрі шежіре, әрі этнология, әрі жер тарихы, әрі әдебиет, әрі фольклортану, әрі әдебиеттану, әрі тіл тарихы, әрі философия; әрі этнография мағлұматтары шоғырланғанын байқаймыз. Керісінше, кейбір қолжазба мәтіндері таза бір салаға ғана (медицина N1175, теология N1173, В.В.Радлов кітабы N1170 “а” т.б.) арналып жазылған.

Мәшһүр-Жүсіп жазбалары арасынан ғалымның жалпы қазақ тарихына, шежіре сөздеріне берген ғылыми көзқарасы да кезігеді: “Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. “Оқуға сенген ұмытшақ” деп оқуды керек қылмаған. “Жазуға сенген жаңылшақ” деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын, құлағының тесігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуыменен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған” / 2/.

Дерек жинастырушы ретінде Мәшһүр-Жүсіптің жүргізген жұмыс көлемінің кең ауқымдылығы, оның ат үстінде ел арасынан аз уақыт ішінде мол материал жинап үлгергені таң қаларлық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тарихи шығармаларына дерек берушілер арасынан оның замандастарын: Мейрам Жанайдарұлын, Сыздық Кенесарыұлын, Ахмет Кенесарыұлын, Саққұлақ шешен, Бердалы қожа, Майлы Жәдігер, Ысмайыл қария, Бөртіней Байғозыұлы, Садуақас Мұсаұлы Шорманов т.т. тікелей оқиға куәгерлері, не куәгердің ұрпақтары да бар. Сондай-ақ аталған шежірешілердің өзара ақпарат алмасу тарихына мысал ретінде М.Ж.Көпеевтің жас кезінде Әбілғазы шежіресі нұсқасын Байдалының Мұстафасы қолжазбасына көшіріп бергенін айтумызға болады: “Осы сөз Үргеніште 23 жыл хан болып тұрған Араб хан баласы Әбілғазы хан шежіресінен алынған сөз болса керек. Жас күнімде өзім жазып алған сөз Байдалының Мұстафасына жазып берген шежіреңізде бар екен деп Ғиса баласы Мақұл 1928-нші жылда, Баянауылда өзіме көрсетті” / 3/.

Ұлы ғалымның тарихтанушылық көзқарасын танытатын тағы бір қыры–«Қазақ түбі» еңбегіндегі ресми деректер, зерттеулермен қатар ауызша мәліметтердің берілуі. Шыңғыс хан және оның шығу тегі туралы жинағандарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы “Қазақ түбі” аңызында Әбілғазы шежіресі мен В.В. Радловтан құнды мәліметтер келтірген: “Алтынбел ханның Алмалы Көрікті деген қызынан туған әкесі иок(жок), сағымнан пайда болған Шыңғыс хан пайғамбар тарихтан

беш иоз илик тоқызда (559) доңыз жылында Мұғол иортында Вком Илдоқ тиген ирде дүниеге келді. Бір қолы иұмық… қан ұстап туып еді” / 4/.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мәліметтерді қалай естісе солай өзгертпей жазып алып отырған, кейінгі « Қазақ түбі» нұсқаларында да сол деректі дәл солай өзгертусіз келтіріп отырған. Яғни мағлұматтың түпнұсқалық негізі сақталынып, ешбір бұрмалаушылыққа түспегендіктен тарихи маңызыдылығы артады. Әрбір мәтіннің басында, не ортасында, не болмаса соңында сол деректің түпкі иесінің, мәліметті ауызша жеткізушінің есімі аталуы, оның ата-тегі өмірбаяны туралы мәліметтер берілуі, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының деректанушы ғалым екендігін дәлелдейді. Тіпті аңыз-әңгімені қайда, қашан, қандай жағдайда, кімнен, қалай естігенін мәлімдеуі сол деректің шынайылығына, бұрмаланбағанына күмән келтіртпейді.

Мысалы, « Қазақ түбі» N1177 топтамасында ең алдымен Әбілғазы Баһадүр өмірбаянымен таныстырып / 5/, артынан шежіресінен үзінділер беріп, В.В.Радлов жазбаларынан алынғандығын хабарлай отырып / 6/, соңынан Радловтың “Қазақ түбі” әңгімесін ұсынады.

Дерек жинастырушы ретінде деректер ұсынуда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бергі VIII-XIX ғғ. тарихи оқиғаларын баяндауда да жер-су атауларына көбірек сүйенеді.Мысалы, Кенесары топтамасында Кенесарының соңғы шайқастары туралы айтпастан бұрын қырғыз тайпаларының географиялық картасы (орналасуы, өзен-таулары, асулары, жер бедері), соғыс барысы туралы деректерді байланыстырып беріп отырады / 7/.

Сонымен қатар М.Ж.Көпеев шежіре үзінділерінің бірінде әз Тәуке ханның моласының Қараөткелде салынғаны, кейіннен бүлінгені туралы да деректер бар / 8/.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» (1907 ж.) кітабында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Сарыарқаны қоныстанған елдер тарихын жер -су атауларымен байланыстырып баяндайды. Оның мәліметтері бойынша, кезінде Сарыарқаны Мық, Шерміш жұрттары иеленген,содан ноғайлы тұсында “Хан сүйегі”, “Ақжар-Сасай”, “Тоғанастың тоқсан екі көлі”, “Сұлу там», «Қызыл мола” т.т. жер-су атаулары пайда болған.

Баспа бетінде басылып шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Қазақ шежіресі” атты туындысында (құрастырушысы: С. Дәуітұлы, Алматы, Жалын, 1993) өзі тек Баянауыл аймағының тарихы, мекендеген ру-тайпалар тарихы: тұлғалар, батырлар, билер, ақындар т.б. тарихы, жер-су атаулары тарихы жинақталып, байланыстырылып берілген. Шежірені Баянауыл аймағы тарихы туралы мол дерек көзін ұсынған бірден-бір ғылыми зерттеу деп тануымызға болады. Бұған қазіргі кезде атақты жерлес ғалымдарымыз, ақындарымыз т.б. туралы жарияланып жатқан естелік кітап, шежіре авторларының Мәшһүр шежіресіне көбірек сүйенуі айғақ бола алады /9/.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының « Қазақ түбі» нұсқалары мазмұны, жазылу реті, жүйеленуі жағынан өз замандастары Қ.Халид, Ш.Құдайбердіұлы зерттеулерінен өзгешеленеді. Пайдаланған дерек көздерінің басым үлесін есепке алсақ, Қ.Халид Шығыс, Ш.Құдайбердіұлы батыс мағлұматтарына көбірек сүйенген. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ең алдымен, негізінен, халықтық төл мәліметтерге иек артады. М.Ж.Көпеев өзі келтіріп отырған ауызша деректерді таза тарихи шындық ретінде қабылдамайды, тек тарихи материал ретінде ұсынады. Ал замандасы Шәкәрім Құдайбардіұлы өз шежіресінде ауызша деректердің ақ-қарасын салыстырып қарамай, шынайы тарихи негізін сараптамай шындық ретінде зерделеуі бірқатар жаңсақтыққа жол берген.

М.Ж.Көпеев шежіресі мазмұны екі сипатқа ие болған: әрі ата тек тізбегі, әрі жылнамалық сипатқа ие болатындығы баспасөз беттерінде аз айтылмайды / 10/.

Дерек зерттеуші ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі жинастырған, ел арасында кездескен мәліметтерге талдау жүргізіп, салыстырып шынайылығын зерделеп отырған. Мысалы, Аныстан бастайтын қазақтың шығу тегі туралы жазылған бір нұсқасында, Шәкәрім Құдайбердіұлының осы бір вариантын сынаған. Жер атауына (Домбы Ата) сүйеніп, бұл шежіренің тарихилығын, шындығын (Тарихымызда Аныс кезеңін VII-VIIIғ. Ислам діні таралған уақыт деп қарастыруымызға болады) өзінше дәлелдейді./ 12/.

Сонымен бірге « Қазақ түбі» жазбаларындағы “Олжабай батыр” топтамасы бір әңгімесінде “Шүршітқырған” шайқасы, Баянауылдағы “Шүршітқырған” жер атауы туралы да тың деректер беріледі. Ал қытай құжаттарында, жинақтарында Дардана мен Хадаха (қытай генералдары) әскері ылғи “жеңістерге” жетіп, тіпті

Баян тауының батысында 1757ж. Абылай әскерін талқандаған-мыс деп айтыла береді / 13/.

Араб, парсы, түркі сөздерінің тілдік құрылымын жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының төте жазуда қазақ сөздерін араб графикасы заңдылығына емес, қазақша айтылу ретіне қарай жазылуы керек (транслитерациялау) деп есептеген: "Қазақ арабша "таифа" дегенді "таипы" дейді, "ғани" дегенді "кәні" дейді (олжаға кәні болдым). Ал арабша "ғани" бай деген сөз. "Дағуа" дегенді "дау" дейді. Арабша "саяд"-аң аулау деген сөз. Қазақ "саятшы" дейді. Арабша "фаһим" дегенді қазақ байымдау дейді, "лахазза" дегенді "ілездің арасында" дейді. Парсыша "пәнде" дегенді қазақ "бенде", "фидея" дегенді "жаним пида" дейді.

Егер علمه (ғлме) деген сөзді жазғанда, ғайнның үстіне үтір салмасақ, қазақ ғұлама я ғалама деп оқырын білмей, оқып келе жатқан сөзінің ретін бұзып алады. Еғарда علمه (ғұлама) деп жазсақ, бөгеті жоқ, түсіне қалады" / 14/.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл пікірін ғалымдар: В.П.Юдин, А.Б.Халидов, М.Х.Абусеитова, Р.Сыздықова, Т.К.Бейсенбиев, М.Қойгелдиев, А.И.Исин зерттеулері де қуаттай түседі / 15/.

Топографиялық, әрі топонимикалық, әрі географиялық мағлұматтарды тарихи таныммен салыстырып, Нұх топан суы туралы айтқан Мәшһүр дәлелдері, пайымдаулары назар аударарлық: "Естіген құлақтың жазығы жоқ. Құрттай бала күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді:

- Нұх пайғамбар тақтайдан кеме салған,

Ол кеменің тақтайын тышқан тескен,-деп.

Бұл-естіген сөз. Құлақ естігенді көз көрмек. Бұл күнде көзіміз көрген бір нәрсені ойға алып жүрсек, топан су тасып, дүние жүзін қаптағандығы айдан жарық, күннен анық көрініп тұр… Жарапазаншы шал айтты деп топан суы болғандығына нанып тұрғаным жоқ. Өз көзім көрген нәрседен нанғандығымды білдіріп айтып тұрмын. Сол топан судың болғандығын тау біткеннен 40 кез асқандығын жер айтып тұр. Су айтып тұр. Тау-тас айтып тұр" / 16/.

Шежіреші ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының генеологиялық кестесін ежелгі заманнан, Уыз хан (Оғыз хан) кезінен бастап, дәлірек айтқанда, Уыз ханның Vш оқ атанған ұрпағы қазақ елінің үш жүздік құрылымымен сабақтастырады: "Күн, Ай, Жұлдызына таласпай-ақ қоялық. Vш оқты бізге қимай ма? Біз неге әлі күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!" /17/ Ғалымның бұл пікірі ғылыми топшылауларға жақын. Себебі Х.Әділгереев мақаласында келтірілген Хғ. Мақдисидің "Алтын тоғай" зерттеуі бойынша, оғыздар үш ордаға: Ұлы Орда, Орта Орда, Кіші Ордаларға бөлінген екен./ 18/

Оның үстіне деректанушы ретінде Әбілғазы Баһадүр шежіресіндегі деректерді халықтың әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен т.с.с. өзінің тарихи тілінде байланыстырған. Шежірешінің ғылыми топшылаулары өзіндік ерекшелігімен назар аудартады: "Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз–Уыз хан балаларына өз пайым-парасатын, көзіне көрінген нәрсенің толымды-жарамдысын ат қылып қоя беріпті: Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттарды күні бүгінге шейін біздің қазақта айдың басында туған баланың атын Айбас қояды, таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Көл басында туса, Көлбай қояды. Тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, күзекте туса Күзекбай, Күзеубай. Есілде туса Есілбай, Нұрада туса Нұрабай. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі-өнеге–осы.

Екінші өрнек үлгісі–киіз үй. Бір нәрсені біреу іздеп таба алмай келсе: "Осы уыз үйлі пәленнен таба алмағаның ба?"–дейді.

Vшінші өрнек үлгісі–топырлатып жылқы сою, қой сою, қара сабаға қымыз толтыру.

Төртінші өрнек үлгісі–тоғыз-тоғыздан сый, сыйлық, сияпат. Өлген өлігіне мал шығарса да тоғыздан. Байлар өлсе жаназаға барып келушілерден: "Неше тоғыз шығарыпты?"–деседі.

Арғы атамыз Ер Түрік, екінші буын атамыз–Мұғол, Маңғұлыскейге барып қосыламыз.

Vшінші буын атамыз–Уыз хан. Ай мен Күн, Жұлдызына таласпай-ақ қоялық. Vш оқты бізге қимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!" / 19/.

Бұған қоса, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы деректерді мәлімдеп қана қоймай, оқиғаның болған уақытын, себебін ашып көрсетуге ұмтылады. Мысалы, ол XIII-XVII ғғ. тарихи даталарды ескіше жыл санау (һижра) есебімен беріп, ал XVIII-XIX ғғ. оқиғаларды жаңа жыл санау (Григориан) бойынша берген: "Қазақ жұртының аузында: "Қасым ханның қасқа жолы",–

деп атанып қалды. Тоғыз жүз отызда Сарайшықта (офат) болды / 20/. 1738-де Әбілхайыр хан бас болып, Адайдан басқа Кіші жүз орысқа бағынады. 1750-де Абылай хан мен өр Жәнібек орысбен сауда араластыру үшін Тройскіден базар аштырған. 1755-ші жылда Құлыкесінің баласы Сүгірәлі жасаққа келген қазаққа бір өткелдің аузында 100 ат ұстатып беріп Сүгірәлі мырза атанған/21/''.

Тарихтанушы ғалымның мүшел қайыру әдісін қолданып, тарихи оқиғаның қай жылы болғанын анықтауы ерекше көңіл бөлерлік. М.Ж.Көпеев 1837-1838ж. оқиғаларға қатысқан Байғозының ұлдарының мәліметтеріне (Нұрсиет Байғозыұлының сол жылы туғанын) сүйеніп, Кенесары Қасымов көтерілісі ит жылы (1837ж.–ит жылы) басталды деген қорытындыға келеді /22/. Хан Кенесары көтерілісінің аяқ кезі туралы « Қазақ түбі» екі мезгілді қатар жазып кеткен: бірі–1846 жыл / 23/, екіншісі–1847 жыл / 24/.

Хан Кенесарының Қамауға (Қамалға) келгендігі туралы, Ұлы жүз халқының ішкі саяси жағдайы туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеев мәліметтерді келтіре отырып, өз ой-пікірін,көзқарасын қоса айтады: "Іле деген өзеннің Балқашқа құйған жерін Қамау деп атайды. Қараталдың, Іленің, Шудың алабын, Алатау төңірегі Найман мен Vйсін жайлайды. Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Шапырашты деген рулары Кенесары Ұлытау, Кіші таудан ауып барғанда, сол Қамауға барған. Шапыраштыдан басқа Ұлы жүзде, Найман да Кенесарыны мойындай қоймаған. Ұлы жүз бұрыннан Қоқанға қарап атқамінерлері, еркегі жыл сайын сарттан шапан киіп тұратын. Найман, Темірсу, Жемінен, Алматы, Аягөздегі орысқа бағынып, тері шекпен киіп тұратұғын" /25/.

Енді бір қолжазбасында ғалым қазақ хандарының билеу институтына, тек шежіресіне жеке тоқталып өтеді. Қалмақ қоңтажыларымен салыстыра келе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ тарихындағы орталықтандырылған, біріккен абсолютті билеу жүйесінің жоқтығын сынап жазады: "1778 – жылдар Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы. 1821-жылдар Уәлі хан өліп, асы берілген шамасы. Қалмақтарға да әртүрлі ат қойылса керек. Мұның ханы Қалдан Шерін – Батыр баласы. Қара қалмақтың ханы қоңтажы, орыс историясында "хан тайшы" делінеді. Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт – бұлардың ханы кәрі Аюке Тапсыради деседі. Қоңтажы, Аюке бірақ кісінің аты болмайды. Шүршіт хан Ежен хан атағандай болғандарына айтыла берсе керек.

Қазақта мұндай үзілмей бірінен соң бірі болып тұратұғын хандық жоқ. Анда-санда қолдарына хандық тиіп қалады да, ұзамай быт-шыт болады" / 26/.

Деректерді жіктеуші,топтастырушы ретінде бергі XVIII-XIX ғғ. тұлғаларды сараптауға келгенде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы олардың кімдердің замандасы болғандығына назар аудартып, жіктейді. Жәнібектерді сараптау барысында ғалым Шақшақ Жәнібектің қалмақтың қоңтажысы Қалдан Шерінмен замандас екенін, ал керей Жәнібектің олардан сәл кейін көзге түсе бастағанын ашып көрсетеді /27/. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кейбір аңыз-әңгімелердегі көмескі мәліметтердегі тарихи тұлғаның аты өзгергенде ("Алаша хан" т.б.) халық жадында сақталынған есімін ғана мәлімдеп, қай кезде өмір сүргенін өзі де анықтай алмағанын да жазып кеткен: "Қазақтың өз сыбағасына арналып хан болғандар: Қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан, "Күлтөбеде күнде кеңес" атанған әз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан.

Қазақта хан болып, заң-закон жасап, халық қатарына қосқандар осы айтылған хандар. Алды-арты жоқ Алаша хан деген бір хан билеген. Қазақ үш жүзге бөлініп. Ұлы жүз Vйсін, Орта жүз Арғын, Кіші жүз Алшын атанғаны: Алаш деп ұран шақырысып, "Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш болғанда, ұранымыз Алаш болғанда деп айтатын заман болған" / 28/.

Сонымен қатар М.Ж.Көпеев кейбір аңыз-әңгімелердің шығу тегін, себебін ашуға да ұмтылған. Қазақ-қырғыз қарым-қатынасының XIX ғ. бірінші ширегіндегі шиеленісуінің түп төркінін, яғни алғышартын Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорығынан басталатындығы туралы өз ой-пікірін ұсынады. /29/ Ал Сыпатай батырдың қырғыздармен достасуына Ұлы жүз руларының қырғыздармен көршілес, аралас болу әсер еткен деп қарастырады: "Қырғыз таптары Шапырашты, Vйсінмен аралас отырған: Сарбағыс, Солты, Бұғы. Сарбағыстан Әтіке Жырыққа алты ұлы алты ас берген. Сол алтауының бірі–Қарабек, мұнан Жантай, мұнан Шабдан'' / 30/.Сонымен бірге Ә.Исақовтың зерттеуінде /31/ де Сыпатайдың ағасы Андас батырдың, Қанай мен Жаңғараш манаптардың Қарабалта деген жерде жерленгені туралы деректер бар.

М.Ж. Көпеев шежіресінің және жалпы Шығыс шежіре үлгілерінің ортақ жаңсақ кетушілігі де кездеседі. Мысалы, қолжазбалардың шашыраңқы орналасуы, кейбір оқиғалардың қолжазбаларда өзгеріссіз қайталануы т.с.с. Ғалым қолжазбасындағы тарихи мәліметтердің байланыстылығын, хронологиялық реттілігін аңғару қиын. Мысалы, қазақ халқының шығу тегін әртүрлі вариантармен жазады. Қазақ аңыздарындағы түркілік кезеңді (Мәшһүрдің Әбілғазы шежіресі) Ел хан есімінен бастап баяндайды. Бұл нұсқаларда қазақтың шығу тегін Аныс (Әнес, Ан), Аккөсе, Мәлік сахабалардан бастап тарату себебіне тоқталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы « Қазақ түбінде» Ш. Құдайбердіұлы шежіресіндегі /32/ "қазақты арабтардан тудыратын" үлгінің күмәнді жақтарын ашып көрсетеді.

М. Ж. Көпеев "Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған" еңбегінде Алаша хан замандастары ретінде Қондыкер, Құбаң, Қотан, Қоғам, Майқы есімдері айтылады /33/. Оның мәліметтері де /34/, Ә.Х.Марғұлан зерттеуі / 35/ де Қондыкер атауын оғыз этнонимімен байланыстырады: "Қазақ эпосында оларды "Көндігер Құбаң жұрты", "Ноғайлы", "Қаят", "Қыпшақ" деп түрлі атаумен атайды. Бұл жердегі "Көндігер, Құбаң жұрты" дегені–орта ғасырлардағы Күншығыс әдебиетіне әйгілі ''оғыз'' бен "қыпшақ'' жұрты. "Кубан" Еуропа әдебиетінде жиі кездесетін "Куман" елінің осы күнге дейін сақталып келген бір есімі болуы әбден ықтимал, екінші сөзбен айтқанда қыпшақтың бір руының аты да болуы мүмкін". / 36/ Егер IX-XII ғғ. тарихты Мәшһүр шежіресі этнонимдер атауларын кісі есімдерімен байланыстырып көрсетсе, « Қазақ түбі» XIII-XIV ғғ. және XV-XVII ғғ. оқиғаларды Шыңғыс әулеті шежіре үлгілері (Әбілғазы мәліметтері) арқылы баяндайды. / 37/

Қазақ хандарының Сырдария қалалары үшін XV ғ. а. мен XVI ғ. б. шайбанилармен күрес жүргізгені белгілі/ 38/. Осы бір саяси күрес тарихын айғақтайтын мәліметтер « Қазақ түбі» де бар. XVI ғ. дәуірі тудырған мотив қазақ ру-тайпаларын "қожалардан" шығарып таратады. Мәшһүр Жүсіптің "Қазақ шежіресінде" / 39/ Жанарыстың (Орта жүз) 6 баласына (Қарақожа–"арғын", Аккожа–"найман", Ақтамбердіқожа–"қыпшақ" т.с.с.), Арғын тоқалынан тараған 5 ұлына (Ақсопы–"қанжығалы", Қарасопы–"қарауыл", Сарысопы т.т.) "қожа"," сопы " есімдері қатар айтылады. XVI ғ. б. қазақ қоғамында дін өкілдерінің ықпалы зор болғандығы 3.Жандарбек зерттеуінде сөз болып, Байшора, Жаншора, Қарашора, Аккожа, Қыдыркожа (Кіші жүз Алшында) атаулар тарихы қожалардың жүздердің пірлері болғандығымен сабақтастырылған / 40/.

« Қазақ түбі « шежіресінің "ноғайлы" үлгісі де бар. Мұнда да қазақ халқы тарихы Ормамбет есіміне байланысты аңыз-әңгімелер арқылы берілген. М.Тынышпаев зерттеуінде Ормамбет би өлген соң (1600 ж. шамасында) ноғайлардың өзара бытырап кеткенін айғақтайды / 41/. Енді бір шежіре сөзінде Мәшһүр-Жүсіп қазақтың Келімбеттерден бастап тарататұғын нұсқалар барлығын, бірақ үлгілер тарихын ешкім түсіндіре алмағанын айтады: "Біреу Болат қожа дейді, біреу Ақжол дейді. Екеуі бір кісіге аталған ат деседі. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, үш жүздің атасының аты деседі. Біреулер Ақсақ Келімбет, Қара Келімбет, Сары Келімбет, Науан, Шодан деген аталары бар десіп жүрді. Бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ болды '' / 42/. Ал В.З.Галиев кітабында /43/ бұл Келімбеттердің Ноғай ұлыстарын басқарған Ормамбет, Тінмамбет балалары екендігін айтып, шежірелердегі "Келімбет" варианттарын XVI-XVII ғғ. қазақ-ноғай байланыстары тарихы деп түсіндіреді . Белгілі шығыстанушы ғалым М.Қ.Әбусеитова монографиясында ноғайлардың XVI ғ. Сарыарқаны қоныстанғаны жоққа шығарылмайды / 44/.

Бұл шежіре нұсқасы тарихына Ә.Марғұлан да пікір білдірген: "Қырда ерте кезде салынған тас үйлер туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жазғандары тарихи жағынан өте бағалы. Ол кісінің айтуынша ноғайлы-қазақ халқының әскер басы жігіттері айдалада жүргенде, тас қорған үй жасайтын болған. Шідерті өзенінің аяғында тұратын, "Ақжар-Сасай"–сол ноғайлы қыпшақтардың хандарының орда қылып, тақ орнатқан жері. Есіл, Нұраның арасындағы үлкен айдын "Тоғанастың тоқсан екі көлі"–ноғайлы-қазақтардың жойқын егін салған жерлері. "Қызыл-мола", "Сұлу-там", "Сырлы-там", "Хан-сүйегі" солардың жәдігерлері" дейді (Мәшһүр-Жүсіп. Сары-Арқа. 1907, 2-4б.)" / 45/.

Бергі XVIII ғ. а. оқиғаларды (Абылай ханның қырғыздарға қарсы жорықтары) айғақтайтын шежіре сөзі де арғын тайпасы қарамағындағы "жаңа қырғыз" тармағының пайда болу тарихын қозғайды:

"Жаңа қырғыз деп сөйленеді, қырғыз ханының Абылай ханға ақ үйліге берген бір тайпа елі" / 46/.

Деректерді құрастырушы ғалым ретінде Мәшһүр-Жүсіп жинақтаған барлық тарихи материалдарды өзінің « Қазақ түбі « атты жинағына кіргізген. Бірақ қолжазба кітап мазмұнына кіргізбестен бұрын бұл деректер сұрыпталған, толықтырылған, кезеңдерге бөлініп, тақырыптары қойылып жинақталған, соңында өзара байланыстырып берілген. Мұның өзі Мәшһүр-Жүсіптің деректанушы ретінде ғылыми көзқарас негізінде зерттеу жұмысын жүргізгендігін айқындайды.

« Қазақ түбі « нұсқаларының ғылыми маңызын көтерген бір құнды өзгешелігі–әр « Қазақ түбі « үлгісінде тарихтың әртүрлі баяндалуы, кейбір нұсқа мәтіндердің мазмұны келесі « Қазақ түбі « варианттарында қайталанбауы. Мәшһүрдің « Қазақ түбі « тақырыбында жазылған шығармаларының мазмұны әртүрлі:

Бірінші үлгісінде Адам Ата Нұх заманынан Уыз ханға дейінгі кезең / 47/, Мұхаммед пайғамбар және Аныс, Аккөсе сахабалар дәуірі / 48/, 92 баулы Қыпшақ, 32 баулы Өзбек, "үш жүз" атанулары ("Алаша хан" әңгімесі) туралы шежіре сөздері / 49/; Әбілғазы шежіресі негізінде Әз Жәнібектен бастап өз Тәукеге дейінгі қазақ хандары тарихын баяндауы / 50/; Ақтабан шұбырынды оқиғасы туралы тарихи аңыз-әңгімелер / 51/ жинақталған.

« Қазақ түбі « екінші нұсқасында В.В.Радловтың "Қазақ түбі" аңызындағы Шыңғыс хан (Шынқыз) шығу тегі жөніндегі аңыз-әңгіме нұсқасы / 52/; Абылай хан және оның заманы хақындағы ауыз әдебиеті үлгілері (аңыздар, жырлар, дастандар) / 53/; Нысанбай жыраудың "Кенесары-Наурызбай" дастаны беріледі.

Vшіншісінде Әбілғазы шежіресіндегі: Адам Ата, Оғыз (Уыз) хан әңгімесі /54/; Шыңғыс хан (Темучин) шығу тегі; Шыңғыс ханнан Есім ханға дейінгі хандар тізбегі қысқартылған нұсқасы / 55/; Абылай хан және Абылайдан кейінгі замандағы ұрпақтары / 56/ сөз болады.

Төртінші вариантында үш жүз ("Алаша хан" әңгімесі) шығу төркіні туралы әңгіме нұсқасын / 57/; Жәнібектен әз Тәукеге дейінгі хандар шежіресін (Мәшһүрдің хандар тізбегінің бір үлгісі) / 58/; Ақтабан шұбырынды аңызын / 59/, Еңсегей бойлы ер Есім хан ертегісін / 60/ әңгімелейді.

Бесінші нұсқасына Адам Ата, Уыз хан шежіресі (Әбілғазы нұсқасы) / 61/; В.В.Радловтың Шыңғыс хан шығу тегі туралы әңгімесі / 62/; Қ.Халидтың Алтын Орда тарихы және әз Жәнібек тегі туралы баяндаулары / 63/; Мәшһүр-Жүсіптің Жәнібектен әз Тәукеге дейінгі шежіре варианты / 64/; Ақтабан шұбырынды туралы тарихи сөздері топтамасы / 65/ кірген.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларының тарихты әртүрлі вариантта әңгімелеуі « Қазақ түбі» еңбектерінің ғылыми маңызын көтергенімен, қолжазба мәтіндерінің шашыраңқы сипатта орналасуы тарих тұтастығын, кезеңдердің өзара байланыстылығын түсінуге кері әсер етеді. Ғалым тарих туралы мол дерек көздерін ашып көрсеткенімен тарихи оқиғаларды тануға, жүйелеуге, қорытуға, түйіндеуге келгенде "самарқаулық" танытады. Әрине бұған Мәшһүр-Жүсіп дүниетанымының өзегі болған шығыстық білім ықпалы, діни орта әсері негіз болған.

"Қазақ түбі" материалдары бойынша жасалған шолу Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректанушы, тарихтанушы, шежіреші-этнолог, өлкетанушы, жер тарихын зерттеуші ғалым болғандығына назар аудартады. Зерттеуде атап-атап көрсетілген ғалымның тарихи көзқарастары, ғылыми еңбегі Отан тарихы ғылымы дамуына мол үлес қосады деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. / Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1990. – Т.1. – Б.258-259.

2 ОҒКҚҚ, Көпеев М.Ж. қолжазбасы, №1177 папка. - Б.258(301). ; Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С.Дәуітов. -Алматы: Жалын, 1993. - Б.9.

3 ОҒКҚҚ, №1177 папка. - Б.99(146).

4 ОҒКҚҚ, №1173 папка. - Б.406.

5 ОҒКҚҚ, №1177 папка. - Б.221(264).

6 Сонда. Б.264-279.

7 Көпеев М.Ж. Кенесары-Наурызбай хақындағы әңгімелер. / Дайын. О.Исмаилов. // Жұлдыз. - 1992. - №4. - Б.197-198. ; Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. -Б.52-53.

8 ҚПЖӘМ, Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасы, 2 топтама. - Б.356-357.

9 Салғарин Қ. Қазақтың қилы тарихы. - Б.152. ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянауыл өңірі. - Б.90-91. ; Қаныш елі (фото-кітап). / Құрастырушылар О.В. Таланова, М. Сәрсеке. -Алматы: Жібек жолы, 1999. – 336 с.

10 Айтбаева Р. Тарих айту дәстүрінің дамуы хақында. // Қазақ тарихы. - 1994. – №3. - Б.44. ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянауыл өңірі. - Б.62.

11 Құдайберді Ш. Түрік, қырғыз - қазақ һәм хандар шежіресі. -Б.70.

12 Бұл туралы 2 бөлімнің 2 тарауында (екінші кезеңінде) айтылған. Қараңыз: ОҒКҚҚ, №1176 папка. - Б.108(152;55-111(105).; Сонда. №1174 папка. - Б.256(299)-261(304;154).

13 Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. //Жұлдыз. - 1984. - №2. -Б.171.; Цинская империя и казахские ханства: вторая половина XVIII-первая треть XIX в. /Сост. Хафизова К.Ш., Моисеев В.А. - Ч.1. - С.110.

14 Бекхожин Қ. “Дала уалаяті” және мәдениет мәселелері. //Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1958. - №10. - Б.55-65.

15 Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. /Составители Баранова Ю.Г., Абусеитова М.Х. -Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 388 с. /42-43/.; Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – С.67-70. ; Халидов А.Б. Арабские рукописи и арабская рукописная традиция. -Москва: Наука, 1985. –312 с. /95,156-157/. ; Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. -Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б. /110-112/. ; “Әділ сұлтан” эпикалық жыры. /Зерттеу, қолжазба факсимилиесі, транслитерациясы, транскрипциясы, түсініктемелері, баспаға дайындау - Исин А.И. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 148 б. /17-18/ ; Бейсенбиев Т.К. “Тар,их-и Шахрухи” как исторический источник. - Алматы: Наука, 1987. - 200 с. (32).

16 Көпеев М.Ж. Наурыз. // Парасат. - 1990. - №3. - Б.12-13.

17 ОҒКҚҚ, №1177 папка. - Б.235(278). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі, 2 топтама. - Б.3.

18 Әділгереев Х. Қазақ халқының қуралуы тарихынан. // Социалистік Қазақстан. - 1941. - №115. - 18 мамыр. - Б.3.

19 ОҒКҚҚ, №1177 папка. - Б.235(278).

20 ОҒКҚҚ, №1177 папка. - Б.244(287). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. - Б.8.

21 Сонда. №1178 папка. - Б.171(304).

22 Сонда. №149 папка. - Б.188-189.

23 ОҒКҚҚ, №1170 “б” папка. - Б.845(241).; Сонда. №1178 папка. - Б.20(34).

24 Сонда. №1176 папка, №1 бума. - Б.84.; Сонда. №657 папка, №9 дәптер. - Б.1-7.; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 64 “ә” тізім.

25 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 65 “ә”тізім. - Б.2. ; Сонда. N1177 папка. - Б.240(193;120).

26 ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 том, 6 тізім. - Б.22.

27 ОҒКҚҚ, №1178 папка. - Б.88,176(313).

28 ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 топтама, 6 тізім. - Б.22.

29 Абылай хан. / Құрастырған С.Дәуітов. - Т.1. - Б.239. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 54 “в” тізім. - Б.1-2. ; ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. - Б.6. ; Сонда. №1177 папка. -Б.248(201).

30 ОҒКҚҚ, №1176 папка. - №1 бума. - Б.87(93).

31 Исақов Ә. Сыпатай туралы сөз. //Қазақ батырлары.-1991.-15.08.- 7.-Б.5.

32 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.-Б.80(70).

33 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. / Дайындаған С.Дәуітов. - Т.2. - Б.60.

34 Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – №2. - Б.79-80.

35 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. - Б.353.

36 Қазақ ССР тарихы (көне заманның бүгінге дейін). Бес томдық. - Алматы: Ғылым, 1983. - Т.2. - Б.58.

37 Торма И. Мажарстандағы Қотан батыр. // Қазақ әдебиеті. -1995. - 31 қаңтар. - №3-4. - Б.15. ; Голден П.Р. Құман-қыпшақтардың тайпалары мен рулары. // Ана тілі. - 1998. - №12.

38 Абусеитова М.Х. К истории казахской государственностий XVI-XVII вв. // Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы: Материалы международной конференций. - С.24.; Ее же. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. : история, политика, дипломатия. - С.123.

39 Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. - Б.14-15.

40 Жандарбек З. Қазақ жүздерінің пайда болуы жөніндегі жаңа деректер. // Государство и общество в странах постсовственного Востока: история, современность, перспективы: Материалы международной конференций. - С.57-58.

41 Тынышпаев М. Великие бедствия. - С.36-38.

42 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. / Құрастырған С.Дәуітов. - Алматы: Ғылым, 1992. - Т.2. - Б.63.

43 Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. - С.31-32.

44 Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI-XVII вв - С.105.

45 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. - Б.45.

46 ОҒКҚҚ, №1178 папка. - Б.141(304).

47 ОҒКҚҚ, №1176 папка, №1бума. - Б.100(94;51)-107(101).

48 Сонда. Б.108(102;55)-111(105).

49 Сонда. Б.114(108;34)-120(114;61).

50 Сонда. Б.344(430;170)-345(431;171).

51 Сонда. Б.345(431)-346(432;172).

52 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. / Құрастырған С.Дәуітов. - Алматы: Ғылым, 1992. - Т.2. - Б.91-96.; ОҒКҚҚ, №1170 “а” папка. -Б.111(60)-124(67).

53 ОҒКҚҚ, №1170 “а” папка. - Б.124(67)-127(68).

54 ОҒКҚҚ, №1173 папка. - Б.394-406.

55 Сонда. Б.406-408.

56 Сонда. Б.408.

57 ОҒКҚҚ, №1645 папка. - Б.76(250)-83.

58 Сонда. Б.83-85.

59 Сонда. Б.85-87.

60 Сонда. Б.108-112,146-148.

61 ОҒКҚҚ, №1177 папка. - Б.221(264;147)-235(278;141).

62 Сонда. Б.236(279)-244(287).

63 Сонда. Б.244(287).

64 Сонда. Б.244(287)-248(291).

65 Сонда. Б.247(290;147)-248(291).

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ҚАЗАҚТЫҢ ҚИССА – ДАСТАНДАРЫ ЖӘНЕ МӘШҺҮР ЖҮСІП

Г.Қ. ЖҮСІПОВА
ф.ғ.к., доцент, Астана қ.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын кешендеп зерттеу жалпы қазақ әдебиетінің өткен тарихын кең қарастыра алмау тәрізді олқылықтармен байланысты екенін еске салғымыз келеді. Мәселен, қазақ әдебиетіндегі дастан жанрының туу, қалыптасу тарихын, ондағы өзекті сала діни қиссаларсыз кең қамту мүмкін еместігі белгілі. Әміршілдік жүйе дін атаулыға, оның ішінде ислам дініне өршелене қарсы болып, ол саладағы ізденістердің бәріне тыйым, кедергі жасап келгені мәлім. Әйтсе де не сөз арасында, не жартылай сынаған қалыпта шаң беріп, әйтеуір бір кезде діни дастандар болғанына жарық түсірерлік пікір білдірулер болмады емес. Мәселен, 1959 жылы әдеби мұраға арналған конференцияда М.Әуезов зерттеуші Б.Шалабаев баяндамасын сынай келіп былай дейді:"Және көршілес, туысқан шығыс елдерінің "халықтық дастан" аталатын "Сейфіл-Мәлік" , "Таһир-Зуһра" , "Шәкір-Шәкірат" , "Жүсіп-Зылиха" тәрізді жырларының қатарына "Сал-салды" қосуы да орынсыз болды. Бұл жыр –Мұхаммед пайғамбар мен оның шариярларының, ислам дінін тарату жолындағы барынша агрессивтік қантөгіс, діншіл озбырлық аңыздарды дәріптейтін шығарма" [1] .

Бұл пікірден М.Әуезов тәрізді әдебиет білгірінің де өміршілдік жүйе қыспағынан босана алмағанын, әрі жекелеген шығарманы сынап, басқа асыл туындыларды сақтап қалу талабын байқаймыз.Мәселен, "Жүсіп-Зылиха" шығармасында орталық қаһарман ретінде Жүсіп пайғамбар алынуы бұл туындының кенжелеп жарық көруіне әсер етпеді дей алмайтынымыз белгілі. Сонымен бірге сыналған түрде болса да "Сал-салдың" аталуы да әдебиет тарихында ондай шығарманың бар екенін еске салуымен де сол кез үшін мәнді құбылыс дегіміз келеді.

Мәшһүр-Жүсіптің дастандарын, оның ішінде діни тақырыптағы туындыларын зерттеуге кіріспес бұрын, дастан жанрының бастау көзін, оның ішінде қазақ діни қиссалар өрісін танытуда XIX ғасырда жарық көрген В.В.Радлов кітабына: "Киік", "Шарияр" , "Кубас" , "Бозторғай" , "Заман ақыр" , "Құсайын қиссасы " енуінің үлкен мәні болғанын атап айтуымыз керек.

Қазақ қисса-дастандарын, оның ішінде діни қиссаларды таныту үшін алдымен оған үлкен ықпал еткен шығыс ақындары Фердаусидің /934-1026/, Г.Низамидің /1141-1209/, Сағдидің /1184-1291/, Ә.Науаидің /1141-1501/ т.б. дастандарының мәнін ашуға зерттеуші Ә.Қоңыратбаев көп еңбек етті. Мәселен, ғалым: "Қисса, шайырлық әдебиетіне арналған зерттеулер ойдағыдай емес"-деп , сол олқылықтың орнын толтырарлық сараптауларын ортаға салды.[2]

Сондай-ақ фольклорлық дастандардағы миф, аңыз мәнін сараптаған М.Қараев [3] көне түркі дастандары мәніне назар аударткан Р.Бердібаев [4], көне халық эпосының /демек кейін жазба әдебиетке әсер еткен шығармаларды-Г.Ж./ қалыптасу, даму тарихын сөз еткен Ш.Ыбыраев [5], ерте дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі дастан жанрын сараптап, сол арқылы кейінгіқиссалардың бастау көзін аша түскен Н.Келімбетов [6], "Оғызнама" , "Мұхаббатнама" дастандары мәнін талдаған М.Жармұхамедов [7] т.б. еңбектері де осы саладағы ізденістер өрісін кеңейтуге мұрындық болғаны анық.

Сонымен бірге араб-қазақ, парсы-қазақ, жалпы шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысын зерттеп, ондағы сюжеттердің қазақ әдебиетіне тигізген ықпалын сараптаған: Ә.Дербісәлиев [8], Ө.Күмісбаев [9] т.б. еңбектерін атап өткіміз келеді. Сондай-ақ діни қиссаларға арналмағанмен, жалпы дастан, поэма жанры ерекшелігіне, оның жанр түрі ретінде қазақ әдебиетіндегі даму тарихына арналған: Ә.Нарымбетов [10] , Б.У.Азибаева [11] кітаптары да - елеулі ізденістер айнасы.

Әйтсе де, қазақ ақын-жазушылары ішінде ең көлемді мұра қалдырған

Мәшһүр-Жүсіп екенін, оның жазбаларының жалпы көлемі 25 томдай болатынын сараптасақ, бұл салада тындырылған іс өте аз екенін де тез анықтай аламыз. Тіпті, бұған дейінгі Мәшһүр-

Жүсіпке арналған жалғыз диссертацияда да ақынның баспа бетін көрген таңдамалы екі томдығы материалдарымен шектелу орын алғанын көреміз [12].

Ал, ақынның бұрын баспа бетін көрмеген шығармалары, оның ішінде діни қиссалары жоғарыдағы еңбектердің бәрінде де талданбақ түгіл мүлде аталмауының өзі осы саладағы арнайы ізденістің қажет екендігін дәлелдейді.

Қазақ әдебиетіндегі діни тақырып дегенде, оны оқшау қарастырмай, оған алдымен ықпал еткен орта ғасырлық араб, парсы әдебиеті ролін анықтау қажеттігі туады. Зерттеуші Ш.Қ.Сәтбаева қазақ оқымыстысы Ш.Уәлихановтың XIX ғасырдың өзінде қазақ, араб поэзиясын салыстыра талдаған пікірін келтіреді:"Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы бір-біріне өте ұқсас, екеуінің де сюжеті дала өмірі тәрізді үнемі біркелкі болып келеді" [13].

Түркі тілді халықтар әдебиетіне /демек көне қазақ әдебиетіне де –Г.Ж./ араб, парсы тіліндегі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерінің қаншалық ықпал еткенін зерттеуші Б.У.Әзібаева да жете дәлелдеген [14].

Мифтік аңыздардың әлем әдебиеті дамуындағы роліне зерттеуші Е.Исмайловтың жоғары баға бергені белгілі: "Дүние жүзі әдебиетіндегі Фауст, Прометей сияқты образдардың төркінінде мифтік негіз жатқандығы бізге белгілі"[15]. Жалпы УШ-XX ғасыр аралығындағы араб, парсы, түркі халықтары әдебиетіндегі діни бағытта жазылған шығармаларды жинақтап, оларға "сопылық әдебиет" атауы қолданылып келгені де мәлім. Сопылық әдебиеттің қандай жағдайда пайда болып, қалай өрістегені туралы құнды пайымдауды арабтанушы ғалым Ә.Дербісәлиевтен табамыз:"Аббастық халифалар дәуірінде исламда мистикалы-аскеттік ағым-суфизм қалыптасады. Аскет-суфилер немесе факир дәруіш деп аталатын софылар ислам әлемінде христиан монахтары секілді роль атқарады. Софылар байлықтан безініп, жер бетінің ләззат қызығынан бас тартуға , жоқшылық өмірді және жаратушымен о дүниеде табысуға шақырған. [16] Ә.Қоңыратбаев сопылық поэзияны «дидактикалық поэзия» ретінде қарастырып: «Оның басында құдай, пайғамбарға сыйыну тұрған»[17],-деп көрсетеді.

Зерттеуші Ы.Дүйсенбаев шығыстан қазақ әдебиетіне сюжет желісі ауысқан шығармалар туралы айта келіп, оның ішінде діни тақырыптағылардың біраз орын алатынын ашады: "Өйткені сол шығыстан ауысқан үлгілердің өзі бір текті емес, мысалы, халықтық туындылар, классиктердің шығармаларынан басқа "Жұм-Жұма", "Сал-сал", "Зарқұм", "Мұхаммет пайғамбардың Миғражға шыққаны","Кербаланың шөлінде", "Мұхамметханафия","Мәлікаждар" және тағы басқалар секілді негізінде ислам дінін уағыздауды мақсат еткен қисса-дастандар да аз емес» [18].

Сопылық әдебиеттің XI ғасырда жаңа мәнге ие болып толыққандығын Ә.Дербісәлиев белгілі ғалым Е.Э.Бертельс еңбегіне сүйеніп дәлелдейді: "Суфизм діни-мистикалық ағым ретінде УШ ғасырда-ақ пайда болғанымен, XI ғасырдың соңында өз идеологиясын антикалық және христиан ой-пікірімен толықтыра отырып жетіліп, жаңа мазмұндағы ағымға айналып үлгерген болатын".[19] Сонымен қатар Ә. Дербісәлиев бұл идеяны өрістетіп, X ғасырдағы араб мәдениетінің өкілі Әбу Ибраһим Исхақтың "Диуан әл-адиб" /"Әдеби жинақ"/ атты еңбегіне көңіл бөлгізеді:"Әбу Ибраһим Исхақ "Жинағы", "Кіріспемен" басталған. Онда ол сол кездегі өзге де авторлар секілді әуелі жаратушы мен оның елшісі Мұхаммадқа мадақ арнайды"[20]

Ортағасырлық араб әдебиетінде алдымен Алланы, пайғамбарды мадақтау кең орын алды [21], десек, мұның әсері XШ ғасырдағы ғұлама ақын Сағдидің "Гүлстан" дастанынан да толық көрінетіні белгілі. Ә.Қоңыратбаев шығармада: "д, тағдырға қанағат ету… ж.құдайға салауат… н. дұға", қысқасы, Аллаға мойынсыну бөлімдері бар екенін айтады. [22]

Жоғарыда айтылғандай, араб мәдениетімен тығыз байланыста дамыған түркі әдебиетінде де басты тақырып, өзекті сарын алдымен Алланы, одан соң пайғамбарды дәріптеу болғаны аян. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның 1069-1070 жылы жазылған "Құтты білік" кітабының қара сөзбен берілген кіріспесінің ең басында мына сөздер тұр: "Бісмілләхи-р-рахмани-р-рахим! Әзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз".[23] Ал, одан кейін берілген өлеңмен жазылған кіріспе бөлім де Аллаға сүйіспеншілік білдірумен басталады: "Құдіретті бір хақ барша алапқа,// Соған лайық мәртебе де, мадақ та."[24]

Сондай-ақ өлеңге құрылған негізгі бөлім беташары да Алла құдіретін жар етуге арналған:

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт,бұл күнді.[25]

Сонымен бірге "Құтты білікте" Алладан кейін Мұхаммед пайғамбар еңбегін аспандатуға біраз орын берілген:

Рахымды ием, пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты жарықтың! [26]

Кейінгі зерттеудің бірінде ХП ғасырдағы "Орта ғасырлық сопылық поэзия өкілдерінің бірі-Түркістан қаласында туып өскен Сүлеймен Бақырғани"[27] екендігі көрсетілген. Түркі әлеміндегі сопылық поэзияда ХП-ХШ ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иассауи ерекше орын алатыны белгілі. Ә.Қоңыратбаев былай дейді: "Қожа Ахмет Яссауи поэзиясының мазмұнында екі түрлі жүйе бар. Оның бірі-суфизм, екіншісі – бұл дүниеге сыймай торығу, оны сынау сарыны".[28]

Кейінгі кезде Қожа Ахмет Иассауи мұрасына әдебиетшілермен қатар философ ғалымдардың үңіле бастауы байқалады. Мәселен, профессор Ә.Нысанбаев:"… Сопылықтың негізін қалаған атақты ойшыл Иассаудің дүниетанымы мен философиясы туралы мағлұматтарды жүйелеуге"[29] тырысқанын жазады. Рабғұзидің ХІУ ғасырдағы "Қиссас сул-әнбия"/ 1310 ж. жазылған/ кітабында бұл дәстүрдің одан әрі жалғастырылып, дамытылғанын көреміз. Зерттеуші А.Қыраубаева бұл туралы толығырақ мағлұмат береді: "Құрандағы мифтердің біразы "Тәурат", "Інжілден", исламға дейінгі арабтың аңыз-әңгімелерінен алынған. Оның бір бөлігі пайғамбарлар жайлы аңыздар. Пайғамбарлар өмірі туралы, Құраннан басқа, араб-парсы тілінде де діни кітаптар шыққан болатын.Рабғұзидегі пайғамбарлар туралы әңгімелердің негіздері осылардан алынған. [30]

Қазақ ауыз әдебиетіндегі ислам діні әсері өзалдына бір төбе әңгіме. Жалпы шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне қарап, мұсылман діні шыққанға дейінгі туындылар, немесе одан кейінгілері деп атау да көп ретте өзін ақтап жүр. Мәселен:"Көне эпостарға үлкен әлеуметтік мәселелер, таптық қайшылық, дін жолында күреске шығу сияқты мотивтер жат. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, күресі отбасы үшін, болмаса өз руының мүддесі үшін, соның шеңберінде ғана суреттеледі",-деген пікір орынды.[31]

Зерттеуші Н.С.Смирнова қазақ фольклорына ХІХ ғасырда Ислам әсері күшейе түскенін атап өтсе,[32] зерттеуші С.Талжанов "Мұхаммедия"/1855 ж. жазылған/ кітабында "басынан аяғына дейін мұсылман діні, Мұхаммед пайғамбардың әулеті" мақталатынын ескерткен. [33] Сондай-ақ ол Мұхаммед ұрпағы өмірі, қиындықтары бейнеленген "Кербаланың шөлі" дастанына да көңіл бөлген.[34]

Мұның бәрі Алла, Мұхаммед пайғамбар туралы әр кезде көп қаламгердің жабыла үн қосқанын дәлелдесе, арнайы дастан арнамаса да, сөз арасында болсын, Алла мен Мұхаммедті жырламаған шығыс ақынын кездестіру қиындығы да аталған тақырыптың шығыс әдебиеті үшін қаншалық мәнді, өзекті болғанын дәлелдей түседі. Басқаны былай қойғанда, ұлы ақын Абайдың мына бір өлең жолдарын келтірсек те, аталған тақырыптың қаншалық жетекші болғаны көзге ұрады:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөз айырмас.[35]

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аталған тақырыпқа арнап көптеген қара сөз үлгілерін, өлең т.б. жазумен қатар арнайы дастандар жазған. Солардың ішінен арабтың көне және төте әріп үлгілерімен жазылған түрлі нұсқалары ақынның өз қолымен жазған түпнұсқаны, немесе, оның жиені Жолмұрат, баласы Мұхаммед-Фазыл көшірмелерін салыстыра отырып, баспа бетінде өзіміз жариялаған төрт қиссаны арнайы қарастырмақпыз. Олар: "Жер мен көк"/1894 ж. жазылған/, "Миғраж", "Пайғамбардың дүниеден өтуі" /бұл екі дастанның тап қай жылы жазылғаны әзірше белгісіз/, "Хаятбақшы" /1925 ж./. Біз осы орайда Мәшһүр-Жүсіп дастандарын жазылу мерзіміне емес, тақырып ретіне қарай талдауды жөн көрдік. Екі дастанның жазылған жылы белгісіз болуы да шығармаларды уақыт ретімен талдауды қиындатумен бірге пайғамбардың дүниеге келуіне арналған "Хаятбақшы" дастанының ең соңында /1925 ж/ тууы да осы біз таңдаған талдау жүйесі дұрыстығын дәлелдейді. Себебі пайғамбар тууын сөз етпей тұрып, мәселені оның өлімінен бастау ақынның пайғамбар бейнесін жасау табыстарын

кең қамтуды, жүйелі жеткізуді қиындатары сөзсіз. Сөйтіп біз пайғамбар тууына арналған екі поэманы: "Жер мен көк", "Хаятбақшыны" алдымен салыстыра талдап, оның 40 жасқа толғаннан кейінгі өмірін көрсететін "Миғраж" дастанына үшінші кезекте, ал "Пайғамбардың дүниеден өтуі"туындысына ең соңында үңілуді жөн көрдік, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының "Жер мен көк" дастанына негіз болған аңыздар халықтың өткен наным-сенімін танытумен қатар ғылым үшін кейін ашылмақ көп тың жаңалықтардың да бастау көзі болуы ықтимал. Ақынның ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын оқумен бірге Ч.Дарвин, В.Белинский тәрізді Европа, Россиядағы кейінгі XIX ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын [36] ескерсек, белгілі бір аңызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін межелей аламыз. Ақынның бұл дастанды қай жылы жазғаны туралы деректі оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасынан кездестірдік. Онда Мәшһүр-Жүсіптің бұл қиссаны 35 жасында , яғни 1894 жылы жазғаны көрсетілген. Демек бұл да Мәшһүр-Жүсіптің ертедегі аңыздарды XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі ғылыми жаңалықтармен үндес алуы мүмкіндігіне жарық түсірмей қоймайды. Ендеше ақынның бұл дастанын әрі халықтың көне дәуірдегі наным-сенімі айнасы, әрі Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік көрінісі деп бағаласақ, шығарманың тарихи мәні ашыла түседі. Шығарманың алдымен әдеби туынды екенін бағымдасақ, оның композициясына бірінші кезекте көңіл бөлуіміз заңды. Ақын ең әуелі жер мен көк жаратылысы туралы өз ойларын, ежелгі аңыздарға негізделген ойларын өзіндік дәлелдермен баяндап беріп, дастанның соңғы бөлімін Мұхаммед пайғамбардың Хадишаға үйленгенге дейінгі ауыр тұрмысын тәптіштеп бейнелеуге арналған. Демек жер мен көк жаратылысы туралы айтылған тұжырымдар мен Мұхаммед өмірін жалғастырушы өзекті идея неде десек, бәрі Алла тағаланың құдіретіне сендіруге бағытталған. Аллаға сенудің Абайда да жетекші роль атқаратынын зерделесек те, оның ар жағында бүкіладамзаттық ізгілік идеясы жатқанын ескеру қажеттігі туады.

Мәдениеті, ғылымы өте ертеден, бес мың, не төрт мың жыл жемісті дамыды деген: Қытай, Үнді Египет, кейінірек туған Грек мифологиясына назар аударсақ, оның бәрінде жер, тіршілік пайда болуы үшін: жарық, су, оттың ерекше орын алғанын көреміз. Мәшһүр-Жүсіп атамыз аталған дастанында Алланың алдымен нұрды жаратқанын жазады:

Кім білер әуел ақыр хақтың сырын,
Нәрсе жоқ бір өзінен басқа бұрын.
Ғаламға өзін заһыр қылмақ үшін,
Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын.

Әлем негізгі жарық пен қараңғының қарым-қатынасынан, ара салмағынан тұратыны туралы пікірдің тарихын іздесек, алдымен ертедегі Қытай ойшылдарының жазбасына көңіл бөлуіміз керек. Ертедегі Қытай философтары әлемнің дамуын қарама-қарсы ғарыштық екі принциптің Инь және Янның бірлескен әрекеті негіздейтінін айтқан. Инь-қараңғылық, суық, ылғал, өлім бастауы болса, Ян керісінше-жарық, жылылық, от, туу көзі болып саналған.[37] Ал, аспаннан жіберілген ойлар жиынтығы саналатын Інжілде /Библияда/ құдайдың алдымен көк пен жерді жаратқаны, жердің алғаш… бос болып, мәңгілік қараңғылыққа батып тұрғаны, содан кейін құдайдың жарық /нұр/ болсын деп айтқаны баяндалады.[38] Кейінгі жылдары қазақша шыққан Құранға берілген түсініктемеде Сануилердің /бейтараптардың/ Алла екеу:

1.Нұр – жақсылық. 2.Зұлмат-қараңғылық, жамандықты білдіреді деп санағаны айтылған. [39] Ал, Мұхаммед пайғамбар негіздеген Құран-Кәримде Алла екеу емес, тек біреу деп есептелетіні белгілі. Онда тікелей "Нұр"айтылмаса да, "жарық" ұғымына, оның жердегі адамдарды бағыттаушылық роліне көңіл бөлінген: І.-"Алла/т/ … өз нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып тұп-тура жолға салады" /110 б./

2."Расында Мұса /F.C./ны:"Еліңді қараңғылықтардан жарыққа шығар, Алланың күндерін ескерт" деп, мұғжизалармен жібердік" /255 б./

3."Ол сондай Алла сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығу үшін өзі рақмет қылып, періштелер дұға қылады". /423 б./

4."Ол сондай Алла сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін құлына /Мұхаммед Р.С.-ға/ ап-ашық аяттар түсірді" /538 б. [40]

Сонымен бірге Құран Кәримде: "Алла қалаған кісісін өз нұрына бөлейді",[41]-деп жазылған.

XIX ғасырдың екінші жартысында В.В. Радлов жинап, жариялаған "Шәриар" қиссасында Мұхаммед пайғамбар төрт шәриарға және Бибі Патпаға /кенже қызы –Бибі Фатимаға –Г.Ж./сауал береді: "Балдан тәтті, қылдан жіңішке, тастан нұрды,// Құраннан тауып берші, бар ма?-дейді".[42] Бұл арада Мұхаммедтің алдына қойған

заты жай емес, асыл тас екенін ескерсек, нұр сипаты жағынан содан не асқанын ашуға сауалдың бағытталғанын межелеуге болады. Сонда төрт шариардың бірі Әбубәкір /В.В. Радлов кітабында "Абу Бәкір" деп берілген"-Г.Ж./ ең нұрлы деп намаз нұрын атаса, Омар да сол пікірді қолдайды. Ал, Әзірет Оспан, нұрлы деп Құранды бөліп көрсетсе, Фатима бабасының жүзін, яғни Мұхамедтің нұрын алады. Бұл жауаптар жеке-жеке алғанда, дұрыс көрінгенімен, Құдай әмірімен келген Жәбірәлі періште былай деп жауап береді:

Нұрды тұр осы тастан Алла жолы,
Бұл балдан Алла жолы тәтті болды.
Құдайға құлшылық қып шықпағымыз,
Жіңішке жалғыз қылдан маған қатты.[43]

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Алланың алдымен нұрды жаратуын айтумен бірге одан әрі жарықты-иманға, ал жарық көзі шамды /канадилді/ көкірекке балайтынын бейнелеген:

Екінші кітап қалған бір кеңеске,
Адам-тау, көкірек канадил сол емес пе?!
Болғанда жарық-иман, аруағы-ағаш
Ақылды оған қосып май демес пе?!

Бұл арада иман жетекші болса, ал ақыл себепші, көмекші ретінде келтірілгенін байқауға болады.

Адам өлгенде, алдымен қабір ішінде Алла нұры болуын тілеу ХШ ғасырда жазылған Қожа Ахмет Иассауидің кітабында орын алған:"Алла нұры қабір ішін жарық қылғай// Періштелер өңірінен сәуле құйғай".[44]

Осы орайда ең алдымен не жаралды дегенде, нұрмен не тайталаса, не одан бұрын орын алған суға назар аударған жөн деп санаймыз. Ертедегі Грек ғылымы тарихында үлкен орын алатын Фалес Милетский /Б.э.д. УІ ғ./ тірліктің судан бастау алғанын [45] жазған. Фалес Милетский бұл пікірді қайдан алған десек, көпес ретінде шығыста көп болған оның Шығыс мифологиясына сүйену мүмкіндігі [46] көңіл бөлерлік. Ал, "Шан Шу" деп аталатын Көне Қытай туындысында /Б.э.д. І мыңжылдық басында/ "Бірінші бастау -су, екінші -от, үшінші -ағаш, төртінші -металл және бесінші -жер",-деп берілген екен. [47] Сондай-ақ ертедегі Месопотамия, Шумер, Вавилон тұрғындарының әлемнің бір кезде ұшы-қиыры жоқ Мұхит қоршауында болғаны… туралы ұғымы [48] да ой саларлық. Сонымен қатар судың бар тіршілік бастауы болғаны туралы ілімнің ертедегі Үнді мифологиясына да орын алғаны да көңіл бөлерлік.[49]

Зерттеуші С.Талжанов отқа табынудың көне заманнан келе жатқанына назар аудартады: "Осы күнгі совет ғалымы Г.Н.Румянцев те: "Түріктің, монғол, буряттың отқа табынуы өте ескі дін, сондықтан тек Иран әсері деу де өте қиын, әрине, ықпалы да бар шығар",[50]-деп ескертіп өтеді. Әлем жаратылысы, жер мен көк арақатынасындағы су мәні хақында көне аңыздарда осы іспетті пікірлер орын алса, Мәшһүр-Жүсіп дастанында да суға ерекше мән берілген:

Бар құдай салды назар сонда суға,
Су қайнап айналасы толды буға.
Буынан сонда судың көкті жасап,
Білдірді өз құдіретін жас пен қуға.

Мәшһүр-Жүсіп үшін жер-әлемнің бір бөлшегі. Ол жердің пайда болуын айтпас бұрын алдымен әлем жаратылысына, онда жер тәрізді тіршілік бастаулары көп екеніне ден қойғызады. Халықта "жеті қабат көк" ұғымы ежелден келе жатқаны белгілі. Ал, Мәшһүр-Жүсіпте көктің жетеу болуымен бірге жердің де жеті түрі бар екені айтылады:

Жеті көкке қойыпты жеті есікші,
Өтірік айтар емеспін мен өсекші.
…Жеті көк ғарыш күрсі, тоғыз аплақ,
Құрайын енді кеңес жеті жерден.

Осы орайда "жеті" сөзімен қатар Мәшһүр-Жүсіпте "жетпіс мың" тіркесі де біраз қолданылғанына да назар аудартқымыз келеді. "Неге жеті көк, жеті жер және жетпіс мың арқан?" деген сауалдарға жауап беруді ғарышты зерттеу ғылымының кейінгі даму үлесіне қалдыра отырып, мына жорамалды айтқымыз келеді /жорамалдың бәрі ғылым болмаса да, оның бәрі жарамсыз санала бермейтіні де белгілі –Г.Ж./. Біздіңше, "арқан " деген сөзде әзірше көзге де көрінбейтін, көруге арналған арнайы приборға да ілінбей жүрген тартылыс негізделген "тартылыс жібі" дейміз бе, әйтеуір бір ұзын да алып белдік аталуы да мүмкін. Сондай-ақ мына жолдардағы:

Басқышы, тірегі жоқ, Ғарыш қылды,
Қисапсыз ол Ғарышқа айлық берді.
Арасы аяқтарының сондай алыс,
Құс ұшса, отыз жыл мың жүрер жолды.

"аяқ" деп отырғаны біздің ұғымдағы адамның, не малдың, не тіпті алып бір прибордың таянышы, аяғы емес, тағы да жай көзге көрінбейтін, кейін ғылым дәлелдеуге тиіс, тартылысты негіздеп

тұрған алып белдеу болуы да мүмкін демекпіз. Мәшһүр-Жүсіп сонымен бірге жердің жаратылуын айтпас бұрын, сегіз жұмақ, жеті тамұқтың қалай жаратылғанын да тәптіштеп баяндайды. Осы орайда көркем шығармадағы оқиғалар орны ретінде жұмақ пен тамұқ алынуы да Европа, Азия халықтары әдебиетінде ертеден бар екенін дәлелдеу үшін, белгілі араб әдебиеті. Зерттеушісі Ә.Дербісәлиев байқауына иек артқан жөн деп санаймыз. Зерттеуші онда X-XI ғасырлардағы араб шайыры Абул-Ала әл Мағарридің /973 ж. туған/ шығармасына сүйеніп пікір айтады:"Абу-л-Аланың екінші бір" Кешірім туралы арнау" атты трактаты да жоғарыда сөз болған туындысымен сарындас. Ғұламаның бұл еңбегі "әл-Карих" деген атпен белгілі болған Али ибн Мансур әл-Халабидің арнау хатына жауап ретінде дүниеге келген. Оқиға Дантенің "Құдіретті комедиясындағы" жұмақ пен тамұқта өтеді".[51]

Біздіңше, дастандағы сегіз жұмақ, жеті тамұқты тек діни аңыз жемісі деп қарамай, онда да әлі бізге белгісіз ғарыштық ұғымдар болуы мүмкіндігін айтқымыз келеді. Осы орайда әлем негізін: су, от, ағаш, металл, жер құрайтыны туралы ертедегі Қытай ойшылдарының айтқандары [52] да "жердің-әлем бөлшегі" екенін танудан туған болар деп шамалаймыз. Тек Қытай ойшылдары емес, басқа да халықтардың көне аңыздарында әлем негізі дегенде, от, ауа, су, ағашты алуда ұқсастықтар болуында да ойланарлық жәйттер көп. Мәселен, Индияда б.э. алғашқы ғасырында әлем жаралуында мәні үлкен тоғыз түр аталады. Алғашқы бесеу ретінде: жер, су, от, ауа және "акаша" деп аталатын ұғым алынған. Ал, одан кейін: уақыт, кеңістік, жан, ақыл берілген. Алғашқы бес ұғымды "бәсута" деп алып, оны адамның: иіс, дәм, түс, сезгіштік / сипат білу/ және дыбыс түрінде қабылдайтыны айтылады. Одан әрі жерге : иіс, дәм, түс, сезгіштік тән болса, суға-дәм, түс және сезгіштік, отқа-түс пен сезгіштік, ауаға-сезгіштік, ал, акашаға тек дыбыс тән делінген.[53]

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы "Жер мен көк"дастанында жердің пайда болуын айтпас бұрын Құдайдың алдымен нұрды, пердені, "басқышы, тірегі жоқ " ғарышты, жұмақ, тамұқты қалай жаратқанын жазады. Осы орайда" Жер неше күнде жаралған?"-деген сауал қойсақ, Мәшһүр-Жүсіпте көрсетілген мерзім мен оған дейінгі әдебиттердегі уақыт үндес екендігін көреміз. Мәселен, зерттеуші А.Қыраубаева біздің жыл санауымыздан 3000 жылдай бұрын, демек айналасы 5000 жылдай бұрын Шумерлердің сына жазуларындағы мына бір дерекке назар аудартады:"Лондондағы Британия музейінің қызметкері археолог Джордж Смит мына жазбаларынан "Энума Элиш" атты бір поэманы оқып шыққан. Сондағы көктің, жердің, дүниенің алты күнде жаралуы, адамды алтыншы күнде жарату, тағы басқалары кейінгі діни кітаптардағы "қалыптасқан сюжеттерге" дәл келеді".[54]

УП ғасырдың орта тұсында жазылған Құран Кәримде былай делінген:"Ол сондай Алла көктер мен жерді әрі екі арасындағыларды алты күнде жаратып, сосын ғарышты меңгерді".[55]

1353 жылы жазылған Хорезмидің "Мұхаббат-наме" дастанында: "Жеті қабат алтындаған зәулім айван,// Жаратты алты күнде хақ тағалам," [56] - жыр жолдары бар. Зерттеуші А.Қыраубаева аңыздар мен көркем шығармаларда дәстүр сабақтасуы орын алғанын жазады:"Кейбір діни ұғымдар өте көне тайпалардың аңыз-әңгімелерінің негізінде туды. Сондай аңыздардың бірінде айтылатын жердің алты күнде жаралуы жөніндегі наным-түсінік Библияға, Құранға, басқа да діни кітаптарға енді."Рабғұзи қиссаларына" ол аңыз-әңгіме Құран арқылы келген" [57]. Жердің тым аз уақытта жаратылуы құдайға сенбеушілер арасында, ғалымдардың белгілі бір тобы еңбектерінде күдік тууына негіз болып келгені белгілі. Осы орайда діни кітаптарда айтылған әр күн мен біз айтып жүрген күннің яғни оның әр батуы мен шығуы аралығындағы "тәулік" ұғымының бір еместігіне назар аударғымыз келеді. Уақыт ұғымына жер планетасындағы күн мен түн ауысуы, тәулік аралығы тұрғысынан қарамай, ғарыштық / космостық/ мұнарамен де бағдарлау керектігі анық. Расында да ғарыш тұғырынан қарағандағы әр күн жер бетіндегі неше тәулікке сай келетінін біз білмейміз. Демек білмей тұрып "Неге сонша аз уақыт?"-деп күдіктенуіміз орынды бола қоймайтын тәрізді. Мәшһүр-Жүсіпте де: "Құдайым жексенбі күн жер жаратты",-деген өлең тармағы бар екенін ескерсек, уақыттың тым қысқалығы назар аудартатыны сөзсіз. Әйтсе де ақын шығармаларындағы тармақтарға жеке-жеке шұқшиюмен шектелмей, оны тұтас қарастырып, осы дастанға көңіл бөлсек, уақытта әлемдік емес жер өлшемі тұрғысынан қарасақ та, қоршаған әлем тәрізді жердің жаратылуы да ұзаққа созылғанын көреміз:

Жаратты артық қылып әні нұр да,
Мақтайын жаным құрбан айтқан жерде.

Үш жүз жиырма төрт мың жылдан соң,
Жаратты сонда он екі нұрға перде.

Ақын одан әрі перде жаратылғаннан бастап Адам пайда болғанға дейін де көп уақыт өткенін тәптіштеп баяндайды:

Құдіреттің пердесінен нұр толыпты,
Он екі мың жыл сонда орнығыпты.
Ғызматта он бір мың жыл мекен қылып,
Міннатта және он мың жыл отырыпты.

Рахматта тоғыз мың жыл қарар етіп,
Сегіз мың жыл сағадат қалыпта өтіп…

Демек жердің жексенбі күні жаратылуы туралы айтқан сөз, оның жаралу процесін емес, жаралып біткен күнін межелеуге арналған ба деп шамалаймыз.

Тіршілік көздері туралы айтылған ертедегі Қытай, Грек ойшылдары пікірлеріндегі отқа көңіл бөлушілікті [58] салмақтаумен қатар, мұсылман дініне дейін өмір сүрген зароастралық дүниетанымда да отқа табыну орын алғанын ескеру керек. Сондай-ақ Көне Грек мифологиясында отты әкелуші Прометейге көңіл бөлінсе, от ұрлаудың басқа да халық аңыздарында орын алуы адамдардың ертеден отты ерекше бағалауын танытады.

Бұл аңыздардың бәрінде оттың тіршілік үшін мәнді, пайдалы жақтары сөз болса, Құран Кәримде адамдарды түрлі күнәлардан сақтандыру үшін тозақ оты айтылып отырады.

Мәшһүр-Жүсіп дастанында күнәлі адамдарды жазалау үшін оттың тозақта атқарар қызметін бөліп көрсету жүзеге асқан:

Таусылып тамұқ оты бітпес дейді,
Жазалы жанып және кетпес дейді.
Тамұқтың тереңдігі сондай алыс,
Мың жылда тастаған тас жетпес дейді…

Алтынды құнды зат ретінде бағалау Құран Кәримде бірнеше жерде кездесетінін дәйектесек, бұл металға көңіл бөлудің де қайнар көзі тым әріде екені дәлелденеді:

1.”Күдіксіз Алла иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді. Олар онда алтын және інжу білезіктермен безенеді“.

2.“Олар Ғадын жаннаттарына кіреді. Онда алтын және інжу білезіктермен безенеді де, олардың киімдері жібектен болады”.

3.“Жаннатқа кіріңдер… Оларға алтыннан табақтар, кеселер ұсынылады“.

Мәшһүр-Жүсіп дастанында да Алланың жаннатты қалай жаратқаны айтыла келе ондағы алтын-күмістің асылдық пен әсемдік белгісі ретінде пайдаланылатыны көрсетілген:

Жаннаттың жаратыпты жерін биік,
Бәрінен ол Ғадіні артық сүйіп.
Кірпіштің бірі-алтын, бірі –күміс,
Балшығын Мүсік, Ғамбар қосып құйып.
Есігін алтын қылды, тасын –яқұт,
Топырағы – таза жауһар жайды бар қып.
Ғақықтан рамкасы – бәрі гауһар,
Кіреміз иншалла болса бақыт.

Мәшһүр-Жүсіп атамыз нұр және су, жер т.б. ролін көрсетумен қатар нұрдан болған қанадилден /шамнан/ ағаш жаратылғанына көңіл бөлгізеді:

Қанадилдан, жаратылған, нұрдан – ағаш,
Майы бар ол ағаштың нұрға жанас.
Тағы да өзі өз нұрымен өзі жанып,
Мағриб та, Машырық та емес, тұрған ағаш.

Ертедегі египеттіктер нанымында алып алтын ағаштың жер өзегі болып көкке дейін созылуын, ал оның жоғары бұтақтарында аспан құдайы Нут тұратынын т.б. еске алсақ та, ағашқа мән беру тарихының көне заманнан басталғанына көз жеткіземіз. Құран Кәримде де ағашты ең бір асыл ұғымды теңеу үшін пайдалану бар: “Көркем сөз /“Алладан басқа ешбір тәңір жоқ” деген сөз…/ тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді”/258 б./ “Ол /ағаш/ Алланың бұйрығынша, әр уақыт жемісін береді.”/259 б./

“Дала уалаяты газетінде“ жарық көрген түрлі аңыздарда да ағашқа ертеден оң көзбен қарау белгілері бар. Мәселен, 1892 жылы берілген “Әр түрлі ағаштар турасынан“ деген мақалада ертеде ағашқа табыну болғаны, ағаш отырғызу, күту-бала өсіру тәрізді екені, оның мәні, ағаш отырғызу тәрбие екені насихатталады . Ал, 1889 жылы басылған бір аңыз әңгімеде Баялыш-жігіт ғашық болғанда, Арша-қыз оны менсінбегені, ақырында Баялыш әкесі Сексеуіл қайғыдан бүкірейіп, ал, Арша тасқа ғашық болып, сонымен бірге тұрып қалғаны баяндалады. 1890 жылы жарияланған “Шайтанның үйі“ аңызында Алла тағаланың шайтанға түзу, қисық, ұзын, қысқа ағаштан басқасын ғана кесуге рұқсат бергені, онысы тыйым салғаны екені айтылады. Құраннан көп бұрын жазылған Інжілде /Библияда/ де ағашты сақтау туралы Алла аян бергені бар, онда құдай атынан сөйлеген пайғамбар-Мұсаның /Моисейдін/ адамдарға айтқан нақылы келтірілген /бұрмаланбасын деп

аудармасыз беріп отырмыз-Г.Ж./: "Если долгое время будешь держать в осаде /какой –нибудь/ город, чтобы завоевать его и взять его, то не порти дерев его от которых можно питаться"…

Алланың Адамды топырақтан қалай, қандай жағдайда жаратқаны туралы Мәшһүр-Жүсіптің не жазғанын талдамас бұрын, бұл аңыздың бастау көзі де көне әдебиеттерде жатқанын еске алу керек. Осыдан 5000 жылдай бұрын орын алған Шумер аңызында Адамнан кейін екінші жаралған Хауа анамыздың Адам қабырғасынан жаралғаны туралы аңызға ұқсас дерек бар екен. Зерттеуші А.Қыраубаева байқауына назар аударайық: "Шумер мифі бойынша Энки құдайдың қабырғасы ауырады. Әйел құдай Нинти оның ауырған қабырғасын жазады. Шумер тілінде нин-әйел, ти-қабырға деген мағынаны білдіреді екен. Сонда "қабырғадан шыққан әйел" деген ұғым туады".

Құранға дейін жазылған Інжілде /Библияда/ Адам жаратылуы туралы былай деп жазылған: "И создал Господь Бог человека из праха земного, и вдунул в лицо его дыхание жизни, и стал человек душою живого. И насадил Господь Бог рай в Едеме на востоке, и поместил там человека, которого создал", "Господь создал человека из земли, и опять возвращает его в нее".

Құранда да Адамның топырақтан жаратылғаны қайталанып ескертілген:"Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды" "Расында адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық."

Зерттеуші Ақжан Машанов Әбу Насыр әл-Фарабидің /Х ғасыр/ осы мәселеге қатысты пікіріне көңіл бөледі: "Әл-Фараби осы формалардың бәрін зерттеп, олардың қатынастарын тапқан… Солардың ішіндегі ең негізгісі, ең басты орнықтысы Текше /күй/ яғни Қағба. Ол жер тектес заттардың бейнесі. Сол заттан, яғни топырақтан адам жаралған. Алғашқы нұр сол топырақты ұнатып, соған тоқтаған."

Мұсылман елдеріндегі ақындардың қайсысында болса да, Адамның топырақтан жасалғаны діттелгені белгілі. Омар һайям /ХП ғ./:

Саздан жасап мені Алла әріректе,
Білмепті өзіне де барын өкпе.
Өзі берген қауқармен күнә қылсам,
Пейішке жібермеуі әделет пе?
/Аударған-А.Бекбосынов/

Зерттеуші Ә. Қоңыратбаев Омар һайям шығармашылығын қарастыра келіп:"… адам баласының топырақтан жаралып, қайта топыраққа айналатынын айтады", –деп тұжырымдайды. 1310 жылы жазылған "Рабғұзи қиссалары" кітабында Адамның қалай жаралғаны туралы айтылған:"Құдай Жебірейілді үш түрлі топырақ алып кел деп жұмсайды. Жер:"Менен топырақ алма",-дейді. Жебірейіл жердің көңілін қимай, қайтып келеді. Құдай Исрафилды жібереді. Ол да алмай қайтып келеді. Ең соңында Әзірейілді жібереді. Жер Әзірейілге де жалынады. Әзірейіл:"Сенің сөзіңнен Алланың хүкімі күшті"-дейді де, жерден үш түрлі топырақ алады."

1903 жылы Қазанда жарияланған "Қисса сұл Әнбия" кітабында Жердің бірінші Жебірейілге, екінші Исрафилге, үшінші Михаилге топырақ бермегені, ал төртінші болып келген Әзірейілдің Жерді тыңдамай топырақ әкетуі баяндалады.

Жалпы, әсіресе Қазан төңкерісіне дейін Адамның топырақтан жаралуы жиі еске салынды десек, соның бір көрінісі: Әбубәкір Кердері /1861-1905/ ақынның мына бір өлең жолдары: "Әуелі, Алла, жараттың,// Топырақтан халық етіп".

Мәшһүр-Жүсіп дастанында да Алла тағаланың Адамды топырақтан жаратпақ болып, Жебірейіл періштеге әмір бергені бейнеленген:

-Топырақтан жаратамын адам,-дейді,
-Жібірейіл, бұйырамын саған!-дейді.
-Бар-дағы мышырық - мыхырып арасынан,
Бір уыс топырақ әкел маған!-дейді.

Осы орайда топырақ алуға келген Жебірейіл періште мен Жердің болашақта пайда болмақ Адамға баға берулері назар аударарлық:

-Құданың білмен сырын тамам,-дейді,
-Жаратар ол топырақтан адам,-дейді.
-Көбейіп адам ұлы жаралған соң,
Бұзықтық қылар олар жаман!-дейді…
-Жебірейіл, олай болса алма менен,
Өзімнен жаралған соң болар денем.
Тағы да салып маған азап қылса,
Болармын шыдай алмай мұнан төмен.

Міне, осы сөздерді оқығаннан кейін, қазіргі адамдардың Жер-Анаға тартқызған зобалаңын, топырақ эрозиясын, жер беті, су-бәрі ластанып, жалпы тіршілікке қатер төнгенін салмақтасақ, бір кездегі Жебірейіл мен Жер мазасызданыу негізсіз еместігін көреміз. Адамды топырақтан жаратудың да ұзақ уақытты қамтығаны дастанда нақты

көрсетілген:"Жатқызды қырық жыл жерде дене қылып,//Пісірді дене қылып құмға орап".Осылай қырық жыл дайындалған денеге жан кіруі де тым ұзаққа, екі жүз жылға, созылады: "Желкесінен екі жүз жыл айналып,// Сонда жан қиналумен кетті кіріп".

Алла тағаланың алдымен: ақыл, иман, ұятты қатар ұсынып, қайсысын бірінші таңдауды Адамның өзіне беруі көңіл бөлерлік:

Құдайым Жебірейілге: "Барсын!"-депті,
Ғақыл, иман, ұятты алсын!-депті.
-"Үштің бірі қанға жарар",-деген мақал,
Адам таңдап біреуін алсын!-депті.

Осы орайда көне Грек мифологиясында Приам патша баласы Паристің жеңіс даңқын бермекші болған Гера сыйлығына қарамай, әйелдердің ең сұлуын уәде еткен Афродитаға алма ұсынғаны, сол арқылы көрікті әйелді, жоғары бағалағаны еске түседі. Ал, Абайдың "Масғұт" поэмасында таңдау мүмкіндігі берілгенде, Масғұттың ақыл, дәулетті алмай, махаббат символы қызыл жемісті қалауы да сұлу әйелді махаббатты жоғары бағалаудың көне аңыздарда орын алғанын көрсетеді. Демек көне Грек аңызында, сондай-ақ Шығыс аңызына негізделген Абай дастанында жеке бір адамның алдымен махаббатқа ойысуы сөз болса, Мәшһүр-Жүсіпте ең алғаш жаралған Адам-атаның ақыл, иман, ұят ішінен алдымен ақылды қалағаны көрсетілген:

Адам таңдап бәрінен ақылды алған,
Ақыл барған жеріне иман барған.
Сол иманның соңынан ұят еріп,
Үшеуі бір арадан орын алған.

Алла тағаланың Адам атаға кигізген киімінің, алғашқы киімнің жібектен болуы да көңіл бөлерлік:

Түзетіп сонда көңілін сүйіндірді,
Тап-таза өңшең жібек киіндірді,
Ұжмаққа періштелер алып келіп,
Әр нәрсенің аттарын біліндірді.

Жібек киімнің Құран Кәримде де орын алғанына назар аудартқымыз келеді. Онда жібек киімнің жұмаққа кіргендерге арналғандығы бірнеше жерде айтылады:1."Күдіксіз Алла иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді… Ондағы киімдері де жібек болады" /334 б./ 2."Олар Ғадын жаннаттарына кіреді… Олардың онда киімдері жібектен болады". /438 б./ 3."Шын мәнінде тақуалар аман бір орында болады. Бақшаларда, бұлақтарда жұқа қалың жібектер киіп, ерсілі-қарсылы отырады". /498 б./

Біз өткен ғасырлардағы белгілі бір ақындар шығармашылығын сөз еткенде, ондағы ақыл айтуларды т.б. бөліп қарастырып, соның бастау көзі қайда жатқанына көңіл бөле бермейміз. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп дастанының көне аңыздарға сүйеніп жазылғанын еске алсақ, ондағы Адам-атаның балаларына айтқан ақылы соңғы 2-3 ғасырда көзге түскен ойларға негіз болу мүмкіндігіне ден қоямыз:

Бірі – бұл дүниеге көңіл қойма,
Болдым деп құмар болғанмен де ойла.
Жаннатта тұрамын деп ойланам деп,
Ақырында түсіп кеттім терең ойға!
Екінші, қатындардың алма тілін,
Мен алам деп тәркі қылдым ұжмақ төрін.
Үшінші не іс қылсаң ойла соңын,
Мен ойламай іс соңын көрдім мұңын,
Төртінші, жөнін білмей істі қылма,
Білмей бір іс қылам деп әуре болма.
Бесінші, біреуменен ақылдас бол,
Кеңессем, маған мұндай бала бар ма?

Шығармада одан әрі Адамнан тараған ұрпақтар шежіресі, кімнен кім өрбігені беріледі. Бұл тұста тарих ғылымы үшін құнды мәліметтер баршылық екеніне көңіл бөлу керек. Шығарма соңы Мұхаммед пайғамбар өмірін жеке бөліп бейнелеуге арналған. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің кейінірек жазылған "Хаятбақшы" дастаны мен осы поэманың соңғы бөлімінде тақырып ұқсастығы, үндестігі бар екеніне назар аударамыз. "Жер мен көк" қиссасының соңғы бөлімі де, "Хаятбақшы" да Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуі, бала кезінде көрген қиындықтарын көрсетуге арналған. Тек "Хаятбақшыда" Мұхаммедтің ерекше екенін дәлелдеу бірден-бір негізгі арна болса, "Жер мен көк" қиссасында пайғамбар жеке алынбай әлем, жер жаратылуының заңды жалғасы, соның бір мәнді бөлшегі ретінде беріледі."Хаятбақшы" тәрізді бұл шығарманың соңғы бөлімінде де пайғамбар шеккен қиындықтар нақты көрсетілген:

Он екі жасқа жетті Мұхамедім,
Болғанда өзі нашар, өзі – жетім.
Беруге бұған қалың малым жоқ деп,
Ойланды Әбутәліп іші ниетін.

Кейін жазылған "Хаятбақшы" дастанындағыдай мұнда да Әбутәліптің өтінішімен бай әйел Хадишаның жас жігіт Мұхаммедті сауда керуеніне қызметке алғаны баяндалады. Дастанда Әбутәліп, Мұхаммед, Әбубәкір, Хадиша бейнелері

бірер қырымен ашылған. Шығармадағы орталық бейне Мұхаммедке келсек, автор қаһарманның сырт әрекетін тамашалап кетпей, көбіне ішкі сезімін, психологиясын нақты ашуға ден қойған. Мәселен, сауда керуеніне ілесіп, алғашқы сапарға шыққан кездегі Мұхаммедтің ішкі сезімі, мұны шынайы берілген:

-Жалшылық шын болды ма киген киім,
Балалар үйінде жүр менің теңім.
Қарайды өзге жұрттың ата-анасы,
Артымнан қалар менің қарап кімім?!

Мұхаммедтің осылай мұңаюы автордың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырындағыдай ерекше кесек әрекетті, күштілікті, ерлікті емес, қарапайым адамға /ерекше емес/ тән әдеттегі сезімді тереңдеп жырлауын танытады. Мұның бәрі XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі реализм әдісінің кемелдену, толысу жолын айқындай түседі десек, болашақ пайғамбарға осы сапардың өзінде-ақ бұлт еріп жүруі қарапайымдылық пен ерекшелік астасуын, ерекшеліктің оқшау өмір сүрмей, сол қарапайыммен қанаттас өрілуін, демек шындықты күрделі қалпында бейнелеу үлгісін көреміз:

Дүние –ай, сондай сенің күнің бар-ды,
Әрқашан ғаріплерге құдай жар-ды.
Басына бір ақ бұлт сая болып,
Жебірейіл өзін түзу жолға салды.

Мәшһүр-Жүсіп шығармасында берілген ақ бұлт /одан кейінгі "Хаятбақшы" дастанында да ақ бұлт бар/ ақынның ойдан қосқаны емес, сол кезең туралы айтылған әңгімелердің бәрінде кездесетіне, демек тарихи шындық деуге боларлық көрініс екеніне көңіл бөлген жөн. Мәселен, Мұхаммед өміріне арналған, арнайы тарихи деректерге сүйенген кітапта христиан діні уағызшысы Баһира сауда керуені ішіндегі Мұхаммед басына үйірілген бұлтты байқайды:"Баһира керуенімен бірге жалғыз ғана Мұхаммедке көлеңкесін түсіріп, аспанда бір шөкім бұлттың ілесіп келе жатқанын көрген." Осы орайда пайғамбар өміріне арналып, 1914 жылы кітап болып басылған Шәді төре Жәңгірұлының "Назым Сияр Шәриф "дастанында: "Үстіне Мұхаммедтің бір ақ бұлт// Жүреді күн тигізбей сая етіп,"-делінгенін еске алу орынды.

Мұхаммедтің ерекшелігін танып, жолшыбай қонақ қылушы Раһыптың көрегендігі де жас жігіт сипатын ашумен бірге қоршаған ортада жаралған адамдар бар екенін әйгілей түседі. Сый көрсетуші Мұхаммед ерекшелігін байқаумен бірге ол келешек қиындықтарды да алдын ала біліп ескертеді:"Егер де сіздер барсаң, Шам шаһарға,// Осының Жүһүдтерден жасыр,-депті".

Мұхаммед ілескен керуен бір шаһарға кіргенде, теміршінің темірі өзінен-өзі балқып кетуі де жолаушы жігіт ерекшелігіне меңзейді. Бұл жаңалық сырын жиналған ғалымдар пікірі арқылы білген патшаның қуғын салуы тұсында Әбубәкірдің Мұхаммедті қапқа салып алып қашуы да назар аударарлық жәйт. Мұхаммедтің қап ішінде жатуы оның қарапайым пендеге тән сипатын танытады. Батырлар жырында ерекше адамның, батырдың, қашуы, жасырынуы мүлде болмаса, мұнда ерекшенің де әдеттегі пендеге тән іс-әрекеті шынайы бейнеленген.

Шығармада одан әрі арық қатпа түйенің Мұхаммед мінгеннен кейін семіз, жарау түйеге айналуы да /Бұл да кейін "Хаятбақшыда" қайталанады /-қаһарман ерекшелігін дамытып бейнелеу үлгісі. Соншалық керемет қолдау, қамқорлыққа ие болса да, түнде адаса жаздаған кезде /"Батырлар жырында" батыр адасуы ұшыраспайтынын да еске алайық-Г.Ж./ кезіккен Жебірейілден Мұхаммедтің қорқуы да онда әдеттегі адамға тән сипат басым екенін дәлелдейді. Сөйтіп бұл дастанда орталық бейне Мұхаммедтің әрі қарапайым пендеге, әрі ерекше қаһарманға лайық сипаттармен мүсінделіп, күрделі тұлғаға айналғанын көреміз.

Дастанда Мұхаммед жұбайы Хадиша да өз ерекшеліктерімен біршама танылған. Шығармада Қабыл деген байдың жалғыз қызы Хадишаның Мұхаммедті түсінде көріп:/Бұл түс көру де "Хаятбақшыда " бар/ "Мұхаммед туса, соған тиемін",-деп шешкені айтылады. Бірде інісін жұмысқа алуды өтініп Әбутәліп келгенде, Хадиша оны бірден жақсы қабылдап, Мұхаммедті орналастыратынын, жас жігітке басқадан екі есе артық ақы төлемек екенін айтады. Ішінде Мұхаммед бар сауда керуені аттанарда да Хадиша қамқорлық танытады:

Жүк қойды өңшең таза қара нарға,
-Жекіріп Мұхаммедке ашуланба!
Қайтқанда сүйіншіге мұны жібер,
Солай!-деп, тапсырады барша жанға.

Сүйінші сұрайтын адамның тап қай күні, қай сағатта келетіні белгісіздігін, ол кезде телефон, телеграмма жоқтығын салмақтасақ , Мұхаммед оралғанда, Хадишаның тысқа шығып, күтіп

отыруынан-ақ оның жас жігітті қаншалық зарыға тосқаны аңғарылады.Мұхаммед пен Хадиша душарласуын бейнелегенде, автор аз сөзбен көп нәрсені байқата алады:"Мұхаммед жетіп келді, көрді көзі,// Балқиды қуанған /нан/ айдай жүзі". Осы жолдардағы бір ғана "балқиды" сөзінің өзі Хадиша толғанысын, сөзбе-сөз ұғынсақ, отқа ерігендей күйге түсуін, жайып салады.

Шығармада одан әрі інісіне еңбекақы талап еткен Әбутәліпке Хадиша берген жауаптан да көп жәйт танылады. Атап айтқанда, оның Алла тағалаға , тағдырға ден қойғаны, бір кезде көрген түсіне сай әрекет етуі, Мұхаммедпен тұрмыс құрмақ ниетінен парасаттылығы көрінеді. Ең соңында әйелдер ішінде мұсылман дініне бастап кірген Хадиша болуы да сол сенімнің , өсудің заңды жалғасы деп санаймыз.

Шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық тұлғаның бірі-Мұхаммед ағасы Әбутәліп. Әбутәліп ерекшелігі, адалдығы әсіресе Хадишаның Мұхаммедке екі есе ақы белгілеуін бірден құп алмай, оның арам іске жұмсамасына көзі жеткесін барып келісуінен көрінеді. Сол тәрізді бір рет көрінсе де, бірегей танылған қаһарманның бірі-Әбубәкір. Оның Мұхаммедті өзінше жасырып, қапқа салып алып қашып келе жатып, қуғыншыға бар шынын айта салуы таң қаларлық. Тек қуғыншылардың шындықтың солай айтыла салуына сенбей, қалжың деп, тексермей кетуі ғана бұларды зобалаңнан сақтап қалады. Қандай қиындық, қауіп төнсе де, шындықты жасырмау себебін Әбубәкір былай баяндайды:" "Жалған сөйлеп кәпірден қорыққанымнан, // Құдайға болайын ба дұшпан?!"- депті. Мұның бәрі Мұхаммедтің қандай ортада өскенін, оған жаны ашып, қолқабыс етушілердің қаншалық таза, шыншыл болғанын ашады.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының "Жер мен көк" дастаны автордың әлем сыры, жаратылысы туралы наным-сенімінің айнасы. Сонымен бірге онда жалпыадамзаттық идея: Аллаға сену, әділдікті ту етіп ұстау идеясы назар аудартады. Көркем әдебиеттің көркемдік белесі тұрғысынан, оның ішінде ұнамды қаһарман жасау тарихы межесімен зерделесек, шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық бейнелер бар екеніне көз жеткіземіз. Қысқасы, көркем әдебиет дамуы тарихында мифтік әдебиеттің алатын орны ерекше десек, ақын дастаны да - соның ерекше бір көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1987.

2 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970.

3 Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негимов С. Халық ақындары творчестволық көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982.

4 Дьяхонов И.М. Архаические мифы Востока и Запада. – Москва: Наука, 1990.

5 Евсюков ВВ. Мифы о вселенной. – Новосибирск: Наука, 1988.

6 Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. – Алма-Ата: Жазушы, 1987.

7 Ел қазынасы -ескі сөз./В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. – Алматы: Ғылым, 1994.

8 Жармұхамедов М. Көненің көзі. – Алматы: Санат, 1996.

9 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1971.

10 Жүсып Баласағұн . Құтты білік ./ауд.А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986.

11 Иассауи Қ. «Диуани Хикмет». – Алматы: Мұраттас, 1993.

12 Иса. – Алматы: Шығыс сәулесі, 1993.

13 Ислам /Энциклопедический словарь. – Москва: Наука, 1991.

14 Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956.

15 Кәкімов Т. Дәуір суреттері. – Алматы: Жазушы, 1967.

16 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991.

17 Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976.

18 Күлікбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994.

19 Комдовский З. Библийские сказания. – Москва, 1978.

20 Көпейұлы М.Ж. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы /дайындаған Н.Жүсіпов. – Қазақстан тарихы, N 2, 1995.

21 Куделин А.В. Средневековская арабская поэтика. – Москва: Наука, 1983.
22 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988.
23 Қамзабекұлы Д. Смағұл әдеби-сын еңбектері – Жұлдыз, N 9, 1993.
24 Қараев М. Қазақ әдебиетіндегі реализимнің даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1986.
25 Қаратаев М. Қайта қарауды қажет ететін мәселе // «Қазақ әдебиеті» газеті, 10 август, 1956.
26 Қасымжанов А. Алтаев Ж. Ежелгі рухани таным және қазақ философиясы. – Алматы: Мұрагер. М., 1992.
27 Қасқабасов С. қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984.
28 Қирабаев С. Шындық және шығарма. – Алматы: Жалын, 1981.
29 Қисса Сұл Әнбия /тәрж.-Р.Мұқанова – Қазақ әдебиеті, 1992, 4 желтоқсан.
30 Қоңыратбаев Ә. Мәшhүр-Жүсіп Көпеевтің лирикасы. – Қазақ әдебиеті, 1959, 19 июнь.
31 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы: Ғылым, 1987.
32 Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
33 Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым. – Алматы, Жалын, 1995.
34 Құран. – Москва, 1990.
35 48. Құран Кәрим. – Медине, 1991.
36 49. Құран хиткаялары. /Құраст.-Мұхаммед Ахмет Жармолла. – Алматы: Жалын, 1992.
37 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
38 Машанов А. Әл-Фараби және Ислам. – Зерде, 1993, N 11.
39 Морис, Годфруа Демомбин Мұхаммед өмірі. – Қазақ әдебиеті, 1991, 22 наурыз.
40 Мұсағитов М. Жерде жалғыз тәңірі-от. – Қазақ тарихы, 1994, N 6.
41 МАрғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
42 Массэ А. Ислам. – Москва: 1988.
43 Мифологический словарь /гл.ред. -Мелетинский Е.М./ – Москва: Советская энциклопедия, 1990.
44 Мифы народов мира в 2-томах /гл.ред. Токарев С.А./ – Москва: Советская энциклопедия, 1988.
45 Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. – Алматы: Ғылым, 1977.
46 Нысанбаев Ә. Иассауидің дүниетанымы мен философиясы. – Ақиқат, 1994, N 2.
47 Оғыз-наме, Мұхаббат-наме. – Алматы: Ғылым, 1986.
48 Омар Хайям. – Алматы, Жалын, 1988.
49 Панова В., Бахтин Ю. Мұхаммед пайғамбардың өмірі. –Алматы: Жазушы, 1994.
50 Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов-филолог. – Алматы: Ғылым, 1987.
51 Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата: Наука, 1967.
52 Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1975.
53 Телекин Э.Н., Эрман В.Г. Мифы древней Индии. – Москва, 1982.
54 Токарев С.А. Религий в истории народов мира. – Москва, 1965.
55 Токарев С.А. Ранние формы религий // Москва, 1990.
56 Шәді Жаңғырұлы. Назым Сияр Шәриф. – Алматы: Санат, 1995.
57 Шидфар В.Я. Генезия и вопросы стиля арабского народного романа «Генезис романа в литературах Азии и Африки» кітабы ішінде. – Москва: Наука, 1980.
58 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, Ғылым, 1993.

УДК 821.512.122.+821.512.161

ОПЫТ МАШХУР ЖУСИПА В ИЗДАНИИ ФОЛЬКЛОРА

Н.К. ЖУСУПОВ
д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В статье акына «Наставления казахов» («Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздері»), опубликованной в газете «Дала уалаяты» (1893 год, 13-ый номер), вопрос «Что вечно?» задан ханом Абылаем своим подчиненным. В некоторых сборниках [1] вместо хана выступает мудрый Жанибек.

В рукописях Машхур-Жусипа в качестве отвечающего на вопрос выступает иногда неизвестный человек, иногда оратор Жудас из рода Кипчак (из записи Жолмурата – Н.Ж.), а в вышеназванных сборниках на вопрос отвечает сам оратор Жиренше. Допустим, что образцы в последних изданиях собраны из «уст», то нет сомнений в том, что во времена мудрого Жанибека не применялось слово «ученый».

Образец [2], посвященный оратору Таймас, о котором говорилось выше, переписан из рукописи О.Иманбаева. А этот образец встречается и в копиях рукописей племянника акына Жолмурата Жусипулы. Следовательно, земляк Машхур-Жусипа, даже родственник О.Иманбаев, переписал этот образец или из рукописей Машхура, или из копий Жолмурата.

Теперь сравним эти два образца. В текстологическом отношении эти два образца очень схожи, их можно рассматривать даже как один текст. Так, например, в копии рукописей Жолмурата строки «Что не изнашивается в мире, такое возможно?», *«Что вечно в мире, такое возможно?»* в книге [3] даются следующим образом: «Бывает ли в мире вещь, которая никогда не изнашивается?», *«Бывает ли в мире что-то вечное, которое никогда не умирает?»*. Обратим внимание: в двух образцах первые предложения абсолютно одинаковые, только во втором образце не встречаются слово «что» и словосочетание «что за вещь». А все остальное: сюжет, содержание, стиль изложения, герои, их действия и слова – все абсолютно одинаково. Короче говоря, все это полностью обосновывает, что автором двух образцов является Машхур-Жусип. Только Жолмурат утверждает, что образцы принадлежат Машхур-Жусипу, а составитель книги Б.Адамбаев указывает, что образцы переписаны у О.Иманбаева, при этом не придает значения тому, у кого О.Иманбаев взял, в свою очередь, их. Тем не менее, в папке О.Иманбаева, хранящейся в «семейном архиве», приводятся сведения об авторе образцов. Так, например, над заголовком каждой рукописи О.Иманбаев указывает имя Машхур-Жусипа. Момент, заслуживающий внимания: предание, которое встречается в книге Б.Адамбаева, дается в книге Н.Торекулова [4], но уже с текстологическими изменениями, однако имя Машхур-Жусипа не указывается.

Исторические предания Машхур-Жусипа «Становление хана Абылая» («Абылайдың хан болып көтерілуі») и «Сон хана Абылая и его смерть» («Абылай ханның түсі және қалай өлгені») имеют схожесть с материалом М.Дулатова «Хан Абылай», опубликованным в журнале «Айкап» (№ 6, 1912г.) под псевдонимом «Гражданин Алашулы» («Азамат Алашұлы») [5].

В одной части этого рассказа Мыржакыпа повествуется о том, как Абылай 48 лет был ханом в Кокшетау, в 12 лет служил в прислугах в Туркестане, в 20 лет проявил героизм в военных походах с калмаками, далее речь идет об его становлении как хана. А вторая часть охватывает события о том, как в старческом возрасте хан намеревается завоевать Ташкент, видит сон и отказывается от своих планов, в обратной дороге умирает. Эти два материала точно так же встречаются в рукописях Машхур-Жусипа. Два образца, бесспорно, записаны из уст одного и того же человека, только имеются лишь незначительные изменения.

К примеру, обратим внимание на начало двух вариантов образца. В варианте, изданном в журнале «Айкап», предание начинается со слов: *«Известный всему миру Абылай родился в XVIII веке»*. В образце Машхур-Жусипа эти

сведения отсутствуют, историческое предание начинается сразу с жизни Абылая в 12 лет, приезда его с Оразаулыком в Туркестан, со службы в прислугах у хана Абилмамбета, с того момента, когда он пасет верблюдов у Толе бия из рода Үйсін, приехав в Сарыарку, нанимается табунщиком лошадей баю Даулеткелди, выходца из народов Атыгай и Карауыл [6]. Все это повторяется в образце, вышедшем в журнале «Айкап», только там не упоминается имя Оразаулыка. Затем в каждом варианте события передаются по-своему. Строчки стихотворения акына Арыстана «Хан Кене, если уважишь, буду тебе прислужником» приводятся в середине рукописи Машхур-Жусипа, в то время как в варианте из журнала «Айкап» эти строчки размещаются в конце исторического рассказа. Вместе с тем, строчки стихотворения «Занимаются богатые торговлей в Микражи» («Қылады Микражиде байлар сауда») даются в конце рукописи Машхур-Жусипа, в то время как в журнале «Айкап» они размещаются в самом начале. По всей вероятности, этот сюжет был широко распространен среди народа и всем известен. Следовательно, нас нисколько не удивляет тот факт, что этот вариант в качестве фольклорного образца встречается в рукописях и Машхур-Жусипа, и М.Дулатова. Вместе с тем, это обосновывает, что фольклорный образец записан двумя деятелями литературы без всяких текстологических изменений. Кроме того, в образце Машхур-Жусипа даются пояснения к наименованию реки Кымыз («Қымыз өзені»), происхождению пословицы «Аң алмайтын жаман құс ат еңбегі...» [7], которые не находят отражения в варианте Мыржакыпа, – все это обосновывает наличие большого объема первого варианта.

Во второй части варианта, опубликованного в журнале «Айкап», имеют место и изменения. В варианте Мыржакыпа событие повествуется от имени неизвестного сказителя [8], начинаясь со слов «Ей, Абылай! Когда я увидел тебя первый раз, ты был подобен маленькому ястребу». В варианте Машхур-Жусипа эти моменты отсутствуют, даже если они нашли бы отражение в рукописи акына, то обязательно упоминалось бы имя Бухаркена. Потому что Машхур-Жусип знал наизусть стихи Бухар. Второй момент, констатирующий изменения: в варианте, изданном в журнале «Айкап», сообщается о том, что хан Абылай назначил правителем Туркестана своего сына, при этом не указывается, кого из сыновей именно [9], а в рукописи Машхур-Жусипа указывается имя султана Сыдыка [10]. То есть здесь собранное Машхур-Жусипом ценится своей конкретностью.

При всем том, что между двумя образцами имеются различия, есть и схожести: развертываемость сюжета, порядок расположения, имена участников событий, их действия, речь, периоды охвата событий, даже строчки из стихотворных произведений акынов.

В истории казахской литературы М.Дулатов известен прежде всего не как собиратель фольклора, а как писатель. А схожести вариантов приводят к раздумью. С 1912 года, после того, как книга Машхур-Жусипа «Кому принадлежит Сарыарка?» была признана «опасной», было запрещено издание произведений Машхур-Жусипа, на страницах печати не упоминалось имя Машхур-Жусипа. Не случаен тот факт, когда известный акын С.Торайгыров, поднимая проблему «чистоты» казахского языка, приводит примеры из произведений Машхур-Жусипа, при этом не указывает его имя. Возможно, по этой причине материалы Машхур-Жусипа были изданы от имени М.Дулатова. Этому свидетельствует тот факт, что в рукописях, хранящихся в «семейном архиве», Машхур-Жусип пишет: *«После того, как цензура не пропустила «Сарыарку», редакторы газеты не пропускали имя «Машхур», а пропускали имя «Мухаммед Юсуф».*

При всем этом в обоих материалах встречаются совершенно одинаковые предложения. К примеру, у Машхур-Жусипа: *«Во сне подошел тигр прямо к дому, опускаясь на колени, он улегся, опустив голову. Хотел посмотреть, что это. Оказалось, это не тигр, а медведь. Только что я вроде бы видел тигра, а теперь медведь» [11]. В журнале «Айкап»: «Во сне к дому подошел тигр, улегся, опускаясь на колени. Посмотрел удивленно: «Что это за тигр?». Этот тигр превратился в медведя. Второй раз посмотрел: «Только что был тигр, каким образом превратился в медведя?»* [12]. В первом предложении меняется порядок расположения словосочетания «к дому» («шатырымның алдында»), а словосочетание «опустив голову» («мойнын салып») отсутствует.

Если предположить, что Машхур-Жусип записал этот образец из статьи, опубликованной

в 1912 году в журнале «Айкап», то в тексте не должно быть изменений. К тому же, акын всегда указывал, из чьих уст или у кого он записывал. В тексте Машхур-Жусипа явен фольклорный стиль. У Мыржакыпа текст записан в соответствии с литературными нормами.

Публикация материала [13] о дружеских отношениях М.Дулатова и сына акына Амена Копейулы позволяет сделать выводы о том, что дружеские связи между Машхур-Жусипом и Мыржакыпом продолжались до смерти Амена (1921 год). Если эти связи продолжались, то, по всей вероятности, Мыржакып взял этот рассказ Машхур-Жусипа у его сына Амена. Все это определяет причины соответствия и различия между двумя образцами. То есть фольклорный образец записан Машхур-Жусипом, затем его переписал сын Амен, а у него взял Мыржакып. Или же в редакцию журнала отправил сам Машхур-Жусип. Такая однородность находит отражение в материалах, изданных чуть позже. Так, например, К.Сарткожаулы в своей статье «Какой мы народ?» («Біз қандай халықпыз») [14] использовал рассказ о «Сне хана Абылая», при этом не указывает, у кого взял материал. А.Ауелбектегі [15] переводит статью гражданина кыргызского народа Н.Байжигитова «Сон хана Абылая» («Абылай ханның түсі») /рассказ передается очень кратко/.

В следующем предании «Об отношениях хана Абылая и Калдан Серена» [16] («Абылай хан мен Қалдан Сереннің арақатынасы туралы») / условное название наше – Н.Ж./ речь идет о том, что в целях решения вопросов, касающихся отношений между двумя народами, на земли джунгар направляются посланники. Среди посланников жена Калдан Серена Карабас обращает внимание на четырех людей: Казыбек би, Тайкелтир би, Турсынбая из рода Балтакерей, Жанибека из рода Шакшак. Все это послужит поводом к установлению мирных отношений между двумя народами.

В предании Машхур-Жусипа «О том, как хан Абылай растолковал сон батыра Жанибека» [17] («Жәнібек батырдың түсін Абылай ханның жоруы») разногласия между Катысыбаном и Абылаем разрешаются поединком батыров, представителей двух народов. Только тогда правильное растолкование Абылаем сна Жанибека разрешает судьбу народов.

Следующее предание, записанное Машхур-Жусипом, – это «О хане Абылае и батыре Турсынбай из рода Балтакерей» («Абылай хан мен Балтакерей Тұрсынбай батыр турасында») [18]. Краткое содержание таково: Чтобы оценить храбрость Турсынбая Балтакерей, хан Абылай отправляет его за деревом к могиле. А до этого он отправляет туда одного джигита, чтобы напугать Турсынбая. Однако Турсынбай проходит это испытание с достоинством.

Такой сюжет встречается в книге Н.Торекулова под рубрикой «Из уст» [19]. Там в качестве героя выступает батыр Жанибек, а поручения дает батыр Кабанбай.

А второй героический поступок Жанибека, точнее, как Жанибек зубами разорвал змею, тоже описывается в рукописи Машхур-Жусипа. Только этот поступок совершает Кабанбай батыр. Заметим, что в текстах «из уст» происходит смешение. Значит, рукописи Машхур-Жусипа, собранные сто лет тому назад, отличаются свойственными фольклору особенностями. А восприятие события, описываемого в произведении, как исторически правдивое, описание с целью привития веры в это событие – главное качество народной прозы, а именно, предания [20]. А материалы Машхур-Жусипа, опубликованные при Советской власти и в последние годы, подверглись изменениям. Конечно, сюжет, в котором батыра отправляют к могиле для испытания, многовариантен, поэтому в этих вариантах герои разнообразны, что определяет саму природу фольклора.

Еще одно предание, записанное Машхур-Жусипом, называется «Законы-обычаи при Абылае» (Абылай тұсындағы заң-жоралғылар») [21]. Здесь сюжет посвящается сыну Шолабая из рода Кулик «решающему вопросы платы, призывающему к миротворчеству» бию Жанабатыру. Иногда его называют Жанабатыром, а иногда бием Жанке батыром [22]. Опираясь на сведения, хранящиеся в «семейном архиве» и папке Омара Иманбаева (хранится в «семейном архиве» – Н.Ж.), а также, основываясь на универсальные признаки, считаем правомерным использовать имя бия Жанабатыра, сына Шолабая из рода Кулик. О.Иманбаев указывает, что этот исторический рассказ он записал «29» августа 1962-го года у сына Машхур-Жусипа Фазыла. В рассказе описываются решения по вопросу платы: *«Черная плата – сто голов лошадей, двенадцать хороших; плата за род – пятьдесят голов лошадей, шесть хороших;*

плата за искусство – плата безрогими, девять хороших» («Қара құн – жүз жылқы, он екі жақсы; сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы; өнер құны – тоқал құн болады, тоғыз жақсы») [23].

Частое использование вспомогательного глагола «екен» / «оказывается» в сообщении предания подчеркивает сохранение разговорного стиля при записи акына этого фольклорного образца из уст народа. То есть это обосновывает отсутствие авторских изменений в тексте. Так, например, *«вору, обрезавшему хвост лошади, оказывается, до года не отдают приказы, лишь заставляют, оказывается, охранять порог»* («аттың құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін билік айтпайды екен, босаға күзеттіреді екен») [24].

В тексте «Во времена хана Абылая» («Абылай хан заманында») [25] сообщается о том, что Бухар жырау был советником хана, о том, как русский народ передает хану подарок, при этом замечает: «Пусть народ, который находится в твоем подчинении, не будет нам врагом». А небольшой сюжет «Речь хана Абылая» («Абылай ханның сөздері») [26] охватывает определения некоторых родов, данные ханом.

«Түлкінің қызылдығы өзіне сор» (Түлкінің қызылы өзіне сор); «Алтынды пұлын білмей жерге шашқан» (Қолда барда алтынның қадірі жоқ); «Жақсыны өзі болған көре алмаған, Біреуді күндемесе жүре алмаған» (Өз жұртың жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді); «Түзу ағаш болады үйге тіреу» (Түзу ағаш үйге тіреу, түзу жігіт елге тіреу); «Адамға пәле – тілден, бейнет – көзден» (Басқа пәле - тілден) және т.б. Мұнда тұрақты тіркестердің эмоционалдығы артып, олардың бұрынғы мағыналары толықтырылып дамытылады және ақынның өзіндік қолтаңбасы байқалады. Осы мысалдардағы *«Адамға пәле – тілден, бейнет –көзден»* тіркесіндегі «бейнет – көзден» қазір қолданылмайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңінде: «Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ, Көз соңынан көңілді тізгіндеп бақ»,-деп, «бейнет-көзден» деген тіркестің мағынасын аша түседі. Демек, адамның көзінен көп күнәнің шығатынын, адамның байқамай шариғатқа қайшы іс істеп қоюы мүмкіндігін ескертеді. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде Құран мен хадистерді көп қолданатынын ескерсек, «Көз зинасы» ұғымына байланысты хадистің мазмұнын алғанын аңғаруға болады. Ал лингвистикалық тұрғыдан алғанда, екі бөлек айтуға болатын сөз тіркесін ақын біріктіріп, **контаминация** тәсілін қолданған.

2. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде қолданыс өрісі кең сөздер кездеседі. Бұл сөздер бүкіл тілдік ұжымға, адамзатқа тән аксиологиялық сөздер. Ақын тіліндегі өзекті ұғымды білдіретін сөздердің қатарына **көңіл** сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдерді жатқызуымызға болады.

«Көңіл кірі» фразеологизмінің (қайғы-мұң мағынасында) қолданысына назар аударайық:

Көңілде** жатқан **кіріңді
Оттай ыстық сөз жояр (Мақал).
Аспанда ай болмаса, адасады
Көңілді көтермесе, кір басады (Халық әні).
***Дүние кірін** жуынып,*
Көрініп ойға көз салар (Абай).
-Кәпір-антқа, мұсылман тілге нансын,
***Көңіл кірі** айтумен кетсін, барсын! [15, 22 б.].*
Жүргенмен не бітірдім тірі болып,
***Көңілдің** тазармаған **кірі** болып [15, 149 б.].*
-Жүйріктің алу үшін ащы терін,
Тер шыққан соң тарқатар іштің шерін.
Гүл жүзді, шырын сөзді наз ниннан,
*Сөз қозғап, кетірейік **көңіл кірді** [15, 23 б.].*

«Көңіл кірі» тұрақты тіркесі Абайдың өлеңінде «Дүние кірі» болып, жаңа өмірді аңсау мағынасында қолданылса, Мәшһүр Жүсіпте халықтық қолдану үлгісімен үндес келеді. Осы жерде де Мәшһүр Жүсіптің халықтан алшақ кетпейтінін, сөйтсе де өзіндік ерекшелігі бар екенін байқаймыз. «Көңіл кірі» тіркесі арқылы ақын бірде іштегі мұңды, назды қалай шығару керектігін айтса, бірде өз ісіне көңілі толмайтынын білдіріп, бір тіркесті түрлі стильдік мақсатта пайдаланады. Мұнда ақын өзін *көңілдің кіріне* балап, метафоралық тіркес жасаған.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Көңіл» сөзінің қатысуымен жасалған адамның ішкі жан дүниесінің, психологиялық жай-күйін білдіретін фразеологизмдер:

Бір үйге көп қараймын тамаша етіп,
*Ұстаға соны салған **көңілім кетіп*** [10, 46 б.].
***Көңілі кету** – назары ауу, қызығушылығы арту.*
*«Күлігім бар!»,-деп, мен жүрмін **көңілім тойып*** [10, 71 б.].
***Көңілі тою** – ырза болу, тоқмейілсу.*
Махаббат, мархабатлы болмаған соң,
*Уыз жас **қалды көңілім** замандастан [*10, 75б.].
*Ағайыннан **қалыпты көңіл тоқтап*** [15, 154 б.].
***Көңілі қалу** – ренжу.*
*Жалғанда жан емеспін **көңілім өскен*** [15, 20 б.].
***Көңілі өсу** – қуану.*
*Менменсіген талайдың **көңілін бастым*** [15, 153 б.].
*Әр түрлі тоқтау айтып **көңілін бастым*** [15, 5 б.].
***Көңілін басу –** басу айту, тоқтамға келтіру.*
Көңілді,** шешемді ойлап, **бөле бердім [15, 5 б.].
***Көңіл бөлу –** қарайласу, көмектесу.*
*Қиқулап, елендетіп, **көңілім бөлдің*** [15, 75 б.].

Бұл жердегі ***көңіл бөлу*** – аз ғана уақытқа назарын аударту дегенді білдіреді.

Аталған фразеологизмдердің Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қолданыс жиілігі өте жоғары. Олар адамның түрлі жай-күйін, әрекеттерін сипаттауда қолданылады.

Адамның адамгершілік қасиеттері оның ішкі әлемінен құралатыны белгілі. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында адамның адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын қолданыстарға бай. Бұл секілді қолданыстардың арасында көңілмен келетіндері де жеткілікті.

Кісінің ***көңілін жықпаған*** [15, 133 б.].

Біреуді жақсы көріп, жылы тартсаң,

Кіршіксіз *болып* ***көңілің*** *ақ қағаздай* [10, 65 б.].

Көрумен, ***көңіл көзбен*** *аңғарады* [15, 13 б.].

Көңілім *бар* ***шапағаттан,*** *келсе шамам* [15, 52 б.].

Көңіліне мақтан кірмеген [15, 132 б.].

Ертеден келе жатқан тіркестерге жан бітіріп, мағынасы жағынан жуық емес сөздерді шендестіріп, бір-біріне бейім емес сөздерді тіркестіріп, жаңа мағынамен байытудың жолын көрсеткен үлгілері:

Көңілің бір өлік еді жансыз жатқан [10, 64 б.].

Көңілді өлікке балайды.

Көңілдің ел қалмаған жайлауында [15, 215 б.].

Немесе

Көңіліме *ерте* ***қонған*** *сөздің ауылы* [15, 63 б.].

Дерексіз ұғым мен деректі ұғымдарды байланыстыра отырып, экспрессиясы жоғары тамаша, соны тіркестерді жасайды және ұлттық колоритті де көрсете отырады. Себебі, жайлау, ауыл сөздері – қазақи тұрмыс-тіршілікті білдіретін сөздер.

Бір жерден екі көңіл шыққандықтан [15, 63 б.].

Екі көңілдің бір жерден шығуы да ақынның өзіндік қолтаңбасы көрінетін фразеологизмі. Мәшһүр Жүсіп халық қолданысындағы *бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару* мәтелін өзгертіп қолданады.

Көңілімде сақтап жүрмін бір жаз, бір қыс [15, 15 б.].

Ақын осы тіркес арқылы өзін салқынқанды ұстайтынын, әр нәрсеге сабырлылықпен қарайтынын білдіргісі келеді.

Таусылмас, шашсаң қанша, көңіл – бір кен [15, 102 б.].

Көңіл сөзі мағыналық жақтан ерекше түрленеді, соның нәтижесінде жаңа экспрессиялық мағынаның тууына ақын осылайша жол таба білген. Бұлар – Мәшһүр Жүсіп қолданған авторлық окказионал қолданыстар. Аталған тіркестер әдеби тілдің көркемдігін көрсетіп қана қоймайды, ақын қолданған көркемдеуіш тәсілдердің жаңаша сипат алғандығын байқатады, көркем атаулардың жаңа түрлерін дүниеге әкеледі.

Көңіл сөзінің айқындауыш сыңарының, яғни атрибуттік компоненттерінің түрлі-түрлі болып келуі сөздің белсенділігі артып, тіркесімділігінің күшейгенін көрсетеді.

Жер алыс болғанменен, ***көңіл жуық*** [15, 29 б.].

Болса да ***көңіл қорқақ****, қол батыр-ды* [15, 151 б.].

Мұратым бітпесе де, ***көңілім тоқ*** [15, 93 б.].

Мәшһүр Жүсіп көңіл сөзін етістіктермен тіркестіру барысында да көріктеуіштік қасиеті жоғары тіркестерді береді:

Шарқ ұрып, ***көңілің кезіп,*** *әр тарапты* [15, 37 б.].

Барамын тоқтай алмай, ***көңіл көшіп*** [15, 7 б.].

Жерлерге ***көңілің сүйген*** *түсіп жүрген* [15, 76 б.].

Ақынның түсінігінше, Алла тағалланың құдіретіне ой жүгіртіп, оның шексіздігін сезіну адамның оған деген сенімін молайтып, иманын өсіреді. Осы себептен ол Алланы ***көңіліне алуды*** және ***шын көңілмен*** Аллаға ғашық болуға шақырады.

Құдайды шын ықыласпен ***көңіліне алса*** [15, 9 б.].

Ешкім жоқ ***шын көңілмен*** *Аллаға ғашық* [15, 915 б.].

Көңіл – концептуалдық мағынаға ие тілдік бірлік. Көңіл қазақтың танымын, наным-сенімін білдіруде, адам эмоциясы мен сезімі, психологиялық жай-күйін суреттеуде қолданылады. Көңіл сөзі ақын танымында аналогия, ассоциация сияқты ойлау процесі заңдылықтарының нәтижесінде туындайтын ұғымдардың атауы, жаңа лексикалық мағына туғызуға негіз бола алады. Ол – фразеологизм жасауға тірек сөз бола алатын тілдік бірлік.

3. **Фразеологизм сыңарларының арасынан сынамалап сөз ендіру.** Фразеологизмдер құрылымы тұрақты болғандықтан да сырттан сыналап сөз қосуға көне бермейді. Ал поэзиялық шығармаларда мұндай құбылыс өте жиі ұшырасады және өлең тілінің әр түрлі қажеттілігін өтеу үшін осылайша ұшырасуы заңды да. І.Кеңесбаев: «Көркем әдебиетте, оның ауызша, жазбаша түрлерінде, халық тіліндегі белгілі бір фразеологизмді сәл ұлғайтып, немесе ықшамдап, өлең өлшеміне не көркем текске ұштастыра өріп қолдану сәттері болып тұрады... бұл секілді саналы әрекет жолымен болған өзгерістер арасына бөгде сөздер енсе, **дистант** құбылыс деп аталады»,-дейді [12, 103 б.].

«Сынамалап енгізілген сөздер тұрақты сөз орамының мағына тұтастығына нұқсан келтірмей жымдасып, үндестік тапса, нормадан жөнсіз ауытқу емес» [15, 54 б.].

Фразеологизмдерді қолдану барысында кездесетін дистант құбылысын барлық сөз табы жасай

алады және олар фразеологиялық варианттарды жасайтын тәсіл болып табылады. Дистант құбылысы Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы фразеологизмдерде де кездеседі.

Тісіңді *алыс жауға көп* ***қадайсың,***
Артыңнан найза, қылыш бек таяйсың [10, 55 б.].
Немесе
Қас пен көздің, *кірпіктің* ***арасында***
Талайсызға тікен боп тіл қадалар [15, 150 б.].
Сол сияқты
Ол молда бұрынғыдай бола алмады,
Көңіліне *күндегі сөз* ***қона алмады*** [15, 123 б.].

Әр жерде жұрт аузында әңгіме боп,
Құлақтың, *естігенде,* ***құрышы қансын*** [15, 33 б.].

Автор өлеңнің үйлесімді ұйқасын бұзбау мақсатында фразеологизмдердің арасына сынамалап сөз ендіреді. Дистант құбылысы тұрақты тіркестердің мағынасына ешбір нұқсан келтірмейді, керісінше өзара жымдасып, үндестік табады.

Иншалла, жазған сөзім бір де қалмас.
Бұл өнер тірім түгіл, көрде қалмас.
Болат мәтін - қанжармен тесілген тас,-
«Тесік тас, *-деген сөз бар,* ***-жерде қалмас»*** [10, 53 б.].

Ақын өзінің жазған сөздерін, ұлағаттарын болаттай берік мәтінге балайды. Болат мәтін қанжармен тесілген тас іспетті дей келе, олардың жай қалмасын халық мәтелін қолдана отырып, жеткізеді. Бұл жерде де ақын өлең ұйқасын бұзбас үшін дистант тәсілін қолданады.

Болмаса жақсылықтан еш нәрсеміз, ***Сорымыз*** *сонда біздің* ***қайнайды*** *екен; Шаһар жаққа* ***түзейді*** *енді* ***бетті;*** *Қай жеріңнен келмей тұр, айтшы,* ***күйің; Тұзағына*** *бір жұрттың* ***түсіп*** *торлы;* ***Делебем*** *айқай шықса, кетер* ***қозып; Іліпсем*** *жақсылықпен* ***ел аузына;*** *Ақынның шек келтірме тіл жағына,* ***Іліпсең*** *сау қалмайсың* ***тырнағына.*** Берілген мәнмәтіндерде ақын компоненттері дистант орналасқан фразеологизмдерді инверсияға ұшыратып та пайдаланады. Олар мазмұн тұтастығын бұзбайды. Фразеологизм құрамында кездескен сөздер ешбір стильдік мақсатты көздемесе де, экспрессивтілік үстеп, мағынаны кеңейтуге қатысады. Сондай-ақ, дистант құбылысы фразеологиялық варианттарды жасайтынын айта кетуге болады.

4. **Фразеологизмдердің орнын алмастырып қолдану.**

Инверсия – сөйлем ішіндегі бір-біріне қатысты сөздердің, сөйлем мүшелерінің, күрделі сөз оралымдарының, әдеттегі орын тәртібінің бұзылып берілуі. Инверсия (латын. inversio – төңкеру, өзгерту, ауытқу) – 1) кең мағынасында: әдетте қолданылатын сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің ауытқуы, өзгеруі; 2) тар мағынада: синтаксистік байланыстың өзгеруіне қатыссыз сөйлем мүшелері орын тәртібінің өзгеруі, ауытқуы [13, 915 б.]. Еркін сөз тіркесі ФТ-ның генетикалық прототипі болуына байланысты сөз-компоненттерінің орын тәртібі еркін сөз тіркестеріндегі сөз қалпының нормаларымен тығыз байланысты болады, бірақ оларды жиі қайталамайды. Бұл мәселені фразеология саласындағы зерттеушілер де қарастырды. Мәселен, С.Г. Гаврин ФТ-ның тек бір бөлігінің ғана компоненттерінің белгіленген тәртібі болады десе, Н.М. Шанский [14, 49-52 бб.] Фразеологизм компоненттерінің орналасу тәртібін шектеу оны еркін сөз тіркесінен ажырататын белігелерінің бірі болып саналады деп есептейді.

Бұл бұзылу тіл нормасынан жөнсіз ауытқу емес. Фразеологизмдер компоненттерінің инверсияға ұшырауы, орнындарын ауыстыру, олардың прагматикалық әлеуетін көтеріп, мәнерлілік сипатын береді. Жалпы фразеологизмдер құрамына енетін сөздердің орын тәртібі нақты болады. Инверсия тәсілі поэтикалық өлең мәтіндерінде жиі ұшырасады. Мұнда өлең ұйқасының әсері бар және басқа сөзге ұйқас алғанда өзгертіледі.

Осы заңдылықтан Мәшһүр Жүсіп те шет қалмайды. Ақын инверсияны тек ырғақ пен ұйқас талабынан ғана емес, сөзге логикалық екпін түсіру, негізгі идеяны алдыңғы тармақта немесе тармақ басында беру сияқты стилистикалық-прагматикалық мақсатты пайдаланады. Мәшһүр Жүсіп тілінде ең бір өнімді жұмсалған құбылыс – фразеологизм сыңарларының дағдылы орнын алмастырып, инверсия жасау тәсілі екені көзге түседі. Көбіне еркін тіркестерге тән болып келетін мұндай тәсілді фразеологиялық оралымдарда қолданудың өзіндік мәні бары байқалады. Динамикалық жағынан әр түрлі күйде болатын фразеологизм компоненттерінің орын тәртібінің өзгеруі тұлға құрамындағы кез келген бір компоненттке түсетін екпінді өзгертпейді. Мұндай инверсияның стилистикалық және

прагматикалық әсері көбінесе компоненттерінің ерекше орналасуымен өзіне назар аудартады. Синтаксистік инверсия тәсілі Мәшһүр Жүсіп қолданысында экспрессивтілікті күшейту және компоненттерді мағыналық жағынан ерекшелеп көрсету құралы ретінде жұмсалғаны анықталды.

Дүниеден қалған жан жоқ аяп күшін,
Қайраумен** шықыр-шықыр **отыз тісін.
Айт, тауып жастанайын босағасын,
Молданы бала оқытқан құдай үшін [15, 19 б.].

«Отыз тісін қайрау» тіркесінің түпнұсқасы – *тісін қайрау.* Мәшһүр Жүсіп өлеңнің идеясына байланысты дүниеқұмарлардың бейнесін аша түсу үшін «отыз» сөзін қосқан және «шықыр-шықыр» еліктеуіші арқылы семантикалық реңкті арттыра түскен. Тіпті молданың өзі баланы ақша үшін оқытатын болып кетті деген ойды қынжыла отырып айтады.

Фразеологизмдердің компоненттерінің орын тәртібінің өзгеруі барысында тіркес мағынасына назар аударылмайды, компоненттерінің орын тәртібі бір-біріне қатысты нормадан ауытқу ретінде өзгеретін болғандықтан, өзіне оқырманның назарын аудартады. Фразеологизмдер компоненттерінің инверсиясы оның компоненттерінің жалпыға ортақ қабылданған грамматикалық орын тәртібінің бұзылу процесінен тұратын фразеологизмдердің окказионал өзектілену тәсілі арқылы жасалады. Фразеологизмдер компоненттерінің өзгеріп ауытқуы фразеологизмге ерекше көркемдік реңк береді, оның прагматикалық әлеуетін арттырады.

*Отырмын бұ жалғаннан **үзіп күдер,***
Жеткен соң жер таянған мезгіліме [15, 36 б.]

Немесе

Тілі жоқ көп мылқаулар тыйыш жатыр гой,
*Қызыл тіл, сен **басымды салдың дауға*** [15, 90 б.].

Фразеологизмдердің құрылымдық жүйесі біршама өңделгенімен, оның дәстүрлі мән-мағынасында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Бұл жерде фразеологизмдер трансформацияға түсіп тұрмаса да, өлеңнің ұйқасына байланысты орын тәртібі алмастырылған. Сөздердің бұлайша орын алмастырып келуі стильдік те, мағыналық та өзгерістер бермейді. Ақын өлеңнің ырғағын, әуезділігін бұзбау мақсатында қолданғанын байқаймыз. Десек те, инверсия тәсілі шығарманың идеялық-көркемдігіне қызмет ететініне көз жеткіздік. Фразеологизмдерді мағыналық жағынан және сырт құрлысын өзгертіп қолдану да ақынның халықтың тіл байлығын пайдаланудағы өзіндік ерекшелігі болып саналады.

5. **Мәшһүр Жүсіптің қанатты сөздері.**

Ақын-жазушылардың қаламынан шыққан тіркестер, қанатты сөздері халық арасына кеңінен тарап, өз қолданысын тапқандары да баршылық. Мысалы:

1.Жасымда ғылым бар деп ескермедім.
2. Тіл өнері дертпен тең.
3. Ар ұялар іс қылмас ақыл зерек.
4. Досыңа достық қарыз іс. (Абай).
1. Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған.
2. Аурудан-аяған күштірек. (Ыбырай).

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында мақал-мәтелдерге ұқсас жасалған әрі көркем, әрі терең мағыналы сөз өрнектері бар. Мәшһүр Жүсіптің нақыл сөздері оның өмір тәжірибесі мен таным-түсініктерінің қысқаша тұжырымдамасы іспетті. Ақын:

Бұл атты жоқтан бар ғып тәңірім шашты,
Сөзімді жұрт сырға қып құлаққа асты.
Бойтұмар басқаларға болған сөзім
Өзімді қылмас тіпті аяқ асты [90, 20 б.]
Жел сөздің тұнып жатқан кілтін аштым,
Әр түрлі тоқтау айтып, көңілін бастым.
Бұрынғыдан, соңғыдан түк қалдырмай,
Уатып, жұбату гой менің қастым [90, 39 б.].
Қылады шүкір,сабыр білген адам,
***Ашылып жүрек көзі,** көрген адам.*
Ең алды үлкен байлық –аз күн өмір,
Жатады төрт құлақта өлген адам [90, 56 б.]
Бірдей боп бұ базарда атлас пен боз,
Жоқ болып асылыңды танитын көз.
Белгілі бұ да бір дерт ұстамалы:
Жолығып кеткен жанның қолқасы-сөз [90, 63 б.].

Қызметі мен құрылымы жағынан әр алуан жаңа фразеологизмдерді, сөз орамдарын ұсынады. Мұндай сөз үлгілері ақында көптеп кездеседі.

Есті адам – қанағатты.
Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам көнтерлі.
Көнтерлі адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты.
Ендеше есті адам бақытты болады [10, 60 б.].

Өмірдегі қанағаттық есті адамның белгісі екенін, қанағаттық адамды бақытты етеді дегенді тұжырымдайды. Халқымыздағы «Қанағат – қарын тойғызар» мақалының мәнін тереңірек аша түседі.

Тыныштық керек болса, бір жаныңа,
Өзіңді ғылым бірлан өнерге сал [10, 77 б.].

Немесе

Не нәрсе парыз болса, ғылым – парыз,
Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз [10, 155 б.].

Өз заманының патриоты ретінде адамдарды ғылым-білім үйренуге шақырады. Ақын түсінігінше, ғылымды білу – парыз. Ғылым – ең алдымен жаныңның тыныштығы үшін керек дегенді айтады. Сөзінің жаны бар сияқты.

Кедей байдан тіленіп борыш алғаны:
Өз-өзінен дарға асылғаны [10, 6 б.].

Немесе

Бұл күнде тіл сөйлемес, ақша – шешен,
Жүгірер бай жұмсаса, не мен, не сен.
Дүниеге дінін сатқан адамдардан
Алыс жүр, бой суытып аман-есен [10, 171 б.].

Бұл сөздердің бүгінгі күнгі заманауи проблемалармен үндес екенін аңғаруымызға болады.

Сонымен ақынның фразеологизмдерді жаңартып жұмсау тәсілі, халық тілі үлгісімен жасалған, өз қаламынан шыққан қанатты сөздері қазақтың ауыз әдебиеті тілімен ұштасып жатқандығын дәлелдейді және қазақ фразеологиясын байытуға қосқан үлесі болып саналады.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы фразеологизмдердің окказионалды қолданыстары жасалу тәсілі жағынан сан алуан екеніне көз жеткіздік. Қаламгер әр өлеңнің идеясына сай осы түрлі тәсілдерді үйлестіріп қолдана білген. Ақын жалпыхалықтық тілдің тұрақты тіркес құрамынан ең қажетін талғай отырып, мүмкіндігіне орай оларды түрлендіріп пайдаланады. Өлеңдегі қолданысына қарай фразеологизмдердің стильдік бояуын ажарлай түседі, атқаратын қызметін күрделендіре түседі. Тұрақты тіркестерді жаңғыртып, өңдеп, құбылтып, айшықты сөздермен толықтырып қолдану арқылы фразеологизмдердің мәнмәтіндегі мәніне экспрессивті-эмоционалды реңк беріп, көркемдегіш қасиетін құлпыртып, стилистикалық қызметін күшейтеді, прагматикалық мақсатын айқындай түседі. ӘӨЖ 821.512.122.+821.512.161

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Будагов Р.А. Человек и его язык / 2-е изд. - М.: Изд-ство МГУ, 1976. – 210 с.

2 Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: Оқу құралы. -2-бас.-Алматы: Қазақ университеті, 2008. -258 б.

3 Қосымова Г. Қазақ эпосындағы тұрақты сөз тіркестері: көмекші құрал. –Алматы: Рауан, 1997. -80 б.

4 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филолог. ғылым. докт. ... дисс. –Алматы, 2007. -336 б.

5 Кунин А.В. О стилистическом контексте во фразеологическом ракурсе. Сб. Науч. тр.-в. - Москва, 1976. – 250б.

6 С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.

7 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. -Алматы, 1983. -198 б.

8 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. –Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.

9 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 485 б.

10 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

11 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.

12 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. -Алматы, 1998. - 128 б.

13 Третьякова И.Ю. Внутренняя форма окказиональных фразеологизмов // Проблемы семантики и функционирования языковых единиц разных уровней: Материалы II региональной научной конференции. – Иваново, 2004. – С. 110-114.

14 Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – М.: Высшая школа, 1969. – 205 с.

15 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. -Павлодар, ЭКО, 2008. – 5т. – 425 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП ӘЛЕМІ

С. НЕГИМОВ
ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы би-шешендер мұрасы. Қазақ билерінің шешендік өнері, дәстүрі мен мектебі ұлт мәдениеті тарихындағы ерекше бір текті құбылыс. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен даму тарихындағы би-шешендер институты – Қазақстанның соттық-құқықтық жүйесін, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт ережелерін кейінгі заманға жеткізуші һәм жетілдіруші. Би-шешендер ұлтының тәуелсіздігін қорғау, мемлекет тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында өлшеусіз еңбек сіңірді. Би-шешендер – қоғамдық-саяси тұлға, мемлекет қайраткері, кеменгер, көріпкел-абыз, сәуегей-көсем, қолбасшы, заңгер, тарихшы, этнограф, ұйымдастырушы. Мұның жарқын мысалы, Тәуке Ханның ұйымдастыруымен (1680-1718) дүниеге келген құқықтық-конституциялық құжат «Жеті жарғы». Бұл Қасым хан (1511-1523) мен Есім ханның (1598-1645) ережелері, билік-кесімдері негізінде жасалған. Бұған Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, айыр тілді Алшын Әйтеке би, Әнет баба, Шақшақұлы Жәнібек, Жағалбайлы Шеген би, қырғыз елінен Қоқым би, Қара Шыбын би, қарақалпақ Сасық би араласқан.

Мәшһүр Жүсіп мұрасында «тоқсан ауыз сөздің түйімедей түйінін» шешкен, «шешендігімен судан қаймақ қалқыған» би-шешендер туралы ой-түйіндер, пікір-лебіздер, мейлінше мол. Мысалы: «Шобалай баласы Жаңабатырдан би асқан емес. Күнту баласы Жанайдардан шешен асқан емес», «Үйсін Төле биден дөкей болып би шыққан жоқ». Жанқұтты шешенді «қазақ жақсыларының қасқа маңдайы» деп атаған. Абылай ханның Бейсен би жөніндегі «Анық құдай жаратқан шын би еді» дегенін келтірген.

Қазақ би-шешендерінің «қасиетті, үлгілі, өсиетті» лебіздері Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында молынан келтірілген.

«Жиренше шешен» - ұлттың зердесінде сақталған, жадында жатталған жезтаңдай шешендігімен аты шыққан, үздік жаралған мінсіз жарқын бейненің бірі. Аңыздарды сөйлетсек, атақты ділмар Қасым ханның әкесі Әз Жәнібек ханмен (1406-1473 жылдар шамасы) замандас. Сол ханның білгір ақылшысы, кеменгер кеңесшісі, ғұлама сыншысы Жиренше шешен – «қазақ ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, ақыл-парасаттың, тапқырлықтың символы...Қазақтан өзге түркі, моңғол және үнді-еуропа халықтарының фольклорында Жиренше шешен туралы шығармалар кездеседі. Қазақ фольклорында Жиренше шешен жайлы ертегі, аңыз, әңгіме бір топ» - деп жазылған Қазақ совет энциклопедиясында. Білім-білігі мейлінше кемел, парасат-пайымы терең Жиреншенің «сауып ішерге малы жоқ, төсегі тулақ, үйі қара лашық болған» екен.

Қиыннан қиыстырып, жүйесін тауып, тігісін жатқызып, қара қылды қақ жарып айтқан, көкейге қонымды ғып, тауып айтқан, інжу-маржандай асыл ойларға толы, сымбаты мен сыры келіскен толғамдары, әсіресе, Жиренше шешен мен Қарашаш арасындағы сөз жарыстыру, Әз Жәнібек ханның жұмбақтай күрделі сұрақтарына Жиренше шешеннің берген ұтқыр жауаптары түпсіз тереңдігімен, алғыр, тапқыр болмысымен, қуатты, кестелі көркемдігімен, мағыналық айқындығымен, үлгілі қасиеттерімен, ғибратты даналығымен өзгешеленеді.

Ұлттық шешендік өнерінің ту ұстаушысы Майқы би, Аяз билер сияқты, Жиренше шешен де даналық, тапқырлық сөздерді өз заманының құдіретті билеушісі – ханмен өнер жарыстыру, білім салыстыру бәсекесі үстінде тудырып отырған. Бірде хан Жиреншеге он қошқарды қырық күнде қоздатып бересің деп әмір етеді. Жаны қысылған Жиреншеге: «Тұйыққа тіреліп, саспа. Құдай бұйыртқан қойларды сойып алып, азық ете берелік. Жауабын ханға өзім-ақ айтамын» - дейді Қарашаш сұлу.

Кесімді қырық күн болған күні Қарашаш сұлу Жиренше шешенді төсекке жайғастырады да, үйдің ішінде бақан құрып қояды. Сол күні уәде бойынша

хан келіп, Жиреншені сұрайды. Ол Жиреншенің босанғанын айтады. Оқыс оқиғаға тап болған хан: «О заманда бұ заман, еркек те туушы ма еді?» - дейді. «Я, тақсыр, еркек тумайтын болса еркек қойды қоздат деп неге жарлық бердіңіз?» - дейді Қарашаш сұлу. Сонда хан есінен танып, сөзден жаңылып, миы ашып, құты қашып, елге, жұртқа күлкі болады.

Ақыл-айласына құрық бойламайтын хан тағы да Жиреншеге сүліктей қадалып: «Мынау қаздың етін өзіме, ханымға, екі балама және өзіңе бөл, біреуге артық жібермей, тең бөліп бер. Егер бірімізге бір мысқал артық немесе кем бөлсең, саған аяушылық болмайды» - деп, зілді бұйрық береді. Жиренше шешен толғанып: «Тақсыр, Сіз біздің басымыз едіңіз», - деп қаздың басын ханға ұсынады. «Хан ханымсыз болмас, құс мойынсыз болмас» - деп, қаздың мойнын ханымға ұсынады. «Екі балаңыз қос қанатыңыз, қолғанатыңыз» - деп, екі қанатын оларға сыйлайды. «Мен өзім бас та емес, аяқ та емес, орташа ғана адаммын, мына қаздың орта денесі маған лайық» - деп, қазды мүше-мүшесімен дастархан басындағы адамдарға таратып, сөзін тәмамдайды.

Хан аңда жүргенде, жел айдап бара жатқан қаңбақты көріп: «Жиренше, анау қаңбақ қайда бара жатыр екен, жөнін сұрашы» - деп бұйырады. Жиренше қаңбақты қуып жетіп, сәл кідіріп, ханға қайтып оралады. «Жиренше сұрадың ба, қаңбақ не айтты?» - дейді хан. Сонда майталман Жиренше тосыннан суырыла сөйлеп: «Менің ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрай келген сен ақымақ па, әлде сұрата жіберген хан ақымақ па? - деп айтты» дейді. Ұтқырлық пен ұшқырлықтан, ойшылдық пен тапқырлықтан, сыншылдық пен сұңғылалықтан түрленіп туған бірегей лебіз, үздік пікір. Асылы, Жиренше шешен сөз- ұғым, сөз образдың табиғатын, құбылыстың ішкі қасиеттерін, мәнді белгілерін, ерекшеліктерін жіті аңғарып, шебер қиыстырады.

Ұғым-түсініктер мен сөздің қарым-қатысын, сөздің сан алуан мазмұндық әрі мағыналық қырларын, сөз- ұғымның логикалық құрылым-жүйесін айрықша таниды.

«Жиреншенің енді бір түйіндері» - миы толық, судай төгілген қас шешеннің даналық болмысын, әсіресе, ойының дұрыстығын, тілінің тазалығы мен дәлдігін, қисында аналогиялық ой қорытындылауын айрықша айтуға болады. Мәселен, «Ей, жаным, бірімізге біріміз – аз күн қонақ, ойласаң мына дүние тіпті шолақ. Тірлікте, аз өмірде сыйласып өт, бүгін бар, ертең жоқ: өмір - сол-ақ!»

«Қазыбек би» – ұлттық сана мен тілінің, рухы мен арман-мұратының ұшан-теңіз ұлылық қасиеттерін ересен қуат-құдіретімен көрсете білген, тәуелсіздік жолында қабырғасы қайысып еңбек еткен көрнекті мәмлегер, арыстан жүректі ер, мемлекет қайраткері.

- Үш жүздің қай батырына ризасың деп сұрағанда, Абылай хан айтыпты:

- Мен өзімнен бұрын болған екі кісіге ризамын. Ол Қаракесек Қазыбек пен Уақ Деріпсал. Бұл екеуі де жауға түскен тұтқынды босатып алды. Қазыбек Қалданға барып босатты. Деріпсал өз ауылында отырып, күшпен қорқытып босаттырды.

Тарихи жазба деректерді сөйлетсек, кеменгер би 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген, 97 жасында яғни 1764 жылы көз жұмған. Қаздауысты Қазыбектің тегіне, затына, сүйегіне зер салсақ, Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек (Болатқожа) руынан шыққан. Әйгілі ділмар Шаншар абыздың немересі, Бұлбұлдың шөбересі. Ал өз әкесі – Келдібек би. Анасының есімі – Тоқмейіл. Қазыбек биден Бекболат би, бұдан Тіленші би. Тіленші би баласы Алшынбай би (Құнанбай қажының құдасы, Абайдың қайын атасы). Алшынбайдан Бәпи тарайды. Атақты әнші-композитор Мәди Бәпидің ұрпағы.

«Қазыбек би және қалмақ ханы» – Абылай хан заманында жүз кісі елшілермен бірге Телқоңыр тай мініп жүрген он бес жасар бала Қазыбек ат бәйгесіне де қосылып көрейін деп қалмақ еліне барғанда Тайкелтір би сөзін майдалап, кішірейіп сөйлеген сәтте босаға жақтан атып түрегеліп, құстай ұшып Қоңтажыға айтқан атақты сөзінің тарихы баяндалады.

«Қазақ деген мал баққан, Сарыарқада қаздай қалқып, үйректей жүзіп, теңіздей көлдерді, ұзын, ұзақ өзенді, көк майса көкорай шалғында, сахара салқында ел жайлап шалқып жатқан елміз. «Елімізден қашпасын!» деп, «Жерімізді жау шаппасын!» деп, найзамызға үкі таққан елміз. Жау аяғына басылмаған ел боламыз. Досымызды сақтай білген, дәм-тұзын ақтай білген ел боламыз. Ұл туса, атадан: «Құл болам!», -деп тумайды. Анадан қыз туса: «Күң болам!», -деп тумайды. Ұл менен қыз сенің тұтқынында отырса, оларды азат етпей тынбайды.

Қатты болсаң, темір шығарсың,
Сен темір болсаң мен көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі елдің арасын
Теліткелі келгенмін!
Сен көктегі құс болсаң,
Мен іліп тастар сұңқармын.
Сен жердегі аңның жүйрігі құлан болсаң,
Мен қуып жетіп соғар тұлпармын!
Сен қабылан болсаң, мен жолбарыс,
Алысқалы келгенмін!
Жау тілегенге
Жасыл туса еді, - деген,
Ел болып, шабысқалы келгенмін!
Елімнің шетіне ойран салған өзің:
Бітім беретін болсаң,
Айыбыңды мойындап, бітім бер!
Болмаса, тұрысатын жеріңді айт,
Шабысқалы келгенмін! – депті.

– Япыр-ай, дауысың қаздың дауысындай екен! Қазақ деген елдің дауысы қаз дауысты екен, - деп, - Сенің атың «Қаз дауысты Қазыбек» болсын, менің қасыма келіп отыршы! – депті Қоңтажы.

«Қазыбектің алғаш көзге түсуі» – Абылай хан заманында Тайкелтір би мен Малайсары батырға еріп, қалмақ ханы Қонтажының алдында: «Сен темір болсаң, мен – көмір. Еріткелі келгенмін. Екі елдің арасын, Теліткелі келгенмін!» – дейтін сес сөзін селдете айтқан. «Даусың қаздың даусы сияқты, сенің атың: «Қаз дауысты Қазыбек» болсын! Сенің келген жолыңа қазақтан алғанды түгел үш күннің ішінде тауып берем!» – депті қалмақ ханы.

«Қазыбектің екінші билігі» – орыс шаруалары қазақ жеріне ентелеп енгенде, үш жүздің аймаңдай қасқа–жайсаңдары ақылдасыпты. Біреулер: «Соғысамыз!» – деседі. Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Мама би, Орта жүзден Қаздауысты Қазыбек би тұспалдап, тақпақтап сөйлеседі. Қаздауысты Қазыбектің: «Арылмастай пәлеге қап жүрмесек, суда жүрген перінің қызын атып» – дегеніне орай Төле би толғаныспен: «Қазыбек, сен соғыспауға байладың–ау!» –депті. Сол заматта Қаздауысты Қазыбек: «Біз орыспен қалай соғысамыз? Пайғамбарымыздың ғаділшілік орыста қалады, – дегені бар емес пе? «Жер астынан жік шығып, екі құлағы тік шыға қылса», қолының ұшын беретін көршіміз болса, жаман болмас! – депті.

Сөйтіп, Қаздауысты Қазыбек «орысқа соғыс ашамыз!» дегендердің десін басыпты.

«Қазыбектің үшінші билігі» – Үш жүздің баласына ортақ бір үлкен дауда игі жақсылардың басы қосылғанда, Ұлы жүздің төбе биі Төле би, Кіші жүзден Мама би билік-төрелік айтуға таласқанда атаның өсиетін неге естен шығарасыңдар деп, Қазыбек былайша сөйлеген екен:

- Білмесең, атаңның өсиеті мынау: «Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой. Кіші жүзді найза бер де, жауға қой. Орта жүзді қамшы бер де, дауға қой!» - дегені қайда? Соған қарағанда төре беру жолы менікі емес пе? – депті. –Жығылсам, алдымда ағам бар, сүрінсем, артымда інім бар: билік менікі еді ғой! Мұны біреуіннің аузына алмағандарың қалай? – депті.

Бұл сөзді үш жүздің жиналған адамдары бір ауыздан қабылдап, билікті Қазыбекке беріпті.

Қазыбек осы арада.

- Уа, Үйсін: Төле би, сен атадан үлкен болып тудың. Ініннің бір еркелігін көтеретін жөнің бар. Оны ойламай, жылқысын неге қуып аласың? Уа, жарқыным Мама би, сен атаның қара шаңырағында қалған екенсің, ағаңның көзінің тірісінде жеңгеңді неге зорлықпен әкетесің? «Даугердің адалы құстай ұшатын да, арамы мұрттай ұшатын». Сен, Мама би, қатыныңды қайтар, сен Төле би, жылқыны қайтар. Екі жағыңда иесіне табысы болмаған, екі аяқты түгіл, төрт аяқты қалмасын! – деп, билік айтыпты.

«Қазыбектің төртінші билігі» – жетпістен асқан Азбас тоқалдыққа еріксіз Гөбе сұлуды алмақшы болғанда, Қазыбек би арашаға түсіп, қызға теңдік әпереді.

«Қазыбектің бесінші төрелігі» – Ақбалық сұлу өз үйінің қойшысы Қозыбақ дейтін жігітке ғашық болып қосылуының тарихына қатысты. Ол атақты байдың жалғыз қызы болатын. Небір мырзаларды, сал–серілерді менсінбейді. Өзі «Бес қасқа» атанған айбарлы тұқымнан. Ата–анасы, туыстары Ақбалық сұлудың сүйгеніне қосылғанына тілеуқор. Алайда Майқы, Бошан руларының намысты ақсақалдары Қаздауысты Қазыбек биге даттайды Би бұған таң қалып, Ақбалық сұлудың үш қанат құрым отауына келеді.

Қазыбек би: «Қарындас, мәнді сөзден мән шығады. Беймәнді сөзден не шығады? Жапалақ үйрек іліпті, өйткенмен онан не мән шығады?» – дегенде, Ақбалық сұлу мүдірмей: «Рас айтасыз, мәнді сөздің мәнісі бар. Беймәнді сөздің не мәнісі

бар? Жапалақ үйрек ілгенге таңырқайсыз, оның енді бір қоңыр қаздан дәмесі бар!» – депті.

Қазыбек би қыз сүйіспеншілігіне ырзаланып, ел ақсақалдарына былай деген екен: «Байлық – мұрат емес, кедейлік –ұят емес.» «Атадан алтау тудым деп, жалғызға жапа көрсетпе!» деген, қосағымен көгерсін! – деп, бата беріпті. Басына үй тіккізіпті, еншісін бергізіпті.

«Қазыбектің қастандықтан аман қалғаны» – бидің батыр бауыры Бөдене бір жаққа жолаушылап кеткенде аталас жақындары Қосым жорға, Жалықпас, Хан Бертіс үшеуі өлтірмекші болып, Қазыбекті шақыртады. Олардың арам ойын сезген қарындасы Мәлике сауыт кигізген еді. Әңгіме үстінде Қосым Жорға: «Ананы айттық, мынаны айттық, бағанағыны қайттік» – деген Хан Бертіс Қазыбектің үстіне міне түседі. Үшеуі де Қазыбекті жұлмалап жатқызады. Осы бір заматта Бөдене батыр жетіп келеді. Ол Хан Бертісті көріп: «Атын атайын ба, өзін атайын ба?» – дейді. «Қан төгіп қайтесің, атын ат!» – дейді.

Содан Хан Бертіс Ташкентке қашып кетеді. Ол екі-үш жылдан кейін 250 ақ байтал мен ақ сәукелені айыпқа беріп, Қазыбек бидің аяғына жығылады.

«Қазыбектің үш сұраққа жауабы» – мұнда ол бір қарияның «Жақында не жақын?», «Қымбатта не қымбат?», «Дүниеде не қиын?» деген күрделі философиялық сауалдарына берген дәйекті, дәлелді жауаптары жинақталған.

«Қазыбектің: «Тәңірі алдына барғанда» сөзінің әсері» – ертоқым дауына байланысты төрелік сөз. Бірде Ұлытауда ас болады. Ұлы жүздің Сиқым, Жаныс руларының жігіті Арғынның бір азаматының керемет ертоқымына қызығып, Төле бимен кеңеседі. Би: «Мынау менің былтырғы жоғалған тұлпарымның үстінде кеткен менің ерім!» - деп, алып кел. Мен бір-ақ ауыз сөзбен бұйырып берейін! – депті.

Сонан Төле би аудара қарап, ақтара сұрап: «Көзі бар еріңді өзің ал, көзі жоқ тұлпарың салауат!» - деп кесім айтыпты.

Жаланың отына күйінген арғынның жігіті Қазыбекке жүгінеді. Қазыбек Төле би отырған үйге келеді. Бірсыпыра адамдар бар екен. Ұрланған ерді бірінен соң бірі көріп отыр екен. Қазыбек те күміс ерді алақанына қондырып: «Қапталың – қайың, қасың – шұбар, Қалменбет қосқан бір ерсің! Үйсінге ие Төле би, Бұл ерге қайтіп тиерсің?! Сиқым, Жаныс екі топ, Бір ерге қайтіп мінерсің?! Бұл мінезбен Үйсінді, Бір төбеге үйерсің! Бұл мінезден қайтпасаң, Тәңірі алдына барғанда, Қалменіңмен күйерсің!» - депті.

Сол-ақ екен Төле би: «... Мен бір сөзді ойнап айта салып ем, ерді иесіне беріңдер!» - деп, райынан қайтыпты.

«Қазыбектің қартайған шағындағы сөзі» – даналық тұжырым–пайымдауыларымен ерекшеленеді. Көпті көрген данагөй өмір, тіршіліктің сәні мен мәнін, бақ–дәулеттің баянсыздығын, тәж бен тақтың мәңгі еместігін тақпақтап жеткізеді.

«Қазыбектің соңғы бір тілегі» – «Бауырдың оты күйерлік, қатынның көті күйерлік» күнде өлмеген соң, күл төбеде қалған кәрі саулықтың жемтігі есебінде қалдым–ау» –деген. Себебі, әбден қартайып, шөгіп, Далбада қыстаған. Ел–жұртына хабар бергенде, Бекболаттан басқа кісі келе қоймағанда армандап айтқан сөзі екен.

«Мөңке би» – XVII ғ. 2-ші жартысында (шамамен 1675-1756 жылдарда) ғұмыр кешкен мемлекет қайраткері, ділмар-шешен, болжампаз сәуегей. Әкесі Тілеу 1681-1684 жылдарда Түркістанды жоңғар шапқыншылығынан қорғаған қолбасы яғни ұлт тарихында «Сайрам соғысы» деп аталған қанды шайқастың қаhарманы.

Мөңке бидің замана, ұлт тағдыры туралы толғаныстары шынайы шыншылдықпен, көркемдік философиялық таным-пайымымен айқындалады.

Мәшhүр Жүсіптің жазба мұрасында Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің «Азарсың, жұртым, азарсың» деген сөзі келтірілген. Болашақ замана қайшылықтары мен сұм-сұрқия суреттері кемел ойшылдықпен көрсетілген деуге болады. Мысалы: «Өзі болған жігітке, Қыз артылар деп еді», «Көкек айы болғанда, Кемпір күйлер деп еді», «Ендігінің қатыны, байын билер деп еді». Және «келін-айғыр» деген лебізде сұрапыл сұмдық бар. Бұл – келер заман дерті. Содан алдын-ала сақтандырады. У тілді көреген ойын әрі қарай тереңдетеді: «Заманақыр болғанда, Ат қояндай болады, Адам құмандай болады...» дейді.

Парасат зердесі өзгеше Мөңке бидің даналық мәйектерін Ахмет Байтұрсынұлы мен Жүсіпбек Аймауытов қолданған. Сонымен бірге С.Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» (1932) хрестоматиясында Шекті Мөңке бидің сөздері деп пайдаланған.

«Едіге би» – Айдабол Төлебайдың баласы. Ол атақты Шоң, Торайғыр билердің әкесі. Бірде

Едіге би жүз кісіні ертіп, наурыздама қылдырамын деп, Қызылтаудағы Сәти мырзаның үйіне келеді. Алайда Тәти мырза қансонарға бүркітімен шығып кетіпті. «Бес берекенің біріне» қосылған Баяу деген бәйбішесі: «Мырзаңыз ас-суды алып кеткен жоқ! Наурыздаманы сегіз күн жасамаған соң, мұның не сәндігі бар!» - деп, сегіз күн бойы күтіп, сыйлапты. Тәти мырза қансонардан оралып, олжасы қара түлкіні бәйбішесіне сыйлапты да, Едіге биге түйе бастатқан тоғыз, тоқсан тоғызының біріне түйе, біріне жылқыны, атшыларына мата үлестіріпті.

Едіге би еліне қайтып келе жатқанда «Ат шалдырайық» деп, тоқтап: «Мен сегіз кісіні бір түн осындай қылып күте алам ба? Бұл жүз кісіні сегіз күн күтті ғой! Бір күннен бір күнгісін асырды ғой», - деп, көзінен жасы бұршақтай домалап, былайша бата беріпті: «А, Құдай, халқымды, жұртымды өзімнің тұсымда бай қылмасаң да, балам Шоңның тұсында бай қыл!» - деген.

«Едігенің алғашқы билігі» – он төрт жасар күнінде Ұлы жүз елінде болған. Ертеректе Үйсін Ошақты дейтін ел Орта жүз Малайсары деген таптан Құлназар деген жігітті өлтірген екен. Мұның тарихы Ақбура Бөрібай ақын жырында сипатталған. Ошақты жұрты айыбын мойындамаптты.

Қаншама уақыт өтсе де, осы құнды жоқтап, он төрт жасар Едіге жүз кісіні жанына алып, Шу өзені бойына жетеді. Ұлы жүз жолаушыларға он үй тігіп қарсы алады. Дау-шар мәселесі жөнінде ешкім тіс жармайды. Амандық-есендік сұрап отырады. «Намаздыгер болыпты, намаз оқиық!» дегенде, Ұлы жүз адамдарының ішінен бойы есік пен төрдей кісі Орта жүз кісілеріне қарап, былайша сөйлейді: «Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен? Алмасың болса, мойным бар, асылың болса, қойным бар. Бұ сөзімді ойлай бер!» – деп, аяғын баса бергенде, Едіге: «Ақсақал, кішкене мойныңызды бұрыңыз! «Кигіз кімдікі болса, білек сонікі.// Ауыз кімдікі болса, сөз сонікі». Кен шыққан жеріне қайтып сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден!» – деп, қала беріпті.

«Едігенің көрген түсі» – шынайы деректілігімен қызықтырып сүйсіндіреді. Ол: «Шоң биде қара бүркіт ұстадым. Жемін екі қанатымен бүркеп отырып жеді. Парақор болар!», «Торайғырда – сұңқар ұстадым: айдын шалқар көлдің бір шетінен кірді, бір шетінен шықты. Алған құсын бір шоқымады, табанымен басып, кекжиді де отырды. Адамның сұңқары болар!» - деген екен. Ендігі бір перзенттері қырғауылдың қоразына, тот басқан темір қылышқа, қаршығаға кейіптесі жапалаққа ұқсаған.

«Едігенің соңғы билігі» – Шобалай баласы Жаңабатыр би бес көкала бас атанын жоғалтқанда Айдабол Олжабай батыр Қаракесек Қарсұн-Кернейден жылқы барымталағанда Әйтеке бидің баласы Өміртай араласып: «Едіге сенде мін бар: Көпке тізгін бермейсің?!» - дегенде, Едіге көпке тізгін беріпті де, батыр, би, бай Жарылғап көлденең беріпті.

Тағы бір сөз «Қарсұн-Кернейде бір арам сирақ бар!» - десіпті. Сөйтсе ол өзі сары, өзі кәрі атан түйе екен. Сол заматта Едіге би: «Мұның жүнін бояп сары қылған ғой, тісін егеп кәрі қалған ғой!» - депті. Осы сөзді ілік қылып, бітім-тыным болыпты.

«Торайғыр бидің сөздері» – тереңдігімен, парасатты пайымымен, ұлтқа деген шынайы көзқарасымен, әлеуметтік-қоғамдық қырларымен, философиялық түйін-толғаныстарымен ерекшеленеді. Орыстың полковойы Омбыға алып барғанда, небір айла-шарғының тұзағын құрса да «Орыстың дәмін татпаймын!» - деп, қасарысып қарсылық жасапты. Сонда полковой айтты дейді: «Аюдан да күшті екенсің. Жетпіс күнде аюды құрдай жорғалатушы едік, сені иліктіріп көндіктіре алмадық Бар, бар енді!» - деп, елге қайтарған. Бұ жақта Баянауылға Шоң, Көкшетауға Айғаным қала салдыра бастаған. Сонда Торайғыр: «Орысқа қарамаймын! А, құдай, орыстың жүзін көрсетпей мені ала гөр!» - деген.

Торайғыр би ұшқыр шешендігімен қатар найзагер болған. Бірде жылқысына жау тигенде Уәлиханның қадірлі төленгіті Алшынбай деген бір сарбазды найзамен шаншиды. Ол өкіре құлайды. Жан тәсілім етеді. Содан Уәлиханның асында Абайділда ханға Торайғыр би көрісіп айтыпты: «Құдай тағаланың құдіреті хазіреті Мұса пайғамбармен Тор тауында сөйлегенде: «Мұса, жердің тарында кім тұр, кеңінде кім тұр?» - деген екен. Сонда Мұса пайғамбар айтқан екен: «Жердің кеңінде мен тұрмын, тарында сен тұрсың», - деген екен. «Мен он сегіз мың ғаламды жоқтан бар қылған Құдай болсам, жердің тарын, кеңін өзім жаратқан болсам, мен қалай тарында тұрамын, сен кеңінде тұрасың?» - дегенде, «Рас, он сегіз мың ғаламды жаратып, мені жоқтан бар қылған құдайым сен болсаң, сендей құдайым бар

екен. Мен жердің кеңінде тұрмай кім тұрады? Менің сендей құдайым бар болғаны үшін, жердің кеңінде тұрамын. Сенің ар жағында сүйенетұғын құдайың жоқ, жердің тарында тұрғаның сол емес пе» - дегенде, «Рас айтасың, құлым. Сөзің – хақ сөз!» - деген екен. Сол айтқандай, сендей төрем бар, не ғамым бар, тақсыр»?!

Алшынбайдың жесіріне Торайғыр би: «Алшынбайдың ажалы жетті де, менің ақ найзамның ұшының абиыры кетті де?!» – дегенде, ол: «Байым өзінен кемнен өлмей, өзімен теңнен өлген екен. Қараңғының көзі бола ма, тиіп кетсе сөзі бола ма! Құдайға разымын, байыма да разымын, өлтірген жаным, саған да разымын. Мен байымның құнын кештім» - деген екен.

Торайғыр бидің тастүйін толғамдары, билік-кесімдері даналық мектебі, көркемдік қазына деуге болады.

«Торыайғырды тоқтату» - Торыайғыр би Шоң биге өкпелеп Жиделібайсынға бет түзеп кетіп бара жатқанда Қобының құмында Қарауыл Мүсет би басу айтып, елге қайтарғанда айтқаны: «Шоң, Торайғыр, сенбісің мақтап жүрген, Бар өнерің осы ма сақтап жүрген?! Елден кетіп барасың, Мамыр менен Сабырға. Барғаннан соң сен жерсің, Жал-жая жоқ, қабырға. Жүйрік атың бар болса, Барымтаға шабарсың. Сұлу қызың бар болса, Бозбалаға жағарсың. «Ауыл қашан көшед?» -деп, Түндігіне қарасаң, Төрешіге барғанда, Төмен қарап, жарарсың, Асыл туған затыңды! Шоң, Торайғыр атанған, Егіз шыққан атыңды, Қайдан іздеп табарсың?! Ұқсаң, айтқаным осы! Босат атымның басын! – депті.»

«Тіл мен көз» - Шоң би мен Торыайғыр би Қаракесек еліне бітімге бара жатып, жол бойында түп-тура кісінің басындай ақ тасты көріп, тамашалап, таңданысып кете барады. Ауылға байдың үйіне ат басын тіреп, тағы да екі ала бас ботасы мен екі аққара бас марқасын қызықтапты. Бұлар аттанғанша, бұлар да пышаққа ілініпті. Олар өзара шүйіркелесіп: «Мына боталар мен марқаларға біздің көзіміз тиді. Кешегі біз сұқтанған тас қайтті екен? – десіп, әдейі бұрылып, тасты көрсе ортасынан қақ жарылған екен дейді.

«Байдалы мен Айғаным» – Қуандық Байдалы би Бекшеұлы (1727-1822) Абылай хан ілтипатына ие болған атақты ділмар-шешен. Хан оны «сегіз биім, сегіз биімнің ішіндегі семіз биім» деп атаған. Уәлихан дүниеден озғанда Айғаным ханымға былайша көңіл айтқан: «Ер қартайды, мал қайтты, Екеуледің Айғаным. Қатын шайпау, ұл тентек, Төртеуледің Айғаным. Ат арыды, мал тозды, Жұрт билеген жақсыдан Жұртқа қайтқан ит озды, Алтауладың, Айғаным. Етік тозды, ұлтан жоқ, Қадір білер сұлтан жоқ, Сегіз болдың, Айғаным. – Ғаріплік қатты, жан тәтті, Дәл он болдың, Айғаным!».

«Ақтайлақ би» – ата-бабасы азуы алты қарыс, қара сөзді орып айтқан, тілге даңғыл дүлдүлдер болыпты. Ақтайлақ XVII ғасырдың аяғында Ташкентте бек болған «Нар дауысты Нарынбайдың» шөбересі, даусы аққудай саңқылдаған «қу дауысты Құттыбайдың» немересі. Бұған: «Қу дауысты Құттыбай, Қазақ туын көтерді. Даналықпен айырды, Келер менен кетерді» деген XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақынының сөзі айғақ. Ақтайлақ биден Сабырбай ақын туған. Халық ақыны Төлеу Көбдіковтың шешесі Қуандық Ақтайлақ бидің немересі екен. Ел аузында «Сыбаннан шыққан 17 ақын» деген аңыз-әңгіме бар.

«Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі» (1-2 нұсқалар) – тұлғатануға қатысты тарихи-әдеби деректерімен, тағдыранықтағыштық сипат-белгілерімен ерекшеленеді. Қарабас ханымның қазақ елшілеріне деген бірегей сыншылық қабілеті, болжампаз көрегендігі тәнті етеді. «Бітім алып қайтуға тұрарлық үздіктерін таңдап, өрі-қыры бірдей көзге түсерлік төртеуін жоңғар қонтайшысы Қалдан Шерінге келіп, Қарабас ханым мынандай даналық ойларын жайып салады: «Мынау отырған Қазыбек ұйықтағанда екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберіп, керген төстіктей жатады екен. Оның мәнісі: «Дүниенің төрт бұрышын тіреп туған ұлмын!» - дегені. Қара бақайына шейін құт екен! Өлгенде арулаған жерін басып өткен ел бай болар! – дейді. Мынау отырған Тайкелтір - кішкене тілінің ұшы екі айырыла біткен екен. Өнері қара санынан келеді екен. Ер көмей, темір жақтың барып тұрған өзі екен. Балтакерей – Тұрсынбай «құлағы жоқ, шұнақ; құйрығы жоқ, шолақ» екен. Ерлігінен де міні жоқ. Жалғыз-ақ айыбы – жауы желкесінде екен. Онан басқа қорқар нәрсесі болмаса керек, - дейді. Мынау отырған Жәнібек: екі аяқты бір бастының сырттаны екен, өзінің оққағары бар екен. Күнінде ыңыршағыңды отқа жағып, бақайшағыңның майын шағатұғын осы екен!»

«Басқа да бұрынғы шешендік үлгілері» - Мәшhүр Жүсіп қолжазбаларында молынан көрініс тапқан. Төле би, Жобалай – Жаңабатыр би, Күнтубаласы

Жанайдардың алғыр, тапқыр сөздері және «Заман азбас, ел азар», «Қариялардан қалған сөз», «Байғыз деген құс болар» дейтін толғамдар жинақталған.

Сондай –ақ Мәшһүр Жүсіптің: «Бұрынғы өрнекті хан, үлгілі билердің сөздерін айтушы да таусылды, шын құлақпен тыңдаушы да таусылды. Енді сұм жалғанның сұмдық сөзі. Ел тозығы жетіп, сөзден азғындық белгісі - осы» - деген пікірінің жаны бар.

«Бөлтірік би» - Мәшһүр Жүсіп: «Құдай рахмет қылсын Бөлтірік биге, кісі болса, осындай болсын» деп сүйсінген. Мәшһүр Жүсіп Бөлтірік бидің қырғыз ханын әлденеше рет сөзден сүріндірген, қырғыз шешеннің қалайша сөзден тосылғанының тарихын тұжырымды баяндаған.

«Боздақ би туралы бір дерек» - Мәшһүр Жүсіптің көрсетуінше, Ақиіс – Қалқаманның ұрпағы. Салдық құрған, «сылқылдап, әдемі киініп жүрген». Бейіті Далбаның ту сыртында Үшқағылдың оңтүстігінде Жайма деген жердің күншығысында. Өлерінде: «Сүйіндіктің жерінің шетіне апарып қойыңдар! Олай-бұлай жүргені дуа қыла жүрер!» - деп, өсиет қалдырған.

«Боздақ би» - Қалқаманның Ақиіс тармағынан өрбіген. Шыншыл, әділ Боздақ бидің өз тұқымы жайында былай депті :« Бестеректің түбінде, Бес үйлі Ақиіс демесін, «Бес Мейрамға білдірмей, Басын жеймін!» - демесін.»

«Жәуке шешен» - тапқыр ойлы, өткір тілді ділмар-шешен. Айдабол-Күліктің Айдаболынан тараған Еламанның баласы, Тұрсынбай, Шонтының ағасы. Ол Ұлы жүзде «Би қатын» атанған Сарайбикені сөзден сүрндірген. Керуенбасы Жәуке шешен Арқадан Бұқараға бет түзейді. Жолшыбай «Би қатынды» «Үйінде бар ма?» - деп сұрастырса, Түркістанда Тоғай хан шақырып, сол елге кетті» деседі.

Тоғай ханның ордасына сәлемдесуге барса, «Би қатын» тақтың үстінде жалы күдірейіп отыр екен. Айрықша құрмет, ықыласқа бөленген. Төменгі жақтағы науша жастар өзара күңкілдесіп, күлісіп:

- Хан мұның қойнына барады ғой, солай болғаны үшін осынша ардақтайды ғой – дейді

Мұны Би Қатынның құлағы шалып қалып, біздерге қарап:

«Мұндар, не дейсің, жағыңды тас-талқан қылайын ба? – дейді.

Содан Жәуке би:

- Сүндетің бар ма? – дейді.

Қатын:

- Жоқ, - дейді.

Жәуке би:

-Oh! – дейді.

- Жаназаға кіріп, еркекке имам болған жерің бар ма? – дейді.

Қатын:

- Жоқ, - дейді.

Жәуке би:

-Oh! – дейді.

- Ердің құнына нардың пұлын төбеге шығып төрелік берген жерің бар ма? – дейді.

Қатын:

- Жоқ, - дейді.

Жәуке би:

- Oh! – дейді, - Тең теңін олжалайды, тезек қабын олжалайды. Олжа алуға қатын аттанса, жорықта жүріп, сақар мен сабын олжалайды. Құралай бастаған киік оңбайды, Қатын бастаған көш оңбайды. Байтал шауып бәйге алмайды, Қатын қайраттанып қазан қайнатпайды. Оңбаған ханды төленгіті билейді, қараң қалған елді қатын билейді деген. Сен бір қараң қалған елдің ішінде тұрған немесің-дағы! Мен Арқада жатқан он сан Орта жүз деген елмін. «Абылай аспаған сары белмін»! Сен түгіл мына отырған Тоғай хан менің атымның шаужайын ұстауға жарар ма екен? Көзіңді ашып қара өзіңе! – дейді Жәуке шешен.

Осы бір шешендік сөздерді жеткізген «аттыға жол, жаяуға сөз бермеген» «Алтай керуенбасысы» атанған Алтай Сайдалының Аққошқары.

Ноғайлының дәулеткер байы Құдайберді айдаһармен дос болған. Осы бір әңгімені де керемет келістіріп айтады екен Жәуке би.

«Үкібай» – XIX ғ. өмір сүрген би. Заты – Арғын, Қаржас бұтағынан. Едіге бидің немересі Итемген бидің бір қысырағы жоғалғанда Үкібай би «атасының жолын» сыйлап, түгел қылып қайтарған екен.

«Үкібай сөзі» - тарихилық әрі деректілік сипаттарымен өзгешеленеді. Би сөзінің бастамасы яки құлаққүйі былайша өріледі екен: «Адам Ата, Хан Шыңғыс, Дін мұсылман құл пейіс(бейіш), Алаш – алаш болғанда, Алаша хан болғанда, Үйіміз ағаш болғанда, Ұранымыз: «Алаш!» болғанда. Алты сан Алаш, жеті сан қазақ, Тоқсан екі баулы Қыпшақ, Он екі баулы өзбек. Тоғыз таңбалы Арғын. Сан таңбалы Абылай, Қол (Құл) таңбалы Бөкей. Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы».

«Абылай аспаған сары бел» аталған мәнісі», (1-6 нұсқалар) - мұны қанатты сөз ретінде қабылдаған дұрыс. Абылай хан халықтың қуатын, құдіретін сұңғылалықпен түсінгендіктен туған даналық тағылым. Хан қара бұқарамен есептесіп, санасып «Бес Мейрам» деген елден аса алмадым!» деп мойындаған екен. Бұл уақиғаның тарихы былай: Абылай хан Қаздауысты Қазыбек бидің еліндегі бір асқа қатынасқан. Сонда Шаншардың желбас бозбалалары: «Анау тұрған ханның басындағы бөркін қағып түсірсе, не қаһар қылар?» − деп, Қаздауысты Қазыбек бидің інісі, «Мөртаңдайлы Балапан» ханның ту сыртынан барып, шыбықпен бөркін қағып түсірген. Бұған хан міз қақпаған. Бөрік жерге домалаған күйде қала берген.

Ай алмасып, сынаптай жылжып жылдар өткенде, Қызылжар жәрмеңкесінде Абылай хан Қаздауысты Қазыбектің немересі Жанайды, Төртуылдан Ботақанды байлап−матап ұстайды. Абылай хан тірідей көрге түсіреді. Ол «көрге кірген тірі шықпайды» деп, өзінен өзі долданып, жүрегі жарылып өледі. Қаздауысты Қазыбектің ұлы Бекболат би мен Едіге би атқа қонып, Бес Мейрамның баласына, Орта жүзге ат шаптырып, «Абылайды шабамыз!» деп, жар салады.

Бекболат би: «Абылайдың басын алмасам, не қара қазанын қақ айырмасам, әкем Қазыбектің аруағы ұрсын!» − дейді. Күлік: Шобалай баласы Жаңабатыр би баласы Жанақ арқылы сәлем айтыпты: «Бекболат пен Едігеге сәлем де! Ханын жаулаған халық оңбаған. «Ханын жаулаған қара оңбайды, Хан қисайса, бәрі оңбайды!» − деген. «Халық қадірін білмесе, хан тартпақшы жазасын!! Хан қадірін білмесе, халық тартпақшы сазасын!» − деген. «Абылаймен ұрыс, соғыс қыламын!» − демесін. Бітім сөйлесіп, жарассын! Арашашы бол!» – деп жіберді.

Жасанған қол ханның Көкшетаудағы қоймасын тарыдай ақтарып−төңкеріп, сиыр атаулысын сойып, туларын қандасып, мәре−сәре болып жатқанда Бекболат би мен Едіге би Орманшы Ақсарының Шотанасын Абылай ханға елшілікке жібереді, ол былайша сөйлейді: «Мейрам болып атқа қонды, үш мың кісі қол келді! Бақ деген бір қу таяқ. Оған сүйеніш болуға ырыс керек, құт керек. Көдедей көп сарттың ортасында, хан болатұғын болсаң, көзің көрмеді ме, қолың тимеді ме? Дүние бұзылса, Бұхараға сияды, Бұхара бұзылса, дүниеге сыймайды» − деп еді. Бұхараға сыймай, жалаң аяқ, жалаң бұт қашып келіп едің! Қара басың қаңғып жүріп, Сарыарқаға сыймағаның ба? «Ер толқыса, ел сүйейді, су толқыса, жар сүйейді!» − деген. «Ел толқыған су емес пе?! Лақтың ойнақтағанына құлаған жар суға сүйеу болуға жарай ма? Байлауда өлген Ботақанның құнын берсін, Жанайды босатсын! Мың кісінің жолына бас−басына «жетім» бастатқан «тоғыз» және мың кісінің жолына бас−басына түйе бастатқан «тоғыз» берсін! Қалған мың кісіге мың ат, мың шапан берсін! Бұған көнбесе, тұрысатұғын жерін айтсын!» – деген.

Сонымен желкілдеген ту да, жер қайысқан қол да жоқ. Абылай хан мен Балтакерей Тұрсынбай батыр, Бекболат, Едіге билер, атақты Бекше мерген, Жаңабатыр бидің баласы Жанақ, бір жақтан жас Көтеш ақын бір−бірлерін ұшырасып бітімге келіп, тыныш тауыпты. Хан қарашасымен қауышып, масайрап табысқан. Ел аузында «Абылай аспаған сарт бел» − деп атанған мәнісі осылай еді, − дейді. Бұған Абылай ханның Орта жүз туралы лебізі айғақ.

Мәшһүр Жүсіп билік-шешендік сөздерді хатқа түсірумен бірге, өзі де асқан шешен болған. «Болды екен Мәшһүр шешен қандайында, Басылған құдірет мөрі таңдайында», «Аузымнан шыққан сөзім таңдай атқан, Сондықтан талай жанды таңырқатқан» деген лебіздері айғақ. Ол – шешен сөздің тек-төркініне де барлау жасаған. Ол былай деп жазды: «Әр адам сөйлеген сөзін – арамын алып тастап, адалын сөйлеуге тырысу керек. Сөйлеген сөздің де қаны, жыны аралас болса, тыңдаушының мейірі қанбайды. Егер де қаннан, жыннан айырып, сап сүттей қылып сөйлесе, ол сөзге құлақтың құрышы қанады». Немесе: «Адамда ауыз тілі бар: «Қал тілі» - дейді. Көңіл тілі бар: «Хал тілі» - дейді. Оның ар жағында рух тілі бар: «Жан тілі» - дейді. Оның ар жағында сыр тілі бар: «Сапар тілі» - дейді». Тегінде, Мәшһүр Жүсіп сөз өнерінің киесі мен қасиетін терең түсінген. Оның «біздің қазақ тілінің ішінде періштелердің бір сөйлеген сөзі жүр» деген пікірінде ғаламат сыр бар. Сайып келгенде, Мәшһүр Жүсіптің шешендік өнердің тарихы мен теориясы хақындағы ой-толғамдары өзектілігімен, көкейкестілігімен, тереңдігімен өзгешеленеді.

****

Мәшһүр Жүсіп Көпеев және дін. Көрнекті ақын, тарихшы-этнограф, ағартушы, жиһангез-

саяхатшы, дала данасы, көріпкел, публицист, табиғаттанушы, фольклор жинаушысы, ғұлама-хакім Мәшһүр Жүсіп 9 жасында толқынды топтың алдында «Қозы Көрпеш – Бая сұлу», «Ер Тарғын», «4 жігіттің өлеңі» жырларын көсемше толғап мәнісімен жатқа заулатып айтқан. Тіл білімінің негіздерін, атап айтқанда, грамматика, морфология, синтаксис, логика тармақтары бойынша жүйелі білім алған. «Толғадым тоғызымда толағайдай» деуі тұп-тура шындық. «Мәшһүрде тоқтау, жалығу, еріну, мүдіру, кідіру болмайды. Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап, тасыған судай төгілдіріп, маржандай тізілдіріп, бұлбұлдай сайрап, тыңдаушылардың көңілі әбден жайрап, таңырқантып, тамсантып, мейірлерін қандырады». (Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. Т.8. Павлодар, 2006, 309-бет).

Мәшһүр Жүсіптің атағын естіп, сонан соң өнерпаздығына куәгер болған ел ұстарлық өнер-білімі мен ақыл айласы асқан дуанбасы Мұса Шормануұлы: «Өз заманында адамзаттың сырттаны, жігіттің сұлтаны атанып, халыққа мәшһүр болатын жан екен» - деп, ілтипат көрсеткен екен.

Қамар хазіреттің Бибісі Мария мүбарак қолымен қызының басындағы бөркінің қадаған үкісінен бір шоқ үкі алып таққан екен. Ел аузында «Көпейдің бір баласы – сайрап тұрған бұлбұл. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ» деген қанатты оралым сақталған.

Мәшһүр Жүсіп 1863-1868 жылдарда Баянауыл медресесінде Нәжметдин молдадан, 1868-1872 жылдарда Хамерреддин (Қамар) хазіреттен оқып, араб, парсы, шағатай және түркі тілдерін үйренеді. Шығыс елінің мәдениеті мен ғылымына қанығып сусындайды. Қазақтың ескілікті ауыз әдебиеті нұсқаларын жинақтап, жүйеге түсіріп, хатқа түсіреді.

Шүкірлік бергеніне, Құдай патша,
Он бесте шаптым жеке жүйрік атша!
Бір күндер үйқтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша!

– дегенінен оның ақындық серпін-тегеурінін, рухани кемел қабілетін, дүниетану даралығын көруге болады.

1872-1874 жылдарда Бұқарадағы Көкілташ медресесінде жан-жақты білім алады. Көрегендік, болжампаздық қасиеттерге ие бола бастайды. Ой-пікірлерімізді тұздықтай түсу үшін, Мәшһүр Жүсіптің адами болмысына, өміртарихына қатысты мынадай деректерді келтіргеніміз дұрыс болар.

– Жұма намазы күні үстінде қара шапаны, қолында аса таяғы бар ақ сақалды адам алдымнан кес-кестей береді. Сәлем бердім. Сәлемімді аларда аса таяғын жерге шанша салды. Ұшында еш темірі жоқ таяқ жерге қадалып, сәл дірілдегендей болды. Іле таяғын қолына алып, өзімді үш айналып, таяғымен әр жерімнен түрткіледі де: «72, 73» - деп, кері айналып жүре берді, – дейді.

Тағы да мына бір Мәшһүр Жүсіптің басынан өткен тосын жайды айтпасқа болмас.

– Бір күні монша іздеп келе жатыр ем, бір ақ сақалды адам кез бола кетіп: «Жүр, балам, мына жерде монша бар» - деп ерте жөнелді. Көп ұзамай-ақ кешірек, көзге қораштау бір моншаға әкеліп, мені шомылдыра бастады. Арқа – басымды ысып, кәнігі бір моншашы іспеттес қимыл жасайды. Ойладым, осыны кәсіп еткен бір пақыр болар деп. Ақша ұсынып едім. Алмады. Құдайы шайхы адам болды ғой деп, киініп алып біраз жүріп барып артыма қарасам, әлгі жерде тұрған не монша жоқ, қария да көз алдымда ғайып болған.

Сөйтіп таңғажайып оқиғаны ұстазыма таңырқана отырып баяндаған едім, о кісі былай деді:

«Құдай жарылқаған екен. Ол Қожабауеһдиннің моншасының ескі орны еді. Сені шомылдырған сол адамның өзі болар. Бұдан былай аузыңнан шыққан сөздің бәрі лепес, қабыл болады».

Мәшһүр Жүсіптің өзі де:

Аузына кейбір жанның қыдыр дарып,
Ие бар тұратұғын кеңес салып.
Атқанда тигіземін оғымды ақтан,
Оғым көп жанып жатқан тіл мен жақтан

– деп толғанады.

Мәшһүр Жүсіп Көкілпаш медресесін тәмамдап елге қайтарда сабақтастары, ұстаздары Балқаш көліне дейін жеткізіпті. Сонда олар: «Бізге Сарыарқадан енді Мәшһүрдей шәкірт келіп дәріс алмас» – дейді екен. (Бұл деректер Сүйіндік Шәрәпиденұлы Көпеевтің «Мәшһүр Жүсіп өмірі» кітабынан (Павлодар, 2000) алынды).

Ол 1874-1876 жылдарда ұстаздықпен шұғылданады. 1880 жылдардан бастап Мәшһүр Жүсіптің шежірелік деректерді, ұлт тарихына қатысты мәліметтерді тиянақты түрде жинауға кіріседі. Көсем сөздер туындатады. 1880-1885 «Дала уалаяты» газетіне, 1887 жылы Ташкент қаласынан шығатын газеттерге, 1911-1912 жылдарда «Айқап»

журналына материалдар ұсынады. «Дала уалаяты» газеті Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық өнері жөнінде мынадай пікір білдірген: «Сөзі қара сөзбен болса да, өлеңмен болса да дәмді болып көрінеді. Көпеевтің сөзінен сөз танушыларға ғибрат көп табылып тұр» (1890, №19).

Мәшһүр Жүсіп 1881 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлымен танысады. Ол өз заманының айтулы білімпазы болған. Орыс тілін жетік білген. Шығыс халықтарының және қазақ халқының атақты би-шешендерін, ақындарын, батырларын, хандарын, тарихи-әдеби жәдігерлерін жиып, жүйелеп, зерделеген. Мейрам қажы Жанайдарұлына өз заманында Мекке, Мәдина, араб жұртының жиһангездері, Ташкент, Түркістан, Бұхара шаһарларынан шыққан ғұламалары арнайы келіп, тарих пен әдебиет мұраларын жинаған. В.В.Радловтың жиған-терген дүниелерін қадірлеген.

Мәшһүр Жүсіп Шығыстың ұлы ойшылдары, оқымыстылары, сөз зергерлері, әсіресе, Авиценна, Сократ, Әбілғазы, Фирдоуси, Науаи, Сағди, Низами, Таптазани, Ғазали, Нақшыбанди шығармашылығын зерделеп, зерттеп оқыған.

Елдің «Бәрекелді-ай, туысымыздай бар екен!» деуінде ақиқат шындық бар.

Мейрам Жанайдарұлының кітапханасында 1870 жылы Петербургте жарық көрген В.В.Радловтың кітабын көріп, көшірмесін алады. Ол әйгілі Саққұлақ шешен шежіреші Қаракесек Бердалы қожв, Аққошқар Сайдалы, Абылай хан әулеттерінің, Қоңырқұлжа Құдаймендин ұрпақтарының аузынан жазып алады.

«Болат майрылмайды, асыл жасымайды, қайратты қажымайды» деген сөз асылы, ой асылы бар. Ендеше Мәшһүр Жүсіп те танымпайымын, білім-білігін тереңдету мақсатында 2 рет 1887 жылы Бұқара қаласына келеді. Осынау сапары Қожа Ахмет Йасауи кесенесін көріп, тарихына үңіледі. Ташкент шаһарында Сыздық Кенесарыұлымен дидарласып, Хана Кененің жорықтары жайындағы мәліметтерді хатқа түсіреді. Сонымен қатар Майлықожа , Күдеріқожа, Ақмолда, Дайыр, Молдағали ақындармен жүздесіп, кейбіреулерімен айтысады да.

1889-1891 жылдарда Кіші жүз елінде Жәңгір төремен, атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырмен сұхбаттасады. Науша, Жәңгірхан, Исатай-Махамбет, Шернияз, Тама Сарыбас мерген турасында яки тұлғатануға қатысты мағлұматтарды, ру-тайпа таңбаларын, ұрандарын, шежірелік-жылнамалық жүйесін сипаттап, ол 1895, 1907 жылдарда Бұқара, Самарқанд, Түркістан, Ташкент қалаларына келіп, әдеби-ғылыми шығармашылығын одан әрі өркендету, толықтыру, көркейту мақсатында білім, ырыс, игілік көусарынан сусындайды.

1907 жылы Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспаханасынан «Хал-ахуал», «Тірлікке көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» дейтін кітаптары жарияланады.

«Дінтағылымы» атты жазбаларында «мидың бес қызметкері» яғни бес сезім мүшесі («Хауас хамса»), жігіттік және кәрілік жас уақыты яки иненің жасуындай міні жоқ Құдайдың шеберлігі білімпаздықпен сөйленеді. Көңіл, нәпсі, қанағат, дене, көз, мұрын, құлақ, ауыз, қол, аяқ тәрізді дене мүшелеріне лайықты сипаттама береді. Мысалы, дене – шаһар, құлақ – телеграф, ауыз – телефон, аяқ – пароход...

«Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табады» - дейді.

Я болмаса «Жеті семіз сиыр мен жеті жасыл бидай – жігіттің жас уақыты», «Жеті арық сиыр мен жеті қуарған бидай – кәрілік уақыты» дейтін ұғымдарды ғылыми айналымға қосады. Кәрілік дегеніміз таршылық, қоршылық, жарлылық, зарлылық. Оның көріністері: 1) ашу, 2) шаһуат, 3) тәкаппарлық, 4) күншілдік, 5) хырыс дүние, 6) өтегендік, 7) кекшіл, кінәшіл. Ал адамның болмысында 1) хикмет, 2) ғылым, 3) қанағат, 4) сабыр, 5) руза, 6) шажағат, 7) тағат болса, онда жақсы мінездердің арқасында «денесі Мысыр шаһары» іспеттес. Мәшһүр Жүсіптің көрсетуінше, «айтушы Құдайдың өзі де, не сөйлесем, соның сөзі» дейді.

Мәшһүр Жүсіптің діни-сопылық дүниетанымы мейлінше терең. «Ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең» таусылмайтын сөз бар. «Ақырет жабдығы» толғамында сөйлеуші мен тыңдарман арасындағы өзара қарым-қатысты Шайхы Әбілхасымның уағыз айту үстіндегі күйіне орай ойлар өрбітуі, яғни «жан ділмен, шын көңілмен» сөйленуі қажеттігі айтылады. Түркілік сопылық мәдениетті жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіптің: «Көңіл деген үй сықылды нәрсе. Оның ішіне кіретұғын иесі – Жаратушы Құдай һәм Құдайдың пікір-зікірі» – дегенінде, діл, ождан, рухани тазалық жайын, әсіресе,

көңілдің ішкі тәжірибелердің бастауы Тәңірдің үйі екендігін байыпты бағамдайды. «Сөз деген көңіл қазынасында жауһар, ауыз садыбында гауһар» дейтін пікірінде қаншама сырлар, мағыналық қырлар бар. «Көңіл» ұғымында қазыналы жүрек, қасиетті рух, нәзік сыр, кемел парасат, дұрыс ниет, шалқар пейіл, мырза мейір, иман бір-бірлерімен сәтті тоқайласқанын, керемет үйлесім тапқанын, суреткер ойының, ой сарайының гүлі көркі екендігін жыға түсіндіреді. Сөз өнерінің сипаты да осы. Алланың кереметін, тағылым-тәлімін, игілік-ізгілігін Кемелдікпен зерделеген кемеңгер Мәшһүр Жүсіп оның мынадай сауалдарын келісті көрсетіп отырады. Мысалы: «Ай, пенделерім, дүниеде саған сондай кеңшілік бердім. Маған сен не келтірдің? – деп. Пәлен дем алыс бердім, ол дем алысты не қызметпен тауыстың? Ғақыл бердім, қандай орынға жұмсадың? Ғылым бердім, оның күшімен не жұмыс қылдың? Мал бердім, оны қалай аударып, төңкердің? Гауһар тастай көз бердім, саңғырлап тұрған құлақ бердім. Қалай жұмсасаң, икеміне көнетұғын қол бердім. Ойлаған жеріне баруыңа аяқ бердім. ... Дүниені бір базар қылып, осынша сомамен жіберген маған не базарлық алып келдің? Бірі – шот, бірі – күрек орнында. Қол-аяқ беріп: «Егін салыңдар!» - деп жібердім. Қандай жерге егін салыңдар? Қанша еңбек алдыңдар?». Расында, адам өмірінің, тіршілігінің мәні мен сәнін, негізгі ұстаным-қағидасын нәзік толғампаздықпен, ойшылдықпен тақта-тақтасымен түсіндіріп берген. «Адамның тірлігі – қайнап, толқып жатқан дария» - дейді (Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. Т.8. Павлодар, 2006, 309-бет). Ендеше, сол бір бұрқылдап, шалқыған дариядан өз ырысыңды таба біл, жемісіңді тере біл дегені қандай абзал десеңізші?

Мәшһүр Жүсіптің Алланың ғылымын, хикметтерін, кемеңгерлік істерін, құран қағидаттарын, шарттарын, түркілік-сопылық дәстүрлерін жетік, мүлтіксіз білетіндігін «Алла құдіреті» туындысынан көруге болады. Алланың құдіретіне, «оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді» дейді де, ғаламзатты, адамзатты, мақұлықтар дүниесін қаллайша Алла мінсіз келістіріп жаратқанын білгірлікпен дәлелдеп түсіндіреді. «Айдай әлемді, жанды-жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде түгел жасап шығарған. Соның өзгесі де бір бас, жеке адам да бір бас. Осы дүниені адам көркейтпек. Құдайдың құдайылығын жұрт көзіне адам түсірмек. Ол алты күннен соң, Құдай денеме жаратпақ еді, не болса да, саонда мүкі-тақы қалдырған дәнемесі жоқ. Дүниеде не тамаша, не өрнек – бәрі адамның денесінен алынған» - деп, адамның дене мүшелерінің асыл қасиеттерін, абзал қызметін, бір-бірлерімен байланыстырып, сонымен бірге Күн, Ай, жұлдыздар әлемінің құпия жұмбағын, бір сөзбен айтқанда, Алланың шеберлігін бажайлап пайымдайды.

Ол ғылым, білім, жаратылыс, әдеп, рақымшылық, кісілік байлық, кедейлік, жалған, бақилық, ар, намыс, иман, дін турасында сымға тартқан ақ күмістей өміршең ой-пікірлер өрбітеді. «Аққан суға шариғатқа» жүйрік әмбебап ардагер Құран Кәрім философиясын, Қожа Ахмет Яссауидің кемеңгерлік кеңестерін кестелі, көркем жеткізеді. «Үндерде не жақсы: Құран үні»ғ Яссауи хикметінен «Көңіліме нұр төгілді» дегені нақты дәлел. Яссауидің сопылық ілімінде «Имансыз қоғамда дүниеқорлық 1-ші орынға шығады», «Әділетсіз қоғамда елден рақым, сүйіспеншілік, мейірім жоқ болады, ар-ұят, намыс, иман көшеді» деген ащы сөздер бар. Ненің баянды, ненің баянсыз, ненің қасиетті, не қасиетсіз екенін Мәшһүр Жүсіп «Алтын табақ» атты жырында тереңнен толғайды. Мұнда Алла Жебірейілге жұмақтан ішіне бал мен алуа салынған алтын табақты алып, пайғамбардың қолына ұстатып:

«Көңіліне босқа ниет алма!» - деңіз,
«Дұшпанның өсегіне қалма!» - деңіз.
«Алтыннан көркем, қылдан жіңішке?
Дүниеде балдан тәтті бар ма?» - деңіз.

деп айтуды бұйырады. Әрі төрт бірдей шадияр бір-бірімен кеңеспей-ақ бір-бір ауыз пікір айтуын бек өтінеді.

Әуелі Хазірет Әбубәкір:

- Алтыннан көркем білдім Ислам нұрын,
Балдан тәтті көремін – зәмзәм суын.
«Намазда дүниені ойлаймын ба?» - деп,
Қылдан нәзік жіңішке – менің көңілім, - дейді.

Алтын табақ ақылды сөзге «Пәлі!» деп үн қосып қуаттайды. Бұдан соң Хазірет Ғұмар сөйлейді:

- Құдай нұры көркем дүр алтын тастан!
Ғұмар да: «Қайтеді?»- деп, жаман сасқан.
- Осы балдың тәттілігі тең болмай ма,
Я, Расул, Сізбен бірге ішкен астан?!
Ғұсманның сөзі былайша өріледі:
- Сөзі алтыннан Құранның жарық жүзі,

Балдан тәтті Расулдың айтқан сөзі.
Намазға таһарат алып отырғанда,
Жіңішке қылдан нәзік көңілім өзі!»
Ғалы арыстан:
Көңілім намаздағы қылдай еді,
Соғысып көпірлермен жүргенімде
– деп түйіндейді.

Алтын табақ Расул пайғамбардың қасына үкідей ұшып жетіп келгенде:

- Алтын толса дүниеге, керегі жоқ
Нұрын абзал көремін бір Алланың!
– деп Расул пайғамбар жүрек сөзін жайып тастайды.

Мұхаммед пайғамбардың хадисінде «Дүниеқоңыз болмасаң – жүрегің де, денең де дем алады» делінген. Түркі жұртының пірі Қожа Ахмет Яссауи «Таңдап тәтті жегендер де, атлас-қамқа кигендер де, алтын таққа мінгендер де бір күні жермен-жексен болады» дейді. Алланың ақ жолын ұстанған Мәшһүр Жүсіп:

«Еңбекпен табылған нан, ол – бір шекер,
Ер-жігіт адам болар ақыл-оймен.
Жақсыда майда мінез әдеп болар,
Ол әдеп дін иманға себеп болар»
- деген түйінді философиялық ойларды әсерлі, иманға мәнерлі тізбелейді.

Ұлттық-рухани болмысымызды түлету, жаңарту, жетілдіру жолында осындай қағидаттарды көкейге мықтап ұялатуымыз қажет.

Бұл күнде тіл сөйлемес, ақша – шешен,
Жүгірем бай жұмсаса, не мен, не сен.
Дүниеге дінін сатқан адамдардан
Алыс жүр, бой суытып аман-есен.
Алтын боп бізге дүние жарқылдайды,
Көп тойған өгіз көті тарқылдайды.
«Қанағат туралы жұмбақ өлең» деген жырында:
«Тоям,» - десең, боласың жаманатты,
Тойған тоқтық бұзады адамзатты.
«Бұл дүние көп жиылса шаян?» дедім,
«Шаяндығы білгенге аян – дедім,»
дегенінде қаншама сыр, ғибрат бар-ау!

Түркі мәдениеті мен ислам өркениетін шебер ұштастырған Мәшһүр Жүсіп бекзат адамның мөлдір қасиеттерін (рух, сана тазалығы, әділдігі, қайырым-мейірімі, ғылым-білімге құштарлығы) «Жұмбақ» ұғымымен, «Қаһарға ұшырағандарды», күнәға белшесінен батқандарды «Тозақ» ұғымымен байланыстыра баяндайды. «Жетпіс бап» дейтін діни дастанында. Тозақ қандай? Тозақ ішінде от бір мың, екі мың, үш мың жылдан бері лаулап жанып, жаһанды аппақ қорғасындай күйге жеткізеді. Тегінде отыз мың басты жылан, шаяндары бықып жүр. Шақса 40 жылға дейін уы тарамайды. Екі аяққа ып-ыстық екі башмақ кигізеді. Содан ми бұрқылдап қайнайды.

Оның ішінде бөтен еркекпен жүріс қылған қатынның табыты оттан бұйырған. Аяғы – көкте, басы – жерде. Астында жалаңдаған от. Тағы бір ойнасқор әйел ит боп үріп, аузынан от, бүйірінен от шашыраған. Тілі салбырап кеудесіне түскен. Тілін аузымен қыршып шайнайды. Төменгі ерні салбырап жерге түскен. Мойнына оттан жіп тағылған. Ал еріне тіл тигізген залым қатынның тілі желкесінен салаңдап шығып кеткен. Жанған оттан кебіс киеді. Аузына зәр құйылады. Емшегін жылан сорады. Миы бұрқылдап қайнайды. Маңдай шаштан сүйретіледі.

Жұмақтың сипаты ше? Иә, ол гауһардан, зүбіржаттан, ақ күмістен, сары маржаннан, жақұттан, ақ інжуден, лағылдан жаратылған. Мәшһүр Жүсіптің сипаттауы осылай. Терең ойға қалдырады. Алланың құдіретін, кереметін біліктілікпен түсіндіреді. Жалған дүниеде жамандық жасамауға, әділдіктен аттамауға, обал, сауап, борышты ұмытпауға, ар-ождан, рух тазалығын ардақтауға толық адам дәрежесіне жетуге ұмтыласың...

«Иман келтіріп, ізгілік істегендерге таусылмас сыйлық бар» (95 – Тин сүресі). Ал ішмерез, өзімшіл қарабеттердің, бақай есеп мысықтілеу қара ниетшілдердің жосықсыз іс-әрекеттері Махтарда тергелгенде оған жеті нәрсе айғақ болатындығын былайша сипаттайды:

Жер айтар:
- Маған келіп күнә қылған!
Екінші – Күн, үшінші – Заман айтар:
- Пәлен сағат, пәлен уақыт, мойында! – деп.
Төртінші – куә болар барлық тәнің:
Көзбен көріп, қолменен ұстағаның.
Бесінші – басыңдағы үйің (ойың) айтар:
- Мен де қылған күнәсының көрдім бәрін!
Алтыншы куә болар Жаратқан Хақ:
- Сен күнәһи менен қылдың қорықпай, бетпақ!
Жетінші – екі періште куә болып,
Кетеді бар күнәңді мойныңа сап!

Мәшһүр Жүсіпті түйінді ойларында, түйдекті толғаныстарында айрықша ұлағатты тағылым, даналық тәлім бар. «Аспандағы және жердегі барлық нәрсе – Алланың мүлкі» (34 – Саба

сүресі). Сұлу мүсінді, түзу тұлғалы, жарқын жүзді, гүл сөзді Адамды алмастың асылындай ғып кемел артықша жаратқан Алла. Ендеше, сен де тұтас болмысыңмен, жан-тәніңмен, игілік пен ізгілік жолында жанқиярлықпен қызмет ет. Оғаш қылықтарыңды, опасыздық амалдарыңды, қорлық-зорлықтарыңды өзіңе мойындататын абзал айғақтар жеткілікті дейді. Бұл ретте Құран Кәрімнің 43-Зуһруф сүресінде: «Қияметте сендердің қашып құтылатын жерлерің табылмайды. (Күнәларың, амал-намаларың да жазулы тұратындықтан, оған дене мүшелерінің бәрі айғақ болатындықтан) сендер оны жоққа шығара алмайсыңдар» делінген. Бойында, ойында, болмысында пайым-парасаты, иман-ізгілігі жоқтар, «жанын жамандық жайлағандар қор болады» (191 – Шәмс сүресі). Немесе: «Тозаққа келгенде, олардың құлақтары, көздері, тіпті терілері де өздерінің қылмыстарына айғақ болады» (41 – Фуссилад сүресі). Сондықтан да адамзат Жаратқан Иенің ұшан-теңіз керемет жақсылықтарын, «Шындық кітабының» «ең ұлы сыр-сипаттарын», сыңғырлап құйылған қасиетті аяттарын, құштар жаныңмен, сұлу көңілмен қабылдап, жадыңа әсемдік, сұлулық суреттерін, құйқылжыған нақыстарын ұялатып, ішкі дүниеңді нұрландырып, ардақтап аялауға, Алланың мейірім-қайырымын ықыласпен ұғынып, қастерлеуге міндеттісің.

Абайдың «Түбі терең сөзі артық, бір байқарсыз» дегенінде тұңғиық сыр бар. Әр ойдың, әр сөздің астарында таудай мағына барын Мәшһүр Жүсіп толғаулары терең танытары, баурап ынтықтырары хақ. Әрбір іс-әрекетіміз, ой кешулеріміз ақиқат алдында, шындық айнасында таразыға түседі. Арамдық, арсыздық әшкереленеді, адалдық, тазалық жұлдыздай жарқырайды.

94 – Шарх сүресінде: «(Ей, Мұхаммед!) Сенің кеудеңді ашпадық па? Сенің арқаңдағы жүк болатын ауырлықты алып тастадық» делінген. Осы бір аяттың мазмұны Мәшһүр Жүсіптің «Миғраж» дастанында (Пайғамбарымыздың жеті қат көкке көтерілуі жайлы) былайша өрнектелген:

Кеудем жарып, жүрегім суырып алды,
Бір алтын легенге оны малды.
Легеннің іші толған ғылым-хикмет,
Тазалап орны-орнына қайта салды.

«Егер жер бетіндегі ағаштың барлығын қалам, теңізді (сия) етіп, оған тағы жеті теңіздей (сия) қосып жазса да, Алланың сөзін тауысу мүмкін емес» - делінген «күллі жиһан халқы үшін ақыл-кеңес» кітабында. (Құран Кәрім. Алматы, 2002. 317, 431, 178 беттер). Шындығында, Мәшһүр Жүсіптің ұшан-теңіз тарау-тарау қара сөздері мен поэзиялық мұраларының өзекті жемісі, ой қазығы – Алланың сөзі мен Мұхаммед пайғамбардың ғибратнамалары. Және де кемелдікке жеткен Адам болмысы Алланың ұлы шаруасы былайша өрнектеген:

Құдайым жексенбі күн жер жаратты,
Жер-суды әуел бастан бір – жаратты.
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен
Түріндей текеметтің түр жаратты.
(«Құдайым жексенбі күн жер жаратты»)

«Кісінің кісілігі – тіл мен жүрек» және дегдарлық, мәрттік екендігін үлгілеп айтады.

Қылыңдар сақилықты жастан машық,
Жомартқа сегіз ұжмақ есігі ашық.
Сахи адам – бір Алланың сүйген құлы,
Болса да бөгеті жоқ қандай пасық!
(«Ағашсыз жапырақ»)

«Оқылған уақытымен бес намазың, Болатын көрде жолдас қасыңдағы!» немесе «Дініңмен (денеңмен) аянбастан қылып ғамал» дегені де адамды ойға қалдырады.

«Көңілім – дария болғанда, қолым – қайық, Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық», - деп Мәшһүр Жүсіптің өзі айтқанындай, қалам, сия, қағазды қолына алса, ғайып пірі қоршап-қолдап сөз теңізінде, ой телегейінде дауылша үдеп, небір «Аят, хадис – саулаған кеңесінде» пікір-зікірлерді меруертше тізіп отырады. Атап айтқанда, «Ай – кірсіз, Құдай – мінсіз», «Дүние – ақырет егіні», «Құдай сөзі – Құран, пайғамбар сөзі – Хадис», «Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табады.

Ол ой-пікірін түрлендіріп, көркемдеп жеткізу, еске сақтау мақсатында дін ғұламаларының терең мағыналы, шырынды, жанды сөздерін ретімен қолданады. Мәселен: «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылықты сүймектіктен өсер» (Наршахи).

Дін – шырағдан. Діліңді дұрыстайды, рухыңды қуаттандырады, жүрегіңді, көңіліңді тазартады, жолыңды, жаныңды нұрландырады, ұят-иманыңды, қадір-қасиетіңді, ар-біліміңді сәулеттендіреді, береке-бірлікке, дегдарлыққа жеткізеді. «Құдайдың қолдап-қуаттауымен, пірлердің дұға-

шарапатымен» көктеп-көркейетінімізді жарқын айғақ дәлелдермен дәйектейді.

****

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының бейнелілігі. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің поэзиялық шығармаларына телегей сыр, терең сезім, кеңістіктей көңіл тән. Осылардың баршасы халықтық – поэзиялық рухпен, асқан адамгершілікпен, мәдениетпен, өмірге, тұрмысқа, дүниеге, болмысқа деген шынайы философиялық көзқарастармен ұштасып жатады.

Сөз өнерінің табиғатын халықтың рухани мұрасының біліктігі жинаушысы, білімді зерттеушісі Мәшһүр Жүсіп былайша түсіндіреді:

– Сөз өзі не нәрсе?

– Сөз – адам өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» - деген. Адамның ғазизлігі.. сөзбен болады.

Бұл тұста дам баласының өзге жаратылыстан өзгешелігі, айрықша саналылығы, сөз сөйлей білетіндігі.

«Көңіл – бір жатқан кеңнің дариясы. Сонан шыққан сөз - жауһар» - дейді. Шынында да ойлы көңілден туған, мейірім шуағына бөленген сөз інжу – маржандай ажарлы, көркем, мағыналы һәм әсерлі. «Тіл бір болаттан жасалған өткір қанжар». Оның майдалап, уақтап жасап шығарып жатқанының бәрі інжу. Көп адамның бір жерге бес қосқаны – бау – бақша жасалған сияқты. Соның ішінде сөз жеміс сықылды. Бұл дүние бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізітінен адамның жаны рақат алар....» - дейді. Айтулы сөз өнерпазы Мәшһүр Жүсіп сөздің қасиет-құдіретін жеріне жеткізе паш еткен.

Иә, ақын сөздің қынаптан шыққан қанжардай суырылып жарқылдайтыны жан – жақты толғаған.

Сөз шолпаны – ақынның көркемдік танымына да, тәжірибесіне де, зергерлігіне де әрі көңіл – күй әлеміне де қатысты.

Олай болса, «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» деген толғауында «Көңілдің дариясында сөз – бір гауһар» дейтін тамаша лебіз бар. Сөз жоқ, ойдың да, сөздің да өрнектілігі, өміршеңдігі құйқылжыта жеткізілуі дариядай шалқыған көңілге байланысты. Яғни сөз дегенің «көңілдің бау – бақшасында үлпілдеп тұрады» (Мәшһүр Жүсіп). Және де индукция мен дедукция, аналогия мен силлогизмге, сондай-ақ ақыл ой қызметінің тіректеріне (қабылдау, ойлау, қиялдау, елестету т.с.с.) жүгінеді.

Сәулесімен сәнді келіскен нұр сипатты сөздер ақынның образына тікелей қатысты. Өзі күндей жарқыраған ақынның сөзі гүлдей қызықтырады.

Қаламның жарып ішін, ұшын кесіп,
Кигізген қара сөзге киім пішіп.
Заты – арғын, нәсілі – қазақ, ұраны – алаш,
Көпеев – фамилиясы, Мәшһүр Жүсіп, -
Дегенінде ақындық даналығын шебер жеткізген.

Сайып келгенде, үздік дарын Мәшһүр Жүсіп Көпеев «қара сөзге киім пішіп» кигізеді, «желдей еседі», «атша желеді», «ұйтқып соққан қардай борайды» және т.с.с.

Мәшһүр Жүсіптің «Салтанатты Сарыарқа» өлеңі тұтастай сөз сұлулығына негізделген. Оқып көрелік, Сырына ортақтасалық:

Салтанатты Сарыарқа,
Сәулеленген Сарыарқа,
Кең қойының кен Сарыарқа,
Сан жеткісіз Сарыарқа.
Суың шекер бал Арқа,
Майда шөбің бал Арқа.
Күрделі биік бел Арқа,
Малы-басың сай Арқа.
Төрт түлікке бай Арқа,
Маңырап тұрған мал Арқа,
Төңірегі төл Арқа.

Бұл шабытты ойдан, шыншыл қиялдан, уыздай уылжыған мөлдір көңілден буырқанып туған бір мінсіз түйдек деуге болады. Киелі топырағын ғашық көзбен құмарлана көріп, тебіреністі сипаттайды. Суретті сөз – ұғымдар («Салтанатты», «Сәулеленген,), метафоралық сөйлемдер («Сәулеленген шекер бал», «шөбін бал»), дыбыстық үйлесімділіктер бір – бірімен әсем үндесіп, түйдекті мейілінше сұлуландырып, қанаттандырып жіберген.

Тегеуірінді ақынның көркемдік ойлау жүйесі де аса күрделі, не бір шебер қиыстыруларға ба й болады. Оның қиялында, миында, зердесінде таңғажайып суреттер, тамаша көріністер көлбеңдейді. Айталық: «Жүзіне ақ қағаздың тартып қалам, // Сөйлеген мұң мен зарын бұл күңгі адам. // Болса да дария сия, аспан қағаз, // Мұң мен зар түгелденіп болмас тамам.»

Мәшһүр Жүсіптің өлең, дастандарына мағынасы мөлдір метафоралық сөз тізбектері

қыруар. Мысалы: «Шешендер – мәуелі ағаш», «сөз – бір жеміс», «ақыл - дария», «ауыз - садап», «сөз - гауһар».

Көркемдік қиялдың жемісіндей көркем теңемелер де Мәшһүр – Жүсіп шығармаларында мол кездеседі.

Айталық : «Дарияның толқынындай дүние жүзі», «Дойбының тақтайындай қылды көкті», «Назым сөз бақшада өскен бау ағаштай», я болмаса «Бақшада үлпілдеген қызыл гүлдей», «Жылпылдап кейбіреулер қолда тұрмас», // «Жылмағай қабыршағы жоқ балықтай», «Қырық кездей бар сан алтыннан» және т.с.с.

Әйтпесе Мәшһүр – Жүсіп «Гүлшат - Шеризат» қиссасында Гүлшат арудың болмыс бітімін бейнелеуде мынадай поэзиялық сипаттаулар қолданады: «Тал бойында бір мін жоқ», // Шыны айнаның көзіндей», «Тал жібектей оралып, // Айдай балқып нұрланып», «Кер маралдай керіліп // Оймақтай аузы бүріліп», «Ұжымақтың қор қызындай, // Жылқының шаңқан бозындай», «Сұлулығы санамадай, // Хатшылар қиған қаламадай».

Әрине, бұл жерде Мәшекеңнің сөз саптасы, ой толғауы халықтың – фольклорлық дәстүр негізінде шыққан.

Мәшһүр –Жүсіп поэзиясында ақыл – ой елегінен өткізілген өмір тәжірибесінің даналық тұжырым-қорытындысы, жоғары адамгершілік мәдениетінің ереже-қағидасы іспетті ғибратты кеңестер мол. Мысалы, «Қалмады ойлай – ойлай басымда ми» деген толғауында мынадай толғамдар бар:

1. Түзу бас, тура жолдан теріс те баспа,
Өнерсіз надандармен араласпа.
Бір істен пада көрмей, залал тартсаң,
Бой бағып екіншілерді аяқ баспа.

2. Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,
Жанкүйер досыңа да сырыңды айтпа!

3. Адалдың айырмассың адалдығын,
Көрмесең бір жаманның арамдығын.
Мақтаулы жұрт ауызында болам десең,
Біреудің ауызға алма жамандығын.

4. Дос, жолдас қылам десең қауым, көпті,
Бойына үйір қылма өкпе, кекті.
Жамандыққа жақсылық мінез қылып,
Бола бер бәріне де ыңғайлы епті.

5. Бір сөзді шығарады бір сөз түртіп,
Ағыздым алтын қылып мен мысты ертіп.
Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,
Әрқайда сөз сөйлеме перде жыртып.

Өмір мектебінен өткен ақынның осындай ұлағатты ойлары - өсек ұрпақ үшін өнеге. Бұлар ақыл мен сұлулықтың тұтас түзілген құймасындай.

Мәшһүр – Жүсіп Көпеев орыс әскерінің полковнигі, ірі, оқыған азамат Мұса Шорманов (1819-1885) дүниеден өткенде жоқтау шығарған. Сонда ұлы жиындарда он үшінші би атанған Шорманның асыл тұяғы Мұсаның кескін-келбетін, келісті өнерпаздығын, кемел мүсіндепті-ау!

Бас қосылған жиында
Бұлбұлдай болып сайраған.
Бұлақтай ағып қайнаған,
Сөйлеген шақта сөздері,
Шамшырақтай жайнаған.

Болмаса толқынды топтың ортасында диірменнің тасындай ойнаған сабаздың тегеурінді сілтесін былайша баяндайды:

Жақсылар бас қосқанда,
Алды –артына тосса да,
Шылбырынан шалдырмай
Құбылып гүл-гүл жайнаған.
Немесе
...Бал –шекер тамып сөзіңнен
Нұр балқып раушан жүзінен,
Жұртыңның мейірін қандырдың,
Жұрт астым деген жақсыны
Жарысы сөйлеп келгенде,
Ақылынан таңдырдың.

Яки сегіз қырлы, бір сырлы асыл ардагер, қанатты шешен болмысы мынадай:

Есіл бір сондай бекзаттың жұрт аузына қараған.
Көркі менен сымбаты, ақыл мен ілім, дәулеті,
Баршасы бірдей табылып, әр пендеге жаралған.

Ұлттық әдебиет тарихындағы жарқын тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз шығармаларында ақындық өнерін, қуатын: «Болаттан ағып түскен құрыштаймын, // Бәйгеден күнде келген қара көкпін, // Қысқа күнде қырықты ілген қыран едім», - деп сипаттапты. Десе дегендей-ақ. Кең тынысты, кемел ойлы, ағысты – толқынды поэзиясы тарихилық, этнографиялық, тілдік-стильдік тұрғыдан ғана емес, көркемдік –суреттілік жағынан да бағалы.

****

«Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі» (1-2 нұсқалар) – тұлғатануға қатысты тарихи-әдеби деректерімен, тағдыраныктағыштық сипат-белгілерімен ерекшеленеді. Қарабас ханымның қазақ елшілеріне деген бірегей сыншылық қабілеті, болжампаз көрегендігі тәнті етеді. «Бітім алып қайтуға тұрарлық үздіктерін таңдап, өрі-қыры бірдей көзге түсерлік төртеуін жоңғар контайшысы Қалдан Шерінге келіп, Қарабас ханым мынандай даналық ойларын жайып салады: «Мынау отырған Қазыбек ұйықтағанда екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберіп, керген төстіктей жатады екен. Оның мәнісі: «Дүниенің төрт бұрышын тіреп туған ұлмын!» - дегені. Қара бақайына шейін құт екен! Өлгенде арулаған жерін басып өткен ел бай болар! – дейді. Мынау отырған Тайкелтір - кішкене тілінің ұшы екі айырыла біткен екен. Өнері қара санынан келеді екен. Ер көмей, темір жақтың барып тұрған өзі екен. Балтакерей – Тұрсынбай «құлағы жоқ, шұнақ; құйрығы жоқ, шолақ» екен. Ерлігінен де міні жоқ. Жалғыз-ақ айыбы – жауы желкесінде екен. Онан басқа қорқар нәрсесі болмаса керек, - дейді. Мынау отырған Жәнібек: екі аяқты бір бастының сырттаны екен, өзінің оққағары бар екен. Күнінде ыңыршағыңды отқа жағып, бақайшағыңның майын шағатұғын осы екен!»

«Абылай заманындағы батырлар» (1-5 нұсқалар) – Қаракерей-Қабанбай, Қанжығалы-Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барақ, Шанышқылы Бердіқожа, Сырым - Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай, Тарақты – Байқозы, он сан орта жүзге ұран болған Олжабай, Малай – Жәдігерден шыққан: Жауғаш, Биғаш, Бөрі тонды, бөрте атты Бөрібас батыр, Орманшы: Ақсары, Шотана, Қозған – Бекше мерген. Қарауылшысы - Әлтеке – Сарым – Жидебай. Уақ: Сары, Баян. Байжігіт – Тасболат батыр, Қанжығалы жас Жанатай, Балталы Оразымбет батыр, Бәсентиін – Сырымбет батыр, Сырғалы – Елшібек батыр, Жәпек батыр.

«Ақылдың пайдасы» (ертегі) – «Не жұмыс, не іс қылсаң ақылмен, сабырмен артын ойлап істе» деген ақыл сөздің мәнісі жарқын айғақ-мысалдармен дәйекті дәлелденеді. Ерте уақытта бір патша өзгелерден ерекшеленбей шаһар аралап жүргенде басына ат басындай алтын, аяғына қой басындай алтын жастанып жатқан ақыл сатып, кәсіп етуші адамға жолығады. Патша қолқалап, одан бір ділдаға осы ақылды сатып алып, үйінің қабырғасына, әрбір тұтынатын нәрселеріне жазып, бұлжытпай орындайды.

Бірде патша шаштаразшыны шақырады. Оның алдынан бас уәзір шығып, алтын басты ұстарасын ұсынады. Шаштаразшы жазуды оқып, өзінің үйреншікті ағаш сапты ұстарасымен шаш қияды. Патша оның алтын сапты ұстарасын қимағанын байқайды да, жендетін жедел келтіртіп: «Шаштаразының басын ал!» - дейді. Шаштаразшы: «Дат, тақсыр! Алтын сапты ұстара менікі емес. Оны Сіздің бас уәзіріңіз берген еді. Сіздің мына жазуыңызды көріп: «Қой, сырын білмеген аттың сыртынан жүрме!» - деген бұрынғылардың мақалы да бар еді, - деп, - күнде көзім көріп, қолыма ұстап үйренген сыралғы ұстарам жақсы болар! – деп, алған себебім сол! – дегенде, патша бас уәзірін шақыртып: «Мынаның шашын ал, өз ұстарасымен!» - дейді. Уәзірдің табанда жаны шығып кетіпті. Арам пиғылды марқұмның орнына ақыл сатушы кісіні бас уәзір етіпті.

Үйреншікті дағдысы бойынша патша тағы да қала аралап жүрсе, базарда бір нан сатушының нанының дәмін татса, шынында да тіл үйірерлік екен. Үйіңді көрсет, күнде нан алып тұрайын дейді патша. Ол үйіне патшаны ертіп барып, тамақ жайын таныстырады. Тағы бір үйге бас сұқса, толған адам, баршасы темір көгенмен көгенделген. Бірден патшаны да көгендеп тастайды. Сөйтсе кісі сойып, майына нан пісіріп, сатады екен.

Патша жоғалады. Ақылды уәзір тіс жармайды. Патшаны союға әкеледі. Ол: «Сен мені сойма. Мұнан да артық пайда келтірейін. Маған кілем тоқитын құрал тауып бер!» - дейді. Патша кілемге ақыл сөзді қоса тоқиды. Және кілемді осы шаһардың патшасына сат, мың ділдадан кем берме» - деп кеңес береді. Ақылды, бас уәзір патшаның тірі екенін біліп, кілеміңді екі есе бағаға аламын, үйіңді көрсет деп бір жасауылымен, соңынан жасырын үш жасауылымен, тағы да он жігітін жіберіп, қанішердің үйін түгелдей тінтіп, патшаны және көгендеулі адамдарды қапастан құтқарады.

Кісі етіп сатып пайдаланушыны мойнына темір шынжыр тағып, сүйретіп өлтіріпті.

«Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы» - ақынның «Мұса Шорманұлы» дейтін мазмұнды, кемел жоқтауымен сарындас. Сөз саптау, ой толғау жағынан төркіндес.

«Аспанда жарық жұлдыздай, маңдайға біткен құндыздай. Ханның болып еркесі, Арғынның болып серкесі, Толған айдай толғаның» деген лебіздер «Үзілмей келген асыл тектің», «гауһар - дананың» келбетін келісті ыспаттайды.

Жоқтауда Мұса Шормануының қоғамдық – әлеуметтік қызметі, елшілдік, мемлекетшіл бірегей істері, дін шырағын жандырғаны, артықша күзеткені, Рум мен Қырымға дабысы жеткені, ғазиз ердің асқақ рухы мейлінше көркем жырланған. Жоқтау мәтінінде Мұса Шормануының Кенесары ханға жақындығы айтылады. («Абылайдан шыққан асыл зат, Кенесары хандарға, Жасында жолдас болғаның! »)

Тоқетері, осынау жоқтау - ұлттық поэзия тарихындағы үздік үлгі.

«Бұрынғы замандағы құн төлеу, адам емдеу салты» (екінші нұсқа) – Абылай хан заманындағы билік-кесімдер шығарушы, төрелік айтушы, дау-шарларды реттеуші, бітімгер күлік Шобалай баласы Жаңабатыр бидің құнға қылған кесімдері көрсетілген. Мысалы, «қара құн - жүз жылқы, он екі жақсы; сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы; өнер құны – «тоқал құн» болады - тоғыз жақсы. Бұл үш құн - еркекте Көтеш ақынға алынған, ұрғашыда Ұлбикеге алынған. Батыр майданда өлсе, «Жеті ердің құны алынсын!» деген кесім шығарған. Аттың құйрығын кескен ұры жыл бойы босаға күзетеді екен. Мұның мәнісі – бір жыл ішінде кісі өлсе, кісі құнын төлеттіреді екен. Мал ұрлаушыға мал иесі оның мойнына арқан салып, өлшеулі жерге дейін сүйрейді екен. О заманда ойнасқорды қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым киіз ілдіріп, арқан тағып, қырық қысырақтың құйрығына байлап, еркімен жібереді екен, сөйтіп, үріккен жылқылар тас-талқан қылып өлтіреді екен.

Мақалада «бақсы», «жарғыш», «құяңшы», «оташы» тәрізді халық емшілерінің өнерін тәптіштеп жазған.

«Тіл мен көз» - Шоң би мен Торыайғыр би Қаракесек еліне бітімге бара жатып, жол бойында тұп-тура кісінің басындай ақ тасты көріп, тамашалап, таңданысып кете барады. Ауылға байдың үйіне ат басын тіреп, тағы да екі ала бас ботасы мен екі аққара бас марқасын қызықтапты. Бұлар аттанғанша, бұлар да пышаққа ілініпті. Олар өзара шүйіркелесіп: «Мына боталар мен марқаларға біздің көзіміз тиді. Кешегі біз сұқтанған тас қайтті екен? – десіп, әдейі бұрылып, тасты көрсе ортасынан қақ жарылған екен дейді.

«Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» делінген сөз – соқыр мен ақсақтың достығы жайлы, және екеуінің мызғымас достығын бұзуға Алланың шайтанының шамасы жетпей, адамның шайтанының айла-шарғысы артық екендігі туралы тәмсіл.

«Ақтайлық сыны» - тапқырлық пен шешендікке негізделген. Алшынбай биді алшысынан түсірген тарланбоз. Ақтайлақ Қарқарылыға келгенде, Алшынбай би: «Осы сіздің ел: «Қымызға тар, - дейді ғой, шөлдеп бара жатқан жолаушыға тостағанмен ауыз тигізіп, шөлін қандырмайды!» - дейді. Осы рас па? – депті.

Сонда Ақтайлақ би: «Жылқыны қазақ: «Жаным, - дейді, - қымызын-қаным» - дейді емес пе?!»

Ақтайлақ би ойын әрі қарай сабақтастырып, көзбен көріп айтып отырсыз ба? – депті.

Алшынбай естігенім бойынша депті. Сонда Ақтайлақ би: «Көз - шынның расы, құлақ – өтіріктің ұясы» - деуші еді. «Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі – деп, төрт саусағын көз бен құлақтың арасына қойып тұрып: «Сіз осы сөзді көзбен көрген шығар, расын айтып отыр екенсіз» - деп отырсам, «өтіріктің ұясы» құлақтың естігенін айтып отыр екенсіз ғой – деп өкініпті.

Ақтайлақ бидің Алшынбай бидің бәйбішесіне айтқан: «Ердің семізі – елдің құты, әйелдің семізі-үйдің жұты. Атың жемпаз болса, берді Құдай, қатының жемпаз болса, ұрды Құдай», «Етегім – төсек, жеңім – жастық» - дейтін уытты, қуатты сөздері қандай десеңізші!

«Ағыбай батыр» – Хан Кененің бас батыры. Ол «ақ жолым» деп атаған. Ақжолтай Ағыбай батырдың бейнесі халықтың жыр – аңыздарында, халық ақындарының дастандарында жарқын түрде сипатталған.

Мәшһүр Жүсіптің «Кенесары жорығына қатысты төртінші дерек» дейтін жазбасында: «Ағыбай батыр туын жықпай, таң атқанша тұрған жерінде тұрып қалды. Таң атқан соң, оқ бойы өз алдында жүріп: «Ағыбай, Ағыбай!» – дегізіп, жолдастарын шулатты да отырды. Қырғыз қақ жарылып, жол бере білді. Бір қырғыз беттеп бөгеуге бата алмады. Сол жүргеннен жүріп отырып, тайдай тал түсте аман –есен құтылып шықты» – делінген.

«Айқап туралы» (1911, қаңтар -1915, қыркүйек) – Мәшһүр Жүсіп өзгелердің сөн үшін жазылатындығын, «оқып байқап» көрмейтұғынын, майлық, сулық, шаршы орамал ретінде тұтынатынын, ал өзі бұл басылымға деген ықыласын, сөзге үйірлік қасиетін мәлімдейді.

«Басқа да бұрынғы шешендік үлгілері» - Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында молынан көрініс тапқан. Төле би, Жобалай – Жаңабатыр би, Күнтубаласы Жанайдардың алғыр, тапқыр сөздері және «Заман азбас, ел азар», «Қариялардан қалған сөз», «Байғыз деген құс болар» дейтін толғамдар жинақталған.

Сондай –ақ Мәшһүр Жүсіптің: «Бұрынғы өрнекті хан, үлгілі билердің сөздерін айтушы да таусылды, шын құлақпен тыңдаушы да таусылды. Енді сұм жалғанның сұмдық сөзі. Ел тозығы жетіп, сөзден азғындық белгісі - осы» - деген пікірінің жаны бар.

«Газет-журналдардағы сын» - Мәшһүр Жүсіптің мерзімді баспасөз бетіндегі материалдарға қатысты мақаласында «жүректі түртіп, ойды қозғайтұғын дәнеме жоқ», «құлақ-мұрыннан жұрдай», «жарапазан есепте» өлеңге, «түзеттім, мәнісін түзеттім» деген көзбояушыларға сыни көзқарасын білдіреді.

«Жаңылтпаштар» - қазақ ауыз әдебиетіндегі балалар фольклорының бір түрі. Ж. бала тілінің жетілуіне, оралымды, жатық, анық сөйлеуіне, ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауға үйретеді. Мәселен: «Қырда қылау, Қызыл ала бұзау. Жатыр жалмаң құлағы, Қиқу қыздардың қызыл ала тырнағы. Қызыл тырнағы қылтылдақ, Сүйір тырнағы жылтылдақ».

«Географиялық мәліметтер туралы» - Тянь-Шань, Памир, Алтай, Орал таулары, Сырдария, Амудария, Еділ, Жайық, Ертіс өзендері, Мұз теңізі туралы мәліметтер берілген. Мәшһүр Жүсіптің ғұламалық зердесі шағын географиялық мәліметтерден көрініс тапқан.

«Бұрынғы құдалық әңгімелері» - бұрынғы замандағы өлшеусіз байлық иелерінің әсіре жөнсіз құдалығы, келін түсіруі, қыз ұзатуы, әкесіне ас бергендігі, қызықты дүние қызығының, сасық байлықтың басы қандай, аяғы қандай, ешкімге опа бермейтіндігі, «жұрт көзіне түспек, ел аузына ілінбек өзі бір атақ», «бұл дүние жиылған жеріне не жылан, не шаян, не у, онан басқасы жоқ екендігі», «біреуге опа қылмаған дуние біреуге опа қылмайтындығы», тұрмыс-тіршіліктің, «бөліспе бүліншіліктің» нақты мысалдары, дәйек-айғақтар арқылы баяндалады.

Алтай –Қарпықтың атақты байы Сапақ «Үш жүзден бай таңдады, құда болуға, Кіші жүзде Байсақал деген бай бар деп, байлығын өзіне тең көріп, сол Байсақалға Кенесары-Наурызбайдың ағасы Саржан төрені алып, елу кісімен құда түсуге барды.

Қалыңдықтың бір сәукелесінің құны бес жүз байталға татиды екен. Қыз жасауының өзі бес отау, бір алтын шатыр, бес жүз жылқы және де қыз отауының уығын атпен жүріп байлаған екен. Керегенің басы мен аяғы, уық, күлдіреуіш, шаңырақтың өзінде тұтам күміспен көмкерілген. «Ай дейін десе, аузы бар, Күн дейін десе көзі бар» бір қасық сумен жұтып жібергендей, жасы дәл он бесте сұлу қыз екен.

Тоқетері, Сапақ бәйбішесі өз келініне «өзі ұйқышы, өзі жынды, неше түрлі жамандықты жапсыра берді...» Әрине, бұлайша ғайбаттау - ойсыздықтың, дүниеге тойымсыздықтың, топастықтың, тасырлықтың белгісі. Мұса Шорманұлының лебізіне жүгінейік: «... әдейі Сапақтың келінін іздеп барсам, бет біткеннің сұлуы екен. Ұрғашының алғара қиғашы екен. Сөйлескен жанды магниттей тартып кететұғынның өзі екен. Шай қайнатып, әбдіресін ақтарып шай салғанда, шайдың иісі отырған үй түгіл, ауылды аралап мұрын жарып кетті».

Бұл орайда Мәшһүр Жүсіп «Байлық алды – денсаулық, онан соңғы – ақжаулық, мұнан кейін – жүз саулық, мұнан асса, жын шалық» деген әулиелердің сөзін орайлы келтіреді де, Сапақ бай жын шалықтың-шалығымен орыстың Майор деген бастығымен төбелесіп жер ауады. Келінін Сапақ байға келістіре шағыстырудың кесірінен бұл жалғаннан татар тұз –дәмі таусылады.Мұның тарихы былайша өріледі. Келін жүрегі ажалдың құрығына ілінетінін сезген соң: «Бір кішкене қайғысын қойнына алып құшақтап жататұғын болыпты. Керек төсекте, жатқан жерінде өлтіріп, құшағында жатқан баланы қатынның қолын кескілеп, әзер айырып алған екен дейді».

Сібірдің он сегіз мың казак-орысы атқа қонып, Кенесарының ауылын шапқанда, Сапақтың баласы бір жерошаққа жасырыныпты, үстіне бір түйенің жабуын тастатқан екен. Бір орыс-казак жабуды көтеріп қалса, бұғып жатқан сорлы байдың баласын мылтықпен бір-ақ атып кете барыпты.

Олар ажалдысын қырған, ажалсызы құтылған, кейбіреулері тірідей тұтылған. Тек ханның иелігіндегі Байсақалдың қызының отауының бір бүлдіргеніне қол тигізбеген. «Дәу де болса, бұл үйдің әр нәрсесіне у жағып кетті ғой, - деп, - біреуге опа қылмаған дүние біреуге опа қылмайды екен» - деп хан өртеп жіберіпті.

Сапақ байдың қыздары Алшын би мен Азнабай мырзаға келін болып түскен екен. Құтсыз келін болғандықтан, бірде-бір ине жібіне тимей төркініне қайтарылыпты. Байдың «бір маржаны барған жерін оңдырмайтұғын болыпты». Сапақ байдың тұқымы бордай тозыпты.

Тоқа Сапақ бай Байсақалдың қызын Жасұлан мен Кенжебай дейтін жігіттерге өлтірткен. Екеуі де ит жемеде қаңғып өлген. «Байсақалдың қызының ақ қаны осындай қылған» - дейді екен.

«Бөлтірік би» - Мәшһүр Жүсіп: «Құдай рахмет қылсын Бөлтірік биге, кісі болса, осындай болсын» деп сүйсінген. Мәшһүр Жүсіп Бөлтірік бидің қырғыз ханын әлденеше рет сөзден сүріндірген, қырғыз шешеннің қалайша сөзден тосылғанының тарихын тұжырымды баяндаған.

«Бөлтірік сөзі» - бір ханның жалғыз баласы дүниеден озғанда, «ноқталы басқа бір өлім» деп басталатын Асан қайғының көңіл айтуы.

«Торыайғырды тоқтату» - Торыайғыр би Шоң биге өкпелеп Жиделібайсынға бет түзеп кетіп бара жатқанда Қобының құмында Қарауыл Мүсет би басу айтып, елге қайтарғанда айтқаны: «Шоң, Торайғыр, сенбісің мақтап жүрген, Бар өнерің осы ма сақтап жүрген?! Елден кетіп барасың, Мамыр менен Сабырға. Барғаннан соң сен жерсің, Жал-жая жоқ, қабырға. Жүйрік атың бар болса, Барымтаға шабарсың. Сұлу қызың бар болса, Бозбалаға жағарсың. «Ауыл қашан көшед?» -деп, Түндігіне қарасаң, Төрешіге барғанда, Төмен қарап, жарарсың, Асыл туған затыңды! Шоң, Торайғыр атанған, Егіз шыққан атыңды, Қайдан іздеп табарсың?! Ұқсаң, айтқаным осы! Босат атымның басын! – депті.»

«Боздақ би туралы бір дерек» - Мәшһүр Жүсіптің көрсетуінше, Ақиіс – Қалқаманның ұрпағы. Салдық құрған, «сылқылдап, әдемі киініп жүрген». Бейіті Далбаның ту сыртында Үшқағылдың оңтүстігінде Жайма деген жердің күншығысында. Өлерінде: «Сүйіндіктің жерінің шетіне апарып қойыңдар! Олай-бұлай жүргені дуа қыла жүрер!» - деп, өсиет қалдырған.

«Боздақ би» - Қалқаманның Ақиіс тармағынан өрбіген. Шыншыл, әділ Боздақ бидің өз тұқымы жайында былай депті :« Бестеректің түбінде, Бес үйлі Ақиіс демесін, «Бес Мейрамға білдірмей, Басын жеймін!» - демесін.»

«Жәуке шешен» - тапқыр ойлы, өткір тілді ділмар-шешен. Айдабол-Күліктің Айдаболынан тараған Еламанның баласы, Тұрсынбай, Шонтының ағасы. Ол Ұлы жүзде «Би қатын» атанған Сарайбикені сөзден сүрндірген. Керуенбасы Жәуке шешен Арқадан Бұқараға бет түзейді. Жолшыбай «Би қатынды» «Үйінде бар ма?» - деп сұрастырса, Түркістанда Тоғай хан шақырып, сол елге кетті» деседі.

Тоғай ханның ордасына сәлемдесуге барса, «Би қатын» тақтың үстінде жалы күдірейіп отыр екен. Айрықша құрмет, ықыласқа бөленген. Төменгі жақтағы науша жастар өзара күңкілдесіп, күлісіп:

- Хан мұның қойнына барады ғой, солай болғаны үшін осынша ардақтайды ғой – дейді

Мұны Би Қатынның құлағы шалып қалып, біздерге қарап:

«Мұндар, не дейсің, жағыңды тас-талқан қылайын ба? – дейді.

Содан Жәуке би:

- Сүндетің бар ма? – дейді.

Қатын:

- Жоқ, - дейді.

Жәуке би:

-Oh! – дейді.

- Жаназаға кіріп, еркекке имам болған жерің бар ма? – дейді.

Қатын:

- Жоқ, - дейді.

Жәуке би:

-Oh! – дейді.

- Ердің құнына нардың пұлын төбеге шығып төрелік берген жерің бар ма? – дейді.

Қатын:

- Жоқ, - дейді.

Жәуке би:

-Oh! – дейді, - Тең теңін олжалайды, тезек қабын олжалайды. Олжа алуға қатын аттанса, жорықта жүріп, сақар мен сабын олжалайды. Құралай бастаған киік оңбайды, Қатын бастаған көш оңбайды. Байтал шауып бәйге алмайды, Қатын қайраттанып қазан қайнатпайды. Оңбаған ханды төленгіті билейді, қараң қалған елді қатын билейді деген. Сен бір қараң қалған елдің ішінде тұрған немесің-дағы! Мен Арқада жатқан он сан Орта

жүз деген елмін. «Абылай аспаған сары белмін»! Сен түгіл мына отырған Тоғай хан менің атымның шаужайын ұстауға жарар ма екен? Көзіңді ашып қара өзіңе! – дейді Жәуке шешен.

Осы бір шешендік сөздерді жеткізген «аттыға жол, жаяуға сөз бермеген» «Алтай керуенбасысы» атанған Алтай Сайдалының Аққошқары.

Ноғайлының дәулеткер байы Құдайберді айдаһармен дос болған. Осы бір әңгімені де керемет келістіріп айтады екен Жәуке би.

«Арыстан Тобылбайұлы» (1811-1880) – әнші ақын, жыршы, айтыскер. Арыстанның жыршылық өнері хақында Ш. Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» дейтін зерттеуінде: «Ер Көкше» және «Ер Қосай» дастандарын тұтастай орындайтын бір ғана өнерпаз бар еді, ол Көкшетау жеріндегі Қойлы Атығайдан шыққан Арыстанбай болатын» - деп жазыпты. Ол «Едіге жыры» туралы айтқанда, «Бұл жыр-дастанды да Арыстанбай білуші еді,» - деп атап өткен-ді.

Сібір облыстық мекемесінде тәржімашы және Құлжада консульдік хатшы болған И. Безверхов «Дала уалаяты газетінің» 1893 жылғы 16-санында «Қазақтың өлеңшісі һәм ақыны» деген мақала жариялаған. Сонда Ұлытау өңірі мен Қарақұм бойын бірге аралап, жол-жоба көрсеткен Арыстан туралы: «Бірде жыршы-ақын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын бес сағат ішінде тамамдай алмай, қалғанын келесі күні айтып бітірді» - дейді.

Арыстан Орынбай, Шөже, Сералы, Тоғжан тәрізді ақындармен сөз сайысына түскен.

Мәшһүр Жүсіптің қолжазбалар мұрасында Арыстанның «Ғаламда он сегіз мың жан болыпты» деген дастаны сақталған. Мұнда Хан Кенеге қатысты әдемі ой-толғаныстар бар.

«Бұрынғылардың тағы бір батасы» - аталардың қасиетті өсиеті замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой сүзгісінен екшелген, сұрыпталған өмір тәжірибесінің, тарихи зерде-санасының даналық қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің түймедей түйіні, адамгершіліктің ереже –қағидасы. Бұл – бата сөз келісті, ұғынықты. Мысалы: «Арқадағы Абылай бол, Бұқарадағы Даниярдай бол! Қойкөлдінің қойын берсін, Қойсоймастың ойын берсін! Тоқаның жылқысын берсін, Ақылдының құлпысын берсін..!»

«Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913)» - әнші-ақын, композитор. Мәшһүр Жүсіп: «Ақан сері – адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деп бағалаған. Ақан сері 40 үрзадаға өлең шығарып айтқанын, Құлагерді сипаттап, жүрек толқытар жоқтаулар жазғанын айтып отырады екен. Атақты серінің «Ақтоқты, кеткенің бе шынымен», «Торыны таңға байлап жүрген қандай?», «Қарағым, асыл тасым сағаттағы», «Қолыма ұстағаным алтын балдақ», «Асыл зат, қоңыр қазым көлге тартқан», «Ауылыңды аралаймын Кербезкермен», «Көпестер пұл сатады пайдаменен», «Ғизатлу, хат жазамын қара сия» сынды өлеңдерін жатқа заулатқан.

«Бұрынғылардың батасы» - образдық – метафоралық жүйесімен, ұлттық дүниетаным өресімен, діни-философиялық, этикалық қырларымен, стилистикалық, семантикалық байлығымен ерекшеленеді. Пайғамбарлардың қасиеттерін, өсиеттерін, өркендемпаз істерін, дәулет-сәулетін, айбат-қайратын, қуат-ұятын, бақ-берекесін тізбелеп келеді де, былайша жалғастырады: «Халық қамын жеген – Қарқарадай хандардың сәлеметтігіне, Ел қамын жеген – Едігедей бидің сәлеметтігіне, Өз еңбегін жеген – Құдай, шүкір, тәубе дейін – Қара бұқара халықтың сәлеметтігіне! Халқын, жұртын, қаны бірге ұлтын – ілгері бастырамын деген – Еңбекшіл ерлердің сәлеметтігіне! Қой орнына ат берген – Атымтай жомарттардың сәлеметтігіне!» Осынау бата сөздер адам баласының көркем мінезді, түзу, дұрыс пиғылды, сабырлы-салиқалы, байыпты-байсалды, ақ еділ жайсаң, жайдарман, таза ниетті, мәдениетті, әдепті болуға шақырады.

«Бұрынғы жоқтау үлгісі» - Кеңгірбай би Жігітекұлына (1730-1815) арнаған. Жоқтау Мөшһүр Жүсіптің қолжазбалар мұрасында және В.В. Радловта сақталған. «Ақын Абайдың бесінші атасы Айдос пен Кеңгірбай бір туысады. Кеңгірбайдың бейіті Шыңғыстың бауырында, Қарауыл өзенінің жайылмасында Ши деген жерде, жол аузында арбаның тұмсығы ілінетін тұмсықта. Ел қонысынан ауып жүргенде, Ұлытаудың Алаша хан, Жошы хан бейіттері(күмбездері) тұрған Кеңгір өзенінің бойында туыпты, атын сонымен Кеңгірбай қойған ». Жоқтаудың тілі мейлінше ажарлы. Айталық: «Алты атасы бай өткен, Алты атанға жүк артқан». Я болмаса: «Айдының Алатаудай бар еді, Қайратың Қаратаудай бар еді».

«Өлең және қара сөз ғибраты» - көркемдік, философиялық, символикалық мәні ерекше елеулі туынды. Қазақ қоғамын ізгілендіру, ұлттық игіліктерді жаңғырту, рухани жетілу

мәселесі түп-тамырынан әңгімеленеді. Заманға, уақытқа, адамзатқа қатысты ащы ой-пікірлерін ірікпей айтады. Адамдарда іріліктің, сақилықтың, кісіліктің жоқтығын, «халық-жұрттың ортасынан опаның қашқанын», «бұрынғы аққу мен қаз отыратұғын көлдердің басында қарға, сауысқаннан басқа дым жоқ» екенін қатаң ескертеді. «Халықтың жақсысының өнері – зорлық, жаманының өнері - ұрлық» деп дұрыс мінейді. Адамдық абзал қасиеттердің құрдымға жоғалғанын, дертті қоғамның келеңсіз, көріксіз көріністерін былайша тізбелейді: «Біреу қасқырдай жан-жағындасын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, босағадан босаға қалдырмай аңдып, біреу түлкідей құйрығын бұлаңдатып, біреу мәймұндай (маймылдай) көрінгенді еліктеп, біреу жыландай сыртынан жылтырап, ішінен зәрін төгіп, кейбіреуі қабыршағы жоқ балықтай қолға тұрмай жылпылдап, біреу қарғадай ауыздан ішіп, арттан түсіп қалғанды әлдеқандай аңдып...» М.Ж. адам баласының бойындағы есепсіз жиіркеніштi құбылыстарды ұсқынсыз аң-құстардың, жәндіктердің, мақұлықтардың сорақы қылықтары арқылы сипаттап жеткізеді. Бұл – М.Ж. білімдарлығын, байқампаздығын байқатады. «Сұңқар табиғатты» болуға, «ұшқан құстан, жүгірген аңнан ғибрат алуға» керек дейді. Мына бір ойларының мәні мен сәні толғандырмай қоймайды. «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын, зеректігі байғыздай болсын! Жүріс маймұндай болсын! Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын! «Отыз аяқты болсын!» дегені – басқан ізін білдірмей жүрген, жымын кісіге сездірмейтін болсын дегені». Бұл шығармада танымдық, ғибраттық мән-мағынасы өзгеше тәмсілдер жеткілікті. Мәшһүр Жүсіп былай толғанады: «Адам: «Жақсы мінезді қайдан үйренем?» демесе керек. Түйе деген малдан ғибрат алуға керек. Түйе сондай зор биіктігін (биіклігін) ойына алмай, бір тышқанның құйрығына байлап қоя берсе, еріп жүре береді. Өзі қырық күншөлге шыдайды, көзіне көрінгенді қорек қылып, еш нәрсені талғамай жеп, қанағат қылып жүре береді. Күштілікте қара жердің кемесі десе болады». Мәшһүр Жүсіптің өзінің ой-толғаныстарын нешеме сырлы мақал-мәтелдермен, нақыл, ақыл сөздермен көркейтіп отырады. Қай туындысында болмасын асыл сөз тізбектері молшылық. Мұнда да солай. Әрі тосын мазмұндық, мағыналық қырларын көрсетіп береді. Мысалы, қойдың жүнінен басылған кигіздің бір ерекше қасиетін атақты Шоң би былайша түсіндірген: «Аспаннан түсетұғын жайдың оғы тесігі жоқ бүтін кигізден тіпті өтпейді. Дәл осы күнде осы үйдің үстінен жайдың оғы кез келсе, өтетұғын жері жоқ, кигіздің жүнінің арасынан бытырап-бытырап сіңіп кетеді».

Қанағат деген қасиетті ұғым бар. Бұл – адамшылықтың кепілі. Адам қанағатта жапалақ, байғыз дейтін құстардан үйренерге керек дейді.

«Мұса Шорманұлы» - Мәшһүр Жүсіптің ұлт тарихындағы ұлы тұлға, орыс әскерінің полковнигі Мұса Шорманұлы (1819-1885) дүниеден озғанда шығарған жоқтауы. Қара сөздің хас шебері он үшінде би атанған, аталы сөзге атан түйеге татыған Шорманның асыл тұяғы алыстан туған ғазиз ер Мұсаның тұлғасын таңғажайып ақындық қуат-тегеуірінмен, кемел көркемдікпен мүсіндепті, ұлт тілінің құт-берекесін сұңғылалықпен, зергерлікпен, іңкәрлікпен төгілте, есілте, гүлдендіре тоқыпты. «Мырза пішінді», «Ақылы бір дана-данышпан» Мұса Шорманұлының көсемдік, шешендік өнегесін, елшілдік, мемлекетшілдік істерін, зерделі жаратылысын Мәшһүр Жүсіп былай өрнектеген:

«... Жасынан кіріп билікке, үлгіменен жолды тауыпты, Аузынан дүрлер төгіліп, шамшырағы жанып...Бас қосылған жиында, бұлбұлдай болып сайраған, Бұлақтай ағып қайнаған, Сөйлеген шақта көздері, шамшырақтай жайнаған». Мәшһүр Жүсіптің ой-толғаныстары Тайбурылдың шабысын елестетеді. Өрден өрге, қиядан қияға самғайды, буырқана толғайды. Көңілдің дариясынан, сырдың телегейінен, рухтың асқақ биігінен інжу-маржан сүзіп, меруерттей мөлтілдете тізіп, ғажайып бір сұлулық әлеміне енгізеді. Мәселен, «Сөйлеген шақта халайық, аузына қарап телмірген. Бәйге қара ат үстінде неше түрлі ойын етіп, өнерін жұртқа білдірген. Айдынды шалқар теңіздей ақылға дана, кең еді, қазақтан туды демесе, басқа жұртпен тең еді. Аузына дұға қойылған – айтқан бір сөзі ем еді». Сөз өнері тарихындағы қазақ шешенінің шын мәнісіндегі шынайы тұлғасы жасалынған. «Жақсылық іске бас болған, жамандарға қас болған, Жаяуларға ат болып, тарыққанға ас болған» Мұса Шорманұлының парасатты дархан болмысын, бекзаттық, дегдарлық, кемеңгерлік табиғатын асылдың артықша қасиеттерін дауылша үдеп жырлайды. «Бал-шекер тамып сөзінен, Нұр балқып раушан жүзіңнен, жұртыңның мейірін қандырдың. Жұрт астым деген жақсыны, Жарыса сөйлеп келгенде, Ақылынан тандырдың!» «Тереңнен

ақыл ойлаған, қылмаған өнер қалмаған. Жақсылар бас қосқанда алды-артынан тосса да, шылбырынан шалдырмай, құбылып гүл-гүл жайнаған. Өтіп кеткен мырзаның жер жоқ-ты даңқы бармаған! Дүние, ақырет ісінен қылмаған өнер қалмаған. Бұхара, Ташкент, Самарқанд, Урім менен Ресейде асылы бар ма алмаған?! Дүние бақытын байқасаң, тайы қысыр қалмаған, Тайлағы бота салмаған».

Жыраулық өнердің дүлдүлі Мәшһүр Жүсіптің «Мұса Шормануулы» деген жоқтауында тарихи деректер де жарқын көрініс тапқан. 1855 жылы жасауылдық шен алғаны, екі медаль және бриллиант жүзік салғаны, Аққошқар, Бегалы, Шыңғыс, Тәттімбет, Ыбырай, Секербай, Тоқтамыстармен патшаға барғаны, медресе, мешіт салғаны, 29 жасында аға сұлтан болғаны, елді оқытқаны, аңшылық пен ұсталыққа үйреткені, «асыл туған шаһбаздың» жұртының «жел жағындағы панасы, ел жағындағы қаласы» екендігі құштарлықпен кестеленеді.

Мәшһүр Жүсіп «қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ» дейді. Және де «адамның көңілі ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария» дегені бар. Демек, М.Ж. ақындық даналығы мен дүниетаным даналығы, ой-парасаты, қиял, түйсік қуаты, рухани қабылет-қарымы, көркемдік тәжірибесі бір-бірімен қисынды үйлесім тауып, берекелендіріп Мұса Шормануулының сұлулық пен ізгіліктен құйылған қайталанбас образын жасаған.

Жоқтаудың қолжазба нұсқасы Санкт-Петербургтағы Березин архивінде сақталған.

«Ағашсыз жапырақ» - сақилық пен сарандықты, адалдық пен арамзалықты, жақсылық пен жамандықты, елгезектік пен еріншектікті, уайымшылдық пен ойсыздықты, естілік пен қысыр кеңесті салыстыра сипаттаған терең мазмұнды ғибратты жыр. Мәшһүр Жүсіптің лебізіне зейін аударайық: «Жігіттер, сарандықты қылма кәсіп, Болмайды сараң жанға жұмақ нәсіп. Болма да өзі тақуа, өзі сопы, Тозақтан құтылмайды сараң қашып». Я болмаса: «Қылыңдар сақилықты жастан машық, Жомартқа сегіз ұжмақ есігі ашық. Сахи адам – бір Алланың сүйер құлы, Болса да бөгеті жоқ қандай пасық!» Қас жақсының белгісі – кеңпейілділік, жомарттық. Ақыл адам баласының осындай асыл қасиеттерін, аят, хадис сөздерін ардақтайды. Үлгі, өнеге тұтуға, «істер істің тәртібін білуге», өнерменен еңбек қылуға, «жалғанның келер-кетер ісін ойлауға» үндейді.

«Бес қымбат» - адам баласының рухани-ізгілік келбетін, рух, сана болмысын, ар-ождан тазалығын терең де шынайы толғаған туынды. Ақынның «Бес қымбат» дегені иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп. Бұлар бір-бірімен берік-байланыстағы философиялық-этикалық категориялар. Рухани жетілудің негізгі шарттары.

«Бес парыз» - Мәшһүр Жүсіптің Исламның бес парызын (иман, намаз, рамазан, зекет, қажыға бару) нақ-нағымен, тақта-тақтасымен келістіре суреттеген көлемді жыры. «Бес нәрсе бізге бұйрық бір Алладан, ықыласпен қылу керек білген адам» деп қадап айтады. «Дүние жиғанның», «қолы жұмықтың» емес, «Құдай үшін жанын қиғанның», «Өнерпаз - ғылым-білім» деп түсінген көкейкөзі керемет «береген, шыншыл», сәлем беретін данасының қасиеттерін мөлдірете сипаттайды.

«Құдай кірсіз, Ай мінез» екендігін, Пайғамбар хадистерін ерекше пайымдаған ақын:

Құдайдың шеберлігін көзіңмен көр,
Тіреусіз тұрған жоқ па көк пенен жер.
Алланың ризалығын шын ойласаң,
Баланы кішкентайдан оқуға.
Баланы бер оқуға жас басынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан – деп тұжырым жасайды.

«Балғынды жоқтау» – фольклор жинаушысы Мәшһүр Жүсіптің жазбасында «Батырбек деген төренің қызы Балғын өлгенде, шешесі жоқтады» делінген. В.В. Радловтың кітабында да осылайша көрсетілген. «Балғынды жоқтау» он шумақтан түзілген. Қара өлең үлгісінде шығарылған (ұйқасы а а ә а). Жоқтаудың көркемдік, музыкалық деңгейі жоғары.

Қарағым, айналайын, қандай еді,
Бауырсақ майға піскен нандай еді.
Мақтасам өзімді–өзім, болар өлім,
Баланың өзі құрбы маңдайы еді!
Қарағым, айналайын, ұлы кентім,
Сарғайды санаменен ақша бетім!

Мәтін поэзиялық сипаттаулар, сөз–символдарға бай («майға піскен нандай», «маңдай», «ұлы кентім», «ақ күміс», «ақ ешкі» т.с.с.)

«Төрттаған» - философиялық ой-тұжырымдарға бай төрт тармақты өлең. Мәшһүр Жүсіптің көркемдік логикасы ересен. Сондықтан да телегей ой-пікірлерін тастүйін, жинақы, оймақтай етіп, жұтынтып жеткізеді әрі тереннен толғайды, түбірінен қозғайды. Мәселен, «Ай – қараңғы, күн-бұлт, түн демеңіз, Біреу – жарлы, біреу – бай: күндемеңіз! Ата тілін сыйлаған халал ұлды, Хұтпа ұстаған молдадан кем демеңіз!» Немесе:

«Біреу – өлі, біреу – тірі: «Ал» мен «Бердің», Мал қашты уысынан һәмматлы ердің. «Шық бермес Шығайбайға» тұрақтады, О дағы біліп: «Ал» -ды берген жердің». Осынау төрттаған тұспалға, ғибратқа бөленген. Адам басындағы мәрттік, сан етін кесіп беретін жомарттық, адамшылық, мейірбандық, кеңпейілділік азая бастағанын мәлімдейді. Мәшһүр Жүсіп «Өлең және қара сөз ғибраты» деген ой-толғамында: «Ал» - «Бер» деген сөзі екі ағайынды болушы еді, соның «Ал» дегені өліп, «Бер» дегені тірі қалып, «Бар» - «Жоқ» деген екі ағайынды болушы еді. «Бар» деген сөз өліп, «Жоқ» деген сөзі тірі қалып» деп жазады. Бұл – ақиқат. Дүниеқоңыздық жайлаған жерде обал, сауап, рақым адыра қалады.

«Үлгілі сөздер» – өмір, дүние, тұрмыс–тіршілік, тағдыр туралы толғаныстарды әсерлі, мәнерлі, нақышты жеткізетіндігімен қызықтырады. «Барлы, Барлы, Барлытау» деп басталатын түйдекте адам өміріндегі, тірлігіндегі көріксіз, қайшылықты көрініс–жайларды тізбелейді. Ал «Ақсұңқар, ұшқырмен деп мақтанба» дейтін тізбектегі мақтангөйлікті, сасық, пасық пиғылды әшкерелейді. «Басым көп деп, топтанба, Малым көп деп, шоқтанба!» деген халық даналығы тереңдігімен ерекшеленеді.

Бұрынғылардың: «Мал ұрысы – пенденің ұрысы, Сөз ұрлаған – Құдайдың ұрысы» деген сөзінің мәнісін, астарын Мәшһүр Жүсіп былайша түсіндіреді: «Сабырласып сөйлесудің, сөзді жасырып сөйлескеннің хақында айтылған сөз. Бұрынғы заманның жақсылары бүркітше саңқылдап, айдай ғаламның көзінше сөйлесуші еді. Бұл заманның қулары: «Бері шығып кетші!» – деген пәлеге қалды. «От ішінде мақта, Мақтадай Құдай сақта!»

«Үкібай сөзі» - тарихилық әрі деректілік сипаттарымен өзгешеленеді. Би сөзінің бастамасы яки құлаққүйі былайша өріледі екен: «Адам Ата, Хан Шыңғыс, Дін мұсылман құл пейіс(бейіш), Алаш – алаш болғанда, Алаша хан болғанда, Үйіміз ағаш болғанда, Ұранымыз: «Алаш!» болғанда. Алты сан Алаш, жеті сан қазақ, Тоқсан екі баулы Қыпшақ, Он екі баулы өзбек. Тоғыз таңбалы Арғын. Сан таңбалы Абылай, Қол (Құл) таңбалы Бөкей. Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы».

«Үкібай» XIX ғ. өмір сүрген би. Заты – Арғын, Қаржас бұтағынан. Едіге бидің немересі Итемген бидің бір қысырағы жоғалғанда Үкібай би «атасының жолын» сыйлап, түгел қылып қайтарған екен.

«Үлгілі сөз» –кісілік, дұрыстық, түзулік жайындағы түйінді ой–толғаныстырға негізделген халықтық–поэзиялық дәстүрдегі терме сипатындағы салиқалы сөз. Мысалы: «Шын асылмен дос болсаң, «Алсаңыз, ал, бер» демес. Түзу жолда жүрген соң, Теңім түзу көрген соң, Жарлы да болсаң, тұқым шаш, Еңбегінді жер жемес». Немесе: «Жастықта қызба, жалын от, Артығы ақылға салмаса. Дариядан гауһар кім алар, тереңге сүңгіп бармаса?!»

«Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» – Мәшһүр Жүсіптің шынайы ақындық өнерін, өмір, тіршілік, тұрмыс құбылыстарына деген философиялық көзқарасын терең танытатын болмыс-бітімі бөлекше шығарма. «Жел сөзге қызыл тілім ділмар еді», «Дананың сөзге жүйрік дүлдүлім», «Қырықты ілген қысқа күнде қыран едім», «Кеудеге Құдай кеңес берген шақта, Қағазға он саусағым атша желген» деуінде терең сыр бар. Өйткені, телегей ой-толғаныстар, сөздің меруерт толқындары бұл жырда нөпірлеп төгілген. Мысалы: «Көңілім – дария болғанда, қолым – қайық, Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық».

Қоғам өміріндегі қайшылықтарды: «Бір шын сөзге он өтірік қосып айтатындықты», «ит мойнына гауһар таққанмен, басқа затқа айналдырып жібермейтіндікті», «есіл болат жауһарды» қадірлемейтіндікті, қара тасты жылтыратып ысқанмен айнадай жарқырамайтынды түп-тамырынан қозғап әшкерелейді. «Қасқырдай қақпандағы ызаланып, Жатырмын өз аяғым өзім шайнап» – деп қынжылады.

«Ғибрат өлең» – Мәшһүр Жүсіптің жалғанның опасыздығы, дүние байлықтың өткіншілігі, «ақыреттің жолы жақсы дүр» екендігі, «Ақымаққа дүние малы жақсы дүр» болатындығы, сондай-ақ адамның жас ерекшеліктері жайлы толғаныстары сыршылдықпен сипатталған.

«Ғибратнама» – шығармашылық еңбегі жайындағы «баяннама» (Мәшһүр Жүсіптің авторлық оралымы). Ақындық бұлқыныс-құлшыныстан, телегей толғаныстан тоқылған жыр. «Япырм-ай, кессем бе екем мен тілімді» деп бастап, қызыл тілдің қызығы мен шыжығын, ғұмырын яғни жас дәуренін «қасірет пен қапалықта өткізгенін» тебіреніспен жырлайды. «Жаныма тыныштығы жоқ, өзіме қас, Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным» деп

өкінеді. Кей ретте «Бұлттай жауатығын менің өзім», «Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім» деп, дархан дарынына сүйсінеді. Дереу көңіл, күй, ой, сезім толқындары басқаша реңге өзгеріп, «Бораған қардай болып бұрқырадым, Жалғаннан суып көңілім, тоқырадым» деп күйінеді. Ақын ойын әрі қарай тереңдетіп, тәмсілге көшеді. Сөйтіп, бұлбұл мен қаршығаны кездестіріп, бір-бірімен сөйлестіреді. Бұлбұл айтады: «Жалғанда ынтызарым – бір қызыл гүл!» деп. Қаршыға сен ақылға кендесің. Бектер бағып қағады. Жүйрігіңіз ерттеулі. Патшаның қасындасыз. Кекіліктің жүрегі мен миын қоректенесіз,– дейді. Бұған қаршыға былайша уәж айтады: Сен де ақымақсың. Пайдасы жоқ гүлге ғашықсың. Жағың тынбайды. Зарығумен, зарлаумен өміріңді өткізесің,– дейді.

«Ғаламға дастан болған бұлбұл атым» бар дегенінен танбайды. Өнеріне табынады. Ақын жырдың ең соңғы шумағын: «Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол! Табылар іздегенге бір қызыл гүл! Ет үшін бір-екі торға түскен, Тіл алсаң, бола көрме қаршыға сол!» – деп түйіндейді. Затыңа, атыңа лайық қызмет жаса дегенді көкейге ұқтырады.

«Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы» – Мәшһүр Жүсіп өзінің шығармашылық өмірбаянын жан-жақты баяндайды. Ақынның рухани жетілу жолдары, алты жасында «Шар кітапты» жатқа заулатқанын, арабша, парсыша самардай қақсағанын, «Тарғын» мен «Қозы Көрпеш» жырларын тамылжыта жеткізгенін, сегізден тоғызға қараған жасында «парасат нұрын» болмысына дарытқан аға сұлтан Мұса Шормануұлы «Мынау Мәшһүр болатын бала екен!» деп, үкі тақтырғанын (Ғабдолла Халфенің қызы Бибі Мәриям қызының басындағы бір тал шоғын мүбарак қолымен жайғастырғанын), Нәжмеддин, Шөкелұғлы Дүржанбай, Жүніс, Дамолда, Қамар хазіреттердің ересен ұстаздық еңбегін айшықты бедерлеп өрнектейді. «Көз, көңіл құлын жастан нұрға тойғанын» яғни «Кеудеге он бес жаста ғылым толды, Толумен тасып кетіп өлең қонды» дегенінде бейнетқорлықтың, қайтпас қайсарлықтың, мақсаткерліктің ғажайып үлгісі бар. «Бейнет беру жағына Құдай мырза, Құдай өзі берген соң, ни как нельзя» дейтін сөзі айғақ. Ұстазы Дамолда хазірет «Уай, әулие» – дейді екен.

«Аузыма сөздің шынын Тәңірім салған» деп, Мәшһүр Жүсіптің өзі айтқандай, осынау өлеңінде ақындық сырлары, хакімдік болмысы, адамгершілік қырлары, кеменгерлік ғибраттары, асыл ойлары айрықша көрініс тапқан.

«Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені» – ишарат, тұспалға негізделген шығарма. Ерте, ерте, ертеде бір ханның қолына сұңқар ілігеді. Баптайды, мәпелейді. Оның балақ бауын алтындатады, алтын күннің сәулесіне ойнатып жалтылдатады. Таза алтыннан қоңырау жасатып тағады. Сұңқар мейлінше алғыр болып жетіліп, аспан құшағында әуелеп, асып-тасады. Иесіне қайрылмай, сый-құрметіне мойынсұнбай менмендікке ұрынады. Дей тұрғанмен, ұшқан ұясына деген ынтызарлық орасан оянып, мекеніне оралады. Балақ бауын ұяластары жем деп жиналады. Олардың ойлағанындай болмаған соң, барлығы да теріс қарайды. Сылдыраған қоңырауынан да үрейленеді. Жан-жақтан дүрсе қоя береді. Ақыры итқорлықпен өледі. Ақын өзінің өнердегі жолын, ғылымдағы соқпағын осы бір жағдаймен салыстыра суреттейді.

«Біледі өз басынан кешкен кісі, Талай уын жалғанның ішкен кісі. Жалғыз шала болумен быксып қалып, От боп заулап жана алмай өшкен кісі. Қуғаным бала жастан – ғылым жолы, Емес пе ғылым жолы – ханның қолы?!» деп, өз жайынан сыр толғайды. Рухани кемелдікті, кеменгерлікті мойындау – келешектің ісі, болашақтың еншісі.

«Төрт асыл, бес береке» – бұл адам бойындағы асыл қасиеттердің (ақыл, тіл, дін, жан-ділің, көңіл, ой және т.с.с.) жайынан сыр толғайды. «Төрт асыл, бес береке – бір бойынан. Табылса, түгел болып, әне, кісі!» - дейді. Негізінде, ақын кей ретте ой-пікірлерін жұмбақтап жеткізеді. Мысалы, «Бірі – төрт, бірі – бесеу, – болсын тоғыз, Ат тезегін әуре боп жинар қоңыз. Тоғызды түгендемей ұстағанды, Обалсыз, адам демей, деуге – доңыз». Осы бір таңғажайып сөзімді шешкен адам қазынаға жолығар деп мәлімдейді. Құдайды мойындаған, тілің – жан-ділің екендігін шын білген, «діниңмен (дененмен) оянбастан ғамал қылған», бес уақыт намаз оқыған, қайыр садақа, зекет берген, нәпсісіне (көзге, тілге, жүріске) ие болған, «несие сөзге» ұрынбаған, жүйелі сөз туындатқан, жақсы әдетті серік еткен, берекеге, игілікке қол жеткізетінін әсерлі, мәнерлі сипаттаған.

«Әменді жоқтау» – Мәшһүр Жүсіп «өзінен өте туған баласы», араб-парсы, түрікше, орысша тілдерді жетік меңгерген ортаншы ұлы Әмен 1921 жылы Ташкенттегі №14 мектеп-интернатта ұстаздық етіп

жүргенде қастандықпен өлтірілуіне байланысты шығарған жоқтауы. Бұл жоқтауды осы бір жан түршігерлік қайғылы оқиғаның куәгері Уәлихан Омаровтың айтуы бойынша шығарған. Әмен өте турашыл, әділетті болған. Сүймегеніне еріксіз қосылған бір келіншек Әменге келіп мән-жайын түсіндіреді. Елгезек Әмен оның мұңын тыңдап, өтініштерін хаттап, әйел құқын қорғаушы мекемеге бергізеді. Сөйтіп, бас бостандығына ие болады. Содан оның бұрынғы күйеуі Әменге өштесіп, Әмен «Мезгілсіз іңір кезі суға барғанда» төрт қарақшы бүйірінен екі рет пышақ салып өлтіреді. Алаштың уыз жастары, замандастары, «ығай мен сығай өңшең асыл тастары» «алтын кеуде» Әменді ақтық сапарға ардақтап шығарып салады. Мәшһүр Жүсіптің Әменнің аяулы достары «Алаштың ат атанған науша жасы, Жүзіктің көзіндегі асыл тасы» Садуақас Оспанов, Сапа Уәлиханов, Калатин, Ғиных Колетов, Ибраһимов, Кашомхыз Спандияров, Ғазымбек, Хамит есімдерін құрметпен атайды.

«Мұндай ұл туа бермес бұл алаштан, Алашқа абыроймен атап шашқан» Әмен рухына ескерткіш.

«Әмен қазасына» – Мәшһүр Жүсіптің ұлының қазасын естігенде «Бозінген, бозайғырдай» күйге түсіп, күйініштің, қасіреттің отына күйіп шығарған жыры. «Қан түсті алпыс үште аяғыма, оқ тиіп түзде жүрген саяғыма» деп зарлайды. Ұлт үшін жанын қиған перзентінің ұлы рухын, болмысын: «Құдайдың бір зор сыйы маған берген, Толық қып бергендігін алаш көрген» деп сипаттайды. Және «Толық боп жарап кеткен құрбандыққа» деп, шүкіршілік жасайды.

«Қазыбек би және қалмақ ханы» – Абылай хан заманында жүз кісі елшілермен бірге Телқоңыр тай мініп жүрген он бес жасар бала Қазыбек ат бәйгесіне де қосылып көрейін деп қалмақ еліне барғанда Тайкелтір би сөзін майдалап, кішірейіп сөйлеген сәтте босаға жақтан атып түрегеліп, құстай ұшып Қоңтажыға айтқан атақты сөзінің тарихы баяндалады.

«Қазақ деген мал баққан, Сарыарқада қаздай қалқып, үйректей жүзіп, теңіздей көлдерді, ұзын, ұзақ өзенді, көк майса көкорай шалғында, сахара салқында ел жайлап шалқып жатқан елміз. «Елімізден қашпасын!» деп, «Жерімізді жау шаппасын!» деп, найзамызға үкі таққан елміз. Жау аяғына басылмаған ел боламыз. Досымызды сақтай білген, дәм-тұзын ақтай білген ел боламыз. Ұл туса, атадан: «Құл болам!», -деп тумайды. Анадан қыз туса: «Күң болам!», -деп тумайды. Ұл менен қыз сенің тұтқынында отырса, оларды азат етпей тынбайды.

Қатты болсаң, темір шығарсың,
Сен темір болсаң мен көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі елдің арасын
Теліткелі келгенмін!
Сен көктегі құс болсаң,
Мен іліп тастар сұңқармын.
Сен жердегі аңның жүйрігі құлан болсаң,
Мен қуып жетіп соғар тұлпармын!
Сен қабылан болсаң, мен жолбарыс,
Алысқалы келгенмін!
Жау тілегенге
Жасыл туса еді, - деген,
Ел болып, шабысқалы келгенмін!
Елімнің шетіне ойран салған өзің:
Бітім беретін болсаң,
Айыбыңды мойындап, бітім бер!
Болмаса, тұрысатын жеріңді айт,
Шабысқалы келгенмін! – депті.

– Япыр-ай, дауысың қаздың дауысындай екен! Қазақ деген елдің дауысы қаз дауысты екен, - деп, - Сенің атың «Қаз дауысты Қазыбек» болсын, менің қасыма келіп отыршы! – депті Қоңтажы.

«Қазыбектің қастандықтан аман қалғаны» – бидің батыр бауыры Бөдене бір жаққа жолаушылап кеткенде аталас жақындары Қосым жорға, Жалықпас, Хан Бертіс үшеуі өлтірмекші болып, Қазыбекті шақыртады. Олардың арам ойын сезген қарындасы Мәлике сауыт кигізген еді. Әңгіме үстінде Қосым Жорға: «Ананы айттық, мынаны айттық, бағанағыны қайттік» – деген Хан Бертіс Қазыбектің үстіне міне түседі. Үшеуі де Қазыбекті жұлмалап жатқызады. Осы бір заматта Бөдене батыр жетіп келеді. Ол Хан Бертісті көріп: «Атын атайын ба, өзін атайын ба?» – дейді. «Қан төгіп қайтесің, атын ат!» – дейді.

Содан Хан Бертіс Ташкентке қашып кетеді. Ол екі-үш жылдан кейін 250 ақ байтал мен ақ сәукелені айыпқа беріп, Қазыбек бидің аяғына жығылады.

«Қазыбектің төртінші билігі» – жетпістен асқан Азбас тоқалдыққа еріксіз Гөбе сұлуды алмақшы болғанда, Қазыбек би арашаға түсіп, қызға теңдік әпереді.

«Қазыбектің үш сұраққа жауабы» – мұнда ол бір қарияның «Жақында не жақын?», «Қымбатта не қымбат?», «Дүниеде не қиын?» деген күрделі философиялық сауалдарына берген дәйекті, дәлелді жауаптары жинақталған.

«Қазыбектің үшінші билігі» – Үш жүздің баласына ортақ бір үлкен дауда игі жақсылардың басы қосылғанда, Ұлы жүздің төбе биі Төле би, Кіші жүзден Мама би билік-төрелік айтуға таласқанда атаның өсиетін неге естен шығарасыңдар деп, Қазыбек былайша сөйлеген екен:

- Білмесең, атаңның өсиеті мынау: «Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой. Кіші жүзді найза бер де, жауға қой. Орта жүзді қамшы бер де, дауға қой!» - дегені қайда? Соған қарағанда төре беру жолы менікі емес пе? – депті. –Жығылсам, алдымда ағам бар, сүрінсем, артымда інім бар: билік менікі еді ғой! Мұны біреуіннің аузына алмағандарың қалай? – депті.

Бұл сөзді үш жүздің жиналған адамдары бір ауыздан қабылдап, билікті Қазыбекке беріпті.

Қазыбек осы арада.

- Уа, Үйсін: Төле би, сен атадан үлкен болып тудың. Іниннің бір еркелігін көтеретін жөнің бар. Оны ойламай, жылқысын неге қуып аласың? Уа, жарқыным Мама би, сен атаның қара шаңырағында қалған екенсің, ағаңның көзінің тірісінде жеңгеңді неге зорлықпен әкетесің? «Даугердің адалы құстай ұшатын да, арамы мұрттай ұшатын». Сен, Мама би, қатыныңды қайтар, сен Төле би, жылқыны қайтар. Екі жағында иесіне табысы болмаған, екі аяқты түгіл, төрт аяқты қалмасын! – деп, билік айтыпты.

«Қазыбектің: «Тәңірі алдына барғанда» сөзінің әсері» – ертоқым дауына байланысты төрелік сөз. Бірде Ұлытауда ас болады. Ұлы жүздің Сиқым, Жаныс руларының жігіті Арғынның бір азаматының керемет ертоқымына қызығып, Төле бимен кеңеседі. Би: «Мынау менің былтырғы жоғалған тұлпарымның үстінде кеткен менің ерім!» - деп, алып кел. Мен бір-ақ ауыз сөзбен бұйырып берейін! – депті.

Сонан Төле би аудара қарап, ақтара сұрап: «Көзі бар еріңді өзің ал, көзі жоқ тұлпарың салауат!» - деп кесім айтыпты.

Жаланың отына күйінген арғынның жігіті Қазыбекке жүгінеді. Қазыбек Төле би отырған үйге келеді. Бірсыпыра адамдар бар екен. Ұрланған ерді бірінен соң бірі көріп отыр екен. Қазыбек те күміс ерді алақанына қондырып: «Қапталың – қайың, қасың – шұбар, Қалменбет қосқан бір ерсің! Үйсінге ие Төле би, Бұл ерге қайтіп тиерсің?! Сиқым, Жаныс екі топ, Бір ерге қайтіп мінерсің?! Бұл мінезбен Үйсінді, Бір төбеге үйерсің! Бұл мінезден қайтпасаң, Тәңірі алдына барғанда, Қалменіңмен күйерсің!» - депті.

Сол-ақ екен Төле би: «... Мен бір сөзді ойнап айта салып ем, ерді иесіне беріңдер!» - деп, райынан қайтыпты.

«Торайғыр бидің сөздері» – тереңдігімен, парасатты пайымымен, ұлтқа деген шынайы көзқарасымен, әлеуметтік-қоғамдық қырларымен, философиялық түйін-толғаныстарымен ерекшеленеді. Орыстың полковойы Омбыға алып барғанда, небір айла-шарғының тұзағын құрса да «Орыстың дәмін татпаймын!» - деп, қасарысып қарсылық жасапты. Сонда полковой айтты дейді: «Аюдан да күшті екенсің. Жетпіс күнде аюды құрдай жорғалатушы едік, сені иліктіріп көндіктіре алмадық Бар, бар енді!» - деп, елге қайтарған. Бұ жақта Баянауылға Шоқ, Көкшетауға Айғаным қала салдыра бастаған. Сонда Торайғыр: «Орысқа қарамаймын! А, құдай, орыстың жүзін көрсетпей мені ала гөр!» - деген.

Торайғыр би ұшқыр шешендігімен қатар найзагер болған. Бірде жылқысына жау тигенде Уәлиханның қадірлі төлеңгіті Алшынбай деген бір сарбазды найзамен шаншиды. Ол өкіре құлайды. Жан тәсілім етеді. Содан Уәлиханның асында Абайділда ханға Торайғыр би көрісіп айтыпты: «Құдай тағаланың құдіреті хазіреті Мұса пайғамбармен Тор тауында сөйлегенде: «Мұса, жердің тарында кім тұр, кеңінде кім тұр?» - деген екен. Сонда Мұса пайғамбар айтқан екен: «Жердің кеңінде мен тұрмын, тарында сен тұрсың», - деген екен. «Мен он сегіз мың ғаламды жоқтан бар қылған Құдай болсам, жердің тарын, кеңін өзім жаратқан болсам, мен қалай тарында тұрамын, сен кеңінде тұрасың?» - дегенде, «Рас, он сегіз мың ғаламды жаратып, мені жоқтан бар қылған құдайым сен болсаң, сендей құдайым бар екен. Мен жердің кеңінде тұрмай кім тұрады? Менің сендей құдайым бар болғаны үшін, жердің кеңінде тұрамын. Сенің ар жағында сүйенетұғын құдайың жоқ, жердің тарында тұрғаның сол емес пе» - дегенде, «Рас айтасың, құлым. Сөзің – хақ сөз!» - деген екен. Сол айтқандай, сендей төрем бар, не ғамым бар, тақсыр»?!

Алшынбайдың жесіріне Торайғыр би: «Алшынбайдың ажалы жетті де, менің ақ найзамның ұшының абиыры кетті де?!» – дегенде, ол: «Байым өзінен кемнен өлмей, өзімен теңнен өлген екен. Қараңғының көзі бола ма, тиіп кетсе сөзі бола ма! Құдайға разымын, байыма да разымын, өлтірген жаным, саған да разымын. Мен байымның құнын кештім» - деген екен.

Торайғыр бидің тастүйін толғамдары, билік-кесімдері даналық мектебі, көркемдік қазына деуге болады.

«Жоқтау» – қазақ халқының өмірі мен поэзиясында тарихи-мәдени мәні ерекше құбылыс, тұрмыс-салт жырларының бір саласы. Халықтың асыл перзенті, елдің құрметтісі, сүйіктісі, әр шаңырақтың «ақыл – аузы», «арқан – қазығы» дүниеден өткенде шерлі, азалы әуенмен айтылады. Оның сүйегіне, тегіне, мінезіне дарыған асыл қасиеттері, ел-жұртқа, бауыр-туысқанға жасаған жақсылықтары, үлгі-өнегесі, артына қалдырған өшпес іздері мен ақыл-нақыл сөздері көркем де мәнерлі тілмен жырланады. Қазақ филологиясында жоқтаудың көркемдік кестесін, эстетикалық-эмоционалдық сипатын қырағы аңғарған, кейбір үлгілерін жазып алған, орындалу жайын әңгімелеген Шоқан Уәлиханов болатын. Әсіресе, қазақ жоқтаулары ішіндегі ең көркемі, әсерлісі, үздігі деп «Айғанымның жоқтауын» және ұзатылатын он төрт жасар қыздың жоқтауын айрықша атаған. Кеңес дәуірінде Сәкен Сейфуллин мен Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев пен Мәлік Ғабдуллин өз зерттеулерінде жоқтаудың кейбір нұсқаларымен таныстырып, мәнісін түсіндірген.

Ескі кәде бойынша, қаралы үйге марқұмның жақын-жекжаттары, сол тұқымнан, әулеттен тараған ұрпақтары жер солқылдата, сай-сүйекті сырқырата, күңірене, зарлы, мұңлы дауыспен «ой, бауырымдап», қиқулап, ботадай боздап, еңіреп жетеді. Халықтың рухани тарихында ерекше орын алған жоқтаудың табиғатына зер салсақ, қазақ халқының моральдық-этикалық болмысы, адамгершілік жаратылысы (кісілікті, мінезділікті, батырлықты құрметтеп, сыйлау) айрықша танылады. Инабаттылыққа, ізеттілікке, мейірімділікке адам баласын ынталы жүрекпен сүюге баулиды. Ауыз әдебиетінде жоқтаулар өз алдына жыр дариясын құрайды. Сонау «аюдай арқыраған, күндей күркіреген» Орақ батырды жоқтаудан бастап, Абылайды, Бөгембайды, Қаздауысты Қазыбекті, Шоқан Уәлихановты, Мұхтар Әуезовты, Күләш Байсейітованы жоқтайтын жырлар бар.

Қазақ жоқтауларының тілі мейлінше ажарлы, айшықты. Суретті тіркестерге, нәзік нақыштарға, фразеологиялық орамдарға, перифрастикалық тізбектерге бай. Ақын-жыраулар шамшыраққа лайық, асқар таудай жандар көз жұмғанда «Ақылға дихан кемеңгер» (Шоқанды жоқтауда), «Қара бір таудың жылғасы, Халқының бағлан құлжасы», «Көлдегі аққу дауысты, Ақсұңқар құстай шалысты» (Алтай Тәтіні жоқтауды, XIX ғ.), «Арыстаным, ақжолым, зұлпыхарым» (Сүйінбай ақынның Саурық батырды жоқтауында), «Аузынан дүрлер төгіліп, шамшырақтай жанып тұрды», «Мұхит, дария суындай Ақылы терең мол еді», «Жақсылық іске бас болған, Жамандарға қас болған» (Мұса Шормановты жоқтауда) сияқты әсерлі, мәнді, ғибратты, күйлі-қуатты сөйлемдерді шебер тоқиды. Бір мағынаның өзін сан қилы сөздермен құбылтып беретін мынадай мысалдарды алайықшы: «Асыл гауһар болатым», «Бұлаңдап жүрген бағланым», «Әуедегі жұлдызым, Су ішінде құндызым», «Ай қасында Шолпаным», «Хан қасында сұлтаным», «Суытып қойған тұлпарым, Тұғырдағы сұңқарым», «Жайнап жүрген бекзатым», «Қызыл гүлдей нұрлым-ай, Бәйтеректей бүрлім-ай», «Ұялы терек ордалым, Ақ күміс тұрман жорғалым», «Дария суды жағалай, Балғын бір өскен құрағым», «Жетесі жақсы арыстаным», «Бұлы қымбат манатым», «Арғымақ артық туған қыршын жасым», «Өзгеше өрен біткен өспе ағашым», «Жапырағы алтын шынарым», «Алтын сапты найзам», т.с.с.

«Қазыбек би» – ұлттық сана мен тілінің, рухы мен арман-мұратының ұшан-теңіз ұлылық қасиеттерін ересен қуат-құдіретімен көрсете білген, тәуелсіздік жолында қабырғасы қайысып еңбек еткен көрнекті мәмлегер, арыстан жүректі ер, мемлекет қайраткері.

- Үш жүздің қай батырына ризасың деп сұрағанда, Абылай хан айтыпты:

- Мен өзімнен бұрын болған екі кісіге ризамын. Ол Қаракесек Қазыбек пен Уақ Деріпсал. Бұл екеуі де жауға түскен тұтқынды босатып алды. Қазыбек Қалданға барып босатты. Деріпсал өз ауылында отырып, күшпен қорқытып босаттырды.

Тарихи жазба деректерді сөйлетсек, кемеңгер би 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген, 97 жасында яғни 1764 жылы көз жұмған. Қаздауысты Қазыбектің тегіне, затына, сүйегіне зер салсақ, Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек (Болатқожа) руынан шыққан. Әйгілі ділмар Шаншар абыздың немересі, Бұлбұлдың шөбересі. Ал өз әкесі – Келдібек би. Анасының есімі – Тоқмейіл. Қазыбек биден Бекболат би, бұдан Тіленші би. Тіленші би баласы Алшынбай би (Құнанбай қажының құдасы, Абайдың қайын атасы). Алшынбайдан Бәпи тарайды. Атақты әнші-композитор Мәди Бәпидің ұрпағы.

ӘОЖ 80

МӘШҺҮР ЖҮСІП ҰРПАҚТАРЫ

М. РАХМЕТОВ
Баянауыл ауданының ақсақалдар алқасының төрағасы

«Туған халқының табанына қадалған шөгір мандайыма қадалсын» деумен өмір кешкен Мәшекеңнің қай өлеңін, қай дастанын алсаңызда халқы үшін күйініп, сүйіне білген үлкен жүректің лүпілін айқын аңғарар едіңіз оған:

Түзелер қашан жұрт боп мына қазақ,
Қылмаған кім бар дейсің бізді мазақ.
... Біздің қазақ саяғы кер кеткеннің
Түк пайдасын көрген жоқ ер жеткеннің
Алқымынан алған жау босатпайды,

Онан күші аса алмас жау біткеннің, – деп жырлауы айғақ. Мәшһүр шығармасындағы осындай жолдарды оқыған және де ол кісінің әулиелігі туралы естіген кез келген жанның: «Опырай, бұл кісінің ұрпақтары бар ма екен, болса кімдер?» деген ойға берілері анық. Мен шамам жеткенінше сол сауалға жауап бере кетуді жөн көрдім, себебі Мәшһүр айналасын бала күнімнен білемін. Жаңажол совхозында директор болып жұмыс істеген жылдарда дәмдес-тұздас болып араласып тұрдық. Ал Мәшекеңнің зиратын қалпына келтіру, мұражайын аштырту барысында тіпті жақын танысуға мүмкіндік туған еді. Мәшекеңнің үш ер баласы болғаны белгілі. Үлкен ұлы Әмен білім алып, ел ісіне белсене араласып, сол жылдарда қазақ оқығандары шоғырланған Ташкент қаласындағы мектептердің бірінде мұғалім болып жұмыс істейді. Сонда жүргенде зорлыққа тап болған қызды бұзықтардан арашалаймын деп, солардың қолынан қаза табады. Тағы бір ұлы Шарапиден оның Төлеубай, Сүйіндік атты балалары болған. Төлеубай Ұлы Отан соғысының отты жолдарынан өтіп, елге аман-сау оралған жеңімпаз жауынгерлердің бірі. Ал Сүйіндік туралы сәл кейінірек сөз етеміз. Кенже ұлы – Фазыл. Фазекең кезінде халық ағарту саласында жемісті еңбек етіп, Баянауыл ауданында Ленин орденімен марапатталған санаулы ұстаздардың бірі, десек те Мәшекеңнің балалары бірінен бірі өткен жайдын оғындай жандар еді. Фазекеңнің адал жары Нүрила апай екеуі ұлағатты ұрпақ өсірді. Кең байтақ республикамызға атты танымал, филология ғылымының докторы Қуандық Фазылұлы, Шегендік, Қажыман Фазылұлдары, құт дарып, береке ұялаған осы шаңырақтың ұландары. Осы орайдан Қуандық Фазылұлы атасы Мәшһүр Жүсіптің еңбектерін бастыртуда қыруар істер тындырды. Ұл-қыздары Нартай, Гүлназ, Естай, Ертай аталарының еңбектерін ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп, құрастырып, ғылыми түсініктеме жазды. Әке ісін сәтімен жалғастыра білді. Қазірде олардың өздері де Мәшһүртанушы ғалымдар қатарына қосылды. Осы орайда Қажыманұлы Әсеттіңде атасы туралы білгірлікпен қалам тербеп, ізденіс үстінде жүргенін айта кетейік «ат тұяғын тай басар» деген осы болса керек, жас ғалымдарға табыс тілейміз. Мәшекең ұрапақтарының көпшілігі-ақ оқуға, ғылымға өте бейім жандар. Солардың арасында Шарапиденұлы Сүиіндіктің есімін Баян жұрты да ерекше құрметпен атайды. Әкесі Шарапиден өмірден ерте озған, ал анасы Ақзейнеп Мәшекеңе бірден бір қызмет көрсеткен аяулы келіні. Мәшекең мәңгілік мекеніне осы Ақзейнептің қолынан аттанды, сырт тұлғасы Мәшекеңе келетін Сүйіндікті белгілі өнер қайраткері Қуат Абусейітов Алматыға алып кетіп, 9-сыныптан бастап сол кісінің үйінде жатып оқиды, ҚазМУ-ға оқуға түседі, тек сол кезде көтеріле қалған келесі бір қуғын-сүргіннің кесірінен Сүйіндік Көпеев «молданың ұрпағы» деген желеумен оқудан қуылады. Енді ол Жаңажолға қайтып оралып, шаруашылықта, әртүрлі салада еңбек етеді. Есепші, трактор бригадасының бригадирі болып жұмыс істейді, сөйте жүріп атасын көзі көргендерден ол туралы сұрастырып, қалта дәптеріне түсіре беруден жалықпайды. Тек сол жазбаларын жариялатуға мүмкіндік жоқ еді. Ақыры, тәуелсіздік таңы арайлап атып, Мәшекеңнің жазбаларын жариялауға жол ашылды. Сол жылдарда ол өзінің ертеден тірнектеп жинаған материалдарын облыстық «Сарыарқа самалы» газетіне, т. б. басылымдарға жариялата бастады.

Айналасы 3-4 жылдың ішінде Мәшекең туралы бірталай мақаласы жарық көрді. Бір тоға қақсоқпен жұмысы жоқ асыл азамат Тәуелсіздік берген осы мүмкіндікті ерекше бағалайтын, жаза түскісі келетін. Тек ажал, шіркін, оның бұл асыл арманын толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді, әйтседе оның есімі ел есінде «алғашқы Мәшhүр Жүсіп танушы» ретінде сақталатынына күмән жоқ.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ӘУЕН КӨРІНІСІ

Ж.Т. САРБАЛАЕВ
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Е.Ж. САРБАЛАЕВ
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Поэзиядағы азаматтық әуен туралы қазір сауатты адамдардың аузынан, зиялы қауымның ортасында жиі айтылатын сөз. Бірақ аталмыш ой-ұғым – халықтың мақалы емес, әйтпесе әдебиетімізден ойып орын алған үлкен тұлғаның мәйекті лебізі де емес. Кейінгі кездері зиялы қауым арасында мойындалған қанатты сөз. Бәлкім, оның алғаш айтқан авторы да болған шығар. Бірақ гәп – онда да емес, осы бір сөздің орайлы ақиқат екендігінде. Батыста әдебиет – әдебиет үшін, өнер – өнер үшін деген бағыттар бұрыннан кездеседі. Біздің қазақ әдебиетінде мұндай тамыры таяз, сыңаржақ бағыт, тек байлар мен бағландардың көңілінен шығып, соларға қызмет қылғаны белгілі. Бұқараға жат ақындық иелері орысқа бодандыққа дейін де, кешегі кеңес кезеңінде де кездеспегені мәлім. Еліміз егемендігін алған бүгінгі таңда мүлдем мұндайдың ұшқыны жоқ, бәлкім алдағы уақытта да ұшыраспайтын болар. Себебі бағзы замандардан-ақ, тіпті қазақ жаратылған шақтан-ақ халқымыз өлеңді ермек, өнерді тек көңіл көтеру құралы деп қарамаған. Ақиқаты: қазақ үшін қашанда өлең – өмір. Өмір – өлең. Қазақ поэзиясы өзінің даму арнасында заман озған сайын жаңашылдыққа бет түзей бастады.

Ұлы Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер дене ,

– деп айтуы, міне, сондықтан десек қателеспейміз. Әрине, бұл жерде өлең деген ұғымның өзі синкреттік бітімде екенін, сөздің әннен, әуеннен бөлек тұрмай, бірлікте танылатынын айта кеткеніміз абзал. Нақ осы себептен де поэзияның қазақ халқы өмірінде кеше де, бүгін де аса маңызды рөл атқарғанын, оның қашанда қоғамдық-әлеуметтік сипатта болғанын, ал азаматтық әуен, рух – жалпы қазақ поэзиясының әрқашан күретамыры, негізгі өзегі, алтын арқауы болғаны шындық екені ешқандай дәлел тілемесе керек.

Туған әдебиетімізде өзіндік орны бар белгілі шайырларымыздың бірі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүріп, қазақ жазба поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Сонымен бірге оның ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, фольклортанушы, тарихшы, этнограф, педагог болғаны баршаға мәлім. Құдай берген қабілеті жан-жақты, ескіше де, жаңаша да хат таныған ағартушы ақынның өз басы өнегесіне қоса қалың халыққа өнер-білім шашып, мұның үстіне өзі өмір сүрген кездегі ел өміріндегі өзгерістерге, елеулі оқиғалар мен жаңалықтарға, жақсылықтар мен жамандықтарға дер кезінде үн қатып, өлең тілімен паш етіп отырғаны көзі тірісінде-ақ оның атын әйгілі етті. Сондықтан болар ол көп ақынның бірі, жай ақын Жүсіп болып қалмай, Мәшһүр Жүсіп атанды. Міне, осының өзі-ақ оның жас бала шағынан ақындық өнерді киелі деп біліп, қадірлеп, бұл реттегі әрбір қадамға жауапкершілікпен қарағанын аңғартады. Оның ақын ретінде әрбір айтқаны, жасаған әрбір іс-әрекеті ғана емес, ақын ретінде жазған әрбір шығармасы көпшілік көңілінен шығып отырғаны белгілі. Мұның өзі оның ұсақ, жеке бас қамын күйттеген, тақырыбы тар, отбасы қамынан артылмаған дарынсыз, кішкентай өлеңші емес, ә дегеннен-ақ әлеуметтік көкейкесті мәселелерді көтере білген, көркемдікпен жеткізе алған азамат ақын болғанын байқатады. Міне, осындай азаматтық бітім, дәлірек айтқанда, осындай көзқарас, позиция, концепция ғана ақынды қазақ даласының шартарабына әйгілі етіп, одан ел билеушілері ығатын, патша шенеуніктері қорқатын ақынға айналдырса керек. Мәшһүр Жүсіпті кеңес өкіметі де құшақ жайып қарсы ала қойған жоқ. Мұның өзі оның кейінірек халық жақсы танып, дақпыртын естіп емес, қандай кісі екенін дәл біліп, әдебиеттегі төл орнын иемденуіне кедергі жасағаны анық.

Оның шын мәнінде кітап деп айтуға тұратын алғашқы кітаптары – таңдамалысының 1-інші, 2-інші томдары тек 1990, 1992 жылдары жарық көруінде, 20 томдық шығармалар жинағының енді ғана 2003 жылдан бастап жариялануының осындай себептері бар. Ақын мұраларының көптомдық болып жарыққа шығуына пікір білдіре отырып, ғалым Р.Тұрысбек: "Көптомдықта әдебиеттің барлық жанрлары қамтылған әрі жүйелілік пен ізденіс, біріздiлік байқалады. Әрбір туындының тақырып табиғаты, жанрлық-құрылымдық һәм көркемдік ерекшеліктері де сақталып, жазылуы мен жариялануы, нұсқалық белгілеріне де зор маңыз беріледі. Біздіңше, басты байқалар ерекшеліктердің бірі М.Ж.Көпейұлының төл туындылары мен халық мұрасы, шежірелік сипатындағы шығармалар дәстүр мен сабақтастықты, жанр мен жауапкершілікті, көркемдік мұраттарды негізгі назарда ұстаған" деген байсалды түйін жасайды.

Қазақтың танымал ақындарының бәрі дерлік қоғамы ұсынған жүкті талмай көтерген азамат ақын болғаны баршаға мәлім. Арыға барсақ, Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Бұқар жырау, Махамбет, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар, беріден тартсақ, Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қадыр Мырзалиев, т. б.

Әдетте үстіне кім-кімнің де жасаған жақсы ісіне, әйтпесе қарымды қызметіне риза болып жатсақ, «Мынау азамат екен» деп жатамыз. Сонда осы азаматтық дегеннің өзі не? Ақын-жазушылар шығармашылығындағы азаматтық бітімді, әлеуметтік әуенді қалай бағалап, қалай ажыратамыз? Бір қарағанда бұл баршамызға белгілі, оп-оңай танып, тауып алатын түсінікті ұғым көрінгенімен, іс жүзінде жеңіл, бадырайып көзге көрініп, айқайлап тұрған нәрсе емес. Ендеше ең әуелі ақын Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы азаматтық әуенді айқын танып, ажарлы ашу үшін мұның өзі не нәрсе екенін өзіміз біліп алмай болмайды.

Азаматтық жоқ жерде ақындық тұл. Бұл жерде сөзіміздің басындағы осындай ордалы ойға қайта оралуға, табан тіреуге тура келеді. Сонымен бірге осы мәселеге арнайы ат басын бұрып, елеулі екі мақала жазған көрнекті сыншы-әдебиетші Сағат Әшімбаевтың: «Былай қарасақ, азаматтық атты сөздің мән-мағынасынан айқын және одан туындайтын міндет пен жауапкершіліктен анық ештеңе жоқ сияқты. Сондай-ақ азаматтыққа жататын, болмаса жатпайтын жайларды ажырату да пәлендей қиын емес секілді. Ал, осы сөздің төңірегінде тереңірек ойланып көрсек, оны басқа өнер-білімімен, озық тарихымен тамсандырған елдердің басындағы терең тамырлы азаматтық дәстүрлердің даму кезеңдерімен салыстырып көрсек, біздің арамызда бұл ұғымды түсінуде тарихи тұрғыдан эталондық үлгі ретінде ұсынатындай берік қалыптасқан нақтылық жете бермейтіндігі байқалады?»,- деген пікірлерін алға тартудың еш әбестігі жоқ. Гәп – бұл жерде алаштың, қазақтың басындағы азаматтық рухтың кемдігінде немесе әлсіздігінде емес. Өйткені қазақтың азаматтығы – батырлығы мен байсалдылығы – жер бетіндегі қайсы бір халықтан артық болмаса, кем емес. Тек осы бір маңызды концепциялық ұғымның мағынасы нақтыланып, алға ұсталуында, төбемізге ту сияқты көтерілуінде жатыр. Өйткені XVI ғасырда өмір сүрген француз ойшылы М. Монтень: «Халық өзінің азаматтық манифесін ғасырлар бойы қанымен де, жанымен де жазады. Азаматтық манифесі айқын емес халықтың болашағы да айқын емес»,- деп жазғандай, қазақ ұлты өзінің азаматтық құранын ғасырлар бойы ерлігімен де, еңбегімен де жазып келді. Бұл тұрғыдан ол көштен қалып көрген жоқ. Ендеше оның келешегі келісті екені күмәнсіз. Мәселе – алаштың азаматтық концепциясын, ақындық азаматтық кредосын айқындауда, ақиқат алға тартуда. Осы тұрғыдан келгенде алаштың азаматтық концепциясы, ақындардың азаматтық көзқарас-көсегесі қандай? Біздіңше, арғы-бергі даналардың айтқандарын еске алып, Асан Қайғы, Абайдың айтқандарын саралай келгенде, мұның өзі адам - ақынның елін – жерін, Абайша айтқанда, «қалың елі, қазағы, қайран жұртын» жақсы көріп, қадірін біліп, шын сүюінде.

Екіншіден, осылайша азамат ретінде бағалап, сүйгендіктен халқының жақсылықтарын асырып қана қоймай, жамандықтарын, келеңсіз құлық, олқы мінез-қылықтарын жасырмай әшкере етіп, ащы сынауында. Үшіншіден, осындай елді өшірер, ерді өсірмес қоғам кемшіліктерін, халық жетімсіздіктерін жою үшін ымырасыз күресе білуінде жатыр.

Бұл айтқандардан азаматтық таным, көзқарас-бағдар, позиция айқындалып, азамат ақын алдындағы әлеуметтік-қоғамдық міндеттер, адамдық-адамгершілік парыз бен қарыз анықталып,

сол үшін жауапкершілік мойынға жүктелсе керек. Ал, мұндай асқаралы міндеттерді орындау тіпті де оңай емес. Ақынның азаматтығы көпті оятып, қауымды жарқын болашақ үшін қимыл-әрекетке жұмылдырар жемісті еңбексіз, белсенді күрессіз, қара қылды қақ жарған әділдіксіз, шындықты қаймықпай бетке тура айтар, тура айтып қана қоймай, іске жедел асырар батылдық, батырлықсыз жүзеге аспайды.

Жоғарыда айтылғандар абзал адамдықтың, азамат ақындықтың, халық перзенті, елдің Ері болудың шын да шынайы өлшемдері болса, шайыр Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі, сөзі – алуан шығармалары осынау үлкен талап-міндеттерге қалай және қаншалықты жауап береді деген сауалға жауап іздейміз. Бұл үшін, әрине, алдымен ақынның не жазғанын, қандай тақырыптарды қозғағанын, оларды қаншалықты көркемдікпен игеріп, қазақ әдебиетіне қандай үлес қосып, қаншалық азаматтық танытқанын – өз кезіндегі елі мен жері жаңарып, халқы оянып, өсіп-өзгеруі үшін, яғни заманына лайықтылық танытып, келешегін кемелдендіруі үшін қаншалықты сөзімен көмектесе алғанын саралап, зерттеп, талдап-таразылауды жөн санадық.

Ақындықпен ұйқыдағы алашын серпілту, қоғалысқа түсіру, ел болу үшін күреске жұмылдыру, сөзімен замандастарының көзін ашып, көңілін ояту, басқа озық елдердің қатарына қосылуға бастау, өзінен көп бұрын көш бастап, халқын қамшылап, қазақтың бас ақынына, сөз көсеміне айналған Абайдың жолын жалғастыру, Абай бастаған іске үлес қосу – Мәшһүр Жүсіптің алдында тұрған ұлы да ұлағатты міндеттер болатын. Рас, бастапқы кезде – жасөспірім шағында-ақ өлең жолына түсіп, өнерін көпке таныта бастаған Мәшһүр Жүсіп бірден анық Ақын, үлкен Ақын бола алған жоқ. Ол әуелгі кезде жай төреші болу, көргенін көргеніндей етіп қағазға түсіру, сырт бақылаушыдай бағамдап-баяндау, тек ақ-қараны ажырату деңгейінен көтеріле алмап еді. Әрине, оның бұл өлеңдерінде де ғибрат, насихат, өмір көріністерін көрсету кездесетін. Кейде келелі кеңес, озық ой, көркем кестелер де молынан ұшырасатыны бар. Алайда біздің іздеп отырғанымыз – қоғамды сілку, алаштық, азаматтық мақсат-мүддеге ойысу, өзі күн кешкен қоғам, табиғат кескіндерін бедерлеу деңгейінде қалып қоймай, келешекке бет бұру болғандықтан ғана бұларды осылай қабылдайтынымыз өзінен өзі түсінікті болса керек.

Ақынның төл поэзиясы топталған кітаптары – 20 томдық шығармалар жинағының, негізінен, 1-томы мен 4-томы. Осындағы ақынның жазылуы жөнінен бізге мәлім тұңғыш өлеңі – «Исабек ишан». Ол 1871 жылы қағазға түсіріліпті. Бәлкім, осы томдықтарда Мәшһүр Жүсіптің бұдан да бұрын жазылған туындылары бар шығар. Алайда соңында дүниеге келген жылы көрсетілмегендіктен олардың қайсысы бұрынырақ жазылғанын білу қиын. Аталмыш алғашқы жыр былай басталады:

Бісмілла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!
Керуендей бұл дүниеге аз күн қонып,
Пәниден жақсы, жаман – бәрі де өткен.

Бір жұрнақ заттан шыққан асыл еді,
Қара түгіл қожадан асып еді.
Әркімнің өз заманына дегендейін,
Тақсырдың шарапаты басым еді.

Өзі – ишан жұрт бастаған, заты –қожа,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза.

Егер Жүсіп ақынның тырнақалды туындысы осы болса, оның басталуының өзі – біз келтіріп отырған үш шумақтың өзі разы етпей ме? Құйылып тұрған қазақтың дәстүрлі қара өлеңі. Есептеп қарасақ, бұл кезде – Жүсіп бар-жоғы 13 жаста. Бүгінгі күн көзқарасымен алғанда, әлі мектептің орталау буынын бітірмеген, көжесін жылап ішіп жүрген бала. Бірақ XIX ғасырдың қалыбы бөлек жосығы басқа. Сондықтан ол осындай өлең жазған. Дәлірегі – жаза алған. Ұзақ өлең. Әрі жақсы туынды. Ал мұның өзі жасөспірім Жүсіптің тым таланттылығын, шайырлықтағы қадамын шынайы бастағандығын байқатып қана қоймайды. Сол кездегі қазақ өмірінің өз мүшелеріне – ер балалар мен қыз балаларға да қатаң талап қойып, тез ержеткізіп, бойжеткізетінін де байқататындай. «Он үште – отау иесі» деген сөз-пайым – тек мақал ғана емес, сол уақыттағы өмір шындығы, тіршілік талабы. Бұл кезде адам баласы бірінші мүшелге толып, ғұмырдың тұңғыш бел-белесіне көтеріледі. Демек, қазақтың мүшелдік жыл санауы жай ғана даналық қасиет-тұжырым емес,

табиғаттың заңдылығына – адамның биологиялық-физиологиялық тұрғыдан да пісіп жетілуіне де дөп келетін шығар. Міне, осы тұңғыш мүшелінде Жүсіп ақындық тұрғыдан да адамдық-азаматтықтың алғашқы сатысына шығып үлгерген түрі бар. Осындай екі жақсы себеп-салдардың жемісі де шығар, жас автор-шайыр тұңғыш өлеңінде-ақ XIX ғасырдың үшінші ширегіндегі Арқа өмірінен, қазақ халқының ахуалынан, рухани күй-кеспірінен де жақсы хабардар етеді.

Бұл жырдың шекесіне «жоқтау» деп қойылған. Бұдан кейін осы өлеңде кейіпкер ишанның бейнесі еске түсірілетіні, жақсы пенде, зор дін басшысы болғандықтан лайықты мақталатыны даусыз.

Жасынан-ақ халыққа пірлік қылған,
Хақлық болса, бас тартпай ерлік қылған.
Нәсілінен сайып келіп әулиелік,
Келгенде отыз беске пірлік қылған.

Пір болып кереметлі жұрт бастаған,
Заманында өзінен жан аспаған.
«Мен, мен» деген ишандар «тақсыр-ай» деп,
Ешбірі хылап тауып таласпаған.

Шариғаттың жолынан адаспаған,
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
Қырмызы қызыл жібек сықылданып,
Қай мінезі бар еді жараспаған ?!

«Өнер алды – қызыл тіл» шешенім-ай,
Жылжыған жорғадайын көшелім-ай.
«Абылай аспас сары бел» – Сүйіндікке
Пір болып үлгі шашқан көсемім-ай.

Ақын осылай шалқыта жырлап, үлкен сөздерді бекер айтып отырмаған шығар. Исабек ишан да мұндай мадаққа лайық жан екені ақиқат. Өзі де жас кезінен хақ дін жолына түскен, имандылықты ұран еткен ақын сол кезде өмір сүрген, аса үлгілі, адамгершілігі асқақ жанды қауымға үлгі етіп отыр. Жас ұрпаққа – өнеге, егде кісілерге – ғибрат етеді.

Х.Досмұхамедұлы ақындық поэзия өкілдері туралы олардың ұлттық сөз өнерін сақтаудағы, дамытудағы қызметіне жоғара баға бере келе: «Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар»,- деген екен. Шынында да Мәшһүр Жүсіптің осы көлемді туындысын ары қарай оқығанда оның кейіпкерінің балдырған ұрпаққа үздік үлгі, ал үлкендерге тағылым-тәрбиесі мол игі-таза тіршілік иесі, дін көсемі екенін көреміз:

Айбатың бар-ды әділ Омардайын,
Түзедің шариғаттың әрбір жайын.
Күндіз – күлкі, түн болса – ұйқы көрмей,
Дін ісін берік тұттың солардайын.

Шыншылдық Әбубәкір Сыдықтай бар,
Көрдің бе бір жалғанын, ей, жарандар?!
«Қолда барда алтынның қадірі жоқ»,
Артынан жұрт таба алмай, болдың ғой зар!

Жомартлығың сахаба Сәдуақастай,
Би баһа ол кібірит ақ мәр тастай.
Сүннатын пайғамбардың мағхам тұтқан,
Кәнекей, кім бар еді сонан басқа-ай!

Сөйлеген әрбір сөзің – ғылым, хикмет,
Өзіне тәнірім берген бән михнет.
Тариқат, мағрипаттан үлгі шашқан,
Құдайға бек лайықты қылып қызмет.

Мақсат өзіміз жалаң түсіндіруші болып сөйлеп кетпей, ақын өлеңін нақты тану, өзіндік айтарын, өзгеше ерекшелігін ашу болса, мына шумақтардан дінге қатысты мол білім ала бастамаймыз ба?! Біз ислам дінінің бастауында тұрған Омар, Әбубәкір Сыдықтардан, Сәдуақас сахабалардан хабардар болып қана қоймай, ақын нысанасы Исабек ишанның да анық озық, керемет «көсем» кісі екендігіне көз жеткізе бастамаймыз ба?

А. Янушкевичтің мына жазғанында: «Дәулетті қазақтар Әзіреті зиратына өздерінің сүйектерін, кейде жақындарының денесінің бөлшектерін жібереді. Баянауыл округіндегі әйгілі Шоңның балалары оның аяғының біраз жерін кесіп алып, қымбат кездемемен орап, қасиетті адамдардың сүйегімен қатар қою үшін Әзірет сұлтан зиратына жіберген. Қасиетті жерлердің күзетшілеріне берілетін ағыл-тегіл садақа өз алдына»-дейді. Мәшhүр-Жүсіпте: «Осы жаздың келешек қысына Шоң би дүниеден қайтып, денесін былғарыға тігіп, қыс ішінде жүз жылқымен Хазірет (Әзірет) Сұлтанға апарыпты»-деп жазып алған. Әзіреті – Қожа Ахмет Яссауи-А.Қ. Текті, асыл, атақты адамдарды Қожа Ахмет Яссауи мовзалейіне апарып жерлеу дәстүрі болған. «Шоңның өлген жылы қой екен. Жетпіс екі жыл болады өлгеніне. Келер қысына «Қу мешін»-деген жұт болыпты» немесе «...Қуандық асына алып барғанда, Қарала-жиырма төртте еді. Шоң би-алпыс төртте екен»-дейді Мәшhүр-Жүсіп.

Шоң өлерде өсиет қылған екен. –Балалар, Торайғырмен екеуіміздің құдайға берген уағдамыз бар еді. Бұл hәм кешікпей менің артымнан келер. Мені аманат қойыңдар, екеуімізді хазіретке бір алып барыңдар!-деп.

Сілетінің бойында аманат қойдырған екен. Ел Баянауылға көшіп келген соң, Шоңның қырқын беріп жатқанда, Торайғыр өлді. Торайғыр өлді деп жаназаға шақырып жүрген түні Байбақы баласы Құлмұхаммед ұста туған екен. Бұл кісінің жылы не болса, Торайғыр, Шоңның өлген жылы –сол.

Жаз шыққан соң Торайғыр мен Шоңның сүйегін аманат қойған жерінен алып, Хазірет Сұлтанға алып кетті. Сонда Шоңның (Шонтының) сүйегін аманат қойған жерінен алғанда, ішінде едім,-дейді Шонабай қожа деген қожа. Өз заманындағы адамның асық-жілігінен Шоң бидің асықты-жілігі бір қарыс ұзын екен. Әдейі қарыстап көрдім,-дейді,-және бір сонам (сүйем) және бар – деген дерек те кездеседі.

ШОРМАН

Арғын-Құтан-Мейрам-Сүйіндік-Қаржас Оразкелдінің бір аты-Қаржас. Үш қатыны бар. Үш қатыннан үш жалғыз: Алтынторы, Құлыке, Бегім. Құлыкеден: Ойым, Телі. (Ойымнан-Әлімбет, Ақша, Байболат). Теліден-Анай. Анайдың қазақ қатынынан-Нияз; сарт қатынынан-Құл; қалмақ қатынынан-Жәдігер. Тәтеке қызы Аққабақтан: Мырзақұл, Құдайқұл. Мырзақұлдан: Ақмырза, Баймырза, Сатыпалды, Тәті, Наурыз. Ақмырзадан-Азынабай, онан: Тайжан, Сейтен. Тәті мырзаның бәбішесінің аты-Баяу бәйбіше, пұшпағы қанамаған кісі. Тәтіден: Байкісі, Жанкісі. Бәтіш тоқалдан-Мамыр, Шымыр (Шытымыр). Және бір тоқалдан: Садыр, Қарыке, Қарқабат. Күшіктен-Шорман, онан-Мұса, Мұстафа, Ғайса (Иса-А.Қ.), Әужан. Мұсадан-(Сағит, Оқас), Біләл, Жәминкеш.

Жанарыс-Қарақожа-Арғын-Құтан-Мейрам-Олжакелді (Қаржас). «Толыбай ұранды Қанжығалы»-дейді. Сол Қанжығалығы ұран болған Толыбай сыншы замынында бір жаққа жорыққа бара жатып, бір көлдің басынан бір тірі еркек бала тауып алыпты. Аяғын апыл-тапыл басқан, тілі шықпаған баланың мойнында алтынды айкіл шұбар төсі бар екен, асулы ішінде бір алтын сақа бар екен.

-Өзіміз жолаушы, өзі қысқа қараған суық күн.

Әжібайдан шыққан Сүгірәлі абыз жасы жүз жиырма бесте екен:

-Шорман баланы маған оңаша шақырып беріңдерші! Мен оның әділ ме, әділ емес пе-сынайын. Бұрынғылардың сөзі бар еді: «Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ»-деген. // «Туғанына бұрған биде иман жоқ» -деген. Мен Шорман баладан ата-тегін сұрайын. Егер Шорман бала әділ болмаса, бұрақтатып, Қаржасқа ата табар. Шын әділ болса, Қаржасқа ата табалмай, дағдарып тұра қалар. Оның турашылдығы осымен танылады,-деп, Сүгірәлі абыз бір төбенің басына оңаша шығып:

-Шорман бала маған жолығып кетсінші!-деп, шықыртып алып, қасына келген соң сұрапты:

-Осы, Шорман бала сенің әкеңнің аты кім?-депті.

-Менің әкемнің аты-«Үшқасқа»-атанған Жанкісі, Байкісі-Күшіктің Күшігі,-депті.

-Күшіктің әкесі кім?-дегенде,

-«Мырзағұлдың алты ұлы атанған»-Сатыпалды-Тәтидің Тәтиі,-депті.

-Тәти әкесі кім?-дегенде,

-Құдайқұл, Мырзақұлдың Мырзақұлы,-депті.

-Мырзақұл әкесі кім?-дегенде.

-Анай,-депті.

-Анай әкесі кім?-дегенде.

-Телі тентек,-депті.

-Телі тентек әкесі кім?-дегенде,

-Алтынторы-Құлыке-Бегімнің Құлыкесі-депті.

-Құлыке әкесі кім?-дегенде,

-Қаржас,-депті.

-Қаржас әкесі кім?-депті.

-Уай, абыз-еке-ай, бұрынғының айтқаны қайда: «Өзен тұрып, өзге жерге қонған нәмірд, // Өзі болған жігіттің түп атасын сұраған-нәмірд»-деп. Қаржастың әкесін де с...н, оның әкесін сұрағанның тап аузын с...н!-дегенде, Сүгірәлі абыз қарық-қарық күліп:

-Пәлі, Шорманым, жарайсың! Пәлі, Шорманым, жарайсың!-деп, арқаға қаққан екен. –Сені жұрт: «Шорман бала»-деп, білмей айтып жүр екен: «Шорман бұлбұл»-деп атауға дәп туған ұл екенсің!-деп, тобына айтып барыпты. –Қара қылды қақ жаратұғын әділ екен. Шорманның өзін алыңдар!-деп айтқан екен.

Жұмабайдың Шорман атануы

Шорман күшік ұлының әкесі қойған аты Жұмабай екен. Қызыл тауда отырғанда Жұмабайдың (Шорманның) он төрт жастағы кезінде жұттан барлық малы қырылады да, барлық жылқысын жау алып кетеді. Сол себепті ел қатарлы жайлауға шыға алмай Сәти (Тәти-Тәті деп те жазылады-А.Қ.) аулы тауда, жатақ қалады.

Шорманның атасы Мырзағұлмен бірге туған жадыгердің бір ұрпағы Алыпқара-бай екен. Сол Сәти аулы (Күшік баласы Жұмабай, Байкісі баласы Ордабай және Жанкелді т.с.) жатақта қалды деп, оларды көшіріп әкелуге Талас (Қаржас ұрпағы) Шәпіні бірнеше кісімен, көлікпен жібереді. Ол кезде Анай аулы Шідерті өзенінің бас жағын, Қаракөл-Ниязды, Ерейменнің сыртына дейін жайлайды екен.

Жайлауға келгеннен кейін Жадыгер, Алпықара Жұмабайға (Жұмабайдың әкесі Күшік мұның сегіз жасында дүниеден өткен) «Өзін менің малымнан бөліп, көңілің тойғанша енші ал» десе, Жұмабай: «малыңыздың берекесін алып не қылайын, бір жерде болса, көрікті ғой. Маған тек жқсы ат пен мына Шәкеңді жолдастыққа беріңіз»,-депті. –Сонан соң атпен Уәлиханның еліндегі былтырғы шауып, айдап әкеткен жылқымды іздеймін және Уәлиханды көріп, қолынан ұстап, сәлем беремін-депті.

Бірнеше күн жүріп Көкшетудағы Уәли ханның аулына барып, жолдан келген ханға сәлем беріп сұхбаттасады. Уәли Жұмабайды жас болса да ел ішіне беделі өрлеп келе жатқанын сырттан біледі екен. Және арғы аталары Анай, Мырзагүл, Сәти төрелермен терезесі тең қазақтың атақтыларының бірі екендігіне сырттай қанық болатын.

Жұмабайды шатырына түсіріп, одан ордасына шақырып алып ардақтап үш күн құлын сойып күтеді, сырласады. «Қаржас аруағы» деп аузына алып, қатты сыйлап, құрметтейді. Жұмабай жүруге ниет білдіргенде, Уәли хан:

-Балам, бұйымтайыңды айт,-дейді.

Сонда Жұмабай:

-Балапан едім, ұша алмай тұрмын,
Балдырған едім ұйыса алмай тұрмын.
Терің сіңген киіміңізді киейін,
Тебінгіңізді тиген атыңызды мінейін.
Сиырды аусыл – мәлік алды,
Қойды – аққұлақ боран алды.
Жылқыны Тайқара – Бейбіт алды,
Осы мұң-мұқтажымды шағайын деп келдім,

-деген. Жұмабайдың тақпақтап айтқан сөзіне көңілі түсіп, ырза болған Уәли хан:

-Шырағым, әуелі сенің атың Жұмабай емес, «Шорман» болсын!-депті. Содан соң өзі киіп жүрген таза шапанын, өзі мініп жүрген Ақтабан атын және жау алған жылқысының орнын толықтыру үшін табынан алдырып біраз жылқы берген, сонсын:

Өзің айдай қайт, болмаса ел арасы ұзамай сенімді кісі жібер, шырағым, алапатың артық, мәртебең жоғары болсын! – деп бата берген.

Шорман елге келгеннен соң Уәли ханға кісі жіберіп берген жылқысын айдатып алдырған. Содан Шорманның дәулеті бұрынғыдай сабасына түсіп, бақыты өсіп, ата-бабасындай абыройлы болған және Шорман атанып кеткен.

Шорманның жас кезі

Шорман деген кісі он үш жасында әкесі өліп, жетім қалпы, «Шорман бала» атанған екен. Бас қосылған жерде әңгіме-сөзге кірісіп, аттыға жол, жаяуға сөз бермей, «Шорман бұлбұл» атанған екен. Қаракесек, Төртуылдың басы қосылған жиында Тіленші биді алды-артын орап, сөйлетпейді дейді. Сонда Тіленші би айтқан екен:

-«Өзім асыраған текешік өзіме жау болды»,-деген осындайды айтқан екен-ау!-депті. Жұлып алғандай, Шорман бала айтты дейді:

-Жақсылық өз қолында болса, бірі-ақсақ, бірі-таз-екі балаң бар ғой. Оны неге Шорман қылып алмай жүрсің?-деген екен.

Тіленші би дәнеме айта алмай, ұялып қалады дейді.

Бұл Шорман би қасында бірнеше жолдастарымен Қуандықта бір Атымтай деген байдың үйіне келіп, қону үшін бас салып кіріп келіп отыра қалды дейді. Байдың өзі қарт басқан кісі екен. Жамбасының астында бір тоқым бар, от басында жантайып жатыр екен. Әлекедей жаландаған бір тоқал қолды-аяққа тұрмай, ұшып-қонып, от басында жатқан шаламен де ісі жоқ, төр алдында отырған қонақпен де ісі жоқ, түн жоқ, қисайған бойымен қисайып жатты да, қойды дейді. «Қонақ келді-ау-деген,-бұған жабдық қыл»-деген байдан да ешбір сөз болмады, тоқалдың да ойы бөлінбеді.

Сонда Шорман би сөйледі дейді:

-Сүйіспеген қонақтың кім екенін білмейді, езу тартып күлмейді. «Су анасы-бұлақ болар, сөз анасы-құлақ болар. Адамның жаны денесіне қонақ болар, жанның досы дүниеде тамақ болар»-деген екен-ау!-дейді.

Сонда жантайып жатқан шал басын көтеріп алып:

-Уай, жаным-ай! Қатынға қадірі қалмаған, қағып төсек салмаған, қара көзден нұр тайған, қатынға қайрат бел тайған. Қатын тілді алмаса, от басына жантайған-деген осы болтұғын,-дейді.

Шорман би:

-Тойдым, тойдым, төркіндеген әйелді ерткен қосшы сықылды күйде тұрған кәріп екенсің!-депті.

Тоқал да сөз түрінен шошып, бар әлінше күтті дейді.

Шорманға бір бәйбішінің сын айтуы

Есіл бойында Қарақозған: Қарабай, Шорман,-он шақты кісі өрдегі Қуандыққа жолаушы болып барыпты. Жаздың күні ыстық шілде, әуе жерге түскен ыстық күн екен. Бір ақбоз үйдің сыртында тұра қалып сөйлес қылыпты. Кісі шықпапты. Сонан соң өздері кіріп барса, үйдің ішінде екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр дейді. Екі жылқының терісінен қылған бір саба қымызға лық толып тұр дейді. Онан басқа қыбырлаған жан жоқ. Бәйбіше бұлардың шаңырқап, сусап келгенін көріп, орнынан әрең зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмай, аяғымен толқып қозғады дейді.

-Балалар, біреуің келіп, шараны аузына тоса беріңдер!-деп.

Сонда бұлар мырс етіп күліп жіберді дейді. Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай, сабаның аузын қисайтып құлатып, шараны лүпілдетіп аузынан асыра құйып:

-Ал, балалар, іштеріңе сыйғанша орталарыңа алып, іше бер,-деп, шаршап-уф!-деп, отыра кетті дейді.

Бұлар қымызды ішіп, кенеліп, маңдайлары шып-шып терлесіп, мәз-мейрам болып, өздерінеөзі келген соң, бәйбіше баяулап қоңырлап, ақырын ғана сұрады дейді:

-«Жылағанды сұрама, күлгенді сұра»-деп еді. Балалар, мана мен қымыз құйып жатқанда, не себепті күлдіңдер?-дейді.

Онда олар айтты:

-Сіздің сабаны аяғыңызбен толқығаныңызға күлдік,-дейді.

-Оның несіне күлдіңдер?-дейді.

-Біздің жақта қарияларымыз ұрсып тастаушы еді: «Ақты аяғыңмен теппе, ырымға жаман болады»-деп. «Бұл жақта ондайды ырым қылмайды-ау!»-деп, бұрын өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге ерсі көрініп, соған күлдік,-дейді.

Онда бәйбіше айтты:

-Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер: «Барында батып іш, жоғында сатып іш. Құдай беріп қойған күнінде шалқаңнан жатып іш». Дүние, шіркін, кетер болса, өпкеңіңмен келмейді. Бір беттеп келер болса, тепкеңіңмен кетпейді. «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер»,-деген. Ырымшыл болсаңдар, елдерің кедей ел екен ғой!-депті.

Бұлар дәнеме айта алмай, ұялып қалыпты.

Байдалының Шорманға айтқан
төрт нақылы

Шорман 90 жастағы Байдалы биге сәлем беріп, «үлгілі сөз естиін»-деп бала жігіт күнінде барған екен. Би: «О, кәрілік, мен саған не жаздым!»-дей беріпті. Қонаға бір қонып аулына қайтқалы жатқанда Байдалы қарт бала Шорманға: «Не алып қайттың?»-депті.

-«Ойхой, кірілік, мен саған не жаздым»-дегенен басқа ештеңе естігенім жоқ,-депті Шорман. Сонда Байдалы Шорманға:

-Сөздің анасы сенде еді, баласы менде еді, өзің бастамаған соң мен не айтайын, ана таппаса, бала тумақшы емес. Әдейі ат арытып келген ғой, төрт ауыз сөз айтайын, соны алып қайт,-деп Байдалы:

-Алыста не алыс,
Жақында не жақын?
Тәттіде не тәтті,
Ащыда не ащы?
-депті.

-Алыстан-жер мен көктің арасы алыс,
Жақында – ерлі-байлы кісінің арасы жақын.
Тәттіде-сол қатыннна туған бала тәтті,
Ащыда-сол бала қаза тапса сол ащы,
-дейді Шорман.

-Бір айтуға бұ да жарайды, бірақ анығы бұлай емес. Жер мен көктің алыстығы жоқ, көзге көрінеді. Ерлі-байлы қатынның жақындығы жоқ, талай қатын мен еркектің араздасып келгенін көріп айрып жібердім. Жақын болса біреуінен біреуі айрылар ма еді? Бала да тәтті емес, айтуға ғана. Әкесімен араздасып келіп баласын әкесінен айырып әкеткенді де көрдім. Ондай баладан айрылғанның ащылығы жоқ. Төрт сөздің шешілуі мынау:

Алыста-білімді мен наданның арасы алыс,
Жақында-өлім жақын.
Тәттіде-жан тәтті,
Ащыда-жаннан айырылу ащы.

«Алтын берген дос емес, ақыл берген дос»-деп бұрынғылар осындай сөзді айтқан екен.

Шорман бидің екі сөзі

Ерден, Жүзеннің әкесі Сандыбай өлгенде, бәбішесі қайғырып жатып алыпты. Көңіл айтып жұбатқандардың сөзін құлағына ілмепті. Бір күні Шорман би келсе де, бәйбішесі күрсініп жата беріпті. Сонда Шорман бидің айтқан көңілі екен:

Жатырмысың қайғырып,
Өтіп кеткен абыланға.
Алладан бұйрық келгенде,
Кім тұрады жалғанда.
Қайғысыз, мұңсыз жан бар ма,
Талайы қалған арманда.
Айтатұғын сөз бар ма,
Бір жаратқан алғанда.
Әуелде жазған дағдырды,
Бір жаратқан бұзған ба!
Үш жүздің анасы емес пе едің,
Өзің көңіл айтсаңшы,
Біздей жетім қалғанға!

Сонда бәйбішесі: «Ә, солай ма еді?» -деп басын көтеріп, бимен амандасқан екен.

Шорман мен Ғазыхан

Бір жиында арғын Ғазыхан деген кісі:

Өткір пышақ қынға қас,
Өткір сөз жанға қас
-депті.

Сонда Шорман би айтыпты:

-Өткір сөз дауға пайда,жанға қас,
Өткір пышақ қолға пайда, қынға қас.

Шорман мен Татпай

Қыстың күні жау алып кеткен жылқысы Қарауылдан шығып, Шорман бас болып барғанда, бұл елде онымен сөйлесуге тең кісі бола қоймай Татпай деген биді алдырады.

Татпай кедей, үсті-басы жүдеу, мінген аты да өзіне лайық емес екен. Осы өңімен Шорманға келіп амандасып отырғаннан кейін:

-Уа, Шорман, басыңды көтеріп неге елге жауап бермейсің? Бай дейін десем бай емессің, батыр дейін десем батыр емессің,-депті. Сонда Шорман басын көтерпі, Татапайдың үстіне қарап отырып:

-Япырмай, бұл ел жорғасы мен жүйрігін арқасын жауыр, құйрығын жолақ қылып, желқомның астында сақтайды екен-ау!-депті.

Татпай бөгеліп қалып, Шорманның дауын бітіріп, жылқысын қайтарыпты. Кейін Татпай биге «Шорманға неге жауап қайырмадыңыз» дегенде Татпай:

Шорман маған: «Елдің қадірсіз ұстайды екен»-деді. Мен оған кигізген киімдеріңді, мінгізген аттарыңды айтайын ба?-депті.

Шорманның көңіл айтуы

Құдайменді баласы өліп, көңіл айтып, жұбату үшін барғандарды елемей төсек тартып қайғырып

жатып алса керек. Сол жағдайды естіп Шорман бидің айтқаны:

«Құдайменде төресің,
Хақтың ісін білесің.
Жалғыз балаң өліп,
Құдай сізді көріпті.
Арғын атаң Барақ хан,
Жұртты аузына қаратқан,
Ол да өткен дүниеден;
Екінші атаң Тұрсын хан,
Көрген адам қымсынған,
Өз әкең Қасым хан,
Аруағы оның басым хан,
О дағы өткен дүниеден;
Дос көтерер көңілді,
Мал көтерер өлімді,
Күйзелтпе хан еліңді,
Қайғырғанмен келмейді,
Ажалсыз пенде өлмейді.
Өлсең, міне пышақ,
Өлмесең басыңды көтеріп бақ!»

-дегенде Құдайменде басын көтеріп, Шорман бимен құшақтасып көріскен екен.

Шорман мен Құдайменде (Екінші нұсқасы)

Шорман би бозбала күнінде Қуандық елінде жоқ іздеп барады. Бір байдың үйіне қонып, ел жайын сұрап отырып, өзінің жоқ іздеп келе жатқанын айтады. Сонда бай айтады:

-Әй, шырағым-ай! Жоғыңның жөні болмайды-ау, себебі Қунадық елін билеп тұрған Құдайменде төренің жалғыз баласы өліп, үш күн болды ас ішпей қайғырып жатыр. Басын көтермейді, көзін ашпайды, ешбір адам көңіл айтуға бата алмайды.

Меймандар байдың үйіне қонып, ертең төренің үйіне аттанады. Аулыға жақын қалғанда аттарынан түседі. Аттарын тұсап, жаяулап келе жатқан бір топ адамды көрген кісі, төреге хабар береді.

-Сірә, жат адамдар болу керек, аттарын алысқа тұсап, он шақты адам жаяулап келе жатыр-, дегенде төре бір көтеріліп, бір жатады. Жолаушылар үйге кіріп, төрге отырып, құран оқиды.

Шорман былай деп көңіл айтады:

-Уа, сен Құдайменде төресің,
Хақтың әміріне көнесің.
Құдай сені көріпті,
Түпкі атаң Барақ хан,
Елді заңына қаратқан,
О да өткен дүниеден.
Екінші атаң Мейір хан,
Тентек пенен тебінді,
Төрелік беріп айырған,
О да өткен дүниеден.
Үшінші атаң Тұрсын хан,
Өтірік айтқан қымсынған,
О да өткен дүниеден.
Төртінші атаң Қасым хан
Аруағы басым хан.
О да өткен дүниеден.
Дүние деген фанидың
Өзі де өтер дүниеден.
Дос көтерер көңілді,
Мал көтерер өлімді.
Қайғырғанмен келмейді,
Ажалсыз пенде өлмейді.
Басыңды көтер хан төрем,
Күйзелтпе бүйтіп еліңді,
Өлемін десең міне пышақ,
Өлмеймін десең тұрып бақ!

Сонда хан басын көтеріп алып:

-Көз таңбалы Сүйіндікте Шорман атты бір ұл бар деп еді, соның өзімісің, өзгемісің? – депті.

-Болсақ болармыз,-депті Шорман.

Тәбітай мен Шорман

Қаржастан Қарауыл елінің жігіттері жылқы алыпты. Сол жылқыны іздеп 40 кісімен Шорман төрт ата Қарауылға келіпті. Шорман «мен бас байталдың артынан қуып, мал іздеп келгенім жоқ, намыс іздеп келдім. Намысымды аламын-жауласамын, болмаса өзіме лайық сыбағалы мүше, толық ер құнныдай айып алпы тынамын. Қарауылдан жолым да үлкен» деп ауыр салмақты сөз тастаған соң, Қарауыл алыстан Қаңлы Тәбітай шешенді алғызады. Жазды күні аяғына тері ұйық, үстіне бұзау тері жарғақ, басында түйе жабағы тымақ-тәбітай келеді. Амандастпай отырысымен Шорман:

-Әй, Тәбітай, бай кім, батыр кім, би кім?-депті.

Сонда Тәбітай айтыпты:

-Сен оның біреуі де емессің. Қас батырдың елін жау араламас болыр: Батыр болсаң менің жігітім барып малыңды алмас еді. Әділ бидің елін дау араламас болар. Би болсаң орданды тастап бес байталдың соңынан ел-жұртыңды тастап келмес едің. Бай да емессің, бай болсаң өзіннің Ақша атаңның баласы Ертіс бойында, Омбы қаласында неге жұмыс іздеп жүр? Оны неге жиып алмайсың?-депті.

Сөзден жеңілген Шорман Қарауыл жаққа қарап:

-Әй, момынның баласы-ай! Жүйірікпен ел еруде тезек тасып, көшкенде арба сүйретіп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ қылып ұстайсыңдар-ау!-дейді. Біраз бөгеліп отырып Тәбітай:

-Бәйгеден өзі келетін жүйрікті баптап не қыласың!-депті сонда.

Далаға шыққан соң Қарауылдың кісілері:

-Тәбеке-ай, соңғы сөзге жауапты тым бөгеліп бердіңіз-ау!-депті.

-Ол менің кедейлігімді айтып отыр. Мен арсыздықтан жауап бердім. Сендердің кигізген киімдерің мен мінгізген аттарыңды айтайын ба? –депті Тәбітай оларға.

Қаһарлы Жанақ (Шорманды атуы)

Сілеті деген өзеннің бойында «Соқсаңсоқ» шатының тұсында Жаңабатыр бидің баласы «қаһарлы» Жанақтың моласы бар. Бұл кісінің басына-тұсындағы –Керей, Қанжығалы ауырған малын түнетеді: жазылып, тыйылып кетеді. Бұл кісіні заманындағы жақсылар: «Доғал оқ»-дейді екен. Оның мәнісі не десеңіз: «Аттым!»-десе, адам да болса, мал да болса, мұрттай ұшады екен.

Бұл кісінің заманында Өлеңті бойында Ажы деген қыстауға Күлік: Жаңабатыр табы мен Бейбіт деген ел даулы болыпты. Сонда ара қарындас екеуімізге бірдей сөйлейді деп, Топай –Торайдың Торайын шығарған екен билікке. Бұл Торай түбі Жаңабатырға бір атасы жақын екен. Бейбіттен пара алып, даулы-талас жерді Бейбіттің пайдасына кетіріпті. «Бітімге барғандар не билік қылып қайтар екен?»-деп, қаһарлы Жанақ Ажының биігінің басына шығып, жолын тосып тұр екен. Бітімнен қайтқан Торай бұл кісіге соқпай, қырындап өтіп жүре берді дейді. Қасындағыларға айтты дейді:

-Торай қу маған неге жолықпай кетіп барады?-дегенде, қасындағылар айтыпты:

-Оны құдай ұрды, Бейбіттен пара алып, жерді соған жіберді,-депті.

-Ол баламды аттым! Ертең түсте өледі, жаназасына бармаймын!-депті. Айтқанындай, ертең түсте: «Торай өлді!»-деп, жаназаға шақырыпты. Жанақ бармапты. Торайдың моласы сол Ажы түбінде.

Бір бұл емес, әркімдерге сондай қылған жері көп. Шоң би мен Боштай араз болғанда, Шоң би Жанаққа:

-Маған қастық қылды, Боштайды ат!-депті.

-Боштайдың оққағары бар екен, бір баласын аттым,-депті.

Баласы мұрттай ұшыпты. Шоң өлген соң, Боштайдың әкесі Тұрсынбай батыр:

-Итемгенді дуанбасы сайлаймын,-депті.

Боштай:

-Шорманды сайлаймын,-депті.

Әкелі-балалы екеуі екі жаққа тартып, ақырында Боштайдың дегені болып, Шорман би дуанбасылыққа сайланыпты. Тұрсынбай қаһарлы Жанаққа келіп:

-«Сен Құлболдыға қас қылғаныңды атамын»-деуші едің. Сол сөзің рас болса, Құлболдыға қас болып, Боштай Шорманды дуанбасы қылды. Атқыш болсаң, Шорман мен Боштайды атшы!-депті.

-Боштайжанның өзінің де өмірі қысқа. Оның жаласы менен болмасын. Шорманды аттым,-депті.

Баянаулада сайланып, ел жайлаудағы кезі екен. Ерейменнің ар жағында аулына бара Шорман өліпті. Жасы қырық тоғызда екен.

Шорман би сау кезінде айтады екен:

-Елуге жетпей өлген кісінің не арманы бар екен?-деп.

Онда замандастары айтады екен:

-Көп жасаған жаман болса, ақсақалдар ақсақалды: «Сары тісті бол!»-деп неге бата қылады?-дейді екен. Онда Шорман би айтады екен:

-Ақсақалды «Сары тісті бол»,-деген сөзінің аузын ұрайын! Елуге жетпей, қыршын жас өлгеннің қойнындағы қатыны күйінеді, халқы күйінеді, оның өлгеніне қара жер сүйінеді. Елуден асқан соң өлгеніне қатыны да күйінбейді, халқы да күйінбейді, оған қара жер де сүйінбейді. Жер қуанып қойнын ашпаған неменің өлісі не, тірісі не, оның өлген-өлмегені бәрі бір бас-бас-дағы,-дейді.

Сол өзінің айтқанындай болыпты. Қазақта бір мақал бар: «Мешкей асқа тоймайды, жаман жасқа тоймайды»,-деп. Аса жақсының өмірі қысқа болады. Боштай отыз жеті жасында өліпті. «Үзеңгісіне у жағыпты Баянаулының қазақ-орысы»-деген сөз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 6 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨЖ, 2005 . -396 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 10 том. – Павлодар: ТОО НПФ, «ЭКО» , 2007. – 445 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨЖ, 2008 . -385 б.

4 Тозған қазды топтанған қарға жейді (Шешендік сөздер, халық мақал-мәтелдері) Құрастырып, алғы сөзін жазған Б. Адамбаев. – Алматы: «Рауан», 1991. -192 б.

5 Қазақ шешендік сөздері. Құрастырған, толықтырған, өңдеген Б. Адамбаев. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. -160 б.

6 Сөз тапқанға қолқа жоқ. Ел аузынан жинағандар: Айсұлу Бейсенғалиева, Сыздық Әбліғазин, Сейітқали Қарамендин. – Алматы: Жазушы, 1988. -608 б.

7 Шешендік сөздер. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған Б. Адамбаев. – Алматы: «Отау» 1992. -189 б.

8 Шешендік шиырлары. (шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы) /Құрастырған Есхожин. – Алматы: Қайнар, 1993. – 240 б.

ӘОЖ 81: 39 (574)

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИ ЛЕКСИКА

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
С. Торайғыров ат. ПМУ, ф.ғ.д., профессор,
«Мәшһүртану» ғылыми-практикалық орталығының құрылым жетекшісі

«Екі патшаның білместігі» – ертегі жанрына жатады. Мұнда адам өміріне, не хайуанат дүниесіне болуға лайық әр алуан қызық, кейде ғажайып оқиғалар орын алады. Мысалы, жыланның кездесуі, дәудің қызбен ойнас жасауы т.б. Негізгі тақырыбы: сенімділік, екі ғашықтың бір-біріне деген айнымас махаббаты. Мәні мен мазмұны қысқаша мынандай: Мысыр патшасы мақтанып, менен асқан адам жоқ депті. Сонда бір жігіт: – Неге жоқ бар, Басра шаһарының патшасы, – дейді. Сонда Мысыр патшасы сол адамды тауып әкел, әйтпесе, басыңды аламын дейді. Жігіт Басра патшасын алып келе жатқанда патша бір затым үйде қалып қойды, алып келе қоям деп үйіне кірсе әйелі бір еркекпен ойнас жасап жатыр екен. Патша екеуін де қылыштап өлтіріп, қайтып келеді. Содан Мысыр патшалығына келіп, екі патша дос болып әңгіме дүкен құрып жүреді. Екі патша күндердің күнінде сейілге шығады. Сөйтсе, Мысыр патшасының да әйелі бір жігітпен әуей болып жүр екен. Содан екеуі де бұ дүниеден түңіліп, адам көрмес жерге кетеді. Бірде шаршап ағаштың басына шығып отырса бір дәу келіп, әбдіресінің ішінен бір қызды алып ісін тындырыпты. Өзі ұйықтап қалғанда қыз манағы екеуін көріп қалып шақырыпты. Содан қыз басындағы мұңын шағып осы екеуін қосқанда тоқсан тоғыз жігітпен ойнас жасағанын айтады. Екі патша мынаның қасында біздікі тәуба екен деп, райларынан қайтып үйлеріне келген екен. «Екі патшаның білместігі» – бұл шығарма да Жолмұрат көшірмесі бойынша беріліп отыр. Бұл ертегі фабуласының бүкіл шығыс, араб әдебиетіне ортақ туынды «Мың бір түн» сюжетіне ұқсас болуы тікелей одан көшіру емес, қайта сол аңыздың ел арасында түрлі нұсқада таралу мүмкіндігін, әрі Мәшһүр-Жүсіптің бәрін қамтып жинау ерекшелігін танытады деп санаймыз» – дейді Н. Жүсіпов [1, б.16-18, 349].

«Ақжігіт пен Ізден абыз әңгімелері» – әңгіме жанры. Негізгі тақырыбы Ақжігіт пен Ізден абыздың тапқырлығы, оқу құмарлығы адамгершілігі сөз болады. Әңгіме тұңғыш рет зерттеліп отыр. Мазмұны қысқаша мынандай: Ақжігіттің қызы бір жігітпен қашып кетіп, бірнеше кісі көңіл айта келіпті, соның ішінде Малайдан тараған Есқара би жақсы сөз айтып, оған Ақжігіт қатты риза болыпты. Екінші, әңгімесі Бесім балалары Ақжігіт, Жанжігіттің көші туралы айтқан өсиеті. Сол сияқты Ізден абыз туралы да оның ел ішіндегі келелі сөзі жөнінде айтылады. Әңгіменің тілі де шұрайлы, көркемдік ерекшелігі де жоғары. Мысалы: *Қыз ұзатқан қырғыз шапқанмен бірдей – мақал; жасау, жиен, қоржын – этномәдени лексика; ақ сүт берген, иненің жасуындай, арты сіздерге қайырлы болсын, құдай берген, қалың сорың, ат төбелідей, жаңа мойын қойдым, жұрт қатарлы, сөрелеп қойып, бесімнің бес саласы, жұрт құлай жығылып, ат басын шалдырып, көзім ілініп, түс көріп, аузынан оты шығып – фразеологизмдер, ырысыңа қой түнетсе де болады, сенің қаспағың қалың ырысың – афоризм; туатұғын, өлетұғын, кететұғын, беретұндығы* // -тын және құйқылжымалы -тұн, -түн. формасының көне түрі, - тұғын тұлғасы жөнінде Мәшһүр-Жүсіптің тілі зерттелгенде айтылды. -Fa//-ша қосымшаларының барыс септігінің дерексіз зат есімге жалғануы арқылы –шы қосымшасының көне түрлену үлгісі. Абыз есімді анропонимдер: *Өтеміс абыз, Елен абыз, Мәстек абыз, Керек-Жанай абыз, Керейіт-Шонай абыз, Ақкөл абыз, Ізден абыз, Самай абыз* т.б. Ақжігіт пен Ізден абыз әңгімелері. Бұ мәтін аталған қордағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1178-папка, 199 б.) бойынша кіргізілген Қараңыз: Л. Жүсіповаының жазған түсінігін [1, б.270-274, 361].

«Жылқы дауы» – әңгіме. Көтерген тақырыбы: «Барымта мен сарымта». Жылқы дауына байланысты айтылған бітім, сөзге тоқтау, қазақтың әдеті мен ғұрпын көрсету. Қуандық, Сүйіндік және Қаракесек рулары өз ара дауласып, жылқы алып жүреді екен. Содан Қуандық, Сүйіндіктің тоқсан қос жылқысы Нұра бойында жатқанда Қарсынкерей

– Жарылқап балалары батыр Ескенбай бастаған үш жүз кісімен жылқыға тиіп барымталапты. Сол уақытта Алтайдан шыққан батырлар Есенкелді, Алшағыр екеуі тізе қосып, үш кісіге қарсы тұрып ұрыс салыпты. Қашқанның ішінде Қырбас, Баубек қолға түспей Алшағыр әкесі Ерназарға келіп паналапты. Мұның алдында Қаракесек жылқы алып, Ерназар соны даулап, бітімге барған екен. Бұлар алдыңғы жылқысын даулап жүргенде, үйде қалған жылқысын барымталап кетуге аттанған екен. Жарылқап баласы Баубек Ерназарға ұрсыпты. Жарылқаптың бәйбішесі, Баубектің шешесі қолындағы шөмішпен баласын қақ басқа ұрып жіберіпті. «– Батыр болып атқа мініп, қонақ боп келген кісіде не ақың бар? Бұл далаға келген жоқ үйге келді. Сұрап келген жылқысын түгел қайтар!» – деген екен. Мінекей, осылай бітімге келіп, сөзге тоқтаған. Байқап отырғанымыздай барымтада үнемі төбелесіп, қырқысып отырмаған екен. Әділін айтып, билер төрелігін айтып, екі жақты бітістіріп отырған. Барымта деген жылқыны шауып алу ғана емес,ептілікті, батырлықты, жүректілікті де қажет еткен. Барымтада рудың ерлері сыналған, жігіттердің батырлығы айтылған, дәріптелген. Шығарма бірінші рет зерттеліп отыр. Бұл да сол қорға (1178-папка, – 302 б.) сүйеніп беріледі [1, б.261-262, 360].

«Бегім шайхының әйел туралы айтқаны» – Шығарма бұрын зерттелмеген. Лирикалық жанр. Екі сөйлемі қарасөзбен жазылған. 4 тармақты, 9 шумақты. Өлеңнің негізгі тақырыбы әйелдер туралы, олардың адамгершілігі жөнінде. Әйелдің бәрі бірдей еместігі, олардың да іс-әрекетіне қабілетіне қарай әр түрлі болатыны айтылады. Мәні мен мазмұны қысқаша мынандай: Бегім шайхы Абылай ханға пір болған екен. Қажыға жеті рет барған кісі, оқуы күшті, сауатты адам болған екен. Сол Бегім шайхы екі қатын алған екен. Қатындарының мінезін сынап өлең шығарған.

Мысалы:

Бір қатын, Алдым өзім екі хатун.
Мұсылманға нан қоймас бүтін,
Отыны жақсы қылар түтін,
Күйдім хатунның дүрдіден.
Екінші қатын: Ас пісірсе, қылар сұйық,
Нан пісірсе, қылар (...).
Еш қылмас (қылмыс) дүр (мінгестік).
Күйдім хатунның дүрдіден.

Өлең шағатай үлгісінде жазылған. Шағатайлық үлгідегі сөздер: *достыларым, жаранларым, хатунның, дүрдіден, хатун, сөзлеп, ламаш, жаду, өлтүрер, һәм (шылау), басқанама т.б. -лар,-лер, -леп немесе -түр-ер (-түр//тір және келер шақ -ер)* тұлғасы арқылы жасалған көне сөздер кездеседі [1, б.262-263, 360].

«Елди-ей, бөлди-ей» кіші жүздің ұраны. Тарихи-эпикалық жәдігер. Көтерген тақырыбы Кіші жүздің ұрандары, олардан тараған ұрпақтар туралы. Шежіренің құндылығы – онда жазылған Кіші жүздің тарихын білуге болады, әр рудың ұрандарын да білуге болатыны. Кіші жүз үш бөлімге бөлінеді: Әлім, Әлімұлы, Байұлы. Бұлардың үшеуі бірігіп «Алшын» – деп аталады екен. Немесе: «Үш Алшын» деп сөйленеді. «Жеті ру» – мыналар: Тама, Табын, Керделі, Керейт, Рамадан, Жағалбайлы, Тілеу. Кіші жүз ішіндегі «Жеті рудан» Керделі: Оның ұраны – Қожахмет. Таманыкі – Қарабура. Табындікі – Тосаған. Жағалбайдікі – Елди-ей, бөлди-ей. Әлім алты ата одан бөлінетін Тілеу ұраны –Арғымақ. «Жеті ру»: Керейт ұраны – Ақсақал. Байұлы он екі ата Беріш ұраны – Ағадай. Адай ұраны – Адай. Ысық ұраны – Бәйтерек. Алаша ұраны – Байбарақ. Масқар ұраны – Қаратай. Тана ұраны – Тана. Байбақты ұраны – Дәуқара. Алшын мен Жаппас ұраны – Баймұрат. Қызылқұрт ұраны – Жиенбай. 43 мәтін Кіші жүздің ұрандары. ОҒКҚҚ, № 1177 папка, 190-191 беттері бойынша даярланды. Қараңыз: 426 бетті [2, б.165, 426].

«Жақсы әйел» – Мәшһүр-Жүсіптің 40 жасында жазылған өлеңі болса керек. Лирикалық жанрға жатады. 4 тармақты, 25 шумақтан тұрады. 3, 4 бунақты, 11, 12 буынды. Өлең айшықтау (фигура) оқырманға әсерін күшейту жағынан да көрінеді. Мұнда жарлай арнаудың үлгісін де байқаймыз. Қара өлең ұйқасы жиі кездеседі:

Биязы сөзі жатық, майда болар,
Кеудесі – көңілі зерек – айна болар.

Аралас ұйқас та бар. Мына өлең жолы Абайдың «Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр, Осыменен доғарайын айта бермей» – дегенімен үйлесе келеді: *«Өсекші, өлең шіркін, жұртқа жаяр».* Екеуі де әнге, өнерге қатты мән береді де, жұрттың бағасын, құнын түсірмеуге шақырады. *Құлағының тесігі бар, кір жуытпай, сөзі жатық, жақсы құлақ* (құйма құлақтың варианты), *салмас құлақ* – фразеологизмдер, *кеудесі – көңілі зерек – айна болар* – метафора т.б. ұшырасады. *Құманға*

жолдас болмай, қатын оңбас, Ыдысында іші қуыс кіршік болмас – мақал. ҰҒА ОҒК қорында. Және Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 1176 папка: 270 (362) -271 (363) – беттері бойынша әзірленіп, әулеттік мұрағаттағы Мұхаметфазыл, Жолмұрат көшірмелерімен салыстыру жүргізілді. Қараңыз. 395 бетті [3, б.156-158, 395].

«Байдалының Исасына» – лирикалық шығарма. 4 тармақты, 25 шумақтан тұрады. Өлең негізінен Байдалының Исасына арналған. Өлең зерттеушілер тарапынан өзінің әділ бағасын алған жоқ. Көркемдік мазмұны өте жоғары. Өлең Баянауыл өңірінде тұрған тарихи тұлғаларды суреттеуімен құнды. Мен ақынның өзі өлең бірінші жақтан – ақынның атынан айтылады. Баянауылға жәрмеңкеге келген ақын түкте ала алмаған соң мешітке кіріп, Исамен жолығады. Айдаболдан талай танымал адамдар шыққан, олар: Бабыр, Құлнияз, Байдалы, Сары, Құнды. Сол Байдалының ұлы осы – Иса. Ағасы Мұстафа, Мұса, Секербайлар заманында малды, бай адамдар болған екен. Мүсілім, Жәпек, Иса өте күшті адамдар болған. Талай балуанның жанбасын жерге тигізген екен. Мәшһүр-Жүсіп сол уақыттағы қазақ арасындағы болыстыққа таласуды да қатты шенейді, сынға алады. Мінекей, өлеңнің қысқаша мазмұны осындай. Өлеңнің тілі жатық, қазақтың көркем сөздерін де қолданған. Айталық, *Қорқады қарасынан дұшпан шошып, Түсірер шалқасынан бір-ақ тосып* – гипербола, *Арыстан айбатындай арыстандар* – теңеу, метафора, *Жығылып, мойыны астына жаман түсті, алысқан айдаһарын жерге тыққан* – литота, *уезге, Стабалов, редакторге, форымыңыз* – кірме сөздер, *өнерпаз өрге жүзер* – мақал. Шығарма Жолмұрат және Мұхаметфазыл жазбалары бойынша кіргізілді. Өлең соңында Жолмұрат ескертуі келтірілген: «Мәшһүр-Жүсіптің Байдалының Исасына, Мүсілімге, Жәпекке сайлау туралы шығарма». Екінші бір ескертпе: «15 жыл атаның баласы екі жік болып, партияға таласқанда, Қарақозы баласының Малқосы: Исабекке істеген өнерін Жәпек, Иса, Мұса, Сәлімнің ... шығарған». Қараңыз: 431 бетті [3, б.309-311, 431].

«Бердібек Қазанғапұлына» – лирикалық жанрға жатады. 4 тармақты, 18 шумақты, бір шумақ тек қана екі тармақты. Айшықтаудың бір түрі арнауға құралған сияқты. Тұңғыш рет зерттеліп отыр. Негізгі тақырыбы тарихи тұлға Бердібек Қазанғапұлының шынайы портретін жасау болғанымен, ақын көбіне адам қандай болуы керектігіне назар аударады. Сол арқылы тек қана Бердібекке қана емес, бердібекшілерге де арнау айтады. Шығарманың қысқаша мәні мен мазмұны мынадай: алдыңғы төрт шумақ арнау беташар іспетті. Оқиға желісі одан кейін барып өрбиді. Кейде жарлай арнау үлгісіне де ақын түсіп кетеді. Көркемдік жағына келетін болсақ, Мәшһүр-Жүсіп тілінің бай екендігі көрінеді. Мысалы: *ауызы аңқайып, шөп шықпас, ажал келсе* – тұрақты тіркес, *ағаштың бәріне де бітпейді жеміс* – мақал, *біз – түлкі, ажал – бүркіт нәпсіміз – аждаһа, тіл өткір – қылыш, тамырың – алпыс екі жіп* – метафоралар, *қатпа сиыр, қотыр тайлақ, сүлтік торы* – эпитет. Ұма//Ұмай сөзімен қатысты: *Умасын салақтатып, қайттым айдап* тіркесі де ұшырасады. Мұхаметфазыл жазбасы бойынша әзірленген. Қараңыз: 431 бетті [3, б.311-313, 431].

«Балтакерей – Тұрсынбай батыр» – бірінші нұсқа. [54, 4 мәтін Қырғызға жорығы, Тұрсынбай батыр]. Тарихи-эпикалық жәдігер. Бұның бойында синкреттік жанрлық сипаттар қосылып жатқан сияқты. Айталық, шежіреде тек қана тарихи оқиғалар, ауызша деректер көбірек орын алғаннан кейін оны тарихи-эпикалық жәдігер деп атаймыз. Ал, мына жәдігердің бойында мифтің де, аңыздың да, әңгіменің де, очерктің де түрлерін ұшыратамыз. Демек, алдыңғы шежіреге қарағанда әңгіме жағына ауысатын жағы көбіректеу көрінеді. Сондықтан да, бұл тарихи-эпикалық жәдігерден жанрдан көрі *тарихи-эпикалық әңгіме жанрына* жатады. Шежіреге **тарихты** қосқанымыз көбіне ауызша тарихи оқиғаларға, нақты тарихи тұлғаларға тоқталады, **эпиканы қосқанымыз** шежіренің бойынан эпостық шығармаға да арқау боларлық оқиғаларды сыртқы объективті шындық, күллі халықтың психологиясы, ұлттық даму заңдылығы, динамикасы көрінеді. Одан қалды дәуір шындығы, қоғамдық формацияның өту кезеңдері, тілі де анық байқалады осы жағынан кең құлашты **эпикаға ауысады. Жәдігерді** қосқанымыз – шежіре біреудің ойдан шығарғаны емес, ауызша жеткен тарих, оның бойындағы оқиғалар негізінен тарихи деректерге сүйенеді. Демек, қолмен ұстап көретіндей ескінің көне көзіндей сақталған жәдігер болғандықтан «жәдігер» дедік. Бұл үш түрлі анықтама күллі шежіренің жанрын айқындайтұғын басты-басты белгілер деп ойлаймыз. Сонымен, бастапқы ойымызға қайтып оралатын болсақ,

Абылай Балтакерей Тұрсынбайдың ерлігін, батырлығын, ер жүректілігін сынайды. Әңгіменің негізгі тақырыбы Балтакерей Тұрсынбайдың бейіттің ішіндегі отқа жағатын ағашты алып келуі. Сол арқылы дүйім жұртқа ерлігі сыналады. Сыннан өтеді. Тіпті өзінің 16 жасында аузына түскен жыланды қалай тісімен екіге бөліп жібергеніне дейін айтылады. Әңгіме шежіренің бойынан тілдік материалдарды да сүзіп алуға болады. Мысалы: *құс ұшпас, құлан жортпас, сам жапырап, жарқырап жаз, күркіреп көк шыққан* – тұрақты тіркестер, *көн етікті демесең, көпке татыр өзім бар, көн садақты демесең, көпке тиер сөзім бар, өлген менің көрімде әкеңнің көз құны бар ма – афоризм, жыланды аузымен екі бөліп түсіру* – ұлғайту т.б. *Өлтіретұғын, келмейтұғын* – тұғын формасының қолданысы ұшырасады. Қараңыз. ҚПЖӘМ, Мәшһүр жазбасы, 2 том, 52-56 беттер. ОҒКҚҚ, № 1170 «б» папка, 745-750 беттер. ОҒК, № 829 папка, Ә. Марғұлан көшірмесі, № 1 дәптер, 4 (10)-5 (11); 1-4 б. [2, б.184-186, 434, 45, б.24-26, 46, б.66-67].

«Балтакерей – Тұрсынбай батыр» (Екінші нұсқасы). Ауызша жиналған тарихи-эпикалық әңгіме жанрына жатады. Алғашқы нұсқасынан көп айырмашылық жоқ. Мәні мен мазмұнында алшақтық байқалмайды. Алатауға, қырғызға бірі жорыққа аттанғанда Балтакерей Тұрсынбайды Абылай бейіттің ағашын алып кел деп сынайды. Алдын-ала Абылайдың екі жігіті көрдің ішіне кіріп тығылып жатады. Абылай түк білмегенсіп, Балтакерей Тұрсынбайды отынға жұмсайды. Әлгі жігіттердің өзін қорықпай, саспай-ақ шап беріп өлтіріп тастай жаздайды. Тамақ ішіп отырғанда Абылай Тұрсынбайға шынымен ештеңеден өміріңде қорықпадың ба деп сұрайды. Сонда Тұрсынбай дем алуға жатып, көзі ілініп бара жатқанда аузына кіріп келе жатқан жыланды тісімен қырқып екіге бөліп жібергенін де айтады. Мінекей, Балтакерей Тұрсынбай ерлігі осылай елге паш болыпты. Екінші нұсқада: ұлтта, байқап келші, Барды да қайта келді, алмады, құздан мал құлап, үлесті, піс тамақ таусылды, осы баяғы көп моласы бар суға деген сөздер түсіп қалған, соңында төрт жолдай Мәшһүр-Жүсіптің ***«Бұрынғы заманда батыр деп осындай жандарды айтады екен. Бұл уақытта торғайға әлі келмейтұғын бөдененің жұмыртқасындай немелерді батыр, батыр дейді. Онысы қанды шелек, көк тақым ұры. Кигеніне қарасаң қуыс құрай...»*** деген жолдар мүлдем жазылмай қалған [1, б.133-134, 352, 45, б.24-26, 46, б.66-67].

«Балтакерей – Тұрсынбай батыр» (Үшінші нұсқасы). Тарихи-эпикалық әңгіме жанрына жатады. Көтерген тақырыбы Абылайдың жорықтары, Балтакерей Тұрсынбай батырды сынауы. Батырдың айтқан ерлігі, жалпы тарихи тұлғалардың батырлығын суреттеу. Қысқаша мазмұны алдыңғы нұсқалардай. Абылай ханмен қосылып Алатауға жорыққа аттанып бара жатқанда жолшыбай Балтакерей Тұрсынбайды Абылайдың сынағаны. Және де Балтакерей Тұрсынбайдың ерліктері жөнінде. Этномәдени лексика: ***көн етік, көн садақ, олжа, мола, бетагаш, қол, ақырет, көр т.б. Күн шайдай ашылды, қас қарайып, құс ұшпас, құлан жортпас, қыс түсіп, ерте жарықта, әкеңнің құны, сам жамырап, қара сүйек, көк тақым ұры, қуыс құрай*** – тұрақты тіркестер. Бұл – вариантта: Бұрынғы заманда «батыр» – деп, осындай жандарды айтады екен. Соңғы: «Бұл уақытта торғай әлі келмейтұғын бұ дүниенің.. сондай немелерді: «Батыр, батыр!» – дейді. Онысы-қар (а) сүйек, көк тұқым ұры. Кескініне қарасаң, қуыс құрай құрылы ауқаты жоқ. Ұрлық қылғанына мақтап асын (апын) көтергені екен. Әне-заманның жұмысы» – деп, Мәшһүр-Жүсіптің айтқандары алдыңғыдан көп өзгеше [1, б.135-136, 352, 45, б.24-26, 46, б.66-67].

«Балтакерей – Тұрсынбай батыр» (Төртінші нұсқасы). Тарихи-эпикалық әңгіме жанрына жатады. Көтерген тақырыбы Абылайдың жорықтары, Балтакерей Тұрсынбай батырды сынауы. Батырдың айтқан ерлігі, жалпы тарихи тұлғалардың батырлығын суреттеу. Қысқаша мазмұны алдыңғы нұсқалардай. Абылай ханмен қосылып, Алатауға жорыққа аттанып бара жатқанда жолшыбай Балтакерей Тұрсынбайды Абылайдың сынағаны. Және де Балтакерей Тұрсынбайдың ерліктері жөнінде. Төртінші нұсқаның өзгешелігі бірсыпыра. Бірінші әңгіме бірден Абылайдың серіктері Тұрсынбайға жолығып, оның түсі суық қатқыл жауап қатқанынан басталады. Содан Абылай нөкерлері өздері бұрылып келіп сәлем береді. Тұрсынбайдан жөн сұрағанда ол:

Алғанымның назы үшін,
(Қара) сабам жоқ үшін,
Қатын – бала қамы үшін,
Айыр өркеш түйе үшін,
...ер жортар мал үшін...

– деп жауап береді. Әрине, ауызша жазылған тарихи оқиға болған соң бұл афоризмнің кейбір жолдары Ақтанберді, Махамбет жырларында да кездеседі. Бұл – нұсқаның басқасына қарағанда біршама тіл ерекшелігі бар. Мысалы: ***оқтай ұшырады, түсін суытып, зәресі ұшып, бойына сенген, бет қайтпас, тіл алайық, атыңа қанық едім, жүзіңе танық едім, ұзын аққан су, түс мезгілі, ат шалдырып, көп ұлт, қорым мола, күрделі ел, сүйретіп қыс келді, салы суға кетіп, көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болады, жарқырап жаз шықты, күркіреп көк шықты, шайдай ашылды*** – фразеологизмдер, ***жерге кіріп кете жаздады*** – литота, ***білектей қара шұбар жылан, жыланның ортасын жұтып жібердім*** – гипербола т.б. кездеседі.

Мынандай: эпостық жырларда кездесетін элементтер бар:

Демеді ме: «Күнелтті», демесең,
Көпке татыр өзім бар,
Садақты демесең,
Көпке тиер сөзім бар!
Қорқатын жауым желкемде
Басқа мақұлықтан
Шіміркенбейтін кезім бар!
Мен – Балтакерей: Тұрсынбай! – дейді.

Бұл мәтіннің 4 нұсқасы бізге келіп жетті. Оның біріншісі – 8-томға (184-186) енсе, екіншісі әулеттік мұрағаттағы 11-папкадан (280-283 б.) алынып берілді. Үшінші нұсқа алдында сөз болған қордағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1170-папка, 745-750 б.) бойынша кіргізілсе, төртіншісі де сол қорға (1177-папка, 252-253 б.) сүйеніп әзірленген. Қараңыз: осы томдағы 352-бетті [31, б.137-139, 352, 45, б.24-26, 46, б.66-67].

«Әз жақсылардың батасы» – бата да жанры жағынан өзгеше әдеби түрге жатады. Х. Досмұхаметұлы батаны халық әдебиетінің кең тараған түріне жатқызады. Ол: ***«Қазақ қауымының арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер, т.с.с. табиғат сыйлаған дарын – өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған»*** – дейді. М. Ғабдуллиннің еңбегінде тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар деп бөлінеді де, бірақ бата туралы айтылмайды. Бұл да Кеңес дәуірінің әсерінен болған жайт сияқты. Мәшһүр-Жүсіп ауыз әдебиетінің бір түрі батаны да, қарғысты да жазып алып қағазға түсіріп кеткен. Өзі де көптеген бата берген. Бата кейде афоризмге жақындайды. Кейде нақыл сөздер айтылады. Өлеңмен айтылса лирикалық жанрға жуық келеді. Қара сөз үлгісі шешендік сөздерге жақындайды. Айшықтаудың (фигураның) бір түрі арнау – сөз тіркестерін әдеттегі қарапайым сөздермен емес, өзгеше дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі басқарақ ораммен, айрықша айшықпен, сөздерге ерекше леп, екпін, тыныс беріп тыңдаушыға айтар ойын әсерлі жеткізу. Бата осы жағынан арнауға жуықтайды. Батаның бойында синкреттік бар. Батаны жарлай арнауға да жатқызуға болады. Бата бір адамға беріліп отырғанымен, кейде қатысып отыратын жалпы жұртқа да арналады. Осы жағынан бата басқашалау жанрға жатады. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың негізін сақтай тұра, оның табиғатына өзгерістер енгізе алады. Бұл – жанрдың ұлттық сипатына тығыз байланысты. Демек, бата – афоризмдік арнау жанрына жатады. Батада Ізден абыздың Боштай атасы Тұрсынбайға айтқан сөзі Тақ Сүлейменнің құмырсқаға сөйлескенін нақыл қылып айтады да артынан:

– Аққу азса, қанатын суға бөлер (бұлар),
Құлан азса, тұяғын құмға бөлер (бұлар).
Хакім азса, сұмдығы жұртқа тиер,
Артынан көп кешікпей жұрты бүлер (бүлінер)!

– деп, ел тағдырын, жұрт тағдырын ойлаған келелі ой айтылады. Мінекей, батаның айтылар ойы тек қана бір адамның ауқымынан шығып, күллі халық қамын ойлап айтылатыны да бар. Бата көбіне метафорадан тұрады [31, б.75, 48, 49, б.21, 38-75].

«Жеке бір деректер» – бес бөліктен тұрады. Бірінші: Жеке деректердің ішінде аңыз да, ертегі де, тарихи мәліметтер де араласып жүр. Шежіреде жазылған деректің мәні мен мазмұны сәйкес келе бермейді. Демек, **тарихи-эпикалық әңгіме** жанрына жатады. Негізгі тақырыбы батырлар мен билерді дәріптеу. Халықтың ішінен шыққан би, батырлардың қасиеттерін суреттеу. Тоқхат деген Хұсайынды жамандап арыз жазған екен. Сонда мына адамдарды куәлікке жығыпты. Бірақ, олар Құран ұстамай жауап бермей қойыпты: Алпыс Малкелдібаласы, Секербай ағасы, Баймағамбет Бекбау баласы, Әлібай Бекбау баласы, Баян: Жауқашар Шалғанбай баласы [4, б.213].

«Бір деректер» – бес бөліктен тұрады. Екінші: Бұл да **тарихи-эпикалық әңгіме** жанрына жатады. Көтерген тақырыбы: аналардың әрқайсысы бойына бала біткенде түрлі ойға толы сөз айтады екен.

Сөйтіп, аталарының қасиеттері анықталады. Әр атаға баға беріледі. Мысалы, бір ана – «Ұзын бітті бойыма, Ерлік, батырлық толды ойыма» – десе, балалары шетінен ер жүрек батыр болып туады. Қол таңбалы Ұзынқыпшақ атанады, олар – «Бұлтың бітті бойыма, Көптік толды үйіме (ойыма)» – дегенде, Әлиф таңбалы Бұлтың Қыпшақ жағы басады. «Торы бітті бойыма, Кемшілік толды ойыма» – дегенде Мойын таңбалы Торықыпшақ бұлар таңбасын мойынынан басады. «Балық бітті бойыма, Байлық толды ойыма» – дегенде Қарын таңбалы Қарабалық атанады. Таңбасын қарыннан басады. Көсеу таңбалы көлденең Қыпшақ бар. Бұлардың бәрін «Бес таңбалы» – дейді. Олардың арғы атасы Қарақыпшақ Қобыланды батыр екен. Біреулер Мүйізді Сарыалыптан – Құлан – Қытай – Қара – Сары. Қарадан – Есімсейіт – Қобылан – Қобыланнан – Тоқтар. Тоқтардың баласы бес таңбалы дейді. Ал енді біреу – Темірқазықтан – Тоқтамыстың биінің бірі – Қарақыпшақ Қобыланды дейді – ол қате жаңылыс сөз дейді. Шежірелі әңгіменің тілі де шұрайлы: *«Ұзын бітті бойыма, Ерлік, батырлық толды ойыма», «Бұлтың бітті бойыма, Көптік толды үйіме (ойыма)», «Торы бітті бойыма, Кемшілік толды ойыма», «Балық бітті бойыма, Байлық толды ойыма» – нақыл сөздер, құран ұстатып, жанын алып, қарын таңбалы, көсеу таңбалы, бес таңбалы* – тұрақты тіркестер, *Би деген ақ шариғат ілуде біреу табады, батыр деген барақ ит екі қатынның бірі табады* – мақал молынан кездеседі [32, б.213].

«Жеке бір деректер» – бес бөліктен тұрады. Үшінші: Бұл да **тарихи-эпикалық әңгіме** жанрына жатады. Бәсентиін – Апайбөрі-Құдяр қажы Құнанбаймен сапарлас болып, көп жасаған екен. Сол сияқты Құнанбай Алтай-Ешмұхаммед қажыны да жолдастыққа алған. Ал, Сұлтан қожаны Егізек-Жанайдар жолдастыққа алған. Олармен бірге Атығай-Қожахмет қажы сапарлас болған екен. Арғыннан екі кісі білікті болып қажы атанған: бірі – Орманшы Хасен қажы, екіншісі – Тоқал Арғын Есмұхаммед Бұқардан барыпты. Осының ішінде Мәшһүр-Жүсіп *«Первый человек – Адам ата топырақтан жаратылды. 1499-ыншыда Әбілқайыр немересі Шейбани хан Әмір-Темір нәсілінен-Бұхара, Смарқанды алып»* – деп жазыпты. Одан әрі бәйбіше балалары – Қозыбақ – Матай. Тоқалынан – үш баланы таратады. «Баянаулада Басшілік қыстаған «Төлеш жұрты» – деген жер аты бар. Қарабұжыр – Төлеш батыр, оның үлкен ұлы – Тайсары – Қыстауы-Аяқшілік» – деп аяқталады [32, б.214-215].

«Жеті жетім» – 4 тармақты, 7 шумақты өлең. Лирикалық жанр. Силлабикалық өлең өлшеміндегі ең шешуші нәрсе – буын: ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ. Өлең жолын талдап көрелік:

/Барады/ /ғұмыр өтіп/ /күн – күн санап/ (10)
/Жолында// ғылым – Сарыф// еттім талап/ (12)

Екі жолда үш бунақ бар, алғашқы бунақта үш буында, басқа бунақтары төрт буыннан түзіліп тұр.

Бір жерге мешітті қойса салып, - а
Жамағат оқымаса, оған барып. - а
Жалғанда сондай ғазиз босқа тұрса,- а
Дүниеде не болады онан ғарып?! - б

Аралас ұйқасқа құрылған өлең шумағы. Қ. Жұмалиев ұйқастың сегіз түрін атап өткен еді. Халықтың жетімсіреп тұрғаны «Жеті жетімі»: бірінші – мешіт салу, екінші – намаз оқымау, үшінші – мешіттің бос тұруы, төртінші – құр ғана дүние жинау, бесінші – жақсы қатын алу, алтыншы ғалымдардың ішіндегі наданы кезіксе, жетінші – құран оқылмаса мінекей, осы – мәселелерді Мәшһүр-Жүсіп өлеңіне арқау еткен [3, б.141].

«Ағадай» – Кіші жүздің ұраны. Тарихи-эпикалық жәдігер. Көтерген тақырыбы «Кіші жүздің» ұрандары, олардан тараған ұрпақтар туралы. Шежіренің құндылығы сонда, онда жазылған Кіші жүздің тарихын білуге болады, әр рудың ұрандарын да білуге болатыны. Кіші жүз үш бөлімге бөлінеді: Әлім, Әлімұлы, Байұлы. Бұлардың үшеуі бірігіп «Алшын» – деп аталады екен. Немесе: «Үш Алшын» деп сөйленеді. «Жеті ру» – мыналар: Тама, Табын, Керделі, Керейт, Рамадан, Жағалбайлы, Тілеу. Кіші жүз ішіндегі «Жеті рудан» Керделі: Оның ұраны – Қожахмет. Таманыкі – Қарабура. Табындікі – Тостаған. Жағалбайдікі – Елди-ей, бөлди-ей. Әлім алты ата одан бөлінетін Тілеу ұраны – Арғымақ. «Жеті ру»: Керейт ұраны – Ақсақал. Байұлы он екі ата Беріш ұраны – Ағадай. Адай ұраны – Адай. Ысық ұраны – Бәйтерек. Алаша ұраны – Байбарақ. Масқар ұраны – Қаратай. Тана ұраны – Тана. Байбақты ұраны – Дәуқара. Алшын мен Жаппас ұраны – Баймұрат. Қызылқұрт ұраны – Жиенбай. Әлімұлында мынандай ұрандар бар: Кете ұраны – Майлыбай, Шөмекей ұраны – Дәуіт (Дуите). Шекті ұраны – Бақтыбай, Қарасақал ұраны – Алдияр. Мәтіннің соңында: Асан қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора, Едіге пәледен

қашып құтылған осылар. Үштің біріне қосылған Әз Едіге Кіші жүзден шыққан 43 мәтін кіші жүздің ұрандарына арналған. ОҒККҚ, № 1177 папка, 190-191 беттері бойынша даярланды. Қараңыз: 426 бетті. Сонымен Байұлы он екі ата Беріш ұраны – **Ағадай** [2, б.165, 426].

«Адамға сырлас – қанат, құйрық» – (мақал). Ауыз әдебиетінің жанры. Тұрақты тіркестердің бір түрі – мақал мен мәтелдер. Мақал мен мәтелдер халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытындылап, ереже түрінде тұжырымдалған аталар сөзі, ой түйіні. Мәселен, адамның қос қанаты – екі баласы. «Балтакерей Тұрсынбай құлағы шұнақ екен құйрығы шолақ екен» – демей ме, сонда *құйрығы шолақ болу,* себебі туыстары жоқ дегені. Демек, *құйрығы* ол туыстары, артынан ерген ұрпақтары. Адамға не сырлас болуы мүмкін әйелі, балалары, достары, жолдастары, туыстары т.б. Олай болса, адам ұрпағымен мың жасайды. Жалғыздық құдайға ғана жарасады [5, б.91-93, 51].

«Арақ туралы Опай ұғлы Қағибадан рауаят» – алпыс жетінші бап. Лирикалық жанр. 4 тармақты, 27 шумақты өлең. Өлеңде көтерген мәселесі арақ ішуге қарсылық және маскүнемдерге қарсы үгіт-насихат жүргізу көзделген.

Мысалы:

Аяқтары кісен-ді, қолда – шынжыр,
Өлдім-талдым дегенде бір су берер,
Ол суды ауызға алып ұрттағанда,
Ұстаған ол, ішсе ауыз, қарны жидір.

– арақ ішіп, күнәға батқандардың көретін күні жоғарыдағыдай болады екен деп суреттейді.

Немесе,

Жабылып жылан, шаян, әне, талар,
Заһарына шыдай алмай надан қылар,
Ішінде ол зынданның мың жыл қалған,
Дамыл, тыныштық көрмей зәре қалар

– дейді. Өлеңді оқып отырып, адамның арақ ішпек түгіл, оның исі келсе жүрегін айнитындай дәрежеге келеді. Өлеңнің көркемдік үгіттік қуаты өте күшті. Өзінің құнын әлі де жойған жоқ. Өлеңді жоғары мектеп оқушыларына, студенттерге оқып, теріс қылықтан ада қылуға деген тәрбиелік мәні де күшті. Өлеңнің тілі де уытты, адамға тигізер әсері де бар. Өлеңді оқып отырғанда, көркемдік ерекшелігіне де таң қалмасқа болмайды. Енді өлеңнің тілін бірер мысалдар арқылы дәлелдейік. Өлеңнің лексикалық құрамы мынандай: *бөтелке, домбыра, кісен, шынжыр, лақат, жүзік, жылан, шаян, зындан, шиша, білезік, тәж, алқа, кітап* т.б. Өлеңнің мазмұнына байланысты экспрессивті-эмоциональды мәні күшейген сөздер: *мойнына бөтелкесін іліп, аузынан арақ исі шығып, боқтан сасық, жиіркенер барша халық, мастарды тозаққа сал, сасық тер, жаман иістері, ірің, сарысу жиылған* т.б. Иманғали: 2-папка, 224-229 беттері бойынша енгізілген. Қараңыз осы томның 367 бетін [6, б.341-344, 361, 367].

«Бір кісіге біреу айтты» – алпыс сегізінші бап. 4 тармақты, 8 шумақты өлең. Лирикалық жанр. Жаңылтпаш – жұмбақ өлең. Көтерген негізгі тақырыбы: Қазақтың байырығы салтын, дәстүрін насихаттау. Өлеңнің қысқаша мәні мен мазмұны мынадай: «Бір кісі біреуге нағашы мен әкеңнің інісі едім, танимысың? – дейді. Сіз қалайша әкемнің немересісіз? – дейді». Өлең жұмбаққа құрылған. Сөйтсе, шешесінің бірінші күйеуі өліп, бір қыз қалады, ол қызды қатыны өлген бір шал алады. Ол шалдың бұрыннан бір ұл баласы болады. Сол балаға бағанағы шешешесі көзін салады. Шешесі қызық, бағанағы шалға беріп, балаға өзі тиіп алады. Мінекей, оның әкесі менің туысым дегеннің мәні осы екен. Иманғали Мәнен: 2-папка, 229-231 беттер, Мұхаметфазыл 5 – папка, 11-12 беттері бойынша алынипты. Қараңыз: осы томның 367-бетін [6, б.344, 367].

«Айдабол», ру – тарихы. Тарихи-эпикалық жанрға жатады. Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Малқозы – Толыбай – Олжабай). Құлболдының бәйбішесінің аты Мақпал. Демек, Айдаболдың әкесі Құлболды. Мақпалдан: Күлік, Тұлпар, Айдабол. Айдабол он үш жасында билік айтып, елді аузына қаратқан шешен болған. Ел аузында «Артың болса, Айдаболдай ұл тап» – деп Мақпал бәйбіше мақтанатын сөз қалған. Сол Айдаболдың өзі ер жетіп, ат басын тартқан шақта бәйбішесінен: Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы; ортаншы тоқалынан: Аққозы, Бозқозы, Қарақозы; кіші тоқалынан: Қожакелді, Тайкелтір. Айдабол би Тайкелтірге Қошшетер деген баланы «Енші орнына қарабауыр қылып ал!» – деген екен. (Құнанбай күндебау қылып Кәмшатты береді – А.Қ.) Қарабау // күндебау басы байлы құл есебінде «жетім бастатқан тоғыз» есебіне де кіреді – А.Қ. Қоштердің шешесі Шанышқылы-Қоштердің қызы екен. Айдабол би нағашы атасының атын

қойған екен. Шанышқылы сартқа бір атасы жуық: Қаңлы Шанышқылы-Қатағаннан қалған ел тегіс ұста болғандығы бұл сөзді растайды. Кенжеқозы жастай өліп, қайны Ұлы жүз – Қаратай батыр екен, қалыңдығы оң жақта қалған. Айдабол би: «Тайкелтірге қосамын» – деген соң, Жанқозы онысына көнбей: «Көтесімнің жесірін тоқалдың баласына беремін!» деп, тетелес інісі Малқозының баласы Толыбайға алып беріп: Олжабай, Құлжабай, Орман, Рысқұл (Ырысқұл) – төрт бала туған. Батыр Олжабай – Үйсін: Қаратай батырдың жиені. Шешесі қыс ішінде ұзатылып келе жатқанда, босанғаннан: «Осы жолдың олжасы болды ғой!» – деп, атын Олжабай қойған екен. Қаратай батыр Шанышқылы – Қоштер деген елден қызына қызметкер қылып бір күң қосады. Ол қыз да жолда босанып: «Қоштер» атанып кеткен. Айдабол би Тайкелтірге еншілес қылып берген. Содан Тайкелтір, Қошетер қоныстас, сыбайлас болған. «Айдабол» ру туралы әр түрлі нұсқасын Мәшһүр-Жүсіп жазып алған. Тіпті, бергі аталарға дейін жаза берген [4, б.7, 61, 70, 116, 118, 158, 177, 197, 226, 230, 259, 295, 305, 309, 328, 330, 342, 347, 352, 360, 361, 362, 371, 381, 390, 394].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – Б. 6; 7-8; 13; 16-18; 46-50; 71-74; 75; 107-109; 133-134; 135-136; 137-139; 167-184; 169-172; 184-214; 224; 225; 226; 240; 241-242; 257-258; 259-261; 260-261; 261-262; 262-263; 264-267; 267-274; 270-274; 278; 280-286; 287-288; 288; 288-289; 267; 332; 338; 349; 352; 354; 360; 361.

2 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – Б. 3-49; 3-85; 4; 5; 9; 10; 11; 30; 30-31; 34; 59-60; 60; 65-74; 68; 69; 73; 74; 74-84; 75; 76;77; 78; 79; 80; 81; 82; 83; 84; 84-87; 87-89; 92; 97-98; 105; 113; 163-165; 164-165; 165; 168; 184-186; 186-195; 190-195; 201-203; 204; 220; 250-263; 251-257; 258-263; 275; 293; 298-299; 418; 419; 419-420; 426; 434; 448.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – Б. 25; 32-43; 43-50; 50-92; 52; 66; 83; 105-114; 106; 107; 114; 115-120; 126; 141; 156-158; 176; 177-179; 204; 205; 212; 212-214; 218; 223; 227; 229-238; 250; 257; 279; 303-306; 309-311; 311-313; 314; 389; 395; 397; 410-413; 431.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2007. – Т. 10. – Б. 7; 9-12; 14; 18-19; 33-34; 36; 39; 40; 45; 46-49; 59; 61; 64; 64-65; 67; 70; 71-73; 97; 106; 110; 114; 115; 116; 118; 124; 128-129; 143-145; 158; 160; 165-168; 177; 191; 192; 194-195; 197; 213; 214-215; 215-220; 226; 230; 236; 241-242; 257-259; 259; 260; 294; 295; 297-298; 299; 300; 302; 305; 309; 313-314; 328; 330; 338-339; 342; 347; 350; 352; 360; 361; 362; 368-370; 371; 381; 390; 394; 397-436.

5 Оралбаева Н. Қазақ тілі / Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – Б. 91-93, 51.

6 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – Б. 4; 12; 34-36; 42; 46; 61-74; 66-67; 70; 73; 92-93; 101; 111-113;113-114; 114; 114-115; 115; 119; 121; 131; 133; 133-135; 135-144; 164-166; 167; 168; 181; 204; 214-220; 229-230; 242-244;244-246; 311; 315-318; 319-322; 329; 339; 340; 341-344; 344; 350; 357-359; 361; 361-362; 363; 366; 367.

ӘӨЖ 821.512.122.091:821.5:821.16

МӘШҺҮР-ЖҮСІП РУХАНИЯТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Ә.А. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.к., доцент, Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент-мүшесі

Қазақстанға орыс-еуропаның рухани ықпалы. Қазақстанның жері мен табиғи байлықтарын орыс ғалымдарының келіп зерттеулері, Қазақстан тарихын зерттеудегі олардың алғашқы жасаған адымдары қазақ халқының экономикалық және мәдени тұрмысындағы бір маңызды оқиға болды.

Қазақстан жерін зерттеу жұмысы Каспий және Арал теңіздерінің карталарын жасаудан басталады. Бұл теңіздер жайлы мәліметтер ертедегі грек және араб жазушылары мен географтарының еңбектерінде бар еді. Алайда бұл мәліметтер, XVII ғасырдағы орыс географтарының материалдарымен, соның ішінде «Сибирь чертеж кітабында» басылып шыққан Семен Ремезевтің картасымен толықтырылғанның өзінде де, өлке жайында толық түсінік бере алмады.

XVIII ғасырдың бас кезінде патша үкіметінің тапсыруы бойынша капитан Е. Мейер, Каспий теңізінің суретін түсіріп алып, жалпы суреттемесін жасады. Каспий теңізі, сондай-ақ Орта Азияны географиялық жағынан зерттеу ісіне А. Бекович-Черкасскийдің экспедициясы да бағалы материал берді; бұл экспедиция Амудария Каспий теңізіне құяды деген жалған түсінікті теріске шығарды.

А. Кожин мен В. Урусовтың түсірген суреттері Каспий теңізі жайында қосымша мәліметтер берді.

Табиғат зерттеуші ғалым және саяхатшы академик П.С. Паллас (1741-1811) Россия ғылым академиясының көп жерлерді, соның ішінде Батыс Қазақтанның бір бөлегін зерттеген үлкен бір экспедициясын бастады. Бұл экспедицияның жұмысынан кейін академик болған жас ғалымдар В. Зуев пен Н. Соколов та қатынасты.

XVIII ғасырдың 70-ші жылдарында атақты саяхатшы академик И. Георги (1729-1802) оңтүстік-шығыс Россияны, Алтайды, Байқал бойын, Орал тауларын және Поволжье бойын зерттеді. Георгидің еңбектерінде Қазақстанның жеке аудандарының географиялық суреттемесі ғана бар емес, сонымен қатар қазақ халқының тұрмысы мен тарихы жайында да мәліметтер келтіріледі. Осы кезде Қазақстан жайлы бағалы мәліметтерді академик И. Фальком да жинаған болатын.

Қазақстанды зерттеу үшін XIX ғасырдың алғашқы жартысында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. 1848-1849 жылдары Арал теңізін капитан-лейтенант А. Бутаков бастаған экспедиция зерттеді. Бұл экспедиция Арал теңізінің жағаларын суретке түсіріп, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді. Экспедицияның жинаған материалдары негізінде Арал теңізінің картасы жасалып, бастырылып шығарылды. Бутаков Арал теңізінде кеме жүрудің (1852) негізін салушы болды. 60-шы жылдарда ол Сырдария мен Амударияның төменгі салаларын зерттеді. Оның экспедициясына, бұл кезде Қазақстанда айдауда жүрген, ұлы украин ақыны Т.Г. Шевченко қатынасты.

Қазақстанның зерттеу ісіне П.И. Рычков (1719-1777) пен А.И. Левшин (1799-1879) едәуір үлес қосты. Қазақстан жайындғы бағалы тарихи-географиялық мәліметтерімен қатар П. Рычков Кіші жүз бен Орта жүздің Россияға қосылу тарихын толық баяндады. Бұл өлкенің тарихын, XVIII ғасырды – XIX ғысырдың алғашқы жартысын қоса алып, өз еңбектерінде А. Левшин де жазды.

Қазақстанның жерін, тарихын және этнографиясын зерттеу ісінде орыс саяхатшыларына қазақ тілмаштары мен жол көрсетушілері де қолынан келген көмегін көрсетіп, халықтың тарихы мен тұрмысы жайында ғалымдарға әңгіме айтып, бағалы географиялық мәліметтер беріп отырды. Олардың көмегімен жиналған орасан зор нақтылы материал өлке зерттеу ісін жеңілдетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар орыстың шығыс-зерттеу ғылымын жаңа мәліметтермен байытты [1, -Б. 383-384].

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстан тақырыбы орыс әдебиетінде бірте-бірте көрнекті орын ала бастады. Егер патша үкіметі, орыстың помещиктері мен капиталистері қазақ халқын отар

етіп езу мен құл етудің объектісі деп қана есептеген болса, орыстың алдыңғы қатарлы ғалымдары мен жазушылары қазақ халқының тұрмысын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, оның бостандық сүйгіш ниетін сүйе зерттеді. Россияның езілген халықтарының праволарын қадірлеу, олардың тұрмысын әділ суреттеу алдыңғы қатарлы, демократиялық орыс мәдениетінің дәстүрі болып табылады. Бұл дәстүрді орыс әдебиетінің классиктері А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, ұлы сыншы-демократ, В.Г. Белинский тамаша айқын бейнеледі.

Қазақстан тақырыбымен шұғылданған орыс жазушыларының шығармаларында екі бағыт: реакциялық-шовинистік және демократиялық-реалистік бағыттар болды Ф. Булгариннің «Иван Выжигин» (1829) деген повесті, И. Скоблевтің әңгімелері (1834) қазақ халқын қорлап, кемітеді. Бұларға қарама-қарсы А.С. Пушкин, В.И. Даль (Луганский), В.А. Ушаков және басқалары қазақ халқының ауыр тұрмысын, езілген жағдайын, оның арманын, орыс халқымен достық қарым-қатынастарының басталуын адамгершілік тұрғыдан суреттейді.

Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкин, Пугачев бастаған шаруалар соғысының тарихына байланысты материал жинау үшін 1833 жылы қасына жазушы В.И. Дальді ертіп Орынбор мен Оралда болды. Сөйтіп ол қазақ халқының өмірімен, тұрмысымен, ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерімен танысып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасының сюжетін жазып алды. Баян мен Қозының өмірі, олардың терең сырлы махаббаты мен күйініштері ұлы ақынды өте қызықтырады. Өзінің Пугачев бастаған көтеріліс жайындағы еңбегінде және «Капитан қызы» деген повесінде ол қазақтар мен башқұрттардың көтеріліске қатысқанын, қазақ ханы Нұралының патша үкіметін қолдағанын көрсетеді. Осы орайда, біз орыс қаламгерлерінің қазақты орыстарға жеткізіп, таныстырғанын В.Дальдің, В.Ушаковтың, В.Белинскийдің әдеби туындылары мен сын-зерттеулері қазақтар жайынан, қазақтардың әдебиеті жайынан сөз қозғап отырған. Мұнда да біздің пікіріміздегідей олар қазақ әдебиетінің қасиетін орыстан емес, өзімізден – даланың тәкәппар ұл-қыздарынан табады. Қазақ халық әндері жер төсінен шымырлап шыққан бұлақтай, өрекш-өркеш таулардай қаздардың қанатына мінгесіп, желмен жарысып жердің бетін кезетінін баяндаған олар әдебиетімізді де өз болмысымыздан іздейді. В.В.Радлов: «Қазақ халық поэзиясының дамуы жоғары сатыға жеткен» десе, А.И.Левшин: «Қазақ халқының бойынан біз поэзия мен музыкасының бұлағын көреміз ... Қазақ қауымы адамның ақын және музыкант боп туатындығының жаңа бір дәлелі болып отыр» дейді. Бұдан қалса, С.Г. Рыбаков: «Қазақ поэзиясы жалпы сапасы тұрғысынан, тілінің анықтығы, ойларынан бейнелілігі, лирикалық қасиеті жағынан айрықша дарлана түседі» - деп баға береді (Ж.Шәкен. Орыссыз қазақ әдебиеті жасалмас па еді? // Жас қазақ. №7 (59) 24 ақпан, 2006 жыл.).

Пушкиннің, Лермонтовтың, Белинскийдің шығармалары кавказ бен Орта Азия халықтарының тұрмысынан алынған тақырыптарға жазған көптеген жазушылардың шығармаларына әсер етті. Бұл В.И. Даль мен В.А. Ушаков сияқты жазушылардың шығармаларынан айқын көрінеді.

Ушаков өзінің «Киргиз-қайсақ» («Қазақ») деген повесінде жасында құлдыққа сатылып кетіп, Виктор Славин аталған қазақтың жетім баласының ауыр жағдайын суреттейді. Орысша тәрбиеленіп, білім алсадағы, ол бәрібір көп қорлық көреді. Славин тек қазақ болғандығынан ғана орыстың дворянка қызы Софьяға үйлене алмайды. Софьяның әкесі, князь Любской, қызының тегі жағынан өзіне тең емес, жат ұлт адамына күйеуге шыққысы келуіне қатты ызаланып, келісімін беруден мүлде бас тартады.

Осы повесінде дворяндардың надандығын, олардың дүниеге көзқарастарының шектеулілігін батыл әшкерелей келіп, жазушы адамгершілікті қорғайды. Ол оқушыларының назарын қазақ кедейінің ауыр тұрмысына аударады: бұл жағдай жоқшылық пен аштықтың салдарынан өз баласын шешесінің еріксіз сатуынан өте-мөте айқын көрінеді.

1833-1841 жылдары Орынборда және Оралда чиновник болып істеген В.И. Даль қазақ ауылдарында жиі-жиі болып жүреді. Ол қазақтардың тұрмысы, дәстүрлері мен әдеттері жайында, ауыз әдебиеті жайында бірсыпыра очерктер мен әңгімелер, повестер жазады («Майна», «Түншіл», «Орал казагы», «Солдаттың бос уақыты», «Бекей мен Мауляна», т.б повестер жазады. Бұл шығармаларды Белинский, Добролюбов, Тургенев жоғары бағалайды.

«Бекей мен Мауляна» деген повесінде адал және ақпейіл қазақ жігіті Бекейдің ерлігі, оның орыстармен достығы, өзінің аса қатал әкесі, феодал

Есенгелдіге және зұлым ағасы Жүнкүшікке қарсы батыл күресі өте көркемдікпен суреттеледі. Әсіресе өзінің сүйген қызына үйленуге рұқсат етпеген әкесі мен баласының шайқасуы және жігіттің өлуі жайындағы беттері есте қалғандай.

В.И. Даль қазақтың ақындарын, қазақтың талантты жастарын, қазақ пен орыс шаруаларының достығын қатты ұната көрсетіп, қазақ феодалдарының қаталдығын, деспотизмін әшкерелейді, көп қатын алушылықты мінейді. Қазақ қыздары Мауляна мен Майна қалаға қашып кетіп, орыс заңынан қорғаныс табуға, өздеріне бас бостандығын алуға тырысады; Хиуа хандарының шабуылына ұшыраған қазақтар да орыстардан келіп көмек сұрайды.

Өзінің жазысқан хаттары мен мақалаларында В.И. Даль қазақтың халық ауыз әдебиетінің байлығына үлкен маңыз беріп, орыс пен қазақ батырлар жырының арасындағы ұқсастықты көрсетеді. «Татаршылдық» деген мақаласында Даль патша чиновниктерінің озбырлығын әшкерелейді. В.И. Даль қазақ даласын ғылыми жағынан зерттеу жұмысына қатынасады, Орынборда алғашқы өлке зерттеу музейін ұйымдастыруға көмектеседі.

В.И. Дальдың ру мен ру арасындағы жер дауларын шешудегі әділеттілігі, қазақ әйелдерін әменгерлік дәстүрден қорғауы, ақындарға жақсы қарауы қазақ арасында оның беделін жоғары көтерді. Сондықтан да Исатай Тайманов Орынбор губернаторына жазған арыздарының бірінде онымен Жәңгір ханның арасындағы дауды тергеу жұмысы Дальге тапсырылуын сұрайды. Бірақ губернатор, әрине оған көнбейді.

Қазақстан тақырыбына арналған әңгімелер мен очерктер XIX ғасырдың 20-30-шы жылдарында орыс газеттері мен журналдарында жарияланып отырды. Мысалы, 1828 жылы Н. Муравьевтің «Қырғыз тұтқыны» поэмасы, 1830 жылы А. Крюковтың «Қайсақтар» деген әңгімесі («Жақып батыр» повестінен үзінді) жарияланды. Бұл шығармалар идеялық-көркемдік жағынан алғанда Ушаков пен Дальдың шығармалары дәрежесіне жете алмады. Көпшілігін алғанда олар жай еліктеу ғана болды, олардың бір бөлегінің аймақ тану сипаты ғана болды [1, -Б. 384 - 387].

XIX ғасырдағы Қазақстан руханияты. XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ойшыл демократтар шықты. Бұлардың философиялық және мәдени-ағарту жөніндегі көзқарастары орыс демократтарының ой тұжырымдарымен ұштасып, қабысып жатты. Жоғарыда аты аталған қазақ халқының ірі қалам қайраткерлері жөнінде жазылған күрделі еңбектерге сүйеніп отырмыз.

Қазақ халқының жазушысы, этнографы тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов: «Мы связаны с русским народом историческим и даже кровным родством. Судьба миллионов людей, подающих несомненные надежды на гражданское развитие, людей, которые считают себя братьями русских по отечеству и поступили в русское подданство, кажется, заслуживает большего внимания и большей попечительности в таких решительных вопросах, которые формулируются в шекспировское: «быть или не быть», - деп айтқан-ды.

Оқымысты Шоқан Уәлиханов өз халқының болашағын алдын-ала болжады. Осы арада да ол өте көрегендігін істеді. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов орыс халқын тұтас алып отырған жоқ. Патша үкіметінің итаршысы болған, оның зорлық-зомбылығын жүгенсіз іске асырған бейбастақ орыс чиновниктері мен орыстың еңбекшіл халқының ара жігін ашып, айыра таныған болатын. Өз тұсында жақын досы Ф. М. Достоевскийдің: «Что тянуло... офицеров и чиновников в Западную Сибирь и Казахстан?» - деген сұрағына ол (Шоқан Уәлиханов): «…желание немного разбогатеть на обширных просторах независимой Татарии …обирать киргиз и на их деньги шить жене померанцевое платье на цитровых лентах…» - деп ащы мысқылмен жауап берген еді. Патша чиновниктерінің мінез-құлқын білетін Ф.М. Достоевский: «…хотя в Сибири холодно, но чиновникам живется тепло», - деп Шоқанның әлгі пікіріне үн қосты.

Орыс жазушысы Достоевский «Жасөспірім» романындағы Версилов бейнесіне Шоқан бейнесін алған. Тіпті, Құдайдың тылсым туралы ойын Иван Карамазовтың аузына салып: «Құдайдың» барлығына күмәным жоқ, бірақ нәрестенің көз жасы негізінде іргетасы қаланған мынау әлемді қабылдай алмаймын» - дейді. Кейінгі бір деректерде Достоевский бауырына жазған хатта «маған Құран мен Канттың «Таза ойдың аудармасын орысшадан ба, әлде, французшадан ба қайсысынан оқыған» белгісіз мәлім болып отыр. «Өлілер үйінде естеліктер» атты романындағы Әли бейнесі өте шынайы суреттелгеніне көзіміз

жетеді. Панова мен Бахтиннің «Мұхаммед пайғамбардың өмірі» кітабында да Л.Н. Толстой мен Ф.М. Достоевскийдің Құдайдың ақиқаттығына, бар екендігіне қатысты ойлары тегіннен – тегін айтылмаса керек.

Шәкәрімнің өзі:

Толстой кәпір емес, кәпір өзің,
Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзің.
Көңілің соқыр, надансың, бейілің қара,
Нұр, жарығың қалайша көрсін көзің –

- деп Толстойдың Е.Векиловаға жазған хатында «...Сондықтан мені мейірімді мұсылман деп қана санауыңызды өтінемін» деп жауап қайтарған Шәкәрімнің өзі Толстойдан үлгі алып, үй-ішінен аулақ оңаша жазуға кеткен. (Лев Толстой. Ясная Поляна, 1884 жыл, сәуір және 1909 жыл 15 наурыз). Шәкәрім орыс – еуропа классиктерін сүйіп оқыған. Салтыков, Толстой, Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Некрасов шығармаларын аударған. Шопенгауэрдің ой-толғамдарын, Бичер Стоу Гарриеттің еңбектеріне ден қойып кейбірін қазақшаға аударғаны белгілі.

Шоқанның үнемі хат жазысып, хабарласып тұратын Петербургтегі достары: Ф.М. Достоевский, А.Н. Майков, В.С. Курочкин т.б. еді. Шоқан 1856 жылы Ф.М. Достоевскийге жазған бір хатында өзі қызмет істеп, өмір сүріп жүрген жерін ұнатпай, содан кеткісі келгенде: «Омск так противен сплетнями и интригами, что я не на шутку думаю его оставить. Как вы думаете об этом? Посоветуйте, Федор Михайлович. Как это устроить лучше?» - деп жазса, тап 1856 жылы Парижде жүрген И.С. Тургенев Россияға – Л.Н. Толстойға мынадай хат жазады: «Париж бұдан бұрын маған мұндай жексұрын көрінген емес еді. Бұл қалаға өте рахат тұрмыс жараспайды. Мен Парижді басқа бір жағдайда көріп едім, онда маған ұнаған болатын...» - деді.

И.С. Тургенев пен Ш. Уәлиханов екеуі бірін-бірі көрмей білмей-ақ сол 1856 жылы екі қала туралы жазған хаттары қалай сабақтасып жатыр десеңізші. Жат елде, бөгде жерде жүрген екі адам бөтен қалаларда өмір сүріп, соның ойы-қырын білмегендіктен ұнатпайды. Әрине, жағдайлары ұйқаспаса да іштей жатырқап, іштері пысып, мүлде кеткісі келетіндігін баяндайды. Орыс пен қазақ халқының ардагерлері бірін бірі алыстан ұғысады.

Шоқан Уәлихановтың жас кезінен бастап-ақ Н.Ф. Костылецкий, Н.И. Дабшинский, Т. Сейфуллин сияқты Россияның зерделі адамдарымен тікелей байланыста болуы мәлім. Бұлардың бәрі де Қазан университетінің Шығыс факультетін бітірген егде адамдар, жас Шоқанның қалыптасуына айрықша ізгі әсерін тигізгендер. Екі жақты Шоқан тәрбиесін жазушы Сәбит Мұқанов түбегейлі көрсетіп, көп жылдық зерттеу нәтижесін жариялады.

Сол дәуірде Шоқан Уәлиханов көрнекті ориенталист, тюрколог-профессор И.Н. Березинмен хат жазысып, пікірлесіп жүрді. Оған себеп болған И.Н. Березиннің жақын досы өзі әдебиетші-ориенталист Ф.И. Костылецкий еді. Жер аударылып Омбыда жүрген тарихшы-ғалым Гансевский де зор ықпал жасады. Аты шулы әлемге аян ұлы демократ Н.Г. Чернышевскийдің жас досы, әрі шәкірті, өзі әдебиетші В.П. Лободовскийдің де құнарлы әсері тимей қойған жоқ. Ендеше, И.С. Тургеневке Шоқанның қиырда жатып үн қосуы заңды сияқты.

Өр талантты жас Шоқан Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кездің өзінде-ақ Д. Фонвизиннің, И.А. Крыловтың, А.С. Грибоедовтың, А.С. Пушкиннің, Н.В. Гогольдің, Яновскийдің, В.Г. Белинскийдің, А.И. Герценнің (бүркеншік аты - Искендер); Н.Г. Чернышевскийдің шығармаларын сарқа оқуы анық, солармен қатар Батыс Европаның атақты жазушылары Шекспир, Руссо, Карлейль, Диккенс, Теккерей т.б. орыс тіліндегі нұсқаларын меңгере білуі даусыз. Орыс елінің көрнекті ғалымы Н.И. Веселовский қыршын күнінде дүние салған, оған дейін өзекті еңбектері орыс, ағылшын тілдерінде жарық көріп, айдай әлемге танылған біздің Шоқан Уәлиханов жөнінде: «Шығыстану ғылымының құнарлы өлкесінен жарқ етіп өте шыққан құйрықты жұлдыз Шоқан еді», - деп, шындықты бүкпей айтты. Сәбиттің Шоқан туралы жазған романын «Аққан жұлдыз» деп атауы Н.М. Веселовскийдің осы мінездемесімен сабақтасса керек-ті. Сол кезде жер аударылып Омбыда жүрген декабрист Дуров Шоқанды: «Жұрт таңырқарлық кесек ойлы адам» деп бағалады. Шоқанмен кадет корпусында бірге оқыған досы, заманында Сібір ғалымдарының шамшырағындай болған Г.Н. Потанин: «…у нас с Чоканом происходили большие споры в его квартире, каждый раз я уходил от него разобиженным, потому что чувствовал себя всегда побитым на всех пунктах. Я все-таки думал, что моя сторона правая, только я не имею ни тех знаний, ни того искусства, какие были у Чокана, чтобы спорить с ним», - деп мінездеме берді.

Шоқан Уәлиханов Н. Г. Чернышевскиймен бетпе-бет кездескеннен кейін: «Чернышевский қандай ғажап адам еді, ол тек қана орыс халқының емес, басқа халықтардың да тұрмыс жағдайын, өмірін тамаша білетін кісі екен. Онымен сөйлесіп танысқан соң Россиясыз құритынымызға көзім жетті; орыс халқынан қол үзу – ағарту ісінен қол үзу екенін әбден ұқтым. Орыс халқынсыз біз баяғы жүгенсіз билейтін деспотизм мен қараңғылық басқан тек қана азиялық ел боламыз да қаламыз, одан басқа ешкім бола да алмаймыз. Чернышевский – біздің нағыз досымыз», деп тұжырым тауып айтқан болатын.

Шіркін, Шоқан көреген ғой! Ол: «Ағайын түгел болса ат көп, абысын түгел болса ас көп»; «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «бірлік болмай, тірлік болмайды»; «жалғыз ағаш – үй болмас, жалғыз жігіт – би болмас», «ер елімен мықты, емен жерімен мықты»; «азамат елден ажыраса – мәнсіз болар, Антей жерден ажыраса - әлсіз болар» демекші осындай данышпан қағидаларды бойына түгел жинаған адам! Ол өзінің тағы үшін өспеген, азғантай елінің бағы үшін өскен азамат, сондықтан да өзіннің табан тіреріннен, арқа сүйеріннен, күш қосарыннан айрылма, ажырама, - деп кесіп айтқан ғой.

Ш. Уәлиханов орыс мәдениетін, сол арқылы Батыс Европа мәдениетін де терең ұғынған ғалым. Сонымен қатар оның назарынан шығыс әдебиетінің тұрлаулы туындылары да тысқары қалмағандай.

Шоқан грек-рим елінің мифологиясын да, алдыңғы араб Шығысының, Иранның әдебиет-мәдениетін, Қиыр Шығыстағы монғол мәдениетін де жақсы білген ғалым. Доржи Банзаров оған көп ой салған. Арабтың «Мың бір түн» атты ертегісін, Иранның «Шахнаме» эпосын, монғолдың тіпті діни көзқарастарын да сарқа білген жан. Осының бәрі құрғақ сөз емес, Шоқанның өз еңбегінде анық айтылған.

Қырғыз елінің даңқты көне эпосы «Манасты» Шоқан тұңғыш рет «Дала Илиадасы» деп атаса, осы эпостың жалғасы «Сәметейді» қырғыз «Одиссеясы» деп бағалаған. Осыған қарағанда Шоқан орыс әдебиеті мен Батыс Европа әдебиетінің ықпалын бойына сіңірген, содан ғана нәр алған ғалым емес, сонымен қатар ол классикалық шығыс-грек пен рим халқындағы көне мұралардың да негіздерін жақсы ұққан, олардың ішіндегі күрделі ойларды Европаға таратушы ірі ғалым екені айқын көрінеді.

Махамбет Өтемісов, Шоқан Уәлихановтардың саналы салтын әрі қарай іске асыруға белсене кіріскен Ыбырай Алтынсарин болды. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының жарқырап көрінген ойшыл демократ-ағартушысы еді. Ыбырай Алтынсарин өзінің бар өмірін қазақ даласында мектеп ашып, қараңғылықта жатқан ауыл балаларын тәрбиелеуге, оқытуға арнады. Қазақ еліне орыс халқының озат мәдениетін үйретіп, балаларын орысша оқытты, екі елдің арасына дәнекер болып, табыстырып, таныстыра түсті.

Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы «Киргизская хрестоматия» және «Начальное руководство к обучению киргизов (казахов) русскому языку» деген екі кітап жазып шығарды. Орынбордағы орысша-қырғызша мектепті бітіргеннен кейін Ыбырай Алтынсарин Қазан университетінің профессоры Н.И. Ильминский, шығыстану ғылымын зерттеуші В.В. Катаринский, статс-советник А.А. Бобровников, орыс-қырғыз (қазақ) мектебінің мұғалімдері В.Д. Соколов пен А.А. Мазохин тәрізді сол кездегі орыс интеллигенттерімен тығыз байланысып отырды.

Қазақ елінен шыққан көрнекті азаматтардың бірі және өз халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин көзқарасының түп негізі еңбекшіл қара бұқараның мұң-мүддесін жоқтайтын демократиялық идеология еді. Ол өз жұртының өте бай ауыз әдебиетін толық білді, екінші жағынан өскелең орыс халқының мәдениетінен үлгі алды. Үшінші жағынан Шығыс елдерінде орныққан мәдениеттің прогрессивтік бағытынан да құр алақан емес еді. Осы үш арнадан шыңдалып шыққан Ыбырай Алтынсарин мәдениет майданында жоғары сатыға аяқ басты.

Ыбырай Алтынсарин ең алдымен, өрлеп өсіп келе жатқан орыс халқының мәдениетін терең меңгеруге кірісті. Өзінің көшпелі елін отырықшы етіп, қала салып, мектеп ашып, мәдениетке жетуге баулыды. «Ол екі кластық орысша-қырғызша төрт училище, бір қолөнер училищесін, бір әйелдер училищесін, болыс-болысқа таратып бес училище, қоныс аударған орыс шаруаларының балаларына арнап орысша екі училище ашқан болатын».

Осы мектеп ашылғанда, Қазан университетінің профессоры Н.И. Ильминскийге Ыбырай Алтынсариннің жазған бір хатын келтіре кетелік: «Николай Иванович!.. 8-го января совершилось давно ожидаемое мною открытие школы, и

поступили в нее 14 киргизких мальчиков, мальчиков славных, смыслящих. Как голодный волк на барана, взялся я горячо за учение детей, и к крайнему моему удовольствию, мальчики эти в течение каких-нибудь трех месяцев выучились читать и писать по-русски и по-татарски... Учу сперва названия предметов, исключительно слова, относящиеся к имени существительному; потом названия качества предметов – имени прилагательному... и так далее. Два воспитанника... почти выучили уже три правила; занимаются разговорными переводами и читают «Детский мир» (педагога Д.Ушинского), из которого также делают переводы. Когда воспитанники мои начнут немножко говорить по русски, я смешаю с ними русских мальчиков, детей здешних поселян, на что имею уже законное право. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать на их нравственноть, чтобы они впоследствии не были взяточниками».

Ыбырай Алтынсариннің нағыз педагог, шын мәнінде ағартушы адал азамат екенін айтқанда біз осындай ойларын ескеріп едік.

Бұл мектептердің мұғалімдеріне ол педагог Ушинскийдің «Детский мир» («Балалар әлемі»), Крыловтың «Мысалдар» («Басни»), Л. Толстойдың «Азбука и книга для чтения» сияқты орыс педагогтері мен жазушыларының кітаптарын ұсынады. 1879 жылы өзінің «Хрестоматиясын» баспадан шығарғанда: «Бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері бола тұрса да, ескерусіз қалмас және оқулыққа арналған тұңғыш кітап болғандықтан, көздеген мақсатын орындап шығар деген үмітім бар», - деп жазды.

Орыс-қырғыз (қазақ) мектебінің мұғалімі А.А. Мазохинға жазған тағы бір хатын келтіре кету артық болмас: «Милейший мой Арсений Андреевич! Придерживайтесь только совета на дальнейшее время, не моего совета, а знаменитого философа-педагога Каменского истинно счастливы те, которые умеют быть довольными тем, что у них есть, и те, которые могут себе сказать: «Мы живем своим личным трудом», да еще другого, арабского философа, который, когда спрашивали, в чем стоит счастье и богатство, отвечал – в умеренности», - деп еді.

Әрине, бұл хаттағы ойлары біздің заманға сәйкеспейді, өйткені ол өз дәуірінің ырғағына қарай билеген кемеңгер адам, чехтың философия ғылымын да, арабтың философын да ақтара біліп, аудара төңкеріп отыр ғой, соның өзі де біздің мақтанышымыз.

Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың алғашқы дәстүрі де Ыбырай Алтынсариннен басталды. 1892 жылы Ыбырай аударған «Қарға мен түлкі» («Ворона и лисица») атты И.А. Крыловтың мысалы шықты (ескерте кетелік, Абайдың орыс классиктерін аударуы бұдан он жыл бұрын еді, ол Лермонтовтың «Бородино» деген әйгілі өлеңін 1882 жылы аударды, бірақ көпке дейін жарық көрмеді ғой).

Ыбырай Алтынсарин тек қана ағартушы-педагог емес, ол XIX ғасырдың екінші жартысында шексіз де шетсіз қазақ даласына мына келелі ойларын алып келген, нұр сәулесін шашып, көзін ашқан белді де, беделді жазушы, әрі өз халқының әдет-ғұрпын зерттеген білімді этнограф және белсенді қоғам қайраткері. Ол – орыс әдебиеті классиктерінің, атап айтқанда, И.А. Крыловтың мысалдарын, Л.Н. Толстойдың т.б. әңгімелерін тұңғыш рет аударып берген жазушы-аударушы, оның үстіне соларды қазақ жастарына оқытып үйреткен ұстаз-педагог.

Қазақ елінің оқығандары дүние жүзілік мәдениетті меңгеруге XIX ғасырда-ақ жұмыла кірісті. Бұлар ең әуелі шығыс әдебиетінен бастады. Мысалы, Фердоусидің «Шах-намесін» Молда Ораз парсы тілінің өзінен аударды. Оның араб әрпімен жазған каллиграфиялық әдемі қолжазбасы Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасында сақтаулы (қолжазба номері 1187, таза сақталған беттері 484). Бұл аударма, негізінен, қара сөзбен жазылған, некен-саяқ өлеңдері де бар. Осы баға жетпес, сирек кездесетін қолжазбаның біразын Тұрмағамбет Ізтілеуов өлеңмен аударды. Мұны аударуға себепкер болған мемлекет қайраткері марқұм Темірбек Жүргенов еді.

«Шах-наменің» бір тарауын ақын журналист, қоғам қайраткері, «Айқап» журналының редакторы Мұхаметжан Сералин орысшадан (ақын В.А. Жуковскийден) қазақшаға аударып бастырды. Бері келе қазақ қаламгерлері түгелдей тек орысшадан аударуға кірісті (Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев). Ал молда Нияз Бекимов, А.С. Пушкиннің «Капитан қызын» 1903 жылы Қазанда бастырды.

Ол кезеңде қазақ азаматы Алтынсарин орысшадан аударғанда қазақ оқырмандарына бейімдеді, жеке сөзін қуаламай, ойын беруге тырысты, өз халқының ұғымына сай етіп аударды.

Мысалы, К.Д. Ушинскийдің «Наблюдательность» деген әңгімесін «Үнді» («Индиец») деп берді. Орыс жазушысының «Ворона и рак» деген әңгімесі Ыбырай Алтынсаринде «Қарға мен құрт» («Ворона и червяк») болды; Л.Н. Толстой жазған «Царь и рубашка» атты орыс ертегісі Ыбырай Алтынсаринде «Бақытты адам» («Счастливый человек») болып алынған еді. Осы әңгімелердің аттарындағы айырмасы олардың ішкі мазмұнымен байланысты. Мысалы, Л.Н. Толстой жазған әңгімеде бір патша ауырып жатып: «Мені осы науқастан емдеп жазған адамға патшалығымның тең жартысын сыйлар едім», - дейді. Ал Ы. Алтынсарин осы оқиғаны өзінше шертеді: «Бір патшаның әйелі (ханымы) ауырып қалады. Толып жатқан тәуіптер (дәрігерлер) шақырылады. Бәрі жабыла емдеп, бірақ ауру әйелді жаза алмайды. Осыдан кейін патша бақсы-балгерлерді жинап алады да: «Ей, бақсы-балгерлер, ханымды кеселді дертінен айықтыратын дәрі іздеп табыңдар, егер таба алмасаңдар бәрінді де қырып-жоямын» - деген бұйрық береді.

Осы авторлардың екеуі де өз ортасын өте жақсы ұғады, халқының салт-санасын жете түсінеді. Мысалы, Л.Н. Толстойдың патшасы ығы-жығы жоқ ку және шексіз мырза, ол жалынып-жалбарынады, өлердегі сөзін айтып өтінеді, тіпті патшалығының жарым-жартысын сыйламаққа уәде береді. Ал Ы. Алтынсариннің патшасы – жүгенсіз, бетімен кеткен дозақы, шығыстың ауыздықсыз деспоты. Ол өтінбейді, қорқытады, «табаныннан тұр», - деп бұйырады.

Ы. Алтынсариннің «Байлықты пайдаға асыру» деген әңгімесі Л.Н. Толстойдың «Петр I и мужик» («Петр I мен мұжық») атты әңгімесіне байланысты. Бұл әңгіме «Азбука» деген оқулықта (екінші кітабында, СПб., 1872) жарияланды.

Ы. Алтынсариннің «Жалқау» («Неряшливость») әңгімесі В.И. Дальдің «Нечистоплотный крестьянин» деген әңгімесіне ұқсайды. Алайда араларында айырмасы да бар. Мысалы, В.И. Дальдің кейіпкері жалқау Иван, ал Ы. Алтынсаринде – еңбекқор, жақсы жігіт, ұлты мешер (татар) Керім.

Қазақ жазушысы, ағартушысы Ы. Алтынсаринге И.А. Крыловтың, Л.Н. Толстойдың, В.И. Дальдің және орыс елінің көрнекті педагогтары К.Д. Ушинскийдің, И.И. Паульсонның тигізген әсері ұшан-теңіз. Мысалы, И.А. Крыловтың «Ворона и лисица», К.Д. Ушинскийдің «Коза и лисица», Л.Н. Толстойдың «Визир Абдул» деген мысалдарына Ы. Алтынсарин «Жақсылық пен жамандық» деп бір-ақ ат қояды. И.И. Паульсонның «Петр Великий под судом» деген мысалын Алтынсарин «Ізгі бала»,- деп алыпты. Тізе берсек мұндайлар көп-ақ екен.

Ы. Алтынсарин өлгеннен кейін оның досы профессор Н.К. Ильминский бастаған біраз авторлар бірігіп, 1891 жылы «Воспоминания об И.А. Алтынсарине» атты кітап шығарды. Орыс-қазақ мектебінің мұғалімі Н. Иванов Ы. Алтынсариннің «Бай баласы мен кедей баласы» деген әңгімесін орысшаға аударды. Әңгімедегі кейіпкерлердің аттарын қойды да, «Асан мен Үсен» деп жазды. Бұл әңгіме («Асан и Усен») 1890 жылғы «Родник» журналында жарық көрді [2, -Б. 186-195].

Абай XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің атақты ақын-жазушылары: А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, М.Е. Салтыков-Щедриннің, Н.А. Некрасовтың, Л.Н. Толстойдың, т.б. Шығармаларын оқыды. Бұларды тек өзі біліп, үйреніп қана қойған жоқ, Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың өлеңдерін өзінің ана тіліне аударып, қазақ халқын орыс мәдениетімен таныстырып, оның сана-сезімін оятты.

Абай орыс классиктерінің көптеген өлеңдерін: Крыловтың «Қарға мен түлкісін», «Шегіртке мен құмырсқасын», «Өгіз бен бақасын», «Есек пен бұлбұлын», т.б., Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін, Лермонтовтың «Жалауын», «Қанжарын», «Теректің сыйын», «Бородиносын», «Ойын», т.б. аударды. Абайдың бұл аудармалары күні бүгінге дейін өзге тілден аудару техникасын, мәдениетін меңгеруде ақындарға үлгі-өнеге болып отыр.

Орыстың ұлы ақындарының асқан шеберлігін, ой-пікір тереңділігін, осыдан туған бай мазмұнды, өршіл идеяны, өлеңдегі қуатты күш пен көркемдік бояуды бір кемітпей, солғындатпай, дәл жеткізу Абай аудармаларының негізгі ерекшеліктері болып табылады. Оның үстіне аударма екенін білдіртпей тұратын, тілге, ұғымға жеңіл мінсіздік те Абай аудармаларына тән қасиет.

Орыс классиктерін аудару үстінде Абайдың өзі де шарықтап өсті. Оның бойына орыс ақындарының әсерімен сіңген тамаша қасиеттердің басқасын қоя тұрып, тек бірден көзге түсетіндерін ғана айтсақ: Абай, алдымен, Пушкин поэзиясының мұхиттай

тереңі мен өмірдің өзіндей кең құлашын, Лермонтов өлеңдерінің сол кездегі қоғамдық қысымға қарсы бұрқана атылған кегі мен отты ызасын түсіне білді. Крылов мысалдарының өз дәуіріндегі қараңғылықты найзағайдай тіліп түсіп жатқан ащы сықағы мен ызалы күлкісін ұқты. Міне, тек осының нәтижесінде ғана Абай өз шығармаларын тақырып, идеялық мазмұн, түр, тіл, стиль жақтарынан мейлінше байытып, өлеңдерінің сыншылдығын, шыншылдығын күшейтіп, қоғамдық маңызын биікке көтерді [3, -Б. 58-59].

Абайдың орыс мәдениетіне құлшына кірісуінің екі түрлі себебі болды. Біріншіден, Абай, қазақ елін шығыстың схоластикасының ықпалынан мүлде шығарып, тура орыс мәдениетін алу, сондықтан, қазақ даласында орысша мектеп ашу, молда, қожаларға патша үкіметі тарапынан берілген кейбір праволарды қайтып алып, оларды тізгіндеп ұстау, олардың правосын уезд, болыстарға беру жөнінде өз пікірін тарихи, ғылыми түрде дәлелдеген Шоқан Уәлиханов, онан кейінгі өзінің замандасы Алтынсариннің бағытын Абай дұрыс деп ұқты.

Екіншіден, бұл кезде орыс халқының әдебиеті дүние жүзі мәдениетінің алтын қазынасының қатарына қосылып қана қойған жоқ, Еуропаға өзінің революцияшыл әсерін тигізді. Батыстың кәрі әдебиетін басып озды. XVIII ғасырдағы орыстың кейбір жазушылары жамылған Еуропалық шапанын шешіп тастап, орыс әдебиеті мазмұнына түрі сай, өзінің ұлттық қалпында дүниелік сахнаға шықты.

Өз кезінің үлкен мәдениетті және талантты ақыны Абайдың оны білмеуі, көрмеуі мүмкін емес еді. Абай көре де, түсіне де білді. Оның үстіне Абай Семейге айдалып келген орыстың халықшыл демократтары: Михайлэс, Долгополов, Гростармен танысып, өзінің сол бағытын бұрынғыдан да ұштай түседі. Орыс мәдениетіне тереңдеп, Чернышевский, Белинский, Добролюбов, Салтыков, Толстой, Пушкин, Лермонтов шығармалары, Аристотель, Сократ, Платон, Гоголь еңбектерімен танысады. Орыстың демократтары мен ұлы классик жазушыларының даналық еңбектерімен танысуы, батыс философтарының еңбектерін оқуы және өз кезіндегі шаруашылық-әлеумет өміріндегі болып жатқан әртүрлі өзгерістерді сезіну, ұғыну жиынтығы келіп, Абайдың өмірге көзқарасына, ой-санасына үлкен өзгеріс кіргізеді. Абайдың өзі айтқан: «Шығысым батыс, батысым шығыс болды», - дейтін сөзінің терең сыры, міне, осында [4, -Б. 76-77]. Жалпы, орыс-еуропа поэзиясының өлең структурасы туралы ф.ғ.д., профессор С.Негімов: «Орыс поэзиясы тарихында Карамзин сызықша, көп нүктені, Пушкин «Евгений Онегин» романында шумақ нөмірлеуді (бұл тәсіл Пушкин дәуіріндегі европалық поэзияда кездеседі), Жуковский интонациялық құралдарды курсив арқылы көрсетуді, «басқышы» Маяковский поэзия сахнасына әкелді» - деп атап өтеді [5, -Б. 49]. Қазақ поэзиясында дыбыс үндестігі мен дауыс үндестігінің атқарар рөлі үлкен екендігіне де баса назар аударады. Поэзияның өзіне тән ережесі мен қазақи мінез құлқы көне поэзия өкілдерінен жеткеніне, көңіл бөліп түркі дәуіріне дейін апарады, оның өзіндік себептерін нақты мысалдар арқылы дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ ССР тарихы. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – Б. 383-384, 384-387.

2 Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері /Талжанов С. – Алматы : Ғылым, 1975. – Б. 186–195.

3 Қабдолов З., Қыйрабаев С., Нұрқатов А. Қазақ әдебиеті /З. Қабдолов, С. Қыйырбаев, А. Нұрқатов. – Алматы: ОМБ, 1955. – Б. 58 - 59.

4 Жұмалиев Қ. Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. — Алматы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – Б. 76-77.

5 Негімов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – Б. 49.

ӘОЖ 821.512.122.091:821.5:821.16

МӘШҺҮР-ЖҮСІПТІҢ ОРЫС-ЕУРОПАНЫ ТАНУЫ

Ә.А.ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.к., доцент, Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент- мүшесі

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аса күрделі дәуірді басынан өткерді. Қайшылығы мол, алда не болары белгісіз бұлдыр қоғамдық формация әлі пісіп-жетілмеген Қазақстан жағдайындағы толқын Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп т.б. зиялыларды тудырды. Дулат, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп қазақ руханиятының біртұтас галлереясын жасап тұрған адамдар. Бұлардың қоршаған ортаны тану, дүниені ұғыну, сезіну, әлеуметтік- экономикалық жағдайды түсінуі оны жырлауы тақырыпты тану жағы, көзқарасы бір, бір позициядағы адамдар десе болады. Бұлардың қоршаған ортасы, шығармашылығы сол кездегі қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, саяси жағдайлармен тығыз байланысты. Бұл төртеуін қоғамдық формацияда болып жатқан өзгерістерден тыс тағы да қарастыра алмаймыз. Олар өмір сүрген кезде қоғамдық жағдай қандай болып еді? Соған біраз шолу жасалық. М-Ж. Көпеев өмір сүрген орта XIX ғасырдың бірінші жартысы мен XX ғасырдың екінші жартысы екендігі айтылып өтті. Бұл кезең қазақ өміріндегі басқа ғасырларға қарағанда қайшылықтарға толы күрделі дәуір болды. Көп жүріп, көп көргені бар, оқыған-тоқығаны бар М-Ж. Көпеев өз елінің ауыр тұрмысын басқа жұрттың тұрмысымен салыстырып, қорытынды жасап отырған, шығармаларына арқау еткен. Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде қазақ қоғамының экономикасы мен әлеуметтік қатынастарында XIX ғасырдың алғашқы жартысында болған елеулі өзгерістер (егіншіліктің, қолөнердің, сауданың дамуы, хандық тәртіптердің жойылуы), ал сонымен қатар отаршылдық езгінің күшейюі қазақ халқының бүкіл қоғамдық тұрмысына, қазақ мәдениетіне елеулі әсерін тигізді. Бұл - төменде аталған ақындар шығармаларының мән-мазмұнынан да көрінді.

Абай: Орыс сияз қылдырса, Болыс елін қармайды (112); Ояз келсе қайтер ең, Айдаһардай ысқырып (124); Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға (133); Болды да партия, Ел іші жарылды, Әуремін мен тыя Дауың мен шарыңды (272);

Шәкәрім: Бұл елдің көргені - өтірік ант, Қазаққа алдау деген болды ғой салт (82); Патшалар сансыз шығын қылады, Дайындап соғыс үшін ғаскерін (111); Жебір ұлық халқына қас қылады, Көңілін шерлі, көздерін жас қылады (156); Чиновник ісін қылмаңыз, Әділет жолын тыңдаңыз (161); Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп, Адалымсып жүретін ұлықтар көп (166);

Мәшһүр-Жүсіп: «Ұшбу өткен қысқа Шақшан елінің қазағы Біртоқым деген Павлодардың хабасханасында өліп, үш күн көмусіз жатты. Далба елінің он екі кісісін қатын - қалашымен қабат улатып, шулатып орысқа қарсы келдің деп, қойдай тізіп, қозыдай көгендеп, Павлодардың хабасханасына апарып салды. Петропавловскі шаһарына шаһар тілі болып атағы шыққан Танты мырза екі жыл жарым бір жаз войскіге айдалып барып, сол жолдан рахметланып ауырып келіп үйінде өлді. Қызылту ескі елінің алты жігіті нақақтан сегіз жылға жер аударылып, өлгені өліп, қалғаны қалып, жалғыз - жарым тірісі қайтып келді. Мың сөзбен бір сөз, біздің қазақтың үштен бірінің жоққа тандық болғаны била күші хакімларда ғаділетшіліктің жоқтығынан, жұртты жеген залымдар ақшаны беріп-беріп ақталып жатып та, ақша бермегендер, «ісім ақ, құдайым жақ», - деп, «жалаң құдайға сенсең, жаяу қаласың» дегеннің кері келіп, дүниенің о шеті мен бұ шетіне кетіп жатыр» - дейді [1, -Б. 3].

Шәкәрім мен М-Ж. Көпеев қазақ ояныңдар, бостандық, орыс отаршылдығы, бодандық, жерді алып жатыр, теңдік сияқты саяси мәні мен мазмұны бар сөздерді жиі қолданған. М. Әуезов айтады: «Абай өлеңдері мен қара сөздерінде біз патшалықтың дәл өзін сынап, қарсылық сөз сөйлегенін кездестіре алмаймыз. Бірақ, сол патшалықтың қазақ елі сияқты бұратана жұртты билеп отырған системасын және губернатор, ояз,

болыс, тілмәш, би, старшын, елубасы, атшабар, онан соң жаңағы қазақтан шыққан ұсақ чиновниктер бар, осылардың барлығын барынша әшкерелеп, масқаралап, мінегенін көреміз» [2, -Б. 11].

Үшеуіне де орыс отаршылдығымен келген сөздер ортақ: хандық өкімет, құлдық, төре, ақ сүйек, аға сұлтан, жалдама, жалшы, кедей, жарлы, қызметші, малай, жатақ, шаруа, жұрт, қара халық, помещик, дворянин, фабрикант, он басы, мужық, старшина, жандарал, сот, старшин, кандидат, болыс, сайлау, поштабай, шабарман, майыр, ұлық, әкім, атқамінер, мөр, медаль, санат, мекеме, ыштат, закон, қазы, судья, ант, айып, дүре, түрме, кісен, дуан, арыз, абақты, тұтқын, арест, Сібірге айдау, тергеу, кәтәләшкі, прошение, расход, базар, книге т.б. Бұл лексикалар Дулат шығармаларынан да орын алғандығын байқауға болады. Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіп бір ғасырды Абаймен бірге аяқтап, екінші ғасырды кеңес ақындарымен бірге бастады (Сүтжанов).

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының орта кезінде Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталды. Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуы елімізде капитализмнің дамуына мүмкіндік берген 1861 жылғы реформаға және одан кейінгі буржуазиялық реформаларға дәл келді. Бұл реформаларды жасауға мәжбүр болған крепосник-помещиктер капиталистік дамудың талаптарына бейімделу жолына түсті. Қоғамдық формациядағы түбегейлі өзгерістер феодалдық-крепосниктік езгіге қарсы, патша өкіметіне қарсы орыстың демократ күштерін тудырды. Осы демократ мәдениеті қазақ мәдениетіне бірте-бірте күшті әсер ете түсті. Расы керек, патша үкіметінің қазақ даласына айдауға жіберген орыс, шет ел төңкерісшілері қазақ жерлеріне келіп қайтқан орыс жазушылары мен ғалымдары қазақ өлкесін зерттеп, қазақ халқын алдыңғы қатарлы мәдениет дүниесіне тартудың қамын істеді.

А.Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар немесе Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар» т.б еңбектерді қараңыз. Олар қазақ арасында өздеріне лайық шәкірттер мен достар тауып отырды. П.П. Семен-Тянь-Шаньский, А.Н. Бекетов, Ф.М.Достаевский, С.Ф. Дуров, Г.Н. Потанин Шоқан Уәлихановтың жақын достары бола білді. Е.П. Михаэлис, Н.И. Долгополов және басқалары Абайдың достары болды. Ыбырай Алтынсарин да өз заманында орыс ғалымдарының арасынан жақын достар тапты. Қазақтың аса көрнекті ағартушылары, ғалымдары және жазушылары орыстың демократиялық мәдениетінің алдыңғы қатарлы өкілдерінен тәлім-тәрбие алды.

Пушкиннің, Лермонтовтың, Чернышевскийдің, Шевченконың және басқаларының шығармалары қазақ әдебиетінің дамуына игілікті әсерін тигізді, осы әдебиеттер демократиялық дәстүрлердің нығаюына көмектесті. В.Г. Белинский, А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов сияқты төңкерісшіл демократтар Россияның езілген халықтарының бостандық жолындағы күресіне тілектестік білдіріп, оны орыс халқының патша өкіметіне қарсы күресімен тығыз байланыстыра қарастырды. Мысалы Н.Г. Чернышевский 1861 жылы «Современник» журналында жарияланған «Ұлттық әдепсіздік» деген мақаласында орыс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шықты. Н.А. Добролюбов «нағыз патриотизм, адамзатты сүюшіліктің жеке көрінісі болғандықтан, жеке халықтарды жек көрумен сыйыспайды» - деп жазды. Украинаның ұлы ақыны Тарас Шевченко 1847 жылы Қазақ жерінде 10 жыл айдауда болды. Оның «Тәңірінің де балтасы бар есігінің артында» деген өлеңінен қазақтардың бостандық деп соққан жүрегінің рухы сезілді. Қазақтың аухатты адамдары капиталистік қоғамдық формацияның ықпалына түсіп, бейімделу жолына түсті. Ресей өнеркәсібі үшін Қазақстан шикізат өндіретін рынокқа айналды. Қазақстанда жаңа қалалар мен орыс поселкелері пайда болды. Орыстың қара шекпенділері ағылып келе бастады. Қара шекпенділер Абай, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында да көрініс тапты. Әлеуметтік қозғалыс өзінен-өзі рухани қозғалысқа әкелді. Жергілікті тілмаштарды, орыс тілді мұғалімдерді даярлау қолға алынды. Патша өкіметіне қызмет еткен қазақтың зиялы өкілдерінің балалары да шыны керек орыс тілін жақтап, орыс біліміне иек артты. Ал, патша өкіметінің өкілдері оларға үміт артты. Әлеуметтік-экономикалық отарлау орыс тіліне деген қажеттілікті тудырды. Бұл-үрдіс ұзақ жылдарға созылды. Орыс зиялыларының көптеген өкілдері А.Е. Алекторов, Н.И. Ильминский т.б. патша өкіметінің саясатын жүзеге асыра отырып, тілді зерттеуде, қазақ ауыз әдебиетін жинап, бастыруда көптеген пайдалы нәрселер де істеді.

Қазақстандағы мәдениеттің дамуына баспасөз қатты әсер етті. Патшаның жергілікті әкімшілігінің

ресми ұйымы болып табылатын газеттер шыға бастады. «Облыстық ведомостылармен» қатар қазақ тіліне аударылып, Орынборда «Торғай газеті», Омбыда «Дала өлкесі», «Ауылшаруашылық листогі» сияқты газеттер өз беттерімен өнеркәсіп, ауылшаруашылығын, өнер мен білім мәселелерін көтерді. Ташкентте, Оралда, Астраханда және басқа кейбір қалаларда шығарылған газеттер Қазақстан өмірімен азды-көпті байланыста болды. Бұл газеттерде агротехника, мал шаруашылығы жайында, жаңадан ашылған мектептер мен қазақ халқының тілі, тарихы, этнографиясы, ауыз әдебиетіне қатысты мақалалар басылып отырды.

Алғашқы қазақ тіліндегі газет Түркістан генерал-губернаторының орталығы Ташкент қаласында 1870 жылы жарық көрді. Газеттің алғашқы номері «Түркістан уәләятінің газеті» деген атпен «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдың 28 сәуірде шықты. Қазақ тіліндегі екінші газет 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңадан құрылған Дала генерал-губернаторының органы ретінде оның администрациялық орталығы - Омбы қаласында шықты. Газет алғашында Ақмола облыстық ведмостысына жалғама ретінде (орысша «Особое прибавление к Акмолинским областным ведмостям» деген атпен), кейін 1894 жылдан бастап Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының ведмостысына жалғама ретінде «Дала уәләятінің газеті» деген атпен (орысша-«Киргизская степная газета») жұмасына бір рет өз алдына бөлек шығып тұрған. Газет екі бөлімнен (ресми және ресми емес) тұрды. Ресми бөлімінде патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің қазақтарына қатысты бұйрық-жарлықтар жарияланып отырды. Ал ресми емес бөлімінде: ел басқару, егіншілікті өркендету, отырықшылыққа көшу, мал тұқымын асылдандыру, сауда хабары, мәдениетке ұмтылу (мектеп ашу, дәрігерлік жәрдемді күшейту, әдебиетті, ана тілін дамыту) т.б. болды.

Патша өкіметі отарлау саясатын бірте-бірте күшейте берді. Оларды ауылдық мектептер мен медреселер, діни оқулар мұсылманша оқу қанағаттандырмады. Қазақстанның Ресейге қосылуы орыс-қазақ тілді школдар мен училищелер ашуға мұрындық болды. Бұл мектептер қазақ жерінде бұрыннан бар мұсылманша оқу орындарының жабылуына әкеп соқты. Оқу орындарындағы шәкірттер саны да аз болды. Орынбор мектебі 19 жылдың ішінде небәрі 48 сауатты адам - қазақ зиялыларының алғашқы өкілдерін тәрбиелеп шығарды [3, -Б. 465 - 476]. Р. Сыздықова: Ішкі Ордада үкімет школдарында 1891/92 оқу жылында небары 160 қазақ баласы оқыса, 1889 жылы 573 бала оқыпты. Бүкіл Қазақстанда XIX ғасырдың II бөлігінде небары 100 шақты орыс - қазақ школдары болып, оларда 4000-ға жуық бала оқыған (Мәлімет Қаз ССР тарихынан алынған) [4, -Б. 11]. Бұл мектептердің қазақ халқының сана-сезімдерінің оянуы үшін прогрессивті рөлі зор болды. Қазақ халқының мәдени өмірінде кітап басу ісінің маңызы зор болып, рухани өміріндегі ерекше құбылыс болып есептелді.

Қалай дегенмен XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында оқу-білім ісі анағұрлым алға жылжыды. «Между тем до октября 1917 г. На казахском языке было издано свыше 900 названий разнообразной по тематике и содержанию печатной продкуции. Тираж 457 из них достигал 2 192 235 экземпляров» - дейді (Ж.Шалгумбаев. // Известия НАН. РК. Серия филологическая, 1994. № 2. 33 с.).

Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп орыс империясының отарлау саясатын: бостандық, жер мәселесі, думаға мұсылман өкілеттілігін сайлау, теңдік, бас қосу, дүшпан, жау, дін бостандығын ашық айта білді. Оның мәнісі мынада, 1905 жылғы Ресейде болған төңкеріліс, қанды оқиға да ақындардың ой-өрісін өсірді. Ақындардың шығармаларында, олардың көзқарастарының қандай екеніне қарамастан, өлкенің шаруашылығы мен мәдениетіндегі жаңа құбылыстар бейнеленіп отырды. Халық жерін тартып алу, қазақ халқының феодалдық және отаршылдық езгіге қарсы күресі ақындар жырының маңызды тақырыбына айналды.

М-Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі?», «Хал-ахуал», «Олжабай» т.б. мазмұны мен мағынасы жағынан ел мен жердің тағдырына алаңдаудан туған шығармалары болды. Онда хандар мен патша әкімшілік орындарының халық жерін басып алуына Сарыарқа қазақтарының жасаған қарсылығы мен наразылығы кеңінен орын алды. М-Ж. Көпеев: «Баласы дін-мұсылман ұрандасып, Қосыл кісі санына, қос басыңды» - деп ашық айтты (Сарыарқаның кімдікі екендігі?). Ол-патша өкіметінің «манифесіне» сенбеді, қазақтарды да сенбеуге шақырды. «Манифест бар деушілер тұтқын болып, Кесілді еш себепсіз оған

жала» - деді М-Ж. Көпеев. Ақын замана тынысын бұрынырақ біліп, сезіп отырған сияқты.

М-Ж. Көпеев: «Мың сегіз жүз сол алпыс тоғыздан соң, Қор болып, болмадың ба аяқ асты?» - деп жазғанда 1868 жылғы «Уақытша ереженің» қазақ еліне әкелген қасіретін айтып отыр. Сонда, М-Ж. Көпеев нені білген? Неге? 1868 жылғы «Уақытша ережені» мысалға алған. Соған барлау жасап көрелік. «1868 жылғы «Уақытша ереже» мұсылман дін қызметкерлерінің құқығын тежеді, сұраусыз мешіт салуға, мұсылман медіресесін ашуға, молдалар мен мешіт пайдасына алым-салық салуға тыиым салынды. 1868 жылғы «Уақытша ереже» Қазақстанда христиан дінін таратуға бағытталған бірсыпыра параграфтар болды. Сол сияқты ел басқарудың жаңа системасының орнығуы патша өкіметі үшін жайлы болды. Қазақ жерін тартып алудың тағы бір жалаң саясаты жасалды» [3, -Б. 418]. Соның салдарынан жергілікті жерлердегі комиссия реформаны жүзеге асыра бастады. Реформа қазақтың бұрыннан қалыптасқан, үйреншікті рулық басқару жүйесін бұзды. Құнарлы жерлер тағы да алынды, жер бөліске түсті. Жердің бей - берекет қайдағы бір келімсектерге берілуі қазақ елінің қарсылығын тудырды, кейбір жерлерде патша үкіметіне қарсы күрес басталды. Міне, осындай қазақ халқының ауыр жағдайлары т.б. оқиғалар қордаланып келіп, көзі ашық саясат жағынан қырағы М-Ж. Көпеевтің 1868 жылғы күрделі оқиғаны сөз етуіне, жазуына түрткі болды. Осы жағынан келгенде М-Ж. Көпеев шынында да заманынан оза туған демократ ағартушы екендігіне көзіміз анық жетеді. Сондықтан да, М-Ж. Көпеев манифесті орыс империясының кезекті құйтырқысы, қазақ елін, жалпы бұратана халықты алдауға арналған арандату екендігін түсіндірді. Сөйтіп, шығарманың негізгі мән-мазмұнына арқау етті. М-Ж. Көпеевтің бұл шығармасы қазақ халқының арасына лезде таралып, өзі де ушығып тұрған жағдайға отқа май құйғандай әсер етті. «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» қазақ халқының ғана емес, күллі мұсылман елінің саяси ұранына айналды. М-Ж. Көпеев ақындардың ішінде алғашқылардың бірі болып, қазақ халқының бостандыққа, теңдікке жетуі үшін, мұсылмандар, бірігіңдер деді. Патша үкіметінің екі жүзді саясаты М-Ж. Көпеевтің шығармасының негізгі идеясын құрады. Сол кездегі патша үкіметінің отаршылдық әрекетін ақын айыптап, батыл сынады. «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» кітабы Қазан қаласында басылған нұсқасы 1905 жылғы оқиғаны саяси тұрғыдан өте сауатты сипаттап, сол кездегі оқиғаны көзбен көргендей қылып жан-жақты суреттей білген.

М-Ж.Көпеев «Байланып қорыққандықтан жүрді тілім, Қазағым, қайран жұртым, халқым, елім» - деп, қазақтың тарихынан мәселе қозғап, бүгінгі бодандық халін Ресей империясының жүргізіп отырған саясатын әшкерлейді. Қазақ халқының ауыр жағдайын бүкіл дүние жүзіне паш етеді:

«Біздің қазақты үшке бөлсек, екі есесі жоқ есебінде, ал қалайша жоқ десең, жер - су учаске деп алды, войске деп бір алды. Бұл екі алыспен ағашты, шабындылы жерден қазақ айрылды, суырша жонға шығып, жан сақтап жүр еді. Егінге лайықты деп, ол жан сақтап жүрген жерлерін мұжық келіп және алды.

Жер-судан айрылып қалған соң,
Өз қонысынан ауған соң,
Еркекте ақыл қала ма?
Біреуден сауын сауған соң,
Ұрғашыда ақыл қала ма?

Ақылдан айрылып қалып, шаруа малынан береке қашып, оның үстіне алым-шағым, земіскі, ізбор деген қымбаттап, ел аралаған начальник, шиноликлардың жалдап мінген аттарының майын төлей алмай қаңғып кетіп, Питербор, Мәскеу барсаң, орыстың малайы-қазақ, Бұхар, Ташкент барсаң сарттың малайы-қазақ … Патшаға оқ атып, қылыш суырған бір қазақ жоқ. Орыстікіне, шиноуликке, нашалникке ақша бергендер кісі өлтірсе де, кешуі болып үйде қалып жатыр, ақша бермегендер сүттен ақ болса да, атылып, айдалып кетіп жатыр» - деп жазды [1, -Б. 6].

Академик Р.Сыздық: «Дулат - Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға біртабан жақын келген, Европа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын» - дейді (Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, «Арыс» 2004. –Б. 582). Дулаттың осындай классикалық поэзия үлгісінің біраз белгілерін Абайдан кейін қабыл алған Шәкәрім мен Мәһүр-Жүсіп Көпеев деуге де болады. Дулат және Мәшһүр-Жүсіп Абай, Шәкәрім Ресей империясының дәуірлеп тұрған заманында өмір сүрді. Бір жағынан Ресей өкіметінің, екінші жағынан жергілікті жердің патша өкіметінің өкілдерінің қыспағын көрген

қазақ халқының тағдыры бұл-төртеуін әрине бей-жай қалтыра алмады. Ресей империясының бодандық әрекеті қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жақтарын да қозғады. Бұл саясат қазақ халқының оянуына, алдыңғы мәдениетке ұмтылуына да әсері қатты болды. Бұлардың шығармаларының мән-мазмұны, идеялық қазығы орыс отаршылдығына дейінгі ақын-жырау дәстүріне иек артқанмен заманына қарай басқа бағыт алып, басқа идеяларға толы болды. Осы кезеңдегі халықтың ауыр тұрмысын, рухани мәдениетін жырлау осы-төртеуінің еншісіне де тиді. Сөйте тұра, олар - орыс-еуропа мәдениетінен көп үйренді.

М-Ж. Көпеев «Аспан, жер және адам жаратылыс туралы» еңбегінде: Платон - (Жүсіп қолданысында Аплатон) хакім ақылына сенді: «Өлмеймін!» - деді, кәне, өлмей қалғандығы?! Ендеше сен маған құдай ақыл берген екен, ғылым, білім берген екен деп, ақылыңа, ғылым, біліміне сенбе! Сенгіш болсаң құдайыңа сен! - деп Аплатонның ақыл туралы кейбір қағидасына өзінің пайымдауын айтады. Құдай жоқ деген сол уақыттағы қағиданың қате тұжырым екендігін, Джордана Бруно, Коперниктердің ой-тұжырымына сүйенеді. Орыс сыншысы Виссарион Белинскийдің туған өлген жылын (1810-1848) көрсетіп, өз тұсында замандастарынан басып озған, арттағыларына ұстаз болған орыстың атақты, ірі әдебиетшісі, тарихшысы деп жазды. Ол айтқан пәлсәпа: «Дүниеде, бір-ақ жалпы тіршілік бар, - дейді, - жеке заттар, жеке көріністер туады, өледі, кетеді, - дейді. - Бірақ тіршілік еш уақыт өлмейді, ешқайда кетпейді. Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады. Толқынмен толқын ауысады. Бір толқынның орнын екінші толқын басып, ауысып, өзгеріп жатса да, түпсіз тереңдеп я әлі күнге орнында, әлі күнге тірі қозғалады, ұшы - қиыры жоқ ауданды кең бесігінде толғанады». Осы сөзге менің жаным ырза болды, оны орыс деп айту жарамайды, «ерсің!» - деп сөйлеу керек» - дейді. В.Белинскиді қазақшаға аударып, оның айтқандарынан философиялық ой түйеді. Оның Лермонтовқа, Гогольге, Гончаровқа берген бағасын, әдебиет сыншысы екендігін дөп басып айтады. В.Белинскийдің «Московский наблюдатель» (1838-1839 жылдары) журналындағы сын мақалаларын оқығандағы ақынның өзіне қажетті жерін жазып алып қазақша аударғаны байқалады (З.Қабдолов, С.Қыйрабаев, А.Нұрқатов. Қазақ әдебиеті, 2 бөлім. ОМБ, 1955. - б. 6-18).

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы орыс революциясы туралы айтқандары революционер демократ В. Белинский шығармаларын оқыған кейін туған ой болуы әбден мүмкін. Дарвиннің: «Талай замандар өткенде, биттей көзге ілінбейтін бір бүршікті құрттан мал, құс, аң, ағаш сияқты жәндіктер мен өсімдіктер шығады»-деп «Құран кәрімдегі» адам топырақтан жаратылған деген оймен сабақтастырады. Жер бетіндегі тіршіліктің пайда болу көзін анықтайды. Немесе, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Михаил Баскиннің: «Әлем жүзіндегі барлық нәрселер тоқтаусыз қозғалып, өзгеріп отырады. Осы күнгі қап-қатты болып тұрған жеріміз бір кезде даулдап жанып тұрған отты зат болған. Нешелер замандар өтіп сырты суый бастаған соң, осы қалыпқа келген» - деген сөзін келтіріп, өзінің кейбір шығармаларына арқау еткен. Затаевичтің қазақ әндерін ел аралап жазып алғанын: «Затаевичтің қазақтың әнін жұрт көзіне түсіргені» - деп үлкен баға береді. «Адам мен жұлдыздар арақатынасы» деген еңбегінде Жилинус сөзінің дұрыстығына ден қояды. Жилинус атанған бір данышпан айтқан: «һауа түзу бұзылмаған уақытта өзі жүруге жарамай қалған жан арбамен болса да, күнде бір қабат таза ауада жүруді ғадат (әдет) қылсын!» - деген ғибрат сөзіне құлақ асады. Мұндай мысалдар, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында өте көп кездеседі. Біз ақынның орыс-европа ойшылдарын, зиялыларын, биологтар мен философтарын оқығандығын, еңбектерін оқып қана қоймаған, шығармаларына арқау қылып пайдаланғанын тағы бір мәртебе шегелеп айтқымыз келеді.

Мәшһүр-Жүсіптің Л.Толстой, А.Пушкин, М.Лермонтовтың шығармаларымен таныс-біліс болғанын, олардан үйренуге шақырғанын әр кезде жазғандарынан білеміз. Осы орайда Қазақ ССР Ғылым акадаемиясының академигі М. Қаратаев мынандай бір қызық факті келтіреді: «Бірінші бағыттағы халықтық ақын-жазушылар Пушкинді Абай дағдысымен ұнатып, шамасынша оқып, қазақ тіліне аударып келді ...» - дейді Мәшһүр-Жүсіп туралы жазғанында (М. Қаратаев. Туған әдебиет ойлары. — Алматы, 1958. — 114 б.). Осыдан ой түйетін болсақ, аударма белгісіз ақындікі емес, М-Ж. Көпеевтікі екені сөзсіз. Өйткені, Мәшһүрдің өзі де орысша әжептәуір білген ғой. Бұл мәселе әлі

де зерттей түсуді қажет етеді» - дейді С. Дәуітов (Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалылары, 1990. – 17 б.). Біз де осы ойға толығымен қосыламыз. В.Г. Белинский шығармасын оқыған ақын, А. Пушкин, М. Лермонтов өлеңдерін аударма ды, білмеді деп айта алмаймыз. Осы орайда, Мәшһүр-Жүсіптің 1176-шы қолжазбасынан Пушкин туралы, Конфуций, Сократ, Платон, Сағдиді Еуропа, орыс оқымыстылары да біледі деген сөздерді оқыдық. Демек ақынның орыс-еуропа әдебиетін білгені айдан анық. Абайдың «Екінші сөзінің» мәнмағынасына Мәшһүр-Жүсіптің қазақтың мұңын, орыс империясының отарлау саясатын әшкере еткені, қазақты жалқау деп сынағаны бір-біріне өте ұқсас екендігі айтылып өтті. Сол сияқты ауылдың атқа мінерлерін сынауы, тұрмыс-салт, әдет ғұрыпқа байланысты, өнер-білімге, ғылымға шақырған өлеңдері, батыстан, шығыстан, орыстың ғылымын, тілін білу керек деген өсиеттері де аз емес.

Мәшһүр-Жүсіп **«асыл жақ»** туралы былай дейді. «Жағырафияда мұндай сөздер айтылмай, бұлардың орнына шырық, ғырып, шымыл һәм жынып оң. Бұларға «асыл жақ» - тегіс жер жазықта туып жан-жығымызға қарасақ, айналамызда көк пен жер тұтасқан сияқты көрінеді. Сол көрінген дөңгелекті «Нықта шарабы» (шырасы) дейді. Асыл жақтың араларында болған жерге «туынды жақ» - дейді. Хыритаға (картаға) қараған кісінің оң жағы «шырық», сол жағына түскен шепті «ғырып», жоғары жағы «шымыл», астыңғы жағы «жыноб» болады. Күн әр уақытта бір жерден шығып тұрмағандықтан, күннің шығысы мен асыл жақты белгілеуге қатысы (қақысы) болғандықтан, Темірқазық жұлдызымен белгілеу анық болады» - деп жазады [5, 221].

Мәшһүр-Жүсіп жер бетіндегі халықты бөлмей бәрі біріне-бірі қарындас деген. Мысалы: «Дүние барша кісілердің ортақ орны болып, адамдар бір-біріне **қарындас** болғандықтан, әр-қайсысының халінен хабардар болғандықтан, кісінің қадірі әлбетте артық болады» - дейді [5, 220]. Бұл – сөзіне өзі зерттеген мына жайттар да әбден дәлел бола алады. Ең алдымен Мәшһүр-Жүсіп орыс-еуропа мәдениетін жетік білген бе? Соған біраз шолу жасалық. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы орыс-еуропа әдебиетін өте жетік білген деп нық сеніммен айта аламыз. Оған біздің көзіміз жетті. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына төмендегі бірнеше мысалдарды келтіреміз. Кезінде академик Мұхаметжан Қаратаев: «Кейінгі кезде белгісіз ақындардың аударып ел арасына тараған «Евгений Онегиннің» үзінділері табылды. Мәшһүр - Жүсіптің қолжазбаларының ішінде белгісіз ақын аударған Пушкиннің кейбір өлеңдері шықты» - деген еді [6, 117]. Әрине, бұл пікірге кейбір ғалымдармыз күдікпен қарап келгені де рас еді. Мәшһүр-Жүсіп: 1917 жылы алған әйелін өз ықтиярымен үйіне апарып салады. Сонда жолдастары мұныңыз не дегенде «Оның ойнап күлетін жас өмір, жас шағы. Менің қартайып тоқтаған уақытым. Келешегі бар, жас өміріне кеселім тимесін! – деп босаттым! - деп жауап берген екен. Және де айтатын еді: - **«Онегин, Татьяна** әңгімесін байқамадыңдар ма? Жас пен кәрі еш уақытта да жолдас болып, жақсы өмір, қызық дәурен сүре алмайды» - деп [7, 321]. А.Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасын мысалға келтіреді. Енді бірде ақын: «[А.С. Пушкин өлеңі] Пушкин сөзі деп біреу жазыпты: Қаңғыдым жан қинадым шындықты іздеп» - деп жазып алған [8, 290].

В.В. Радлов туралы Мәшһүр-Жүсіп «... Бұл ғылым білімнен бастап, мұнан былайғысы бұрын қағаз жүзінде нұсқа болып жазылмаған. Үш жүздің ішінде кеудесі хат болған Қаракесекте – Бердәлі қожа, Қанжығалыда – Сакқұлақ, (Әлике) Лике-Байдалыда Аққошқар – Сайдалының Аққошқары – сондай қазақ жақсыларынан естуіменен Мәшһүр **Иүсіф** (Иосиф – Ә.А.) Көпеевтің қағаз жүзіне тахырия қылып, оһым өз зиһынан жасалған сөзлерді мыхымұх міркіб қылып кейінгі заманға жәдігер (иадкер) үшін жад әуелі басы Василий Васильевич Радловтың жинаған сөзі – қазақ әдебиетлерінен» - жазған [11, 16]. Немесе, «Жетпіске жетіп, жер таянып отырған біздердің тумай тұрып қалған күнімізде неміс жұртынан шыққан Василеиш Радлов қазақ әдебиетін жинап бастырған екен. Біз жазайық деп отырған сөзіміз сонан алынған. «Қазақтың түбі» деп, Васили Василиш Радлов баспаға бастырған» - деп жазды (ОҒККҚ, №1177 папка, 279 бетте) [7, 400-401],

Мәшһүр-Жүсіп «1810-1848 жылдардың арасында тіршілік қылған Виссарион Белинский - өз тұсында замандастарынан басы озған, арттағыларына ұстаз болған орыстың атақты, ірі әдебиетшісі, тарихшысы. Ол айтқан пәлсапа: «Дүниеде, бір-ақ жалпы тіршілік бар, - дейді, - жеке заттар, жеке көріністер туады, өледі, кетеді, - дейді. –Бірақ тіршілік еш уақыт өлмейді, ешқайда

кетпейді. Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады. Толқынмен толқын ауысады. Бір толқынның орнын екінші толқын басып, ауысып, өзгеріп жатса да, түпсіз тереңдер я әлі күнге орында, әлі күнге тірі қозғалады, ұшы-қиыры жоқ ауданды кең бесігінде толғанады». Осы сөзге менің жаным ырза болды, оны орыс деп айту жарамайды, «ерсің!» - деп сөйлеу керек. Дарвин айтады: «Талай замандар өткенде, биттей көзге ілінбейтін бір бүршікті құрттан мал, құс, аң, ағаш сияқты жәндіктер мен өсімдіктер шығады» - деген. Үшінші сөз Михаил Баскин сөйлеген: «Әлем жүзіндегі барлық нәрселер тоқтаусыз қозғалып, өзгеріп отырады. Осы күнгі қап-қатты болып тұрған жеріміз бір кезде дауылдап жанып тұрған отты зат болған. Нешелер замандар өтіп сырты суый бастаған соң, осы қалыпқа келген» - дейді [9, 56]. Мәшһүр-Жүсіп тек қана оқып қоймаған көңіліне жаққан сөздерді қойын дәптеріне жазып қойған және де өзінің ойын пікірін де ашық айтқан. Айталық, Мұсабековтің рақмет ғұмұмия дегені, Дарвиннің тұрмыс – тартысын сөйлегені, Виссарион Белинскийдің: «Толқынды толқын қуады – дегені, Мұхтар Әуезовтің осы жүрген жандарды: «Босқа еріп жүрген соқыр» - дегені, оның ішінде «Ақын – жынды қатын» - дегені, Михаил Баскиннің: «Бұл жүрген жанның көбі басы жоқ мұжық» - дегені, Затаевичтің қазақтың әнін жұрт көзіне түсіргені. Бұл сөздерге қол қойған – Мәшһүр Жүсіп Көпей баласы» дейді [9, 60]. Жилинус атанған бір данышпан айтқан: «һауа түзу бұзылмаған уақытта өзі жүруге жарамай қалған жан арбамен болса да, күнде бір қабат таза ауада жүруді ғадат (әдет) қылсын!» - деген [10, 26]. Сол сияқты, 1828-інші жылда 10 сентябрьде туып, 1910-жылда 20-ыншы ноябрьде өлген – **Лев Николаевич Толстой:** 1801-1851-інші жыл туған жаннан 30 жас үлкендігі бар 82 жаста қаза тапқан» - депті [11, 180]. Бұл - ақынның орыс-еуропа әдебиетін, философиясын, географиясын көп оқып, тоқығандығының белгісі, дәлелі болып табылады.

Мәшһүр-Жүсіп: ««Л.Н. Толстой және басқалар айтқандары» - дегенде: Адам баласынан – озған күн жоғалмаса, аты жоғалмайтын Лев Николаевич Толстой «Ұят-ай!»- деген мақала жазды: «Біз адам емес пе едік?» Ұят біздің белгіміз емес пе еді? Осы жалғыз белгіден айрылып, ана төрт аяғынан сыйынған аталарымыздың аулына қайтқанымыз ба?!» - деп. Адам баласының сөлекеттік қылған ісін-«Хайуандықпен қылған ғой»! – деуге болады. Ғылымды, білімді болған затлар бізді қанша жоғары тартса да, біз тырысып, ащыға қашқан түйедей, төрт аяқтының аулына қайтып жатырмыз. Орыс жазушысы Салтыков «Түзулік пен шошқа» - деп, мақала жазған: «Түзулік, сен: «Күн бар»! – дейсің, рас па, мен көрмеген күнді сен қайдан көрдің?» - деп шошқа түзулікті балтырдан алған.

Сонда түзулік айтқан:

- Шошқа, сені Құдай жаратқанда, жоғары қаратпай жасатқан. Сен күнді осы себеппен көрмейсің.

-Есті (ыссы) күнде көретұғын, жұрта көрсетіп тұрғандар, балтырды басқаға бере беріңдер! – деген.

1910 – ыншы жылы опат болды дума члены Василий Иван Королев. Бұл төрт жыл Шилисбилпорых абақтысында отырып, ғұмырынша Сібірге айдалған еді.

1910 – ыншы жыл жазғытұры үшінші (3-інші) дума, государский думаға дін құрдастығы туралы Закон жобасы қаралды. Сонда Королев докладчик: «Дін бәрі құрдас (кордас) дінге бостандық, Құдай жолы-адам көкірегінде. Бұған ешкімнің таласы жоқ!» - деп.

Думаның оң жағынан бір депутат:

- Каторжник! - деп, жуандық қылып, Королевтің бетінен алды. Осы надандық, әдепсіздік қылған депутат бір поп еді. Қазақшаға тәржімә қылсам, қажы деуге зор ұқсайды. Сонда Королев айтты:

- Рас, мен абақтыда отырдым, айдалдым да, міне, сендердің государский думаға отырғандарың – осы мен атқарған істің аяғы. Мен бұған мақтанамын! - деп. Осы Королевтің попқа берген жауабы би бетінде тасқа жазулы.

- Королев өлгенде, 3-інші Уфа губерниясынан депутат мола Тоқаев жас әйел баласына ұстатып гүл әкеліпті. Дүйсекең бұған не айтар? Қажы Дүйсекей осы Королев, **Потанинмен** бір қос болмай:

- Сенімен бір жүріп, тозаққа кетірейін бе?! Жақынға қас қылған Қабыл мен Яһуданың қайда екені белгілі еді. Бұларға да бір атшы керек қой! Жолың болсын! – «Қыр баласы» баласы. Қазақ ішіндегі надан қажылармен айтысу жарамайды. Бәрінің сыбағасына осы сөз де жетерлік сөз. Рахмет «Қыр баласына!»- Анадан бала туса, осындай ту! (Қыр баласы - Ә.Бөкейханов -Ә.А.)

54-інші номер «Қазақ» газетасында басылған сөз: «Күллі дүниедегі қажыларға тартылған бір табақ».

1914-інші жылында, апрельде біздің қолымызға келді» - деп Ресей тарихынан көптеген тарихи мәліметтер келтіреді. Егер де Мәшһүр-Жүсіп орысша білмесе, оқымаса, саяси сауаты болмаса онда осыншама деректерді қалай білген деген заңды сұрақ туады. Осы сұрақты сейілту мақсатында да және Мәшһүр-Жүсіптің тек қана түркі тарихын ғана біліп қоймай, орыс-еуропа тарихын да жетік білгендігінің нақты дәлелі деп білеміз [12, 198-199].

Мәшһүр-Жүсіп «Әбілғазы ханның шежіресін» жете зерттеп тарихына тоқталады: «Оның сөйлеген шежіресін Яуропа жұрты атам заманда перуаттап алған, **Вельяминов-Зернов** жазған тарықтан көдедей көп **Николайдың** әкелері **Александр** патша француз тілінен орыс тіліне айналдырып, **Казимбекке** перуатдатқан. Сол Казимбек баспасынан алынған сөз – «Уыз хан шежіресі». Мұны «Әбілғазы хан шежіресі» атаған [12, 397].

«192? –ншы жылдың 21-ші ноябрінде жеке басылған «Еңбекші қазақ» газеті №2-нші нөмірінде: «Ескі заманның мәдениетінен мәжнүн есаландар безеді, депті. Оны **Маркс** айтты дегенге келеді. «Сотқа сот қосылса -салмасын, сөзге сөз қосылса - демесін». Бұл мәдениет ертегіні жаздық. Сайрам қаласының мешітіндегі тас бағанды орнатқан кім екенін жазам» [12, -Б. 416] - деп ақын ескі мәдениеттің керек екендігіне ден қойып, **Маркс** ілімін жақтайды. Және «мәдениет» - деген терминді XIX ғасырда бірінші қолданған да Мәшһүр Жүсіп екендігін ескерте кеткенді жөн көрдік.

«Таудан мұраттау түгел шағыр **Некрасов** айтқан: «Бәрі жердің астында көмілгенде, жоқ үміт және сонда жылар да жоқ, қаны қатқан, әлі... жүз ел ғұмыр ит һимна үмітте бол. Век живи, век надейся. Үмітсіз шайтан – ғалия лағын» - деп жазды Мәшһүр-Жүсіп [13, -Б. 3].

Мәшһүр-Жүсіп: «Мәдени халық қасында дүние халінен хабардар болған, болмаған кісілер өз ортасының халін білмеген кісілер ақымақ кісіге есеп қылынады. Бұлай болса қадар[и] көп халықтың халін білуге бола ма? Болады. Оның үшін жағырафия оқуы керек. [Жағырафия] жайын үйреткен білімге орысша география деп, бұған шейін жазылған сөздер жағырафияның керекті бір ғылым екенін білдіру үшін жетсе керек. Жағырафияның мектеп, медреседе сабақ болып оқылып, жағырафия [ны] медреседе оқытуға бола ма? Жас балалар мектеп, медреседе оқудан пайда қыла ала ма? Бұл сұраудың жауабына көп сөз жазуға орын жоқ. Мәдени жұрттар өнер, дін мектептердің программ [сы]на жағырафия қосып отырғандығы жетеді. Рум, Сияһым, Түркияда болсын, жалпы Еуропада болсын – жағырафия оқытылмаған ешбір мектеп жоқ. Бастауыш, орта, жоғары медреселерде сауда әр дін мектептерінің әрбірінде өздерінің дәрежесіне қарай жағырафия оқытылады. «Жағырафияны мектепте оқуда пайда жоқ» - деу басқа ғылымды, халықтарды ақымақ деген болады. Олай деу [дің] өзі – ақымақтық. Жағырафия адамды өткірлендіреді, ойын нұрландырады һәм Отанын сүйгізеді, басқа пәндерді білуге себепші болады. Әсіресе тарих ғылымының негізі дін ғылымына да қатынасы бар. Бұрынғы пайғамбарларымыз қай жердегі халықты иманға шақырғаны жағырафиямен білінеді. Олай болса, жағырафия оқыған кісі Алланың құдіретіне көңіл нығырақ сенеді» - дейді [5, 220-221]. Мәшһүр-Жүсіп «мәдениет» - деген терминді XIX ғасырда тұңғыш қолданғанын атап өткеніміз орынды деп санаймыз.

Бұдан әрі Мәшһүр-Жүсіп жағырафия – бек кең ғылым болып бірнеше бөлімге айрылады» - деп жағырафия (география) ғылымының дінмен қатысын айқындайды және Алланың құдіретін осы – жағырафия арқылы өте жақсы тануға болатынын жазады. Жағырафия пәні бала мінез-құлқымен тығыз байланысты екенін, мектептерге ғылым ретінде енгізу мәселесін де ең алғаш көтерген Мәшһүр-Жүсіп. Мәшһүр-Жүсіп жағырафияны бірнеше атақты бөлімдерге: жағырафия риазы, жағырафия табиғи, жағырафия сабасы, жағырафия тарихы, жағырафия риазыны (екі рет жазыпты – Ә.А.) бөледі. Және олардың ара-қатынасын ажыратып береді. Жердің форымы үлкендігін үстіндегі күрзі себетін сызықтарды Күн мен Айға Жердің жырақтығын білдіреді десе, табиғи жағрафия: жер үстінде болған таулар, сулар, ағаштар, адамдар һәм хайуандарды білдіреді, ал, саяси жағрафия: жер жүзінде болған патшаларды, ол патшаның қол астында болған мемлекет һәм шаһарларды білдіреді, тарихи жағырафия: бір мемлекетте бұрынғы заманда болып өткен қауымдардан, яки бұрынғы қауымдардың қай жақта тіршілік еткендігін білдіреді дейді. Сол сияқты, Мәшһүр-Жүсіп географиялық терминдерді, ономастикалық терминдерді қазақшалаған алғашқы адам болып табылады. Және де қазақшалағанда

сол уақыттың орфографиялық нормасына сай термин жасаған. Оны төмендегі келтірілген нақты деректерді оқығанда көзіміз жететін болады.

Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп: Жердің үстінде бірдей қылып екіге бөлген бір сызық бар. Ол сызық күннің жүретін жолын орысша «экватор» - дейді. Оны екіге бөліп: Бұл бөліктің бір жағына – сол жақ жарты, екіншісі – оң жақ жырты. Жерді хыритаға (картаға) түсіргенде, сол жағы жоғары қарайды, оң жағы төмен қарайды. Күннің жүретін жолы қатты: ыстық болады. Екі жақ шет-ыстықтығына қарағанда, беске бөлінеді. Ыстық жер-күннің жүретін жолының әр екі жағынан 9440 шықырымнан болады. Екінші орта жер – ыстық жердің әр екі жағында 4490 шықырымнан болған. Жерорта әуелі сол орта, әуелі жерден екі жақ қарай болған суық жер дейді. Құрғақ дүниенің бөлімдері. Жер үлкен беске бөлінеді. Олардың әрқайсысыг бөлім дейді. Олардың аты мыналар: Еуропа, Азия, Америка, Аустралия. Бұлардың әуелгі үшеуін де «Ескі дүние», соңғы екеуін де «жаңа дүние» - дейді. Бұл бөлімдердің құрғақ жерлері әр түрлі аталады. Айналасы су болған құрғаққа Арал дейді. Сондай құрғақтар бір-біріне жақын көп болса: «Аралдар»-дейді. Бір жағы құрғаққа тұтасып, үш жағы су болса: «Жартыарал» - дейді. Жартыаралдың құрғаққа тұтасқан жері жіңішке болса, «Бірзық»; қазақша «Мойын» - дейді. Құрғақтың теңізге сүйір болып шыққан жерін «Тұмсық» - дейді. Жердің үстінде жоғары көтерілген биікке тау дейді. Төбесінен от түтіні шығып тұрған тауға «Жанартау» дейді. Таудың үсті тегіс болса: «Иайла»-дейді. Таусыз жерде болған тегіске «жазық» дейді. Егін, шөп өспейтін құмды жерге «шөл» дейді. Судың бөлімдері дүниені айналып алған үлкен суларға: «Тысқы теңіз (деңіз)» - дейді. «Сол жақтағы мұз теңізі», «Оң жақтағы мұз теңізі». Үлкен теңіз –һинді теңізі, Атлас теңізі – теңіз аталып, беске бөлінеді. Бұлардан айрылып құрғақтың ішіне кірген сулар... «Ішкі теңіз»-дейді. Бір жағы суға тұтасып, үш жағы құрға[қ] болған суға «Гүрпаз» дейді. Гүрпаздың пароход тоқтауға жасалған орнына «Лимін» - дейді. Екі судың қосылған тар жеріне «Қылма» - дейді («бұғаз» дейді). Егер ол су адам күшімен қазып қосылған болса: «Канал»-дейді. Бір жерден екінші жерге ағып тұрған суға «Өзен» дейді. Өзеннің шыққан жағын: «Мынбых», құятын жағын: «Мынғып» (мынсып) дейді. Өзеннің құятын жағына қарсы қарап тұрған кісінің оң жағы – судың оң жағы – кісінің сол жағы. Судың сол жағы биік жерден ағып түскен суын: «Ғышалла» (хышалла)-дейді. Құрғақтың ортасында ақпай тұнған суға: «Көл» - дейді. Бес бөлімнің әр бөлімдері бірнешеге бөлініп, әрбір бөлігі бір патшаның қол астында болады. Сол бөлімдердің патша қол астында болған жерін: «Патшалық жер» - дейді. Патшалардың тұрған шаһарын: «Астана» - дейді. Қазіргі «Астана» қаласының атын еске түсіріңіз.

Жердің үстінде болған топырағын һәм суларды, патшалық шаһарларды айырып көрсеткен қағазға: «Харита» (карта) - дейді. Әр патшалықты қағазға түсіріп, [ол] кітап сияқты түптелген болса: «Атлас» - дейді. Жердің домалақтығын жасап қағазға түсірген нәрсені креміс (глобус) [дейді]. Сол жерді екіге жарып көрсеткен қағазға: «Кіремстиға» - дейді. Жер жүзінде миллиард алты жүз миллион халық бар. Бұлардың тірісінің түсіне, бетінің қиянаиына қарап, 3 түрге бөлінеді. Бірінші-ақ, екінші-сары, үшінші қара түсте келеді. Ақ түсте – бұларға Еуропада, Азияның күнбатыс жағында, Африканың сол жағында, Американың әр жерінде тұрушы адамдар. Бұлар ғылдауандарда ең ілгері халық. Екінші Сары түсте келеді. Бұлардың ескі қонысы Азияның күншығыс жағы болса да, осы көне Азия, Еуропа, Америка һәм Аустралияда бар. Бұл үш түрде басқа Американың тұрған елі – қызыл түсті һәм Аустралияда тұрған Мализ жұрты. Бұлар сарыға қосылады. Осы адамның тіршілігі. Адамның тіршілігі туралы дүние жүзіндегі кісілер тіршілік жағынан үшке бөлінетінін де жазып кеткен.

Мәшһүр-Жүсіп дін туралы жер жүзіндегі адамдар дін жағынан екіге бөлінеді. Бірі – Құдайды бір дос (дош), бірі Құдайды бір демеуші, «бір» деушілерге кітабы дейді. «Бір» демеушілерге «Бір» деушілер 3 түрлі. Ғайса, Мұса, Мұхаммед-бір деме-осылар. Будда, Бірахмен, Мәжуси, һубасқа түндей болады. Жер үстінде кітаптан, мішіріктер көп. Тіл туралы жер жүзіндегі болған адамдардың тілдері түрлі-түрлі. Санағандар: «Мың шамалы түрі бар»-дейді. Бұлардың дүниеге ең көп жайылғандары үшке бөлінеді. Бірінші-һинд һәм Еуропа тілдері. Екінші – күншығыс Азия тілдері. Үшінші: Хам, Сам тілдері дейді. [Бұлардың] Еуропа бөлімі 5 бөлімінің ең кішкенесі болса да, мәдениет жағынан ең бірінші дәрежеде саналады. Үлкендік һәм бөлігі, Еуропа бөлімі-Ескі дүниенің жарты-аралы күншығыс жағында.

Азиядан айырылған Орал таулары (таудары), Орал өзені, Каспий теңізі, Кавказ (Қапқаз) таулары. Оң жаңы – Ақ теңіз, онан пайда болған аталар теңізі-Мірміре (Мрамор) теңізі, Қара теңіз-күнбатыс жағы, Атлас теңізі – сол жағы. Сол жақтағы Мұз теңізбен айналған. Үлкендігі Еуропа бөлімі сол жақ күншығыстан бастап, оң жақ күнбатысқа шейін 4060 шақырым, солдан оңға 3650 шақырым сулар. Еуропаны айналған үлкен теңіздерден бірнеше кішкене теңіздер пайда болады. Сол жақтағы Мұз теңізден Теріскей һәм Ақ теңіз, Атлас теңізінен – Ақ теңіз, Бішкай, Маншы, сол Балты теңіздері пайда болады. Ақ теңізден Тиренин, Адіриатік, Ионан аталары: Мірмірә теңіз һәм Қара теңіз пайда болады. Қара теңізден Азау теңізі пайда болады. Гүргіздер Балты теңізінен 3 Гүрзі туады: Бутин, Пішін, Рига. Сол теңізден 3 Гүрзі туады: Зурайл, Узам, Хырстиафа. Ақ теңізден 3 Гүргіз туады: Лион, Гіпиуез, Қарант – бұғаздар. Еуропаның сол жағында: Зонт, Каттат, Аскажирак, Кала. Оң жағында: Дарданелл, Боспор, Киршин, Ойрант, Гейоралтар (Гибралтар) бұғазы бар. Зонтке, Тагат, Әске, Жырақ бұғаздары Балтии теңізі. Сол теңізді тұтастырып Скандинауия жартыаралын Иутландия (Жұтландия) жартыаралынан айырады. Кала бұғазы Сол теңізін Маныш теңізін қосып, Баритания аралын үлкен құрғақтан айырады. Гейоралтар бұғазы Ақ теңіз бен Атлас теңізін қосып, Испания жартыаралын Африкадан айырады. Отирант бұғазы Адриаттің теңізін, Ионан теңізін қосып, Италия жартыаралын Балқан жартыаралынан айырады. Дарданелл бұғазы Аталар теңізін Мірміре теңізіне қосып, Балқан жартыаралын Кішкене Азиядан айырады. Босфор бұғазы Мірміре теңізін Қара теңізге қосады. Керіс (Керчь) бұғазы Азау теңізін Қара теңізге қосады, Қырым жыртыаралын Қапқаздан айырады деп көптеген теңіздің, таулардың, бұғаздардың, жартыаралдардың бізге беймәлім қазақша аттарымен атап көрсетеді [5, 222-226, 229-233]; [12, 146-148].

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп орыс (еуропа) мәдениетін көп білген. Мәдениет деген сөзге ең алғаш талдау жасаған. Орыс (еуропа) географиясын да жақсы таныған. Қазақтарға географияны оқыту қажет екендігін ақын, тұғыш айтқан.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр - Жүсіп Көпеев. Сарыарқаның кімдікі екендігі /М-Ж-К. Көпеев. Казань: Электро – типография шарафъ баспасы, 1907. – Б. 3 - 6.

2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. ─ Алматы: Жазушы, 1985. ─ Б . 11.

3 Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – Б. 465 - 476, 418.

4 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. ─ Алматы: Ғылым, 1968. –Б. 11.

5 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 9 том. «ЭКО» баспасы, ЖШС. Павлодар. 2006 жыл. – Б. 221, 220, 220-221, 222-226, 229-233.

6 Мұхаметжан Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. Қазақстан Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы. – Алматы, 1958. –Б. 117.

7 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 8 том. «ЭКО» баспасы, ЖШС. Павлодар. 2006 жыл. – Б. 321, 400-401.

8 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 10 том. «ЭКО» баспасы, ЖШС. Павлодар. 2007 жыл. – Б. 290.

9 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы // Қазақстан тарихы. №2. 1995 жыл. – Б. 56, 60.

10 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақстан тарихы. №6. 1995 жыл. – Б. 26.

11 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 11 том. «ЭКО» баспасы, ЖШС. Павлодар. 2007 жыл. – Б. 16, 180.

12 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 12 том. «ЭКО» баспасы, ЖШС. Павлодар. 2008 жыл. – Б. 198-199, 146-148, 397, 416.

13 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 13 том. «ЭКО» баспасы, ЖШС. Павлодар. 2008 жыл. – Б. 3.

UDC 882.151.212.2

MAŞHUR JUSIP KOPAEV''IN SOSYAL VE FELSEFI GÖRÜŞLERI

HAYATI TÜFEKÇIOĞLU(X)
Prof. Dr.

Kazakistan devleti bağımsız bir cumhuriyet olduktan sonra bir yandan dünyaya kendini tanıtmaya ve saygınlık kazanmaya başlarken bir yandan da Kazak dilinin alanı ve yaygınlığını giderek genişletmeye başlamıştır.

Kazakistan'ın son derece özel bir toplumsal yapısı ve demografik özellikleri bulunmaktadır ve sosyolojik açıdan da son derece ilginç özellikler göstermektedir. Kazak toplumu çok milletli bir toplum olma özelliği taşımaktadır.

Bağımsızlığın ilan edildiği dönemde Kazakistan toplumunda Kazaklar'ın oranı yüzde 50'nin altındadır. Yani o dönemde Kazakistan'da Kazaklar çoğunluk değildir. Toplumsal yapıdaki Kazak olmayan unsurlar ise 130 civarında farklı etnik unsurdan oluşmaktadır.

Böylesine etnik çeşitlilik gösteren toplumda birleştiri unsur Rus dili olmuştur. Rus dili ve yaşam tarzı şemsiyesi altında çok çeşitli etnik unsurlar kaynaştırılmak ve tek bir toplum birliği yaratılmak istenmiştir.

Bunun sonucunda da hemen her etnik unsurda olduğu gibi Kazaklarda da "ana dil problemi" ortaya çıkmış ve Kazakça bilmeyen Kazaklar bulunduğu gibi toplumsal sistem içinde Rusça'nın ağırlığı, toplumda iyi bir pozisyon elde edebilmek için Rusça eğitim alma zorunluluğu ve Rusça'nın kullanım alanının genişliği Kazak dilini de köreltmiştir.

İşte bu yüzden Kazak dilini geliştirmek ve toplum içinde yaygınlaştırmak günümüz modern Kazak toplumunun belki de en önemli sorunudur.

Ünlü Kazak edebiyatçısı Maşhur Jusip Kopeev Kazakça'nın gelişmesine büyük katkılarda bulunmuş bir isimdir. Kopaev çok yönlü bir kişiliktir. Sadece dil ve edebiyat anında değil felsefe ve tarih alanında büyük bir iz bırakmıştır.

(X) İstanbul Üniversitesi

Bunun yanında arkeoloji, kültüroloji, hatta tıp alanında da çalışmaları bulunmaktadır. Özellikle geliştirdiği edebi dil, günümüz Kazakçası için önemlidir.

Kopaev yaşadığı dönemdeki temel toplumsal sorunları ele alarak Kazak toplumunun geliştirmesi gereken çözümleri de gündeme getirmiştir. Koaev'in çalışmalarında Kazak toplumunun sosyolojik sorunlarını bulmak mümkündür.

M.J.Kopeev (1858-1931), 'Sarıarkanın Kimliği' adlı çalışmasında, Kazakistan'ın toprak meselesinden Kazakların gördüğü baskıya kadar pek çok konu açıkça dile getirilmektedir. Çalışmalarında, Çarlık döneminden başlayarak bağımsızlık mücadeleleri, göçebelikten yerleşik yaşama geçiş ve kent hayatına entegre olmaya kadar pek çok önemli konuya değinilmektedir.

Kopaev'in yazılarında o dönemdeki halkın yaşam mücadelesi olduğu kadar, etnografik bilgilere ve yer adlarına kadar önemli konulara temas edildiğini görüyoruz.

Bu şirlerine de yansımaktadır:

Dinimizi yasaklayıp tehdit etmesin,
Gözümüzün önünde hırsızlık yapmasın,
Çocuklarımız kendisi yönetsin bizi,
Rusça okuyun diye zorlamasın.-

Kopaev, bir yandan bedeli ne olursa olsun halkını baskı ve zulme karşı mücadeleye çağırırken bir yandan da Kazakların geleceğe hazırlanmalarını, bilimde, sanatta, kültürde kendilerini geliştirmeleri gerektiğini söylemektedir.

Adam İki Türlü şiirinden:

Bir adam var, erik, üzüm ağacı gibi,
Tüm dünya görür faydaların.
Bir adam var huş ağacı gibi,
Ateş için odun olmaktan başka görmez kimse faydaların.

Günümüz Kazak toplumsal sorunlarının kökeni Kopaev'in ederlerinde mevcuttur. Çözüm önerileri de. Bunun için günümüzde Kopaevi yeniden okumak gerekmektedir.

KAYNAKÇA:

1 Kenjebayev B. XX Yüzyıl'ın Kazak Edebiyatı.-A.,Mektep, 1976.-267 s.
2 Kopeev M.J. Sarıarkanın Kimliği, -Kazan, 1907.-26 sayfa.
3 Kopeev M.J. Derlemeler, 1990.-32 s
4 U.Kalıjan. XIX-XX Yüzyılın Dini-Bilim Adamı. 1999.-254 sayfa.
5 Seyitjanov Z. M.J.Kopeev// Kazak Folklor Tarihi, 1988,-353-358 s.
4 Jusipov N.K. Maşhür-Jusip ve Folklor.-Pavlodar, 1999.-93 s.
5 Sutjanov S.N. Maşhur Anıtı.-Pavlodar: NPF 'EKO' 2001. – 104 s.

НАШИ АВТОРЫ

Абдулхак Малкож - доктор, университет Анакары, г. Анкара, Турция.

Актанова А.С. - к.ф.н., доцент, государственный университет имени Шакарима, г. Семей.

Актанова Ш.С. - магистрант, государственный университет имени Шакарима, г. Семей.

Аллаберген Кырыкбай - д.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Баратова М.Н. - к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Баязитов С. - член союза Писателей РК.

Вафеев Р.А. - профессор Югорского государственного университета, Российская Федерация.

Жусип К.П. - д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Жусипов Е.К. - д.и.н., ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Жусипова Г.К. - к.ф.н., доцент, г. Астана.

Жусупов Н.К. - д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Канапьянов К. - к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Карипжанова А. - к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Негимов С. - д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана.

Рахметов Мурат - Председатель старейшин Баянаульского округа.

Сарбалаев Ж.Т. - к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сарбалаев Е.Ж.- к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Тезекбаев Мукатай Тлеубаевич - к.ф.н., доцент ВАК, ПГУ им. С. Торайгырова, НПЦ Машхуроведение.

Турышев А.К. - д.ф.н., профессор, руководитель научно-практического центра «Машхуроведение», ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Т***урышев А.А.***- к.ф.н., доцент, член-корреспондент Международной информационной академии.

Тюфекчиоглу Хаяти - доктор, профессор.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

1. В журнал принимаются рукописи статей в двух экземплярах, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе “Word 7,0 (`97, 2000) для Windows” (кегль -12 пунктов, гарнитура-Times New Roman/KZ Times New Roman).

2. Статья подписывается всеми авторами. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 8-10 страниц.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

- УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- название статьи: кегль –14 пунктов, гарнитура – Times New Roman Cyr (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), заглавные, жирные, абзац центрованный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), полное название учреждения: кегль – 12 пунктов, гарнитура – Arial (для русского, английского и немецкого языков), KZ Arial (для казахского языка), абзац центрованный;

- аннотация на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа – 1 см, одинарный межстрочный интервал;

- текст статьи: кегль - 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), полуторный межстрочный интервал;

- список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-84.– например:

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Автор. Название статьи //Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26.). - номер (например, № 3.) страница (например, С. 34. или С.15-24.)

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

3. Петров И.И. Название диссертации: дис. канд. биолог. наук. - М.: Название института, год. - Число страниц.

4. C.Christopoulos, The transmisson–Line Modelling (TML) Metod, Piscataway, NJ: IEEE Press, 1995.

5. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

- Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора(-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

6. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисуночные надписи к ним представляют отдельно и в общий текст статьи не включают. На обратной стороне каждого рисунка следует указать его номер, название рисунка, фамилию автора, название статьи. На дискете рисунки и иллюстрации в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi (файлы с названием «Рис. 1», «Рис. 2», «Рис. 3» и т.д.).

7. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула – один объект). Нумеровать следует лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

8. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

9. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

10. Рукопись и дискету с материалами следует направлять по адресу:

140008, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,

Павлодарский государственный университет им.С.Торайгырова,

Издательство «КЕРЕКУ»

Тел. (3182) 67-36-69,

факс: (3182) 67-37-02.

E-mail: publish@psu.kz

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР

1. Журналға мақала қолжасбасының 2 данасы қабылданады. Қолжазба парақтың бір жағында, бет жан - жағынан 3 см, 1.5 интервалмен компьютерде терілуі қажет және аталған материал түгелдей «WORD 7.0 (97.2000) Windows үшін» (кегль – 12 пункт, гарнитура – Times New Roman/KZ Times New Roman) редакторымен өңделген дискетті нұсқасымен қосы қабылданады.

2. Мақалаға авторлардың барлығы жазылады. Қолжазба көлемі аннотация (аңдатпа), әдебиеттер тізімі, кесте, сүреттерді қоса есептегенде 8-10 беттен аспауы қажет.

3. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалалары ғылым докторы немесе ғылым кандидатының рецензиясымен қабылданады.

4. Мақалалар төмендегі ережелерге сәйкес рәсімделуі шарт:

- УДК нөмірі әмбебап ондық жіктелу кестесі бойынша жазылады;

- мақала аты: жол ортасында айқын бас әріптермен – кегль – 14 пункт, гарнитура – Times New Roman Cyr (орыс, ағылшын, неміс тілдері үшін), KZ Times New Romah (қазақ тілі үшін) жазылады;

- автордың аты-жөні, мекеменің толық атауы: жол ортасында – кегль- 12 пункт, гарнитура – Arial (орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін), KZ Arial (қазақ тілі үшін) жазылады;

- аннотация қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне: кегль -10 пункт, гарнитура – Times New Roman (орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін), KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін), курсив, оң және сол жақтары 1 см, бір жол аралық интервалмен жазылады;

- мақала мәтіні: кегль – 12 пункт, гарнитура – Times New Roman (орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін), KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін), 1.5 жол аралық интервалмен жазылады;

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (қолжазбадағы сілтемер мен ескертпелер төрт бұрышты жақша ішінде көшірленеді). Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.1-84 сәйкес көрсетіледі. Мысалы:

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Автор. Мақала аты II журнал аты. Шыққан жылы. Томы (мысалы, Т. 26.). – нөмірі (мысалы, №23) бет (мысалы 34 б. Немесе 15-24 бб.)

2. Андреева С.А. Кітаптың аты. Шыққан жері (мысалы, М.:) Баспа (мысалы, Наука) шыққын жылы. Кітаптың жалпы бетінің саны (мысал, 239 б) немесе нақты беті (мысалы, 67 б.).

3. Петров И.И. Диссертацияның аты: биолог. ғыл. канд. дис. – М.: институт аты, жылы. – бет саны.

4. C. Christopoutos, The trasnsmission – Line Modelling (TML) Metod, Piscataway, NJ: IEEE Press, 1995.

5. Бөлек бетте (қазақ жгне электронды түрде) автор жөйінде мәліміттер беріледі:

- аты-жөні толығымен, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, жұмыс орны («Біздің авторлар» бөліміне жариялау үшін);

- почталық мекен – жайлары (толығымен), жұмыс және үй телефондарының нөмірі. E-mail (редакцияның авторлармен байланыс жасау үшін, жарияланбайды);

- мақаланың аты және автордың аты-жөні қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде («Мазмұны» үшін)

6. Иллюстрациялар. Сурет тізімі мен суреттің жазбалары жеке беріледі де, мақаланың жалпы мәтініне енгізілмейді. Әр суреттің артқы бетінде нөмірі, аты, автордың аты-жөні, мақаланың аты көрсетілуі тиіс. Дискеттегі суреттер мен иллюстрациялар 300 dpi дейін TIF немесе JPG форматымен беріледі (файлдардың аты «1-сур.», «3-сур» т. б.)

7. Математиқалық формулалар Microsoft Equation (әр формула – бір объект) бойынша теріледі. Сілтемесі бар формулалар ғана нөмірленеді.

8. Автор мақаланың әдеби және стилистикалық өңдеуімен айналыспайды. Қолжазба және дискеттер қайтарылмайды. Талапқа сәйкес ресімделмеген мақалалар қабылданбайды және автоларға қайтарылады.

9. Редакция мақаланың әдеби және стилистикалық өңдеуі мен айналыспайды. Қолжазба және дискеттер қайтарылмайды. Талапқа сәйкес ресімделіген мақалалар қабылданбайды және авторларға қайтарылады.

10. Қолжазба мен дискетті материалдарымен мына мекенжайға жіберуге болады:

140008, Қазақстан республикасы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64,

С. Торағыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «КЕРЕКУ» баспасы

Тел. (3182) 45-11-23, 45-11-43,

Факс: (3182) 45-11-23

E-mail: publish@psu.kz

Теруге 11.11.2013 ж. жіберілді. Басуға 13.11.2013 ж.
қол қойылды. Форматы 197х420/2. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 20,1 шартты б.т. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы
Корректорлар: Б.В. Нұрғожина, Б.Б. Ракишева
Тапсырыс № 2132

Сдано в набор 11.11.2013 г. Подписано в печать 13.11.2013 г.
Формат 197х420/2. Бумага книжно-журнальная.
Объем 20,1 уч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка А. Елемесқызы
Корректоры: Б.В. Нургожина, Б.Б. Ракишева
Заказ № 2132

Издательство «КЕРЕКУ»
Павлодарского государственного университета
им. С.Торайгырова
140008, г. Павлодар, ул. Ломова, 64